

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Kazakh National Pedagogical University named after Abai

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК BULLETIN

**«Жас ғалым. Ізденістер. Мәселелер. Зерттеулер» сериясы
Серия «Молодой ученый. Поиски. Проблемы. Исследования»
Series of «Young scientists. Search. Problems. Investigations»
№2(10) 2017**

Алматы, 2017

Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университеті

ХАБАРИШЫ
«Жас ғалым. Ізденістер. Мәселелер.
Зерттеулер» сериясы
№2(10), 2017

Шығару жиілігі – жылына 2 рет.
2001 жылдан бастап шығады.

Бас редактор:
ЖИРЕНОВ С.А. *филол.ғ.к.,*
қауымдастырылған проф. (доц.)

Бас редактордың орынбасары:
Сманова А. *п.ғ.к., қауымдастырылған*
проф., (доц.) м.а.

Редакциялық алқа мүшелері:
Қорғанбаева Ж.Қ. *х.ғ.к., аға оқытушы,*
Ибрагимов А.И. *п.ғ.к., аға оқытушы,*
Ағабекова Б.Н. *филол.ғ.к., аға оқыт.,*
Тулбасиева С.Қ. *т.ғ.к., аға оқыт.,*
Байтурбаева А.Т. *с.ғ.к., аға оқыт.,*
Уайдуллақызы Э. *PhD доктор,*
Ашимова Р.М. *PhD доктор,*
Темірбекова Л.Н. *PhD доктор,*
Шоқанова А.Ш. *PhD доктор,*
Исаков Б. *PhD доктор (Қырғызстан),*
Нурланбекова А.Д. *п.ғ.магистрі, аға оқыт.*

Жауапты хатшы:
Иманқұлова М.А. *PhD, аға оқытушы*

© Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университеті, 2018

Қазақстан Республикасының мәдениет және
ақпаратминистрлігінде 2009
жылы мамырдың 8-де тіркелген N 10108 – Ж

Басуға 02.05.2018. қол қойылды.
Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 15,75 е.б.т.
Таралымы 300 дана. Тапсырыс 170.

050010, Алматы қаласы,
Достық даңғылы, 13.
Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық

М а з м ұ н ы
С о д е р ж а н и е
C o n t e n t

ҚОҒАМДЫҚ ҒЫЛЫМДАР МӘСЕЛЕСІ
ВОПРОСЫ ОБЩЕСТВЕННЫХ НАУК
PROBLEMS OF SOCIAL SCIENCES

Жиренова Ш.А. Қазақ-ұйғыр тілдеріндегі туыстық қатынас пен этномәдени ерекшеліктер.....	7
Zhirenova S.A. Related relations and ethnocultural features in kazakh and uygur languages.....	
Аблакатова А.К. «Ұрпақ» концептісінің ұлттық ерекшелігі.....	10
Ablakatova A.K. National features of the concept of "Generation"..	
Батырбекова Б.Б. Лингвистикадағы гендерлік саясат.....	14
Batyrbekova B.B. Gender Politics in Linguistics.....	
Исабекова Г. Көркем мәтіндегі авторлық таным және лингвостилистика.....	18
Isabekova G.B. Linguistic studies and author knowledge in the artistic text.....	
Жетібай Р.Қ. С.Мұратбеков әңгімелерінің көркемдік әлемі және кейіпкерлер монологы.....	22
Zhetibay R.K. The Holodom art and monologue of heroines in rhymes S.Muratbekova.....	
Назар Ә.Н. Бейімбет Майлиннің “Батыр – большевик Аманкелді” және “Жалбыр” шығармаларының сюжеттік және композициялық ерекшеліктері.....	25
Nazar A.N. Compositional features of works on subjects “Batyr – Amangeldi bolshevik” and “Zhalbyr” of Beimbet Maylin.....	
Сейлхан Х.С. Фариза Оңғарсынова мен түрік акыны Гүлтен акын табиғат лирикаларының сабақтастығы.....	29
Seilhan H.S. The continuity lyric of the nature in poetry Faryza Ongarsynova and Gulden akyn.....	
Бердиева С. Орта азиядағы қола дәуіріндегі ескерткіштер.....	34
Berdyeva S. Monuments of the bronze age of central asia.....	
Ерланқызы Қ. Фариза Оңғарсынова поэзиясындағы метафоралар	38
Erlankyzy K. Metaphors in poetry Fariza Ongarsynova.....	
Исаков Б.Б. Мейкиндиктин социологиясы: Социалдық мейкиндік түшүнуге.....	44
Isakov B.B. Sociology Of Space: The Conception Of Social Space.....	48
Наметова М. «Қазақ әйелі» тұжырымының лингвомәдени сипаты	53
Nametova M. Linguistic and cultural aspects of the concept «kazakh woman».....	
Абпаз З. Қазіргі таңдағы Қазақстандағы еңбек нарығының ахуалы	
Abpaz Z. The Status Of The Labor Market In Contemporary Kazakhstan.....	

педагогикалық университетінің
«Ұлағат» баспасы
**Казахский национальный
педагогический университет имени Абая**

ВЕСТНИК
**Серия «Молодой ученый. Поиски.
Проблемы. Исследования»**
№2(10), 2017

Выходит с 2001 года.
Периодичность – 2 номера в год

Главный редактор:
ЖИРЕНОВ С.А. *к.филол.н.,
ассоциативный проф. (доц.)*

Зам. главного редактора:
Сманова А. *к.п.н., и.о. ассоциативный
проф. (доц.)*

Члены редколлегии:
Корганбаева Ж.К. *к.х.н., ст. преп.,*
Ибрагимов А.И. *к.п.н., ст. преп.,*
Агабекова Б.Н. *к.филол.н., ст. преп.,*
Тулбасиева С.К. *к.и.н., ст. преп.,*
Байтурбаева А.Т. *к.п.н., ст. преп.,*
Уайдуллақызы Э. *доктор PhD,*
Ашимова Р.М. *PhD доктор,*
Темирбекова Л.Н. *PhD доктор,*
Шоканова А.Ш. *PhD доктор,*
Исаков Б. *доктор PhD (Қырғызстан),*
Нурланбекова А.Д. *магистр.п.н., ст.преп.*

Ответственный секретарь:
Иманқұлова М.А. *PhD, ст. преп.*

© **Казахский национальный
педагогический университет**
им.Абая, 2018

Зарегистрированов Министерстве
культуры и информации
Республики Казахстан 8 мая 2009 г.
N 10108– Ж

Подписано в печать 02.05.2018.
Формат 60x84 1/8.
Объем 15,75 уч.-изд.л.
Тираж 300 экз. Заказ 170.

050010, г.Алматы, пр.Достык, 13.
КазНПУ им.Абая

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ МӘСЕЛЕСІ
ВОПРОСЫ ЕСТЕСТВЕННЫХ НАУК
PROBLEMS OF NATURAL SCIENCES

Мәсінов Б.Б., Абсатарова Ж.Қ., Сырлыбаева Л.А. Математика сабағында компьютерлік программаларды пайдаланудың тиімділігі.....
Masimov B.B., Absatarova Zh.K., Syrlybaeva L.A. Using computer programs in math lessons..... **58**

Назкенова Г.Б. «Тұрақты электр тогы» ұғымдарын демонстрациялық эксперимент арқылы қалыптастыру әдістемесі
Nazkenova G.B. Technique of Fomirovanija Concepts of "A Constant Electric Current" Through Demonstration Experiment..... **64**

Искакова М.Т., Батаев Е.Д., Басқанова А.Д. Мектеп жоғарғы сыныптары мен кәсіптік техникалық оқу орындарында математиканы сабақтастыра оқыту мәселелері.....
Iskakova M.T., Bataev E.D., Baskanova A.D. Some Issues of Teaching Mathematics on The Basis of The Succession in High Schools and Vocational Schools..... **67**

Аманбаева М.Б., Буянбаева Н. Биолог студенттердің зерттеушілік іс-әрекетін қалыптастырудың теориялық негіздері
Amanbayeva M., Buyanbaeva N. The theoretical basis of Formation Research Activity at students of Biology..... **72**

Amanbayeva M., Amanova A., Khafizova J. A Faunistic study on heteropterans (Hemiptera: Heteropter) in the "Altyn-Emel" state National Natural Park.....

ПЕДАГОГИКА МЕН ӘДІСТЕМЕ
ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ
ВОПРОСЫ ПЕДАГОГИКИ И МЕТОДИКИ
PROBLEMS OF PEDAGOGY AND METHODOLOGY **76**

Қамысбаева Г. Болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми негіздері.....
Kamysbaeva G. Scientific basis for forming the professional competence of future specialists..... **79**

Кенжалиева Г. Қоршаған орта материалдары негізінде оқушыларды зерттеушілік әрекетке баулу.....
Kenzhalieva G. Study of schoolchildren to research activities on the basis of environmental materials..... **82**

Нұрамбаева М.С. Педагогикалық колледж білімгерлерін «мектеп-колледж» жүйесінде педагогикалық іс-әрекетке даярлаудың мүмкіндіктері.....
Nurambayeva M.S. The opportunibes of pedagogical activities of the students of «school-college» are considered in this article..... **85**

Базарбаева Ә.А. Мұғалімнің рефлексиялық дағдыларын дамыту тәсілі.....
Bazarbayeva A.A. Ways of development of reflective skills of teachers..... **88**

Ахманова Э. Бастауыш мектепте қазақ тілі синтаксисін дамыта оқытуда оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру.....
Akhmanova E. Development of the cognitive activity of schoolchildren in the developing training of the Kazakh Language **91**

Издательство «Ұлағат»Казахского
национального
педагогическогоуниверситетаимени Абая
**Kazakh National Pedagogical University
named after Abai**

**Scientific journal «Bulletin»
Series of «Young scientists. Search.
Problems. Investigations»
№2(10), 2017**

Periodicity – 2 issues per year.
Published since 2001

The chief editor:
ZhirenovS.A. *candidate of philological
sciences, associative professor*

Deputy Chief Editor:
SmanovaA. *candidate of pedagogical
sciences, associative professor*

Editorial board:
Korganbaeva Zh.K. *cand. of ch.sc.,
senior teacher,*
Ibragimov A.I. *cand. of ped.sc.,
senior teacher,*
Agabekova B.N. *cand. of phil.sc.,
senior teacher,*
Tulbasieva S.K. *cand. of hist.sc.,
senior teacher,*
Baiturbaeva A.T. *cand. of pholit.sc.,
senior teacher,*
Uaidullakzy E. *PhD,*
Ashimova R.M. *PhD,*
Temirbekova L.N. *PhD,*
Shokanova A.Sh. *PhD,*
Iskakov B. *PhD (Kyrgyzstan),*
Nurlanbekova A.D. *magister of ped.sc.,
senior teacher*

Responsible secretary:
Imankulova M.A. *PhD, senior teacher*

© **Kazakh National Pedagogical University
named after Abai, 2017**

Registered in the Ministry of Culture and
Information of the RK, 8 May, 2009 №10108-Ж

Signed to print 02.05.2018
Format 60x84 1/8. Volume 15,75 - publ.literature.

syntax in the elementary school.....

Баялиева Г. Жасөспірімдердің мінез-құлық ауытқушылығын
алдын алу процесіндегі педагог-психологтың және отбасының
өзара іс-әрекеті.....
Bayaliev G. Interaction of the pedagogue-psychologist and the family
in the process of prevention of deviations in behavior of adolescents **95**

Ақжолова А., Бекжан М. «Әдебиеттік оқу» пәні арқылы
бастауыш сынып оқушыларының бойында қазақстандық
патриотизм қалыптастыру.....
Akzholova A., Bekzhan M. Formic patriotism of Kazakhstan students
at the parvikon session "Literary training"..... **98**

Дәулетова А.С. Педагогикалық қарым-қатынас стилінің
ерекшеліктері.....
Dauletova A. Features Pedagogical relationship..... **102**

Жумагелдиева А.Д. Білім берудің жаңа сапасы бойынша болашақ
мұғалімді даярлау негізі.....
Zhumageldieva A.D. Basis for preparing the Future Teacher for
new quality of education..... **105**

Измуханова Ж.Е. Өлкетану материалы негізінде бастауыш
сынып оқушыларының ұлттық құндылығын қалыптастырудағы
рөлі.....
Izmukhanova Zh.E. Formation of national values of young
schoolchildren on the basis of materials of the country..... **108**

Керимбаева Қ.М. Девиантты мінез-құлықтың психологиялық
мәселелері.....
Kerimbaeva K.M. Psychological Problems of Deviant Behavior... **111**

Мухтарұлы М.Н. Бастауыш сынып оқушыларын көркем
шығарма арқылы ұлттық құндылыққа баулу.....
Mukhtaruly M.N. Ttraining of young schoolchildren to national
values through the art of work..... **114**

Tolegen A. Бастауыш сынып оқушыларының тілдік дағдысын
қалыптастыруда интербелсенді әдістерді қолданудың
ерекшеліктері.....
Tolegen A. Peculiarities of using interactive methods in forming
language skills of young schoolchildren..... **117**

Амирова А., Тулегенова К. Бастауыш сыныптарда сатылай
кешенді оқыту технологиясын пайдаланудың әдісітемесі.....
Amirova A., Tulegenova K. Methodology of use of technology of
sequential complex training in elementary classes..... **121**

БІЗДІҢ АВТОРЛАР НАШИ АВТОРЫ OUR AUTHORS

Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршы «Жас ғалымдар» сериясының
ғылыми мақалаларды қабылдау ережесі.....
Правила приема научных статей в журнал «Вестник КазНПУ
имени Абая» серия «Молодые ученые»..... **126**

127

Edition 300 num. Order 170.

050010, 13 Dostyk ave.,
Almaty. KazNPU after Abai
Publisher "Ulagat" Kazakh National
Pedagogical University named after Abai

**ҚОҒАМДЫҚ ҒЫЛЫМДАР МӘСЕЛЕСІ
ВОПРОСЫ ОБЩЕСТВЕННЫХ НАУК
PROBLEMS OF SOCIAL SCIENCES**

ӘОЖ: 81.23

Шырын Аманжоловна Жиренова¹, Г.М. Раева²

¹*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 6М021200 – «Түркітану»
мамандығының 1-курс магистранты,*

²*Ғылыми жетекші, филология ғылымдарының кандидаты, доцент*

**ҚАЗАҚ-ҰЙҒЫР ТІЛДЕРІНДЕГІ ТУЫСТЫҚ ҚАТЫНАС ПЕН ЭТНОМӘДЕНИ
ЕРЕКШЕЛІКТЕР**

Аңдатпа

Мақалада қазақ-ұйғыр тілдеріндегі туыстық пен этникалық жақындықтың ерекшелігі мен этностардың дүниетанымы, өмірі және қоршаған ортаға деген көзқарасы, салт-дәстүрі, көңіл-күйі әр халықтың тілдік болмысында көрініс табады. Сондықтан да, олардың құрылымы жүйесінің, мағынасының, бейнелілігінің яғни этнолингвистикалық сипатының әр тілде өзіндік ерекшеліктері болатындығы ғылыми тұрғыдан жан-жақты қарастырылады.

Кілт сөздер: лингвистика, этнос, түркітану, таным, дүниетаным, мәдениет, болмыс т.б.

Жиренова Шырын Аманжоловна¹, Раева Г.М.²

¹*КазНПУ им. Абая магистрант 1-курса по специальности 6М021200 – «Тюркология»,*

²*Научный руководитель, к.ф.н., доцент*

**РОДСТВЕННЫЕ ОТНОШЕНИЯ И ЭТНОКУЛЬТУРНЫЕ ОСОБЕННОСТИ
В КАЗАХСКОМ И УЙГУРСКОМ ЯЗЫКАХ**

Аннотация

В статье рассматриваются особенности родственной и этнической близости в казахском и уйгурском языках, мировоззрение этносов, их жизнедеятельность и взгляды на окружающий мир, традиции и обычаи, настроение находят отражение в языковом бытии каждого народа. Именно поэтому с научной точки зрения всесторонне изучаются своеобразные особенности каждого языка, проявляющиеся в системной структуре, значениях, образности, этнолингвистических свойствах языка.

Ключевые слова: лингвистика, этнос, тюркология, познание, мировоззрение, культура, бытие и т.д.

Zhirenova Shyryn Amanzholovna¹, G.M. Rayeva²

¹*KazNPU them. Abay Master of 1 course on specialty 6M021200 – «Turkology»,*

Scientific adviser: candidate of philological sciences, associative professor

**RELATED RELATIONS AND ETHNOCULTURAL FEATURES
IN KAZAKH AND UYGUR LANGUAGES**

Abstract

The article examines the peculiarities of kinship and ethnic affinity in Kazakh and Uighur languages, the world outlook of ethnoses, their life activity and views on the surrounding world, traditions and customs, mood are reflected in the linguistic being of each people. That is why, from the scientific point of view, the peculiar features of each language, which are manifested in the system-structure, values, imagery, and ethnolinguistic properties of the language, are comprehensively studied.

Key words: linguistics, ethnos, turkology, cognition, world outlook, culture, being, etc.

Қазіргі тіл білімінде ұлттың рухани және мәдени қазынасы ретіндегі тілді зерттеудің ауқымы кеңейе түсуде. Оның себебі, әр тіл – өз бойында ұлт тарихын, мәдениетін, танымы мен талғамын, мінезі мен санасын, кәсібі мен салтын, дәстүрі мен даналығын тұтастықта сақтай білген таңбалық жүйе.

Әрбір халықтың тілі арқылы сол халықтың өмірінің рухани қазынасын, мәдениетін білуге болады. Бұл жөнінде академик Ә.Қайдаров: «Әрбір халықтың тілі тек қатынас құралы ғана емес сонымен қатар, рухани болмысы мен мәдени байлығының күзгері барлық болмысы мен өмір тіршілігін, дүниетанымы мен әдет-ғұрпын бойына сіңіріп, ата мұрасын, асыл қазынасы ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, отыратын қасиеті бар» деп тілге анықтама берген [1, 34 б.]. Қазір дәстүрлі тіл білімінде нақты тақырыптарды зерттеу нысаны ету өріс алып келеді. Бұның ұтымды жағы белгілі бір тілдік құралдың немесе категорияның жан-жақты ашылуына жағдай жасау болып табылады. Осы зерттеу жұмысында қазақ-ұйғыр тілдеріндегі туыстық қатынас пен олардың этномәдени ерекшеліктерін жан-жақты қарастыру арқылы туыстас этностардың мәдениеті мен тілдік ерекшеліктерін тануға болады.

Тіл білімінде соның ішінде түркологиялық кеңістікте қазақ-ұйғыр тілдерін салыстыра зерттеу мәселесі біршама жолға қойылған. Алайда, XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың бастапқы жылдарынан бері дами бастаған тіл білімінің антропологиялық парадигмаға бетбұру үрдісі «адам-тіл-мәдениет», «адам-тіл-ойлау», «этнос-тіл-таным» секілді триадаларға негізделген гуманитарлық зерттеулер жекелеген тілдерді зерделеуде құнды дүниелерге қол жеткізгенімен, генетикалық жақын тілдерді өзара салыстыра қарастыру ісі қалтарыста қалып қойып жүрген жайы бар. Тіл біліміндегі бұған дейінгі салыстырмалы зерттеу жұмыстары құрылымдық-мағыналық бағытпен ғана шектеліп келсе, бүгінгі таңдағы антропоцентристік бағыттағы зерттеулер туыстас тілдерді салыстыра зерттеуде құнды ұлттық-мәдени-танымдық деректерді дүниеге әкелуде. Антропоцентристік парадигмаға негізделген салыстырмалы зерттеулер тілді, тілдік бірліктерді, фразеология тіркестерді, паремеологизмдерді адами факторлармен, ұлттық құндылықтармен сабақтастыра қарастыру қазіргі тіл білімінің басым бағыттарының бірі. Тіл біліміндегі антропоэзеттік бағыт аясында шығып жатқан ғылыми зерттеулерде адами факторлар мен ұлттық құндылықтарға ерекше мән беріліп, ұлттық құндылықтарға қатысты мәдени-танымдық деректерге баса назар аударылып, тілдің мағыналық, ұғымдық, мәдени-концептілік сипаты көп салалы талдауға түсуде. Тілдік бірліктерді ұлт тарихымен, мәдениетімен, рухани құндылықтарымен, дүниетанымымен бірлікте қарастыру арқылы ғана, ұлттық тілдің табиғатын шынайы танып білуге болады.

Қазақ және ұйғыр тіл білімінде соңғы уақыттардағы лингвомәдениеттанымдық, этнолингвистикалық аспектідегі зерттеу жұмыстары тілдегі ұлттық сипатты, ұлттық ділді, ұлттық танымды, ұлттық рухты тануға, танытуға негізделген. Түркі тілдері семьясындағы өзара туыстас қазақ және ұйғыр тілдерінің тілдік, ұлттық мәдени ерекшеліктерін фразеологизмдер мен паремеологизмдер табиғатынан олардың бір-біріне ұқсастығы немесе бір-бірінен айырмашылығын көруге, сондай-ақ ұлттық құндылықтардың тілдік иірімдерін тереңірек түсінуге болады. Тіл білімінде қазақ-ұйғыр тілдерін салыстырмалы зерттеулерге қатысты ғылыми еңбектер баршылық, алайда шешімін таппаған мәселелер де жеткілікті. Осындай түйінді мәселелердің біріне қазақ және қырғыз тілдеріндегі фразеологизмдерді қазіргі тіл білімінің жаңа бағыттары мен ұстанымдары аясында салыстыра зерттеу ісін жатқызуға болады.

«ҚҰММ-дері – этностың бүкіл рухани, мәдени байлығының өзегі. Осы ММ-де халықтың ғасырлар бойы жинақталған заттық рухани байлықтарында терең білімі, тәжірибесі, көзқарастары мен талғам дағдылары көрініс табады. Осы құндылықтарды зерттей отыра, өсіп келе жатқан жаңа ұрпақ олардың мол тәжірибесінен үлгі алады, керегіне жаратады. Осынау ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан мол мұралар арқылы ертеде өмір сүрген ата-бабаларымызбен рухани байланысымыз сақталады. Болмыстағы құндылықтарды танып, біліп, олардың қыр-сырын анықтау, жалпы заңдылықтарын ашып, олар туралы ойы мен түсінігін тұжырымдап айту, тағлым етіп ұсыну адамзат қауымына тән ортақ көзқарас пен құндылықты бағалау да объективті заңдылыққа жатады. Әрбір этностың өзіне ғана тән рухани мүмкіншілігінен, өзіндік ұлттық логика мен ойлау жүйесінен туындаған, өз тілінің болмысына сәйкес айтылған даналық қорының қалыптасуы заңды. ММ-дерді дүниеге келтіру, объективті болмыс туралы логикалық, философиялық пайымын, ой-толғаныстарын, ұлттың салт-дәстүр, әдет-ғұрып, наным-сенімі сияқты құндылықтарын ментальдық тұрғыдан қабылдап, бейнелі түрде, қысқа да нұсқа етіп айта білу тек сол ұлт өкілдеріне байланысты ерекше құбылыс. Сондықтан тіл деректері, оның ішінде ММ-дер тұла бойы тұнып тұрған шежіре саналады. Этностың өткендегі тарихы мен этнографиялық байлығын алдымен солардан іздеген жөн. Тілдің шексіз қазынасын, жылдар бойы толассыз толығып, ұрпақтан ұрпаққа мұра ретінде беріліп келе жатқан ұшан-теңіз байлығын мүмкіндігінше молынан игеріп, оны халық пайдасына жаратуды көздеген ғылым саласының бірі этнолингвистика десе де болады. Ол этнос тілінің шежіресін, мирас етіп қалдырған тіл нұсқаларын қамти отырып, оның ішкі жүйесіне тереңірек бойлап, мән-жайын анықтай

түсуге септігін тигізеді» [2, 19].

Жер шарындағы әрбір этнос өзіндік тіл мен белгілі бір мәдениеттің тұтынушысы болып табылады. Этнос тілі мен мәдениеті арқылы қоршаған орта мен ақиқат әлемде өзіндік орнын айқындайды. Сондай-ақ белгілі бір тілде сөйлейтін этностың мәдени ұлттық құндылықтары тілі арқылы көрінеді. Этносқа тән салт-дәстүрі белгілі бір тарихи кезеңнің жағдайларына сәйкес туындап, өзінің даму процесінде әр алуан өзгерістерге ұшырап отыруы табиғи құбылыс. Қазақ-ұйғыр этностары өзге этностар секілді санғасырлық тарихи жолында, атадан балаға салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, дүниетаным мен наным-сенімдерін, тілі мен рухани құндылықтарын мұра етіп қалдырып отырған. Қазақ-ұйғыр халықтарының ұлттық дәстүрі мен дүниетаным тілдегі қолданысы мен мағыналық иірімдерінен анық көрінеді.

Кез келген этнолингвистикалық және этномәдени тұрғыдан зерттеу - белгілі бір халыққа тән ерекшеліктерді жан-жақты қарастырады. Ал әр халықтың өзіндік өзгешелігін танытатын тарихы, өмір сүру ортасы, дүниені тану көзқарасы мен наным-сенімі, әдет-ғұрпы, салт-санасы сол халықтың тіліндегі коммуникативтік бірліктерде, оның ішінде лепті сөйленістерінде де ізін қалдырады.

Сөйтіп, тілде қалыптасқан лингвистикалық категориялар ұйғыр және қазақ халқының, қайсысының болмасын салт-дәстүрлерін, сол халықтың мінез-құлқын, қасиеттерін бейнелепкөрсетеді. Әсіресе, қазақтарға тән бауырмалдық, ақжарқындық, кеңпейілдік, қонақжайлық, ұйғырларға тән еңбекқорлық, шөп өнімдеріне жақындық, ұйымшылдық сынды қасиеттерін таныта алады. Әрине, бұл қасиеттер басқа халықтарда да кездеседі. Бірақ осы сапалар әр халықта әр қырынан көрінеді. Әсіресе бұл ойымызды ұйғыр ғалымы Ғ.Османнның: «Уйғур мәдәнийити өзигә хас хусусийәткә егә. Шинжаңниң этрапини егіз тағлар, қумлуқлар, бипаян яйлақ түзләңликләр айрип туриду. Башқа мәдәнийәт районлири билән болған мунасивәттә әлвәттә чәклимигә учрайду. Шуңа мустәкил мәдәнийәт қурулмиси вә миллий услулни шәкилләндүргән археологийтлақ материялларға қариганда, бизниң әждатлиримиз кона таш қурал дәвридин тартипла Шинжаңда тирикчилик қилип кәлгән», - деген сөзі нақтылай түседі [3, 95 б.]. Нақты түсіндірсек, ұйғыр мәдениеті өзіндік ерекшеліктерге ие. Шинжаң өлкесін айнала заңғар таулар, құм далалар, жайлаулар, тұз далалар қоршап тұрады. Олардың басқа мәдениет аймақтарымен қарым-қатынастары шектеулі. Соған орай өзіне тән мәдени құрылымы және ұлттық стилі қалыптасқан. Археологиялық материалдарға қарағанда, біздің ата-бабаларымыз ежелден көне тас құрал дәуірінен бастап, Шинжаң өлкесінде тіршілік етіп келген.

Бұл ғалымның түсіндіруінде ұйғыр халқының мәдени ерекшелігі Шинжаң өлкесімен байланысты. Алайда ұйғырлардың он тоғызыншы ғасырлар бастап қазақ жерінің аумағында мекендеуі олардың ұлттық мәдениетіне әсер етті. Олар қазақ жерін екелуі арқылы егіншілікпен бірге мал шаруашылығын да игерді.

Қазақ-қырғыз халықтарының сөйлеу тілі мен фразеологиялық бірліктеріне көңіл бөліп, олардың мазмұн-межесіне тереңірек үңілу арқылы аталған этностардың өткен тарихы мен мәдениетін, дүниетаным мен ақиқат әлемді қабылдау ерекшелігінің салыстыра қарастырудың негізінде этномәдени ерекшеліктерін байқауға болады. Қазақ-қырғыз тілдеріндегі сан атаулары арқылы жасалған фразеологиялық бірліктер сөздік құрамның қомақты бір бөлігін құрайды. Бауырлас екі этностың сан атаулары арқылы жасалған фразеологизмдерінде ұлттық мәдениет пен дүниетаным негізінде қалыптасқан поэтикалық образды сөздердің, этномәдениетте өзіндік ізі бар екендігін анық көз жеткізуге болады. Сан атаулары тірек болған фразеологизмдер екі халықтың тілінде де беретін ұғымдары мен мағыналық-мазмұны, қолданыс аясының өзара сәйкес келетіндігі этномәдени кеңістігінің ұқсас екендігін байқауға болады.

Сонымен қазақ-қырғыз тілдеріндегі туыстық қатынастар лингвистикалық категориялардың бәрінде кездеседі. Сонымен қатар тілдік категориялардың табиғатынан бауырлас елдердің ұлттық-мәдени-танымдық кеңістігіндегі лингвоелтану, этнолингвистика, лингвокогнитологиялық табиғатын көрсетуге тырыстық. Сондай-ақ кез-келген этностың ойлау жүйесі оның ұлттық тілінде көрініс табады. Қазақ және ұйғыр тілдеріндегі лингвистикалық бірліктердің жасалу жолдары мен мағына жағынан бір-біріне ұқсас немесе дәлме-дәл келетін тұстарының өте көп екендігіне көз жеткізуге болады.

Екі тілдегі туыстық қатынастардың өзара жақындығы бауырлас этностардың мәдени кеңістігіндегі заңдылықтар мен тарихи өмірінің өзара тығыз байланысты екендігін көрсетеді. Яғни қазақ және ұйғыр халқының түп тамырының бір негізден тарағанын, тарихи мәдени өмірінің тығыз қарым-қатынаста болғанын, араларында генетикалық байланыстың берік орныққандығы мен рухани мәдениет пен ойлау жүйесінің өзара сәйкес екендігін көрсетеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1Қайдаров Ә. Қазақ тілінің тарихи лексикологиясы: проблемалары мен міндеттері. // Қазақ тілінің тарихи лексикологиясының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1988.

2Муқәддәс М. Қазақ-ұйғыр мақал-мәтелдерінің паремнологиялық жүйесі. Фил. ғыл. канд. дис. Қолжазбасы. – Алматы: А.Байтұрсынұлы ат. Тіл білімі институты, 2007. – 146 б.

3Ғәйрәтжан Осман. Ұйғур мәдәнийәт тарихи тоғрисида // Шинжаң ижтимаи пәнләр тәтқиқати - ББ. 94-108.

ӘОЖ: 811.512.122`1

А.К. Аблакатова¹, А.Ж. Қобланова²

¹Абай атындағы ҚазҰПУ, 6М020500 - «Филология» мамандығының 2-курс магистранты,

²Ғылыми жетекшіі, ф.ғ.к., доцент

«ҰРПАҚ» КОНЦЕПТІСІНІҢ ҰЛТТЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Аңдатпа

Мақалада «Ұрпақ» концептісінің халық танымындағы ұлттық ерекшеліктері туралы айтылады. Соның ішінде қазақ халқының ұлттық ерекшеліктері негізге алынады. «Ұрпақ» концептісі халық өмірімен және салт-дәстүрімен тікелей байланысты болғандықтан шежіре мен жеті ата сияқты туыстық байланыстар тұрғысынан қарастырылады. Шежіредегі туыстық атаулардың пайда болу түп төркіні мен оның мәні түсіндірме сөздіктердегі нақты дәлелдерден алынған. Атаулардың мәніне қарай мысалдар да келтірілген. Мысалдар халық ауыз әдебиеті үлгілерінен, көркем әдебиеттер мен таңдаулы туындылардан, мақал-мәтелдерден алынған.

Кілт сөздер: концепт, «ұрпақ» концептісі, шежіре, жеті ата

Аблакатова А.К.¹, Қобланова А.Ж.²

¹ҚазНПУ имени Абая, магистрант 2-курс специальность: 6М020500 - «Филология»,

²Научный руководитель: к.ф.н., доцент

НАЦИОНАЛЬНЫЕ ОСОБЕННОСТИ КОНЦЕПТА «ПОКОЛЕНИЕ»

Аннотация

В статье говорится о национальных особенностях концепта «поколение» в познании народов. В основу берутся национальные особенности в познании у казахского народа. Концепт «поколение» напрямую связано с жизнью народа и их традиционными обычаями. Поэтому концепт «поколение» рассматривается родственными узами. Точные факты о значении и их происхождения этих родословных родственных названии берутся из толковых словарей. К каждому названию даются подробные примеры. Примеры берутся из устной народной литературы, художественной литературы, избранных произведениях, а также пословиц-поговорок.

Ключевые слова: концепт, концепт «поколение», генеология, предки

Ablakatova A.K.¹, Koblanova A.J.²

¹Kazakh National Pedagogical University named after Abai,
2nd course master specialty, 6M020500 - "Philology"

²Scientific supervisor, k.p.s., associative professor

NATIONAL FEATURES OF THE CONCEPT OF «GENERATION»

Annotation

The article deals with the national peculiarities of the concept of "generation" in the knowledge of peoples. The national peculiarities are based on the knowledge of Kazakh people inherited from past generations, presented in the present gifted for the benefit of future generation. The exact facts about the meaning and their origin of these family tree related names are to base on family relationship. Examples are given for each title. And they taken from oral folk literature, fiction, selected works, proverbs-sayings.

Keywords: concept, the concept of "generation", geneology, ancestors

«Ұрпақ» концептісі әр ұлттың танымында ерекше мәнге ие. Баяғы заманнан қазіргіге дейін жалғасып жатқан туыстық байланыстар қазіргі кезде өзінің нағыз құндылығын жоғалтуда. Сол жоғалуға аз қалған ұлттық құндылығымызды жаңғыртуға, оның дамыған замандағы болашақ ұрпаққа насихаттау өте маңызды. Бұл құндылықтар қазақ халқының ұлттық танымының жаңғыруына үлкен септігін тигізеді. Халық ауыз әдебиеттерінен бастап көркем әдебиет, шығармалар мен мақал-мәтелдерде дейін барлығында «ұрпақ» мәселесі сөз етіліп келеді. Ұрпақ деп белгілі бір адамның ізін жалғаушы, мұрагері, үрім-бұтағы деп айтамыз. Ұрпақ жалғастығында ұл балаға ерекше мән беріледі. Өйткені, атадан әкеге, әкеден балаға берілетін билік, байлық, қазыналар тек ер адамдарға ғана тән. Тарихымызда болған талай хан, патшалар өздерінің жолын жалғайтын, атын шығаратын ұрпақтары болғанын басты мақсаттары болғанын айтпасақ та белгілі. Ұл балаларды кіші кезінен елін бірауыздан басқара алатын хан болуға, халқын қорғайтын батыр болуға, әділ шешім қабылдайтын би-шешен болуға да дайындай бастаған. Арғы ата-бабаларының түрлі қырлары, асыл қасиеттері мен ерекше қабілеттері ұрпақпен жалғасады. Ұрпақтың таралуы ата-бабаларымыздан басталып балаларымен жалғасады. Сол атауларының өзінде үлкен мән жатыр.



Ата-баба зат. Ататек, тұқым, тұқиян.

Ата-бабаң істемеген істі қылам деп би болғансып, бір жылдың ішінде қане шыққан мүйізің? -деді. (М.Дулатов, Шығ.).

Табынса ата-бабам күн көзіне,

Ол оны санамаған мін де өзіне. (Т.Айбергенов, Мен саған) [1,87 б.]

Арғы ата-баба. Бұрынғы ата-тек.

Заман да заман, заманда,

Арғы ата-бабамда,

Ғасырдан ғасыр, ғасырда

Ел қайғысы басында (К.Әзірбаев, таңд.шығар.) [1,87 б.]

Шығармадан берілген үзінді батырлық жырлардың сарынына жақын екенін жақсы байқай аламыз. Батырлық жырларда баяғы өткен заманда, дін мұсылман аманда деп келсе, шығармадағы үзіндіден арғы бабамның өмір сүрген заманында ел қайғысы бастарына уайым болғалы талай ғасыр өтіпті дейді. Алғашқысында мұсылман халықының тыныш өмірін айтса, екіншісінде халықтың басынан өткен қиындықты аңыз ретінде айтады.

Бергі ата. Әкесінің әкесі, үлкен әке.

Бергі атаң Құтымбет пен ер Балсейіт,

Тұрсынның аманбысың Сүлеймені (Айтыс)

Арғы атамды сұрасаң Сүгірәлі,

Бергі атам-онан туған Ыбыралы. (Айтыс) [1,85 б.]

Ақындардың айтыста сөз бастап, өзінің шыққан тегін айтқанда түрлі ұйқастар бірінен соң бірі жалғаса кетеді. Ақындар арғы аталары елге белгілі текті адам болса, оның жалғаушы ұрпақтарының да жетістіктерін айтады.

Ата тегі. Шыққан тегі, тұқым-түкияны, зәузат.

Өзі жаман туғанның - Ата тегі сұралмас,

Басы тәуір болғанның - Қатардан басы қала алмас (Кердері Әбубәкір, Қазағым) [1,85 б.]

Қазақ халқында ата-ананың қарауыңсыз жесір қалған, жаман адамнан туылған қарапайым халық балаларының тегін ешқашан сұрамаған. Өз арғы және бергі аталарын білмейтіндерді тексіз деп санаған. Тегін білген адамның ел қатарлы өмір сүруге мүмкіндігі мол болған.

Жеті ата. Сегізінші атаға дейінгі аталары, тұқым-түкияны; туыстықтың тоқталған шегі. Жеті ата әр адамда болады. Жеті атасын білу, олардың ерлік істері мен кім болғандарын білу міндет болған. Оның дәлелін мына үзінділерден байқай аламыз.

Жеті атасын білмеген обал дейді,

Арғы атамды айтамын Әрмия-ды (Шал ақын, Өлең.)

Жеті атасын білмеген ұят. Арғы атасын білмеген азаматтар жетесіз, ұрпағы жалғаспаған деп саналған. Заман өзгерген сайын жеті атасын білуді жоғалып барады. Тарихымызға тікелей қатысты жеті атаны білуді қайта жанғырту керек. Арғы аталарының ерекше қасиеттеріне еліктеп өсуге талпынса екен.

Ата-ана зат.с. Әке-шеше.

Адамға тәрбие беруші әуелі ата-ана,

Сонан соң ұстаз, мектеп, тұрмысындағы төңіре (А.Байтұрсынов, Шығ.)

Ата-анаға көз қуаныш,

Алдына алған еркесі.

Көкірегіне көп жұбаныш,

Гүлденіп ой өлкесі. (Абай, Тол.жина.) [1,87 б.]

Баланың өмірге келген сәттен ең жақын адамдары өз ата-аналары, яғни әке-шешесі. Әкесі бардың қорғаны бар, анасы бардың жылулығы, мейірімі бар. Баланы жақсы тәрбиеленуіне алдымен ата-ана, мектеп табалдырығын аттағанда ұстазы, мектептегі қатарластары, қоғам жауап береді деп Ахмет Байтұрсынов атамыз тауып айтқан.

Әр ата-ана өз баласының дүниеге келуін аңсап күтеді. Көзін қуанып алдында жүргені, еркелеп, қасында болуын тілейді. Адам қартайған сайын жалғыздықты сезіндірмеуге септік болатын баланың қасында болуы.

Бала-зат.І. Ата-ананың перзенті, ұрпақ; тұқым;

Құнанбай баласында сенің кегің болса, бізді де өшіміз бар, - деді Дәркембай (М.Әуезов, Абай жолы)

Атадан балаға ауысып келе жатқан дәстүр бойынша ұлымды тізеге мінгізе отырып, Отырарды қорғау жолында түгелдей опат болған ұлы бабаларының жанқиярлық күресін сан рет әңгімеледім (М.Шаханов, Ғасырлар)

II Нәресте, сәби, бөбек.

Бала-адамның бауыр еті (Мақал-мәтел) [1,651 б.]

Қазақ халқында бала - ол біріншіден, адамның баласы, екіншіден ата-ананың баласы, үшіншіден, алаштың баласы. Жаратушымыз адамға сана, ақыл, түйсік, көру, сөйлеу, сезіну сияқты қасиеттерді беру арқылы басқа тіршілік атаулыдан ерекшелендірді. Қазақ жұртының ірі тұлғалары, балаларға, жалпы қазақтарды алаштың баласы деп атайды.

Адам баласы. Адамзат, адам ұрпағы, адам атаулы.

Адам баласы қылып жүрген іс, ой-ақыл болып табылады, адамды бала тапқан қатындай қинап сөз болып сөйленеді, ия жазылады, ақыл-сөз сонан соң барып іске айналады (Ә.Бөкейханов, Шығ.)

Адам баласын өмір бойы арылмайтын азапқа салу, нағыз үлкен қиянат сол емес пе? (Т.Аханов, Шырағың.) [1,652 б.]

Алаштың баласы. Бүкіл қазақтың баласы, азаматы.

Алаштың баласы! «Кештік өмірің болса, түстік мал жи» деген атамыздың сөзін ұмытпайық (Абай, Шығар.) [1,652 б.]

Естімесең, енді естисің!

Естіртем, жария етем алты алаштың баласына! [1,652 б.]

Немере - зат.этн. I. Ата-ананың ұлынан туған баласы; атадан санағандағы үшінші ұрпақ.

Адал жарың - бірге соққан жүрегін,

Жақсы ұлың - жер бетінде тірегін.

Жақсы қызың - мәңгі өшпес шырағың,

Немерелер - кеш көркейтер легің (К.Салықов, Жезкиік)

II. Аталас, атасы бір, бір атаның баласының ұрпақтары.

Еспембеттің шешесі Ер Қосайға немере.

Қиық жоқ қыздан туғанда

Оны бөтен көре ме? (Д.Бабатайұлы, Замана) [2,538 б.]

Өз балаң тәтті болғанымен, ұл қыздарынан туған балалар ата-әжесіне өте ыстық болады екен. Ұлдарының ер жетіп, отау құруын, қыздарының бойжетіп, тұрмыс құруын, ертерек немерелі болуларын қалайды. Адам немереге ерекше мейірім мен қамқорлық танытады. Немере - ұрпақты жалғаушы мұрагер. Қыз жат жұрттық болғанымен олардан туған немересін ұл баласының немересінен кем жақсы көрмейді.

Шөбере-зат. Немереден туған бала; үшінші ұрпақ.

Шоқан орта жүздің атақты ханы Абылайдың шөбересі, Уәли ханның немересі, Шыңғыс төренің үлкен ұлы (М.Дулатов, Шығ.) [3,410 б.]

Тұқымдай себіліп, ағаш болып өсіп, ағаш бұтақтарындай тараған ұрпақ жалғастығы немереден шөбереге ұласады. Шөбере немереден туған бала. Көп ата ана шөберенің қызығын көруді аңсап, дүниеден өтіп кетеді. Шөберенің қызығын көрген бақытты жан. Ата әжелеріміз қанша қартайса да немере, шөберелерін жетектеп, шаршаса арқалап та жүреді.

Немере-шөбере - зат.этн. Немере мен шөбере; үрім-бұтақ, өрен-ұрпақ.

Кемпір-шалдар немере-шөберелеріне дейін тастамай, арқалап алады (Б.Соқпақбаев, Өлгендер) [2,539 б.].

Шөпшек - зат. Шөберенің баласы.

Бұрынғы аталарымызда балалар, немерелер, шөберелер, шөпшектер алдындағы жауапкершілік сезімі бөлекше болған [3, 421 б.].

Шөбере-шөпшек - зат. Немереден туған бала мен одан кейінгі ұрпақ.

Шүкір, сәлем берген шөбере-шөпшектен танымайтыны жоқ, сәлем бермегенді бозаған да танымаған болады (Қ.Ысқақов, Күреңсе) [3,411 б.].

Ұрпақ жалғастығын тапқан сайын жауапкершілік арта түседі. Шөбереден туған бала шөпшек деп аталады. Шөпшектің орны шөбереден бір бөлек. Түгендей бір шөберенің шөпшегі деп аталу бір атақтай.

Шөбелек - зат. Төртінші ұрпақ, шөпшек, шөбереден туған бала.

Біз бүгін Бек шөбелегі-жазушы Балғабек Қыдырбекұлы баспаға әзірлеген Шапырашты Қазыбек бек шығармасынан оқырмандар сауалына орай үзінді жариялап отырамыз («Егемен Қазақстан») [3,410 б.].

Шөпшек, шөбелек туралы көбіне әдеби шығармаларда айтылады. Ұлы адамдардың шөпшек, шөбелектері мәлімет әр адамды бейжай қалдырмайды деп ойлаймын.

Немене - зат.этн. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы жеті ата жүйесі бойынша таратылатын жетінші ұрпақ.

Қазақ өз баласының баласын немере, оның баласын шөбере, шөберенің баласын шөпшек, шөпшектің баласын немене, оның баласын туажат, туажаттың баласын жүрежат, оның баласын жегжат, жегжаттың баласын жұрағат деп атайды (Ауызекі) [2,538 б.].

Шежіре бойынша санағанда әкеміздің әкесі, бізге ата болады. Атамыз арғы аталарымыздың жолын жалғаушы жетінші ұрпақ саналады. Одан кейін кейінгі балалардың, яғни немере, шөберелердің аталарын санамалау кетеді.

Туажат - зат.этн. Бір атадан тараған алтыншы ұрпақ, неменеден туған бала. Туажат туыстық қатынас жағынан бір атаның бір атаның баласы саналғанымен, одан кейінгі ұрпақтардың іргесі бөлініп, туыстық қарым- қатынасы алшақтай бастайды. (ҚҰЭ) [2,389 б.].

Немере мен шөбере,
Туажатты сүйгенім,
Ақ ешкіге парланып,
Жүрген шақта зарланып,
Қабыл болды тілегім (К.Әзірбаев, Танд.шығ.) [2,389 б.].

Немеренің баласы туажат деп аталуында да бір мән бар. Бала туылғанымен немеренің арғы ата-бабаларынан туылған ұрпақ болғанымен алдыңғы буыннан аралары алшақтап, ағайын-туыстық қарым-қатынасы үзіледі.

Жүрежат - зат.этн. туажаттан туған бала, жетінші ұрпақ. Қазақтың әдет-ғұрпы бойынша жүре жаттың балалары бір-бірімен қыз алысып, құдандалы бола алады. (ҚСЭ) [4,35 б.].

Қазақтың қыз алысып, қыз берісу салт дәстүрі жеті атадан асқанда ғана рұқсат етіледі. Себебі, жеті атаға толмай тұрып құдалас болуда екі жақ бір-біріне жақын туыс саналады. Сосын бір жағынан қан араласып кетеді деп ондайға жол бермейді.

Жегжат - зат. Жамағайынды, құда-құдалас адам.

Жегжат туыстығы жоқ, бірақ құданың құдасы, нағашының бөлесі, жиеннің балдызы сияқты туыстық қатынасы бар адамдар арасындағы жақындастықты білдіретін атау (ҚҰЭ) [4, 257 б.].

Жүрежаттан кейінгі ұрпақ жегжаттың алдыңғы ұрпақтармен ешқандай туыстық қарым-қатынасы болмайды. Жаңадан жеті атадан саналу басталады.

Қорытындылай келгенде, «Ұрпақ» концептісі бұрынғыда да, қазірде де, болашақта да өз ұлттық құндылығын жоғалтпауы керек. Өткен дәуірдің үлкен кісілерінен естіп, көрген, білгеніміз арқылы Сондықтан оны насихаттап, мәнін аша аламыз. Күнделікті өмірде қарапайым саналып жүрген ұғымдардың қаншалықты құнды екенін дәлелдейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1Қазақ әдеби тілінің сөздігі. 15 томдық. / Құрастырушы: Қ.Қалиев, С.Бизақов, О.Нақысбеков және т.б. –Алматы: «Алыс», 2006.

2Қазақ әдеби тілінің сөздігі. 15 томдық. 11 том. (М-О).

3Қазақ әдеби тілінің сөздігі. 15 томдық. / Құрастырушы: А.Жаңабекова, Т.Жанұзақов, Б.Әбілқасымов және т.б. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011 Ү-Ү.

4Қазақ тілі әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 6 том. Құрастырушы: Ж.Қалиев, Қ.Есенова және т.б. –Алматы: «Алыс», 2007 Ж-Ж.

ӘОЖ: 811.512.122.44

Б.Б. Батырбекова¹, А.Ж. Қобланова²

¹Абай атындағы ҚазҰПУ, 6М020500 - «Филология» мамандығының 2-курс магистранты,

Ғылыми жетекші, ф.ғ.к., доцент

ЛИНГВИСТИКАДАҒЫ ГЕНДЕРЛІК САЯСАТ

Аңдатпа

Мақалада гендерлік лингвистика қазіргі ғылымдар тоғысында пайда болған тіл білімінің жаңа бір саласы болып табылатындығы сөз етіледі. Гендерлік лингвистика табиғи тілді сана әрекетінің көрінісі, ойдың шындығы ретінде зерттей отырып, әр тілдің, әрбір жеке тұлғаның, әрбір ұлттың танымдық сана болмысын тіл арқылы анықтауды мақсат етеді. Гендерлік лингвистикада тіл тек ақпарат беріп қана қоймайды, образдар арқылы әлемнің тілдік бейнесін сипаттайтын танымдық қыры тұрғысынан танылатындығын баяндап қарастырады.

Кілт сөздер: жыныс, концепт, қарым-қатынас, антропоцентризм

Батырбекова Б.Б.¹, Кобланова А.Ж.²

¹КазНПУ имени Абая, магистрант 2-курса специальность: 6М020500 - «Филология»

²Научный руководитель, к.ф.н., доцент

ГЕНДЕРНАЯ ПОЛИТИКА В ЛИНГВИСТИКЕ

Аннотация

В статье рассматривается о том, как гендерная лингвистика является одним из новых направлений на стыке нынешних наук. Гендерная лингвистика вид деятельности естественного языка, изучающий мысль, как реальность, каждого языка, каждой личности, каждой нации, цель выявления познавательной сущности сознания через язык. В гендерной лингвистике язык не только для получения информации, но и рассматривает познавательный аспект, характеризующий языковой образ мира.

Ключевые слова: пол, концепт, отношение, антропоцентризм

Batyrbekova B.B.¹, Koblanova A.J.²

¹Kazakh National Pedagogical University named after Abai 2nd course master specialty, 6M020500-"Philology",

Scientific supervisor, k.p.s., associative professor

GENDER POLITICS IN LINGUISTICS

Annotation

In the article Gender Linguistics is shown as a new branch of linguistics appeared in today's crossing science. Gender linguistics is explored as the appearance of sense language, the real recognition of the thought and aimed to define each mother tongue, each person's, each culture's educational cognition through the language. In gender linguistics the language is considered not only as a information source but as the educational description matter of international language through the images.

Keywords: gender, concept, interaction, anthropocentrism

Гендерлік лингвистика тіл білімінде жыныстарға қатысты сөйлеу үлгілерін зерттейтін ғылым. Ал «гендер» ұғымы жынысты биологиялық тұрғыдан емес, оны әлеуметтік-мәдени құрастырылым ретінде айқындайды. Гендерлік зерттеулер аясына «жыныс», «гендер», «гендерлік рөлдер» сияқты ұғымдар енеді. Қарым-қатынас процесінде ер адамдар мен әйел адамдар арасында гендерлік ерекшеліктер байқалады. Адамның жынысқа бөлуіне қарай ерлер мен әйелдердің мінез-құлқы, іс-әрекеті ажыратылып отырады, олар түрлі қызмет атқарады. Тіл арнаулы «еркектік» және «әйелдік» болып бөлінбесе де, олардың сөйлеу әрекетіндегі мінез-құлқына қарай айырмашылықтар байқалады. Антропоцентрлік парадигмадағы гендерлік лингвистика қоғамдағы гендерлік рөлдермен астасып, ұлттық-мәдени ерекшеліктермен, халықтың әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, наным-сенімдерімен тығыз байланыста қарастырылуды қажет етеді.

Гендер - әйел мен еркектің әлеуметтік ортадағы, қоғамдық, мәдени институттардағы (отбасы, саясат, білім беру т.б.) орны мен рөлін анықтайтын ұғым.

Гендерлік зерттеулер саясатта, ғылымда, өнерде жеке сала ретінде орныға бастады. Қоғамның әлеуметтік-мәдени дамуынан қалыптасқан гендерлік саясат, гендерлік статистика, гендерлік лингвистика қазақ қоғамында да біршама орнықты.

Гендерлік саясат мемлекеттегі қазіргі заманғы гендерлік ахуалды зерттейді. Бұл мәселені шешуге Қазақстан Республикасының «Гендерлік саясат тұжырымдамасы» Қазақстан Үкіметінің 2003 жылғы 27-қарашадағы №1190 қаулысымен мақұлданды. Тұжырымдама Қазақстандағы гендерлік саясаттың негізгі қағидаттарын, басымдықтарын мен міндеттерін көрсете отырып, Қазақстан Республикасының Конституциясымен кепілдік берілген әйелдер мен ерлердің тең құқығы мен еркіндігін белгілейді. Гендерлік саясаттың міндеттеріне әйелдер мен ерлердің билік құрылымдарында теңдестірілген қатысуына қол жеткізу, экономикалық тәуелсіздіктің барлық тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ету, өз

бизнесін дамыту және қызмет бабында ілгерілеу, отбасында құқықтар мен міндеттерді тең жүзеге асыру үшін жағдайлар жасау, жыныстық белгісі бойынша зорлықтан еркін болу жатқызылды. Тұжырымдаманың жасалуы, заң жүзінде бекітілуі, ондағы қарастырылатын мәселелер-барлығы да гендерлік саясатты зерттеу болып табылады.

XXI ғасыр тіл біліміне тілді құрылымдық, жүйелік парадигмамен сабақтастықта, жалғастықта және тілді ұлттық рухани-мәдени білімдердің жинақталған коды ретінде қарастыратын антропоцентрлік бағыт тән болып табылады. Оның іргетасы В.Гумбольдт, И.Гердер, Г.Штейнталь, А.Потебня сияқты ғалымдардың теориялық еңбектері арқылы қаланғаны белгілі. Олардың еңбектеріне сәйкес адам өзінің парасаттылық, рухани, әлеуметтік талаптарын қанағаттандыратын ұғымдар (концепт) әлемін жасау үшін ақпараттарды тілдік арна арқылы ғана алады. Сол себептен де кез келген ұлт тілінің табиғатында сол ұлттың қанша ғасырлық терең сырға толы қазынасы, ділі, мәдениетінің қайнар көзі жатады. Бірақ тіл жалпы шындықты емес, адамдардың белгілі бір ұжымы өмір сүретін ортаның шындығын жай көрсетіп емес, суреттеп береді және бұл арада тіл дүниені тікелей, тура суреттемейтінін атап өткен маңызды. Тілде адамның дүниені қалай қабылдайтыны, түсінетіні көрініс табады. Сондықтан да В.фон Гумбольдт: «Разные языки – это отнюдь не различные обозначение одной и той же вещи, а различные видения ее», – деп тұжырымдайды. Тіл – ойды туғызушы тетік, сондықтан сөз – заттың тура таңбасы емес, оның біздің санамызда тілдік шығармашылық үдеріс нәтижесінде туған бейнесі. Сол себепті жаңа ғылыми парадигмаға сәйкес тілді зерттеуде негізгі назар тілдік тұлғаға аударылды, сонымен байланысты тілді зерттеудің жаңа мақсаттары, маңызды ұғымдар мен тәсілдер, метатілдік теориялық негіздер қалыптаса бастады. Яғни антропоцентрлік парадигма бірінші орынға адамды (тілдік тұлғаны) шығарады да, ал тіл адам танымын құрастырушы сипатта қарастырылады. В.фон Гумбольдт, А.А. Потебня, М.Хайдеггер тілді рухпен, шығармашылық қызметпен байланыстырады. Сол себепті жаңа ғылыми парадигмаға сәйкес тілді зерттеуде негізгі назар тілдік тұлғаға аударылды, сонымен байланысты тілді зерттеудің жаңа мақсаттары, маңызды ұғымдар мен тәсілдер, метатілдік теориялық негіздер қалыптаса бастады. Атап айтқанда, антропоцентрлік парадигма бірінші орынға адамды шығарады да, ал тіл адам танымын құрастырушы сипатта қарастырылады (Л.Леви-Брюль, Б.Малиновский, К.Леви-Стросс, Ю.Н. Караулов, В.Н. Телия, Г.В. Колшанский, Ю.Д. Апресян, тағы басқалар).

Қазақ тіліндегі гендерлік факторды зерттеу тарихи сипатқа ие. Гендер факторы қазақ ағартушы, зиялыларының еңбектерінде де жиі ескеріліп отырған. Қазақ гендерлік лингвистикасының негізін қалаушы көрнекті ғалым, тұңғыш профессор Қ.Жұбанов әртүрлі халықта әйелдер тіліне тән ерекшеліктер болатынын көрсеткен. Қ.Жұбановтың еңбектерінде әйел тілінің спецификалық ерекшеліктеріне баса назар аударылған. Қ.Жұбанов «Күншығыстағы әйелдер тұрмысы ерекше жағдайда болғандықтан, әйелдерге арнаулы түрлі әдет-ғұрып өзгешеліктері мұнда жиі ұшырайды. Сол әдет-ғұрып өзгешеліктерінің бірі – осы күнге шейін Кавказда армян, грузин, түріктер арасында сақталған әйелдердің ым тілі. Жаңа түскен келіншек қай жерде бір айға, қай жерде бір жылға шейін ата-енесімен дыбыстап сөйлеспейді, ымдап сөйлеседі. Бұл тілді армяндар «нашнауар» дейді. Нашнауар сондай бай, сондай дыбыс тілінен еш кемдігі жоқ сияқты. Мұндай, әйелдерге ғана арнаулы, жүйелі болмаса да, әйел тілінің өзгешелігі қазақта да жоқ емес. Сол өзгешеліктердің бірі – әйелдерде ғана болатын «ернін шығару» (кеміткенде), «бетін шымшу» (ұятсынғанда), «аузын шылып еткізу» (таңданғанда), «аузын быртылдату» (кекеткенде). Бұлар әйелдердің специфик тілі болып табылады», - дейді.

Гендерлік лингвистика адам болмысы мен тіл табиғатының арасындағы жынысаралық ерекшеліктерді зерттейді. Тілдік қолданыстағы жынысаралық ерекшеліктер әрбір ұлт пен этностың мәдениеті, салт-дәстүрі, психологиясымен тығыз қарым-қатынаста келіп, қоғамдық сананың орнығуына қарай өзгеріп отырады. Қоғамның даму сатысына қарай тілдің танымдық сипатын айқындайтын жынысаралық ерекшеліктер мынадай орнықтырулар арқылы қалыптасып, дамиды:

1. Ауызекі сөйлеу тіліндегі жынысаралық ерекшеліктер;
2. Жазба тіліндегі жынысаралық ерекшеліктер;
3. Бұқаралық ақпарат тіліндегі жынысаралық ерекшеліктер.

Олардың тілдегі көрінісін айқындайтын ғылыми тұжырымдар қоғамның әлеуметтік, экономикалық, мәдени даму үрдісі барысында өзгеріп, толығып отырады. Оның мәні мен мазмұны негізінен, мәтін тілі арқылы танылады. Тілдік қолданыстағы жынысаралық ерекшеліктер ерлер мен әйелдердің мінез-құлқы, қоғамдық еңбек бөлінісі, анатомия-физиологиялық, мәдени-эстетикалық ерекшеліктері барысында өз орнын тауып отырады. Оған бірінші кезекте философияның жаңаша түрде қалыптасуы негіз болады.

Қазақ халқының сөйлеу тілі бағзы дәуірлерден, ежелгі кезеңнен бері келе жатқан ең ұлы тілдердің бірі. Тоныкөк пен Күлтегін ескерткішіне қашалып жазылған жолдардан біз қазіргі тілімізге қатысты көптеген

ұқсастықтарды табамыз. Одан кейінгі орта ғасырлардағы көне шағатай тілінің де бүгінгі тіліміздің қалыптасуына ықпалы, әсері мол болғаны айқын. Түркілік уақыттан сақталған құнды жәдігерлерде көшпенді халықтың дүниетанымын айқындап беретін жолдар да аз емес. Жалпы сөздік қор, көркемдік қана емес, гендерлік тұрғыдан алғанда да бұл тілдің асыл қасиеттері бірден танылады. Себебі қазақ тілінде араб тіліндегі, еуропаның көптеген тілдеріндегі сияқты әлеуметтік жікке бөлінушілік мүлдем жоқ. «Бұл ерекшелік түркілік менталитетке, тіл логикасына да тікелей ықпал еткен. Мысалы, басқа көптеген тілдерде кездесетін «средний род, мужской род, женский род» сияқты айырмашылық жалпы түркі (қазақ) тілдерінде кездеспейді. Өйткені, түркілік дүниетанымда әлем біртұтас үйлесімділікте қабылданады. Сондықтан да жыныстық тұрғыдан әйел-еркек деп бөлектеу құбылысы олардың дініне, діліне, тіліне де жат нәрсе». Ер мен әйелдің сөйлеу тілінің арасындағы айырмашылық тек нәзік, көзге шалына бермейтін тұстарда ғана ашылады. Осыған сәйкес тілімізде «Әйелдің аты – әйел» деген қалыптасқан тіркес бар. Аталған тіркесті қазақ халқы бір жақты ұғынбайды.

Біріншіден, әйел – әлем жаратылысындағы тіршіліктің алғашқы бастауы, өмір әкелуші, ұрпақ жалғастырушы, дәстүрлі құндылықтарды өндіреді, соған орай әйел – ана, әйел – әдемілік, әйел – нәзіктік, әйел – сұлулық, әйел – сезімталдық, әйел – сыпайылық, әйел – әдеп, әйел – үйлесім, әйел – жарасым... деп танимыз.

Екіншіден, әйел – төменгі әлемнің, күнәның, опасыздық пен жамандықтың, ретсіздіктің символы. Қазақ мәдениетінде әйелге қатысты жағымсыз коннотациядағы ассоциациялар кездеседі. Әйелге байланысты әсіресе ауызекі тілде көп қолданылатын шүйкебас, төмен етек, шөпжелке, ұрғашы сияқты кемсіту мағынасындағы сөздер бар. Әйелді «ақылы шалақ, сөзі көп» деп еркектен кем санайтын түсінік қазаққа да тән екені көрінеді.

Дәстүрлі қазақ дүниетанымында тұлғалықты, даралықты білдіретін төл категориялар бар. Осындай ұғымға «тектілік» жатады. Тектілік ерге де, әйелге де, байға да, кедейге де тән қасиет. Ол кез келген адамда болмайды. Халық аңыздары мен жырларында, тарихи хикаяларда, шежірелерде, ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыптардан ата-бабаларымыздың ең алдымен ана тегіне ерекше назар аударғаны жайлы деректерді жиі кездеседі. Бұл туралы Л.Н. Гумилевтің: «...Анасының шыққан тегіне айрықша маңыз берілген. Мәселен, Ханзада Төременді тақтан тайдырудың себебі «шешесінің шыққан тегінің төмендігі болады. Өрине, бұл желеу, оның саяси жауларының айла-амалы ғана, бірақ сол дәлелінің қызықтығына қараңызшы», – деп жазуы тегін емес.

Осы үш қасиет негізінен әйелдерге тән болса, ер адамдар негізінен қайраттылықтың, батырлықтың символы ретінде сипатталады. Ерлерде де осындай өздеріне сәйкес мінездері бөліп алынады.

Мәселен, ер адамдар Отан қорғайтын, ел шетіне жау келсе, оған қарсы шығып, жанын құрбан ететін жандар. Қазақ тарихының өн бойында тәуелсіздік үшін жүргізілген соғыстарға толы. Осылардың бәрінде билік айтатын, отбасын асырайтын қасиеттері оларда туабітті қалыптасқан. Бірақ Қазақ қоғамында әйелдің ерлермен бір сатыда тұрғанын жоққа шығаруға болмайды. Г.Д. Гачевтің көрсетуінше, көшпелі халық отырықшыға қарағанда әйелдерді жоғары бағалайды. Ол: «...өзбектерде, қазақтарда ислам дінін қабылдады. Алайда қазақ әйелдері жүзін паранжамен жасырған емес, олар барынша көп мәселені өздерінше шеше алатын белсенді тұлғаға айналды» деп жазады.

Көшпелі қоғамда әйел тек қарапайым үйдің ғана емес, көшіп-қонатын, қайта жығылып, қайта тігілетін шаңырақтың сақтаушысы болды. Оның дүниені қабылдауы жалаң тіршілік кешумен ғана емес, өзіндік сана-сезіммен, ең бастысы табиғилықпен астасып жатыр. Осымен байланысты қазақ әйелдері ерлеріне ежелден құрметпен қарайды, алайда ол құлдық санадағы табынушылыққа жатпайды.

Осы мәселелерге бағытталған лингвистикалық еңбектердің арасында гендерлік зерттеулерге айтарлықтай мән берілуде. Ғалым А.Чекалинаның көрсетуінше, «гендер – әлеуметтік психологиялық мағынадағы жыныс, әйелдер мен еркектердің әлеуметтік мінез-құлқын анықтайтын арнайы мәдени және мінез-құлықтық сипаттардың жиынтығы. Гендер аясында әйел және еркек жынысына қандай психологиялық қасиеттер тән, әйелдер мен ерлерге қатысты қандай мінез-құлық қалыпты, күдікті немесе нормадан ауытқушылық саналады, сондай-ақ жыныс әлеуметтік жағдайға, жеке тұлға мәртебесіне қалай әсер етеді деген тәрізді мәселелер қарастырылады».

Демек, гендер – тек әйел мен еркекке қатысты жалаң ұғым ғана емес, олардың арасындағы қарым-қатынасқа, сол қатынастардың әлеуметтік жағынан қалай құрылғанына байланысты ұғым. Ал гендерлік рольдер –жеке тұлғалардың белгілі бір жынысқа жатуына байланысты қызмет, мәртебе, құқықтары мен міндеттері жағынан ажыратылуы.

Қазіргі заманғы ғылыми зерттеулерде кез келген халықтың ұлттық тілі қарым-қатынас құралы ретінде адамның қатысымдық әрекетінің компоненті және қоғамдық-әлеуметтік жүйенің басты көрсеткіші,

қоғамды жаңаша құрудың, ақпараттық байланыс пен тұлғааралық келісімді оңтайластырудың құралы, әлеуметтік қатынастарды бекітудің амалы тұрғысынан сарапталады. Сондай-ақ лингвомәдени қауымдастықтың ұжымдық тәжірибесін жинақтаушы, сақтаушы, ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырушы құрал ретінде тіл – мәдениеттің құрамдас бөлігі, ал мәдениет – қоғам дамуына қажет ақпараттарды өңдейтін және таңбалайтын жүйе ретінде тілдің құрамдас бөлігі тұрғысынан зерттелуде.

Қорыта айтқанда, гендерлік лингвистика қазіргі ғылымдар тоғысында пайда болған тіл білімінің жаңа бір саласы болып табылады. Гендерлік лингвистика табиғи тілді сана әрекетінің көрінісі, ойдың шындығы ретінде зерттей отырып, әр тілдің, әрбір жеке тұлғаның, әрбір ұлттың танымдық сана болмысын тіл арқылы анықтауды мақсат етеді. Гендерлік лингвистикада тіл тек ақпарат беріп қана қоймайды, образдар арқылы әлемнің тілдік бейнесін сипаттайтын танымдық қыры тұрғысынан танылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Гумбольдт В. фон. *Избранные труды по языкознанию*. – М.: Прогресс, 1984.
- 2 Кирилина А. В. *Гендер: лингвистические аспекты*. – М.
- 3 Тұрдалиева Р. С. *көркем мәтіндегі гендерлік сипат: психолингвистикалық талдау*. – Алматы, 2009.
- 4 Колосова О. А. *Когнитивные основания языковых категорий*. – М., 1996.
- 5 Key M. R. *Male / Female Language*. – New-Jersey: Metuchen, Scarecrow Press.
- 6 Lakoff R. *Language and Woman's Place*. – New York: Harper.
- 7 Pusch L. *Das Deutsche als Mannersprache*. – Frankfurt/Main: Suhrkamp.
- 8 Сепир-Уорф. *Язык. Введение в изучение речи // Избранные труды по языкознанию*. – М., 1993. – 261 с.
- 9 Nilseu A. P. *Sexism and Language*. – Urbana, 111: National Council of Teachers of English, 1977. – P. 40.
- 10 Кирилина А. В. *Категория gender в языкознании*. – М., 1999. – С. 15-20.
- 11 Ислам А. *Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті: Докт. дис. ... автореф.* – Алматы, 2004. – 11-б.

ӘӨЖ: 81-25

Г. Исабекова¹, С. А. Жиренов²

¹Абай атындағы ҚазҰПУ-нің 6М020500 – «Филология» мамандығының 2-курс магистранты,

Ғылыми жетекші, ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент)

**КӨРКЕМ МӘТІНДЕГІ АВТОРЛЫҚ ТАНЫМ ЖӘНЕ ЛИНГВОСТИЛИСТИКА
(Қ.ЖҰМАДИЛОВ ШЫҒАРМАЛАРЫ БОЙЫНША)**

Аңдатпа

Мақалада тіл білімінің бүгінгі таңдағы өзекті бағыттары аясындағы зерттелімдердің жаңа мүмкіндіктері қарастырылады. Мақала тіл білімінде жазушы шығармаларының тілдік табиғатын толық тану үшін жазушы шеберлігін бір ғана стилистикалық тұрғыдан ғана емес, танымдық тұрғыдан да зерттеу қажеттілігіне арналып отыр. Осымен байланысты көркем мәтін авторының стильдік-көркемдік белгілерін тіл білімінің жаңа бағыттары мен дәстүрлі лингвистика жетістіктерін тоғыстыра отырып зерделеуге арналған.

Түйін сөздер: дәстүрлі лингвистика, таным, көркем мәтін, стилистика, автор бейнесі т.б.

Исабекова Г. Б.¹, Жиренов С. А.²

¹ҚазНПУ им. Абая магистрант 2-курс специальность: 6М020500 - «Филология»,

²Научный руководитель: к.ф.н., ассоциативный профессор (доцент)

ЛИНГВОСТИЛИСТИКА И АВТОРСКАЯ ПОЗНАНИЯ В ХУДОЖЕСТВЕННОМ ТЕКСТЕ

Аннотация

В статье рассматриваются новые возможности для исследований в современной области лингвистики.

Статья посвящена необходимости изучать навыки писателя не только в стилистическом смысле, но и в когнитивных терминах, чтобы полностью понять лингвистический характер литературных произведений в лингвистике. В связи с этим он направлен на изучение стиля и художественных особенностей автора художественного текста с сочетанием новых тенденций в лингвистике и традиционной лингвистике.

Ключевые слова: традиционная лингвистика, познание, художественный текст, стилистика, авторский имидж

Isabekova G.B.¹, Zhirenov S.A.²

¹*Kazakh National Pedagogical University named after Abai 2nd course master specialty, 6M020500-"Philology",*

Scientific supervisor, k.p.s., associative professor

LINGUISTIC STUDIES AND AUTHOR KNOWLEDGE IN THE ARTISTIC TEXT

Annotation

The article deals with new opportunities for research in today's area of linguistics. The article is devoted to the need to study the writer's skill not only in a stylistic sense, but also in cognitive terms in order to fully understand the linguistic nature of literary works in linguistics. In this regard, it is aimed at studying the style and artistic features of the author of the art text with a combination of new trends in linguistics and traditional linguistics.

Keywords: traditional linguistics, cognition, art text, stylistics, author's image

Тіл білімі даму эволюциясының жаңа сатысы тілді когнициялық әрекеттер-белгілердің жемісі ретінде сипаттауға бағытталып отырғанын әлемдік және отандық лингвистикалық ізденістерден айқын байқалады. Когнициялық үдеріс нәтижесі ретіндегі тіл мен оның прагматикалық стилистикасын зерделеу танымның лингвистикалық аядағы ерекшелігін танытудың құралы бола алады. Осымен байланысты бүгінгі таңдағы тіл білімінде дәстүрлі лингвистиканың тарихи жетістіктерін пайдалана отырып, тіл ғылымының когнитивті үдерістермен байланысты жаңа салалары қалыптасты.

Тілтанымның жаңа зерделенуіндегі жаңа жетістіктер мен мүмкіндіктер көркем шығарма мәтінін тек тілдік тұрғыдан яғни тек тілдік-құрылымдық факторлардың аясында ғана қарастыру жеткіліксіз екендігін танытып отыр. Сондықтан қазіргі зерттеулерде көркем шығарма мәтінін тілден тыс факторлармен – автордың танымдық білімі мен ойлау, дүниетанымдық көзқарастарымен байланысты қарауға ерекше мән беріледі. Осы мазмұндағы лингвистикалық ілім салаларына қазіргіқазақ лингвистикасында нәтижелі дамып отырған, тіл бірліктерін тілден тыс факторлармен байланысты зерттейтін тіл білімінің этнолингвистика, психолінгвистика, когнитивті лингвистика, гендерлік лингвистика т.б. ғылым салаларын жатқызудың болады.

Көркем мәтін тілін таза дәстүрлі стилистикалық тұрғыдан қарастыру жазушы шеберлігін қаламгерлік тұрғысынан танытатын зерттеу бағыты десек те, оның жеке дүниетанымын, жазушы болмысын, оның қоғамдағы рөлін, сонымен қатар жазушы өмір сүрген ортаның дүниетанымын, мәдениетін, тарихын т.б. типтік белгілерін айқындайтын бағыт - когнитивті ғылымдар бағыты болып табылады. Когнитивті ғылымдар аясындағы тіл білімі адамның танымдық әрекеті мен тілдің өзара қатынасын зерттеуде ерекше қызметке ие. Когнитивизм негізінен адамзаттық когнитацияны зерттейді. Адамның когнитивті дүниесі оның ойлау әрекетінен көрінеді десек, сол әрекетті танытатын негізгі белгі оның тілі болып табылады. «Тіл – адамның қабылдаған ақпаратын өңдеп санада реттеген нәтижесін көрсететін құрал» [1]. Көркем шығармадағы тілдік жүйенің құрылымын, ұлттық тілдің табиғатын шынай танудың бір жолы – тілдік таңбаларды, оны құрайтын элементтерді, олардың мазмұндық жағы мен тұлғалық жағын тілдің өз заңдылықтары негізінде қарау болса, екінші жолы – оларды тілдік емес құндылықтармен, яғни ақиқат өмір, ойлау, танымдық тұрғыда бір-бірімен тығыз байланыста қарау болмақ. Ал бұл тұрғыдан алғанда көркем шығарма, ондағы тілдік бірліктер ақиқат өмірді, яғни ойлау мен тілді ұштастыратын категория ретінде танылады. Б.А. Серебренников бұл жайлы: «Тіл мен ойлау екі түрлі сала болғанмен әрқашан өзара қарым-қатынаста болады» деп жазады [2, 16].

Когнитивті бірліктерінің бірі - концепт туралы зерттеулер ХХ ғасырдан басталады. Концептке қатысты алғашқы еңбектерде ол адамның мәдени, рухани танымын білдірудеші бірлік ретінде сипатталады. Ол туралы А.Вежицкая: «Концепт идеалды дүниенің объектісі, ол субъектінің дүние туралы танымынан көрінеді», - деп жазса [3, 79], М.В. Никитин концептіні «таңба арқылы танылған

ұғым» дейді [4]. Концептіге ғалымдар түрліше анықтама берген.

Когнитивті мазмұндағы лингвистикалық білімдер тіл мен танымды бірлікте қарап, соның негізінде тіл иесіне қатысты тілдік тұлғаны анықтауға мүмкіндік береді. Тілдік тұлға теориясына байланысты зерттеулерде неміс ғалымы Й.Вейсберг, сондай-ақ В.В. Виноградов, Г.И. Богин еңбектерінде қарастырылады. В.В. Виноградов тілдік тұлғаны автор және кейіпкер тұлғасы тұрғысынан қарастырса, Г.И. Богин тілдік тұлғаның үлгісін жасады.

Ғылыми айналымда тілдік тұлға парадигмасын үш деңгейге бөліп көрсететіледі: вербалды-семантикалық; лингвокогнитивтік; прагматикалық. бұл деңгейлерлер кейбір әдебиеттерді семантикалық, когнитивтік, уәждемелік деп те аталынады.

Біздіңше, жазушы шығармаларының тілдік ерекшеліктері мен жазушы дүниетанымын жан-жақты айқындау үшін көркем шығарманы тілдік тұлғаның осы үшін парадигматикалық деңгейлері бойынша зерттеу қажет.

Көркем шығарманың тілі – күрделі, қыры-сыры мол құбылыс. Тіл – стильдің жаны. Әр жазушының өзіндік қалыптасқан стильдік мақамы болады. Кез келген құрылысқа материал қажет десек, көркем туындының материалы сөз болып табылады.

«Тілі нашар шығарма ешқашан жақсы шығарма болған емес және бола алмайды. Демек, сөз өнерінде тілдің атқарар қызметі бәрінен ерекше, бөлек һәм биік.

Әдеби шығарма жазуға рецепт берілмейтіні секілді, әдеби шығарманың тілінде де штамп жоқ» [5, 185]. Ендеше көркем шығарманың тілін зерттеп, талдауда да қабылданған ереже, өзгертілмес қағида, қалыптасқан бірізді үрдіс жоқ.

Көркем мәтін тілі тілдік қолданыстың ерекше бір саласын құрайды. Көркем әдебиеттегі тілдің қолданысын, қандай қызмет атқарып тұрғандығын, тілдік қолданыстың өзгеріске түсуі мен оның себептерін ашып беретін лингвостилистикалық зерттеулер болып табылады. Көркем шығарма тілінің арқауын әдеби тіл фактілер құрайтындығы белгілі. Ендеше тілдің даму процесінде болып жатқан барлық өзгерістердің одан көрініс тауып жатуы заңды нәрсе. Лингвистикалық талдаулар көркем шығарманы толық түсінуге жағдай туғызады. Сонымен қатар оқырманның тіл мәдениеті мен сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға немесе көтеруге септігін тигізеді. Осы тұрғыдан келгенде көркем туындыға лингвостилистикалық талдау жасаудың қажеттігі талас тудырмаса керек.

Көркем шығармада оқиға белгілі бір жақтан - автор немесе кейіпкер тарапынан ғана баяндалып отырмайды, олардың аралас та келіп отыруы мүмкін. Баяндаудың әңгімелеу, суреттеу, ойталқы сияқты типтерінен, диалог пен монологтан автор бейнесі көрінеді.

Автор бейнесі:

1) Шығарманың субъектісі, яғни шығарманың белгілі бір көркем-идеялық көзқарастарымен ұласқан, өзіндік көркемдік әлемін туғызушы субъект;

2) Көркем шығарманың ұйымдастырушылық орталығы болып табылатын тілдік құрылым [6, 48].

Автор бейнесі тілдік тұлға ұғымымен байланысты. Екеуінде де көркем шығарма авторына қатысты мәселелер қарастырылады. Алайда бұл екі ұғымды қатар қоюға болмайды. Жазушы өз шығармасында тілдік тұлға ретінде тілдің негізгі сөздік қорын шебер пайдаланып, сөздік құрамға әсер етіп, тілімізді жаңа сөз өрнектері арқылы байытып, дамытып отырады. Автор қолданған көріктеу құралдары, шығармаға қатысуы, баяндауы, философиялық түйіндері - барлығы автор бейнесін танытатын тілдік құралдар болып табылады. Оны алғаш В.В. Виноградов ұсынып, әрі дамытқаны белгілі. Автор мәселесі М.М. Бахтиннің біраз еңбектерінде де зерттелген. Осы аталған жұмыстарда автор мен автор бейнесінің принципиялды шектеулері айқын берілген.

Алғашқы шығармашылық қадамын 1967 жылдан баастаған жазушы Қ.Жұмалиев қаламынан «Қаздар қайтып барады», «Сарыжайлау», «Шарайна», «Сәйгүліктер», «Бір түп тораңғы», «Бір қаланың тұрғындары», «Қарауыл» атты әңгіме-хикаяттарымен бірге, «Соңғы көш» роман-дилогиясы, «Көкейкесті», «Бақыт жолында», «Атамекен», «Тағдыр» романдары, «Дарабоз» тарихи роман-дилогиясы, «Таңғажайып дүние» атты ғұмырнамалық романы, «Прометей алауы» романы және әр жылдары жазылған танымдық дүниелері, шағын әңгімелері топтастырылған «Қалың елім, қазағым» кітабы туды.

Көркем мәтіндегі танымдық сипат автор бейнесінің баяндау жүйесіндегі ерекшеліктер мен жекелеген тілдік бірліктердің жазушы танымындағы когнициялық мәні арқылы көрінеді. Мәселен жазушының тарихи шығармаларының тіліне тән көнерген сөздер тарихи шығармалар «Тағдыр», «Дарабоз», «Соңғы көш» романдарында көптеп кездеседі: Қалғандары өзіміз секілді қылыш, найза, садақпен қаруланған («Дарабоз»).

Әбілмасұрды алты жасына бастап ат үсті ойындарына, садақ тарту мен сайысқа баулыған жазу-сызуға үйреткен – сол Ораз аталық («Дарабоз»).

Соның бәрін есепке алғанда, кешегі кіндіктес бауырың бүгін өзіңе қарсы шауып, қан майданда қылыш айқастырса, оған танданудың орны жоқ («Дарабоз»).

Былай жекпе-жекке шақыру, қылыш айқастырып, найза сілтеу деген бола ма бұларда? – деді көптен үнсіз отырған батыр Баян сөзге араласып («Дарабоз»).

Салтанатты қабылдау кезіндегі батырлар алтынды дулыға, сәнді сауыттармен киіп, билер жағы оқалы жібек шапандарымен отыр («Дарабоз»).

Сол қолында – қалқан, оң қолында – найза («Дарабоз»).

Қылыш пен найзаны қатар жұмсап, тізе қоса тірескенде, Қоқанның құранды қолын бет қаратпай, бірден еңсеріп әкеткен («Дарабоз»).

Кілең ақ сауытты, болат дулығалы, қолдарына шашақты найза ұстаған сайдауыл сарбаздар қосыны сырт қараған адамға көк темір құрсанғандай аса сұсты кейіп танытады («Дарабоз»).

Қабанбай бастарына болат дулыға, үстеріне жеңсіз көбе киген, белдеріне наркескен қылыш байлап, иықтарына қорамсақты жақ асынған батырларға жағалай қарап өтті («Дарабоз»).

Салтанатты қабылдау кезіндегідей, батырлар алтынды дулыға, сәнді сауыттарын киіп, билер жағы қалы жібек шапанда («Дарабоз»).

Макромәтінде кездесіп, мысалға алынған лексикалық категориялар жалпы алғанда көркем мәтінде бейнеленетін кеңістіктің тарихи-кеңістіктік фонын құрауға ат салысса, мәтін ішіндегі жекелеген синтаксистік бірліктер жүйесіндегі прагматикалық орны осы тарихи-кеңістіктік фонды актуализациялап көрсетеді де, осы тілдік бірліктермен берілген ұғымдардың концептуалдық негіз-ядроларының автор танымындағы орны мен маңызын ерекшелейді. Мысалға келтірілген Әбілмансұрды алты жасына бастап ат үсті ойындарына, садақ тарту мен сайысқа баулыған жазу-сызуға үйреткен – сол Ораз аталық («Дарабоз») деген құрылымда тарихи саналатын тілдік бірліктердің автор танымындағы актуализациялынып көрінуіне дәлел ретінде, осы бірліктердің мазмұндық тұрғыда айқындауыштық құрылымда келуін айтуға болады. Дәл осындай сипат енді бір мысалдарда баяндауыштық мәнде келіп, авторлық таным нәтижесінде пайда болатын құрылымның басты мағыналық бөлігі ретінде танылады: Сол қолында – қалқан, оң қолында – найза («Дарабоз»).

Қорыта айтқанда, көркем мәтіндегі жекелеген тілдік бірліктер мен лексикалық тұрғыдан топтастырылған категориялардың қолданысы мен олардың стилистикалық, прагматикалық жүгі осы ұғымдардың баяндаушы-автор танымындағы орнына байланысты болып келеді. Көркем мәтіндегі когнитивтік әрекеттер жемісі – сөз адресанттың автор не баяндаушы екендігімен байланысты көрінеді де макромәтін, мәтін, микромәтін, синтаксистік тұтастықтар мен сөйлем деңгейінде тіл иесі танымындағы орны мен маңызын танытып отырады.

Бұл тұжырымды жазушының көркем мәтінде тарихи лексиканы пайдалана білу шеберлігі, мақсаты тұрғысынан да түсінген жөн, өйткені, «көркем сөзбен жазылған әдеби шығарма – өмір фактілерін жан-жақты терең қамтитын жанды организм. Онда адам да, аң да, құс та, табиғат та – бәрі қатысады. Тұрмыс-салт, шаруашылық, экономика салаларының қалпы, даму жолдары көрсетіледі [7, 34]. Ал осы тілдік бірліктерді пайдалана білу шеберлігін салдар деп қарайтын болсақ, себебі ретінде тұлғаның когнициялық әрекет әлемінде маңды орын алатындығынан деп түсіндіруге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1Маслова Л.А. Когнитивная лингвистика. – Москва, 2003. - 195 с.
- 2Серебренников Б.А., Кубрякова Е.С. и др. Роль человеческого фактора в языке: язык и картина мира. – Москва, 1998. - 320 с.
- 3Вежбицкая А. Язык. Культура. Познание. – Москва, 1996. - 250 с.
- 4Никитин М.В. Курс лингвистической семантики. – СПб., 1996.
- 5Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. – Москва: Наука, 1987. - 263 с.
- 6Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы, 1989. - 318 б.
- 7Әуезов М. Таңдамалы шығармалар жинағы. 16-том. – Алматы, 1968.

ӘОЖ: 82-3

Р.Қ. Жетібай¹, Серік Асылбекұлы²

¹*Абай атындағы ҚазҰПУ, 2-курс магистранты,*

²*Ғылыми жетекші, ф.ғ.д., профессор*

С.МҰРАТБЕКОВ ӘНГІМЕЛЕРІНІҢ КӨРКЕМДІК ӘЛЕМІ ЖӘНЕ КЕЙІПкерлер монологы

Аңдатпа

Қазақ әдебиетінің XX ғасырдың 60-80-жылдарындағы көркемдік көжиетіне көз салғанда, әсіресе, қазақ прозасына тосын тақырыптарымен соны бір серпіліс алып келген талантты да талапты бір топ қаламгерлерді байқайтынымыз анық. Бүгінде қазақ әдебиетінің бір-бір шоқ жұлдызына айналған олар алдыңғы аға буын өкілдерінің, қала берді әлем әдебиетінің озық дәстүрлерін жаңашылдықпен жалғастырды, қазақ әдебиетін мазмұн, түр, тақырып жағынан ерекше байытты.

Мақалада негізінен С.Мұратбеков әңгімелерінің көркемдік әлемі және оның кейіпкерлерінің ішкі монологы талданады.

Түйін сөздер: С.Мұратбеков, ішкі монолог, ана портреті, сөз зергері, жазушы шеберлігі

Жетібай Р.Қ.¹, Серік Асылбекұлы²

¹*магистрант 2-курса КазНПУ имени Абая,*

²*Научный руководитель, ф.ғ. докторы, профессор*

Аннотация

Глядя на художественные горизонты 60-80-х годов XX века казахской литературы, очевидно, что мы видим группу талантливых писателей, особенно тех, кто вдохновил казахскую прозу своими впечатляющими темами. Сегодня они стали одной из ярчайшей звездой казахской литературы, и они продолжают внедрять ведущие традиции старейших представителей мировой литературы, обогащая казахскую литературу по содержанию, типу и теме.

Ключевые слова: С. Муратбеков, внутренний монолог, портрет матери, мастерство писателя

Zhetibay R.K.¹, Serik Asylbekuly²

¹*2nd year student of the KazNPU named after Abai,*

²*Supervisor, Ph.D. doctor, professor*

Annotation

Looking at the horror horizons 60-80 years of XX century Kazakh literatures, it is evident that we can see the group of talented writers, especially the tech who inspired the Kazakh prose with their impressing themes. Today they are one of the most distinguished Kazakh literary magazines, and they are continuing to oversee the older traditions of older generations, the exciting Kazakh liturgy, the type and the theme.

Key words: C.Muratbekov, the inner monologue, the portrait of the material, the master of the writer

Қазақ әдебиетінің алтын кезеңі десе, есімізге өткен ғасырдың 60-жылдары түседі. Біз ол жылдар туралы тек қаламгерлер естеліктері мен әдебиет оқулықтары арқылы ғана таныспыз. Сол жылдары қазақ әдебиетінің көшіне ілескен бір топ жас таланттар әдебиет дейтін көркем әлемге тосын жаңалықтар алып келген еді. Сол шоғырдың бел ортасында қазақ әдебиетіндегі шоқтығы биік, шын талантымен шырқау көкке көтерілген Сайын Мұратбеков те бар болатын. Сайын Мұратбеков есімі көзі тірісінде-ақ атакты жазушылар қатарында болды, кітаптары мол етіп басылды. Туысқан орыс тілі арқылы басқа тілдерге

аударылып қазақ жазушысының шығармаларын басқа елдердің оқырмандары оқып білді. Сол арқылы қазақ халқының салт-дәстүрі, тыныс-тіршілігімен танысты. С.Мұратбековтің барлық шығармашылық мұрасы отыздан астам көркем әңгіме мен бірнеше повестен тұрады. Көлемі тұрғысынан небары үш томдай ғана болатын осы еңбектеріне қаламгер өзінің барлық өмірлік мұраты мен суреткерлік ой-арманын сыйғыза білді. Әдебиет дейтін әлемнің көшіне маржандай шығармаларымен ілесіп, қазақ оқырманына қарапайым қазақы болмысты көрсетіп, қазақтың табиғилығын танытып кетті. Жазушы өмір сүрген дәуір өзінің әлеуметтік сипаты жағынан біртекті, таптық сипаты жойылған, қалың көпшілікке арнап теңдік орнаған заман еді. Әр адам өз уақытының жемісі болатыны сияқты жазушы да өз уақытының бел баласы. Өзі өмір сүрген ортаның суретшісі. Сол ортадан қалыптасып шығып, өз заманының оқиғаларын, балалық, жастық кездегі бастан кешкенін бейнелейді.

С.Мұратбеков шығармашылығы туралы сөз еткенде де оның әңгімелерін, повестерін кеңестік уақыттың шындығымен байланыстырамыз. Сол туындыларының арасында адамды алуан күйге түсіріп, тебіrentетіні «Ананың арманы» атты әңгімесі. Аталмыш жазбасы арқылы өлмелі әженің тірлігін жазушы асқан шеберлікпен аша білген. Басы жерге жетіп тұрса да ұрпағының болашағына уайымдап, өзара дұрдараз болып төбелесіп жататын немерелерінің күйігін тартып, келінінің қас-қабағын бағып отыратын тілеуқор әже бүгін де бар. Алайда Сайын сомдаған ана портреті мәңгілік өшпес дүние. Қарапайым отбасының қазынасына айналған әженің келбетін, сөйлеу мәнерін, оның қуанғандағы, күйінгендегі көрінісін айнытпай беру арқылы да қаламгер өз талантына табындырып қояды. Оған әңгімедегі жеке үй болған қызы Мәржәпияның сұғанақтық танытып, көйлек тігемін деп келіні сандықта жасырып жүрген шытты алып кеткен эпизоды мысал бола алады. Әңгіме желісіне жүгінсек, кішкентай қыздың айтуымен көйлек тігер шытты Мәржәпияның алып кеткені белгілі болады. Сол-ақ екен сұғанақ қайын сіңлісінің қылығына долданып, сыртынан ғайбаттай жөнеледі. Ақылшы ана «тек» дегенде оны күйінген келін біз тілімен шабақтап өтеді. Келіннің кейісінен кішірейген ананың дәл сол сәттегі көрінісін қаламгер ерекше кескіндеген. Одан кейінгі сәт-сәтімен сабақтасқан көріністердің барлығы да әженің қамқорлығын, дарқан көңілін көрсету, мейірімділігін таныту үшін берілген эпизодтар. Шағын әңгіменің де шарықтау шегі болатынын ескерсек, «Ананың арманында» адам санасына төңкеріс жасайтындай оқиға баян етілген. Ол хал үстінде жатқан әженің сақинасына таласқан мына бір тұс: – «Аулақ әрі, әпкел шешемнің жүзігін, өзім алам, – деді. – Ей, қыз-ау, жәйің-ңе отырсаң-шоу, – деп жылай сөйлеген күйінде Өсембайдың әйелі әжемнің қолына тағы еңкейді. Мәржәпия оны қағып жіберді. Ұмтылып кеп әжемнің қолына өзі жармасты. Бұл тағы да еңкейіп, әжемнің саусағын тілімен жалап, жүзiктi ары тартты, бері тартты, бірақ шығара алмады. Мына екеуінің қылығы бәрінен де қатты батты. Әжем болса ықылық атып ақтық демін алып жатыр. Дереву ұшып бардым да егеу алып келдім. Әуре болып жатқан Мәржәпияны да ұрысқанына қарамастан итеріп тастап, жүзіктің бір шетін ептеп егей бастадым. Жіңішке жүзік біраз егеген соң қиылып кетті. Майыстырып әжемнің қолынан шығарып алдым да әйелдердің: – Маған бер, маған бер!.. – дегеніне қарамастан ашық терезеден сыртқа лақтырып жібердім. Біреу желкемнен нұқып қалды. Әкем екен. – Ақымақ, ол алтын жүзік, неге лақтырасың, – деп зекіді». Рас, зерделі оқырман үшін бұдан асқан бассыздық болмас. Ананың өлімін күтпестен дүниеқоңыздыққа салынып, Мәржәпияның теберік алмақшы болған көрші әйелмен таласқа түсуіне не себеп болды? Ал қамқор ананың соңғы демін алып жатқанын сезе тұра «ол алтын жүзік» деген ұлының күйі ше? Осындай аянышты сәтте пенденің дүниеге деген махаббаты күшті болып кеткенін көрсетудегі жазушының мақсаты неде? Осындай сансыз сауалдарды оқырманның жүрегінде тірілген, санасында оята білген қаламгердің кереметтілігі демеске шара жоқ. Ал осы бір эпизодтағы кейіптеу мен бейнелеудің шеберлігі тіптен таңдандырады.

Жалпы, сөз зергері, шағын әңгіме шебері атанған Сайын Мұратбековтың әр шығармасындағы көркемдік бояу, шынайылық, мөлдір қоспа, табиғилық пен әсерлі оқиғаларды атап өтуге үлкен табандылық пен күш керек. Сондықтан да қалың оқырманның жүрегінен ойып тұрып орын алған «Қылау», «Қысқы кеш», «Махаббат», «Таңғы шық», «Райгүл» сынды көптеген туындыларын қалың оқырманмен қайта таныстырып жатудың қажеті шамалы. Дегенмен де дарынын даралайтын тұстарын атап кету біздерге парыз. Сондықтан да қарымды қаламгердің өзі салған соқпақтарға зер салып, зерделі оқырманға өзіндік таным көкжиегінен сыр шертіп көрдік.

Сонымен қатар Сайын Мұратбековтың шығармаарынан тағы бір ерекшелік байқауға болады. Ол ерекшелік кейіпкерлер монологы арқылы көркем психологиялық әрекеттер мен, жағдаяттар туғызу. Яғни, ішкі монолог. Ішкі монолог – көркемдік бейнелеу тәсілі екенін көркем шығарманың кейіпкер образын танудағы жолдардан байқауға болады.

Ішкі монологтың авторлық түрлері негізгі үш жағдайда байқалады. Біз жазушы әңгімелерінде ұшырасатын монологты соған сәйкес талдадық.

Бірінші: ішкі монолог кейіпкердің ой-сезімін жеткізетін автор сөзі тұрғысында берілуі. Мысалы: «Арбалар шиқ-шиқ етіп келеді. Күзгі қара жол шаңы аспанға шығып, бұрқ-бұрқ етіп жатыр. Күн еңкейген. Таңертеңгісіндей қыздырмайды. Аспан да мұнартып тұр. Төңірек бір түрлі көңілсіз жабырқау тартып, ұйқыны келтіреді. Көзім жұмылып маужырай бастадым. Біразға дейін терісіне сыймай, тырсылдап жатқан Қанатай, бетін қапқа басып ұйықтап кетті...» (Күзгі бұралаң жол)

«Кетпесе керек еді ғой. Қайтып оралуы тиіс еді ғой...» мұнда Рысжанның Төлепті күтуден күдері үзілмегендігі байқалады (Ескек жел).

Осы берілген мысалда кейіпкердің ішкі сезімі, яғни ішкі монолог автор баяндауы арқылы беріліп отыр. Автор кейіпкердің ішкі ойын, сезімін дала табиғатының сырымен астарластыра берген. Ішкі монологқа тікелей қатысты кейіпкер бойынан табылатын түс көру, оны жорыту, ішкі дауыс, ішкі диалог, ой ағысы т.б. көркемдік бейнелеу тәсілдері С.Мұратбековты өзгелерден бөліп көрсететін жазушылық шеберлігі екені анық.

Адамның сезім-күйін, ой толғанысын, күйініш-сүйінішін барлық қайшылығымен асқан шеберлікпен шынайы әрі дәл де танымды нақышпен бейнелеуде де монологтың қызметі зор. Шығармаларда авторлық баяндау көп ретте кейіпкерлердің көзімен, ойымен беріледі. Сондықтан бұл баяндауда тосын сипаттамалар, астарлы атаулар аз кездеспейді. С.Мұратбековтың «Бекеңнің құбылысы» деп аталатын әңгімесінде де мұндай баяндаулар баршылық. Мәселен, Бекең шал бірде «Әй, аруақ деген бар болғыр, жоқ шығар. Жоқ қой. Әйтпесе атпас па еді, мына періні табанда», «Оу, осының бәріне кінәлі осы антұрған ба? Ендеше, аруақ осыны неғып атпаған?», «О, жазанды құдайдан тартқыр-ай, қайсысы екен айдатқан» деп қарғанса, бірде «О, аққыр көзім, осы кесапатты көргенше неге ақпайсың... Аруақ, неге мені атпайсың» деп күйінеді, бірде «Қаршадай қыздың ата-бабамның сүйегін таптап, бұл қай басынғаны болды», «Аруақ та қатыгез бе еді, осындай. Арыстай бір азаматты қыршыннан қиғаны несі. Басқа жеңілдеу жаза табылмағаны ма» деп күйінеді, енді біраздан соң «Астапыралла, нені ойлап кеттім... Аруақ ісіндегі жұмысым не, ей» деп шүкіршілік қылып, сабасына түседі. Мысалы, «Үскірік» әңгімесінде: «Ім, қуын қарай гөр. Бәсе, асыққаны тегін емес еді. Қар оюды өз міндетіне ап, маған лақтыртпақ екен ғой», деп басын шайқап қойды Қайрақ. «Иттің күші бар, едәуір күшті, оңайшылықпен ала алмайсың. Сақ болмасаң мерт қылып жіберуден де тайынайын деп тұрған жоқ. Оқасы жоқ. Бұл бірінші рет күш сынасуымыз, амандық болса әлі екінші рет те айқасармыз, сонда көрермін әуселесін... Дегенмен қауіпті екен өзі, байқамаса болмас», - деп ойлады Қайрақ. «Осындай итпен шөпке келіп жүрген обал жоқ өзіме де, обал жоқ... Басқа білмесе де менің білетін кезім жетті ғой, осының мінезін, сөйте тұра, онымен бірге жүрем. Бүгін осы шөпке бірге келмеуіме де болатын еді ғой. Өзімше батырсынып, қорқатынымды білдіргім келмеді. Жоқ батырлық өз алдына... Лажы болса ендігәрі бірге жолға шықпауым керек», - деген ойда болды Дәнеш [1]. Мұнда Қайрақ пен Дәнештің арасындағы өзара бәсекелестікті және кейіпкерлердің бір-біріне деген жағымсыз көзқарастарын анық байқауға болады.

Автордың алған кейіпкерлері үнемі бір ой қақтығысында жүреді. Өзімен - өзі сөйлесуі арқылы үлкен қоғамдық мәселелерді шешуге ұсыныс білдіреді.

Монолог арқылы мінездер ерекшелігі, ойлау сипаттары, образдың дүниетанымдық арналары өрнектеледі. Шығарма идеясының не бір нәзік тұстары, кейде автор мақсатының басты дәні көп ретте ішкі сөздер ағымымен бейнеленеді. Ашық тілдесулердегі тәрізді үнсіз ой жүйелерінде де образдың даму логикасына сәйкес психологиялық дәлелдемелерді қажет ететін тұстары да кездесіп жатады. Сайын Мұратбеков шығармаларындағы монологтың қолданысын талдай келе мына жайттарды анықтадық:

- кейіпкердің іштей сөйлеуі арқылы автор белгілі бір оқиғаны, іс-әрекетті бір-бірімен байланыста өрбітіп, айтылар ойды дамытады;

- монологта кейіпкерлердің көңіл-күйі мен ішкі жан дүниесі, толғанысы, тебіренісі баяндалады;

- ішкі монолог пен авторлық баяндауда кейіпкердің қалыптасқан жағдайға байланысты көзқарасы беріледі;

- кейіпкердің монологтік сөзі арқылы келесі бір адам туралы хабарланып, сипатталады.

Қорыта айтқанда, Сайын Мұратбеков әңгімелеріндегі көркемдік айшықтар, бейнелеулер автордың шеберлігін, әдеби һәм дүниелік танымын анық көрсетеді. Кейіпкерлердің ішкі монологы арқылы берілген жағдаят және психологиялық ахуалдар, жазушының әдеби үдеріске қосқан үлесі деп танылса артық етпес деген ойдамыз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1 Мұратбеков С. Шығармалары. I том. – Алматы: Ан – арыс, 2013.

2 Ыбырайымов Б. Көркемдік көкжиегі. – Алматы: Жазушы, 1981.

3 Рүстембекова Р. Қазіргі қазақ әңгімелері. – Алматы: Жазушы, 1988.

4 Қирабаев С. Уақыт және қаламгер. – Алматы: Жазушы, 1975.

5 Қабдолов З. Әдебиет теориясының негіздері. – Алматы: Мектеп, 1970.

6 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы, 1992.

7 Әшімбаев С. Талантқа тағзым. – Алматы: Жазушы, 1982.

ӘОЖ: 821.512.122.09

Ә.Н. Назар¹, С.Асылбекұлы²

¹Абай атындағы ҚазҰПУ, 6М020500 - «Филология» мамандығының 2-курс магистранты,

²Ғылыми жетекші, ф.ғ.д., доцент

БЕЙІМБЕТ МАЙЛИННИҢ «БАТЫР – БОЛЬШЕВИК АМАНКЕЛДІ» ЖӘНЕ «ЖАЛБЫР» ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ СЮЖЕТТІК ЖӘНЕ КОМПОЗИЦИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада көрнекті жазушы Б.Майлин прозаларында халқымыздың басынан кешкен ауыр күндердің тарихымен байланысты он алтыншы жылғы көтеріліске арналған бейнесін сөз етпек. Өте жас болған басты кейіпкерлердің, бастарынан кешірген ауыртпалықтарға қарамастан, кез келген қиындықтардан абыроймен өтеді. Аманкелді мен Жалбыр қара күштерінен бөлек, намысшыл патриоттық мінездерімен ерекшелінеді. Аманкелді батырдың басынан өткен кей жағдайлардың тарихы, болған оқиғаның орны жайында көне тарихи жазбаларда сақталған. Шындыққа өктемдік жасап, өңін айналдырған жоқ, оның туындыларында даралық сипаттарын көзбен көріп, қолмен ұстағандай жанды, әсерлі бейнесі қарастырылады.

Түйін сөздер: штрих, даталь, идея, реализм

Назар А.Н.¹, Асылбекулы С.²

¹КазНПУ имени Абая, магистрант 2-курса специальность: 6М020500 - «Филология»

²Научный руководитель, д.ф.н., доцент

КОМПОЗИЦИОННЫЕ И СЮЖЕТНЫЕ ОСОБЕННОСТИ ПРОИЗВЕДЕНИЙ БЕЙМБЕТА МАЙЛИНА «БАТЫРА – БОЛЬШЕВИК АМАНГЕЛДИ» И «ЖАЛБЫР»

Аннотация

В статье известного писателя Б.Майлина «Батыра – Большевик Амангелди» и «Жалбыр» рассматриваются о трудностях с которыми приходится сталкиваться людям в начале жизненного пути и несмотря на то что герои произведения очень молоды они с честью проходят через все испытания. Персонажи Амангелди и Жалбыр, отличающиеся большой силой и совершающие подвиги религиозного или патриотического характера. В исторических записях и летописях сохранились указания на то, что некоторые события, перешедшие в Амангелди, действительно имели место в истории. Происшедшие восстание шестнадцатого года тяжелых дней, связанных с историей нашего народа. Рассматривается его индивидуальность характеристики визуального произведения действительности как живая речь, где роль фоном исполняют нюансы содержания, что в совокупности составляют цельный и красочный текст образа.

Ключевые слова: штрих, даталь, идея, реализм

Nazar A.N.¹, Asylbekuly S.²

¹Kazakh National Pedagogical University named after Abai 2nd course master specialty, 6M020500-"Philology",

²Scientific supervisor, d.p.s., associative professor

COMPOSITIONAL FEATURES OF WORKS ON SUBJECTS «BATYR – AMANGELDI BOLSHEVIK» AND «ZHALBYR» OF BEIMBET MAYLIN

Annotation

The article of the famous writer B.Maylin «Bатыр – Bolshevik Amangeldi» and «Zhalbyr» considers the difficulties faced by people at the beginning of life and despite the fact that the heroes of the production are very young, they pass through all the tests with honor. Characters, Amangeldi and Albir, endowed with great strength and perform feats of religious or Patriotic nature. In historical records and Chronicles have survived indicate that some of the events that passed in Amangeldi, actually took place in history. The uprising of the sixteenth year of hard days connected with the history of our people. We consider its individuality characteristics of the visual work of reality as live speech, where the role of phonemes performed nuances of content that together constitute a solid and colorful text of the image.

Keywords: stroke, datal, idea, realis

Қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі Бейімбет Майлиннің басқалардан айырмашылығының өзі де - оның әдебиетіміздің негізгі үш саласында (поэзия, проза, драматургия) бірдей мол еңбек етіп, аз жыл шығармашылық өмірінде көптеген құнды шығармаларын қалдырғандығында. Б.Майлин өмір шындығын күрескерлік даму үстінде алып, ақиқат жанды суреттер жасап, айқын да көркем образдар тудырды. Сөйтіп өмірдің терең сырын танытты. Жазушының жақсы повестері жас прозамызға көрнекті, үлгілі туынды болып қосылды. Олардың тақырыптары жаңа, идеясы сара, композициялық пішіндері келісімді, шебер қиюласқан, конфликт негізінде дүбірлі ұлы дәуіріміздің күресті өмір сырлары бар, кейіпкерлері замандастарымыздың арман-талабын, жан-сырын жеткізеді. Суреткер қазақтың көркем әдебиетін байытты...

Б.Майлин драматургиясында елеулі тақырыптардың бірі халқымыздың басынан кешкен ауыр күндердің тарихымен байланысты, он алтыншы жылғы көтеріліске арналған «Социалистік Қазақстан» газетінде 1916 жылы өз аудандарында жарық көрген «Батыр – большевик Аманкелд» шығармасымен тақырыптас, – «Жалбыр» атты повестерін атауға болады. Арқауы тұтас, сюжеті дамуға жүйелі қос туынды.

«Батыр – большевик Аманкелді» – документальдық повесін Б.Майлин мен Ғ.Мүсірепов қосылып жазды. Қазақ совет әдебиетінің екі көрнекті қайраткері үлкен тақырыптың егжей-тегжейін кең де терең зерттеген.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс тарихымызда халқымыздың басынан өткен ең ауыр тарихи ақтаңғалақ оқиғалардың бірі болды. Көтеріліс барысында, әсіресе, қазақтардың саны Қазақ өлкесінде 446 мыңға, Орта Азияда 121,7 мыңға, Астрахань губерниясында 51,8 мыңға, Ресей империясында 617,5 мыңға азайып кетті. 1917 жылы Торғай көтерілісінің талқандалуы аяқталуы барысында 3 мыңдай адам жауапқат тартылып, 201-і өлім жазасына кесілді, 161-і каторға айдалды, жүздеген ауылдар тоналып, өртелді, жазықсыз адамдар атылды.

Көтеріліс бір жағынан жеңіліс тапты, оның өзіндік себептері де көп болды: бытыраңқылық, әскери қарудың жеткіліксіздігі, руаралық қақтығыстардың болуы, жергілікті халық пен қоныстанушылар арасындағы қайшылықтардың болуы, ұлттық демократиялық зиялылар қатарында бірліктің болмауы, қазақ феодалдарының сатқындығы сияқты себептер әсер етті. Екінші жағынан көтеріліс жеңіліс тапқанымен оның қазақ тарихындағы тарихи маңызы зор болды. Атап айтсақ, қазақ халқының таптық саны өсті, Қазақстан халықтары ұлттық мүдделерінің ортақтығын ұғынып, бастары біріксе жеңіске жететініне көздері жетті, патша өкіметін сескендірді; қозғалыс барысында өкімет құрылымы, қарулы күштер, басқару аппараты құрылды; Ресей империясындағы азаттық күрестің шырқау шегі болды.

Тарихымызда осы Торғай көтерілісінің басшы-сардарбегі Амангелді Иманов өзінің тактикасымен, ерекшеліктерімен көзге түсті: ттабанды болып ұзаққа созылуы, билік көтерілісшілердің қолына көшіп, бір орталықтан жүргізілуі, басқарудың тәртіпке келтірілген жүйесі болды.

Қос шығарманың негізгі идеясы: Табиғи бокситтерді соғыс қажеттелігіне өндіру, экономиканы әскери кестеге лайық өзгерту, майдандағы сәтсіздіктер, салықтардың үздіксіз өсуі – осының бәрі Қазақстанның солтүстігіндегі жағдайдың ушығуына алып келді. Халықтың қасіреті, қазақтарды тыл жұмыстарына «реквизициялау» туралы патшаның өкімі барлық жерде ұлт-азаттық қозғалыстың бастамасына себепкер болды. Жазалаушы жасақтар ауылдарды, отбасылардағы табыскер азаматтарды қырып, казактарды сот арқылы қудалаған. Сол кездің бет – бейнесін, қым – қиғаш аласапыранын, тарих үрдісін Б.Майлин шығармаларынан айқын көре аламыз.

Ондағы басты кейіпкерлерді атап өтсек: Жалбыр Құдайбергенов, Амангелді Иманов. Қосымша кейіпкерлері: Балым, Бекет, Жақас, Жапар, Байбол, Қаратай, Серке, Егор Лаврентьев, губернатор Осип Петрович, Дүйсенбай, Эверсман тағы да басқалары.

Амангелдінің жүрегіне жасынан – ақ кек ұялайды. Ол біреуге есесін жібере қоятын жан емес. Жолдас қойшыны ертіп, түнде Таубайдың бір қойын сойып боршалайды да, кекпен істегенімді білсін деп, басын апарып байдың керегесіне іліп кетеді. Таубай ертеңінде Амангелдіні аттың бауырына алып сабайды. Кек үстінде кек жамала түседі. Қарыспа, ешкімнен беті қайтпайтын Амангелді озбырлармен кектесемін деп, жаны да, тәні де жаралы болып өседі. Бірақ ол нанша иленіп, жасымайды. Содан кейінгі жылдарда талайлармен айқасып, талайлардың бетін қайтарып, өзі сотты болып жеңіле жүре, Амангелді күресте пісіп шынығады.

Елді тітіретіп, ауыл үстемдерін шошындырған қылық – Амангелдінің Құсбек мырзаны атып өлтіруі. Бір түнде барымталап алып кеткен жерінен, «Мүйізторысын» (киіктің мүйізін сатып, мергендік кәсібінің жемісіне алған атын Амангелді «Мүйізторы» деп атаған) алып келе жатқанда Құсбек мырза топ жігіттермен кезігіп Амангелдіні қамайды.

«– Астыңдағы ат кімдікі?

– Менікі.

– Сенікі емес, менікі болар!

– Сенікі болса, сен мініп жүрер едің ғой!

– Түс аттан!

– Бұл күнге дейін аттан ешкім түсіріп көрген жоқ еді.

– Мен түсірем ендеше!

Кім түскенін көрсетейін!» [5, 125]. Осы ерегіс қызуының үстінде Амангелді Құсбекті атып түсіреді. Мырзаның топ жігіті Амангелдіге беттей алмай, ығып кетіп отырады.

Ал Жалбыр Құдайбергенов өмірде болған адам, Бейімбетпен жерлес – Дамбар болысынікі. 1916 жылы өз ауданында көтерілісті бастап, Сайым болысты өлтіруге қатысқан. Көтеріліс жеңілген соң, патша үкіметі болысты өлтіруге қолма-қол қатысқандарды Троицк қаласына апарып дарға асады, соттап, абақтыға алады. Сотталғандардың қатарында Жалбыр да болған. Жалбыр Амангелдідей зор әрекет істей қоймаған. Алайда ол өте ер, адал, турашыл, кедейлерге қамқор, елдің озбырлығына әрқашан қарсы шыққан қайраткер болған. Сондықтан халық оны дайым жақсы көріп, өздеріне тірек деп таныған. Көтеріліс басталысымен Жалбыр Дамбар болысының жігіттеріне жетекші ұйтқы болған.

Қаланың сыртындағы төбеге генерал губернатор Эверсман келіпті. Маңдайында топтанған болыстар. Бір жағынан кимелеп Жалбыр да жетеді. Жиында Сайым сияқты орыс тіліне жетік, білімді, генералмен терезесі тең адамдай сөйлесе алатындар бар. Дүйсенбай болыс сияқты Тәшен тілмаш арқылы ғана сөйлесіп, аузын аша алмайтындары да бар. Болыстар июнь жарлығын және Эверсманның келуін сағына күткендей: «Жігіт береміз!» деп жарыса жамырасады. Сайым болыс: «Бүгін жинап бер десеніз де беремін!» – деп күлшынады.

Жалбыр жігіт беруге қарсы. Үстіндегі киімі сыйықсыз, ат – арбасы да көз тарта қоймастай қалпымен Жалбыр тепсініп, «Жігіт бермейміз!» деп мықтымсынса, дәл сол жағдайға қиыса қоймас еді.

Оның есесіне автор бас кейіпкердің аузына сол жағдайға өте сыйымды сөз салады: «Солдатқа аламын деп тұрғаныңыз қазақтың жастары ма? Қазақстан солдат алыну себебі не?» [5, 126] деді ол қазақшылап. Сырттан мықтымсу қандай оңай. Жағдайды білмейтін, реализм заңына олақ жазушы губернаторды Жалбырмен біраз айтыстырып жіберуге дейін барар еді. Патшаның жоғары дәрежелі чиновнигі Эверсманға Жалбыр елеулі жан көрінбейді. Генерал автомобилінің басқышына аяғын салған қалпында үнсіз тұрады да, Жалбырға жауап қайырмастан машинасына мініп кетіп отырады.

Губернатор жауап берген жоқ, қазақша айтылған сөзді түсінген де жоқ, бірақ автордың суреттеуінде Жалбырдың жігерлене сөйлеген сөзінің ұзын-ырғасын шамалады. Орынбордағы жайлы сарайынан губернатор елді аңсап келмегенін оқушы сезеді. Жалбырға жауап бермеуі де жақтырмайтын қара бұқара ана жерден де, мына жерден де кекті ашу білдіріп жатқанын көріп, ызамен іші қыж-қыж қайнауының белгісі.

Повесте оқиғаның драмалық қайшылығы асқынып, оқиға мейлінше шиеленіскен кезеңді көрсетіп барып үзіледі. Шабуылдаған жігіттер Дүйсенбай болыстың шаңырағын ортасына түсіреді, болыс өзінің тілектестерімен қамысты, сазды көлге бас сауғалайды.

Төбе басында отырған Жалбыр әскери операцияны басқарғандай көтерілісшілердің қимылын шашау шығармай басқарып отырады.

Патша тыңшылары мен қарулы күй – даладағы жаңа құрала бастаған көтерілісшілерден әлдеқайда басым. Көтерілісшілер жеңілген күні қаладағы революционерлердің үйіне де тінту жүреді, Михаил мен Абдолла тұтқындалады.

Бірақ бұл жеңіс уақытша нәрсе екенін әлі бытыранды күрескерлер өз қателіктерінен сабақ алып, қиыншылық жағдайларда шыңдалып, бұдан әлдеқайда күшті майдандасуға дайындалатынында күмән жоқ екенін көреміз.

Аталған шығармалардың құндылығы қос уақиғаның суреттелетін кезеңі – халық өміріндегі көптеген шиеленісті қиын кезең.

Дәл Жалбыр секілді, Аманкелді де патша приемына жігіт беруге қарсы болады. Осы қарсылығын қанды күрес майдандарда көрсетеді.

Аманкелдінің патша әскерлеріне жүргізген бұл соғыстары қиыншылыққа ұшырап отырғаны белгілі. Патша әскері күшті, қарулы болды, азық – түлікпен, қару – жарақпен қамдау ісі үздіксіз жүріп жатты. Аздаған қару Аманкелдіде де болды. Бірақ ол сап құрған тұрақты әскердікіндей емес, қораш қарулар еді, Аманкелді қолын жабдықтау ісі жоспарсыз, жүйесіз, көтеріліске қатынасқан елдің жақсы ниет-ықыласына сүйеніп қана жүргізілді. Аманкелді көтерілісіне бұрынғы ру бәсекелігінен арылып болмаған арғындардың бірнеше болыс елі қосылмай, бастартып қалды.

Екінші ескеретін жағдай. Патшаның тұрақты әскеріне төтеп бере алмай Қазақстанның жер – жеріндегі көтерілістер жеңілді. Тек Аманкелді бастаған көтерілістің әскері жеңілмеді, қатары ыдырамады.

Аманкелді бастаған сарбаздар шын мәнінде революциялық заманның қарулы күрескерлері, таптық майдангерлер болып көрінеді. Олардың жеңілмеуінің түп тамыры сол тәрбиеде екенін повест жақсы бейнелейді.

Октябрь революциясынан кейін Аманкелді бастаған қол социалистік революция армиясының бір саласы болып қимыл жасады. Повесте Торғай даласында, күрес жүргізген Аманкелдінің қолы бір жағынан «алашордашылармен», екінші жағынан ақ бандалармен кескілесе күресе жүргізіп, талай қанды ұрыстарда жапыра тойтарыс бергені суреттеледі. «Алашордашылар» үшін аса қауіпті күш Аманкелдінің армиясы болады. Олар талай рет күш төгеді, құртып жіберуге талаптанады, бірақ іріктеліп, күрескерлікке ысылған қолға кәр қыла алмайды. Сондықтан олар амал – айла қолданады. Ақыры опасыз, тыңшы Кәрім сияқтылар дегендеріне жетеді, Аманкелді «Алашордашылардың» қолына түсіп, қаза табады.

Жарияланған нұсқасында осы кезеңмен үзілетін повесте бірсыпыра принципиалдық мәселе бар. Ол қазақтардың еңбекші бұқарасының беталысымен, бағытымен байланысты. Бұл мәселеге Б.Майлин мен Ғ.Мүсірепов өздерінің повесімен үзілді – кесілді жауап берген.

Қазақтың қара бұқарасын паңсыған зиялылар «көң тасыған көк есектер» деп қорлайтын. Екі талай күн туғанда сол «көк есектер» шын даналық көрсетті. Кім кіммен болады?! Деген сын сағат туғанда олар революциялық көтеріліспен бірге болды, Аманкелдіні демеген, биік өрге көтерген революциялық үлкен күшпен біте қайнасып кетті.

Повесть бұл нұсқасында бас – аяғы толық көмкеріле түгенделген, идеялық – эстетикалық маңызы зор, бағалы шығарма. Мұндай туындының осы күнге дейін газет бетін мекендеп, жеке кітап болып басылмауы келіспейтін жай.

Бізді де сүйсіндіргені автор туындыларынан ерекше бір мақтаныш сезіммен суреттелуі болды. Онан қалды повесттердің тілі де стиліне лайық. Реалистік стильді сақтай отыра, жазушы тұтқиылдан түскендей оқиғалардың табиғатын мінездерлік сөз кестелерін жасайды. Қазақ әдебиетінің барлық жанрының да негізін қаласқан, бүкіл талантты шығармашылық жолға, мәдениетімізді көркейтуге арнаған үлкен суреткер.

Повестерді оқып отырып ондағы реализмнің күштілігін байқаймыз, шындық көріністердің басымдылығы. Б. Майлин асқақтаған романтизмге де, қияли фантазияға да әуес емес, ол көбінесе өмірде

болған, көріп білген, түсінген оқиғалар жайында жазды. Әрине, бұдан Б.Майлин өмірде көріп білгендерін қаз қалпында көшіре салады екен деген ой тумаса керек, өйткені егер олай болса, көркемдік құндылығы шамалы болған болар еді. Б.Майлин өмірде болатын саналуан оқиғаларды жазушылық талғамынан сұрыптап өткізеді де үлкен топшылауға, көркемдеп суреттеуге нақты детальдармен, штрихтармен дәлелдеу арқылы барады.

Шындығында әбір халыққа автор кейіпкерлерді күшті, қайратты, кесек образ етіп суреттейді.

Қос шығарманың көркемдігін арттыру мақсатында автор сөздерді тура жеткізбей, барынша астарлап, еркін қолданғаны көзге ұрып тұр: «қораш қарулар», «кәр», «көң тасыған көк есектер», «ақ бандалар» тағы басқаларын кездестіруге болады.

Қысқасы, Бейімбет әңгімелерінде елімізде болып жатқан күрделі оқиғалардың бәрі дерлік сөз болып, суреткердің қаламына ілігіп отырды. Бейімбеттің бұл қасиетін заманымыздың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезов: «Бейімбет Майлин әңгімелерінде терең шыншылдық бар, адам бейнесі, қарым-қатынастары әрдайым нанымды болып шығады және бұл шығармалардың түр үлгісінде дөңгелек келген тұтастық айқын аңғарылады. Бейімбет әңгімелерінің көп топтары төңкерістің ең алғашқы жылдарынан бастап отызыншы жылдардың ортасына дейін кеңес дәуірінде, қазақ ауылында болған өмірдің ұзақ көркем шежіресі деуге болады», - деп әділ бағалаған.

Қорыта айтқанда, Бейімбет Майлин өз повестерінде шын мәнінде реалист жазушы ретінде көрініп, мәдениетіміздің қажетті төрінен мәңгі орын тепті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Қаз Ғылым баспасы, 1967. - 351-352 бб.

2Майлин Б. Шығармалар. 5-том. - 246-247 бб.

3Майлин Б. Шығармаларының толық жинағы. – Алматы, 1936. 4-том. - 218 б.

4Бейісқұлов Т. Дарын даралығы. – Алматы: Қазақстан, 1994. - 136 б.

5Нұртазин Т. Бейімбет Майлин творчествосы. – Алматы, 1966. - 150 б.

6Қаратаев М. Шеберлік шыңына. – Алматы, 1963. - 227-228 бб.

7Әуезов М. Әр жылдар ойлары. – Алматы, 1959. - 384 б.

ӘОЖ: 821.512.122.09

Х.С. Сейлхан¹, А.Т. Тамаев²

¹*Абай атындағы ҚазҰПУ, 6М020500 - «Филология» мамандығының 2-курс магистранты,*

²*Ғылыми жетекші, п.ғ.к.*

ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА МЕН ТҮРІК АҚЫНЫ ГҮЛТЕН АҚЫН ТАБИҒАТ ЛИРИКАЛАРЫНЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

Аңдатпа

Белгілі бір ұлт әдебиетінің қалыптасуы мен дамуында оның басқа елдер әдебиеттерімен байланыстарының мән-маңызы айрықша. Атап айтқанда, XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің өсіп өркендеуінде оның өзге ұлт әдебиетімен рухани алмастығының, әсер-ықпал көріністерінің орны өзгеше.

Мақалада қазақ ақыны Ф. Оңғарсынова мен түрік ақыны Г.Ақын табиғат лирикасының сабақтастығы мен ерекшеліктері туралы сөз болады. Оның ішінде жыл мезгілдері, түн, жаз, қыс туралы өлеңдеріндегі көркемдік ерекшеліктері мен әр ұлттың өзіне тән танымы, болмыс-бітімі айқындалады.

Кілт сөздер: қазақ-түрік поэзиясы, салыстырмалы әдебиеттану, сабақтастық, табиғат лирикасы

Сейлхан Х.С.¹, Тамаев А.Т.²

¹КазНПУ имени Абая, магистрант 2-курса, специальность: 6М020500 - «Филология»,

²Научный руководитель, к.п.н.

ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ ЛИРИКИ ПРИРОДЫ ФАРИЗЫ ОНГАРСЫНОВЫ И ТУРЕЦКОГО ПОЭТА ГУЛЬТЕНА АКЫНА

Аннотация

В формировании и развитии национальной литературы важность ее отношений с литературой из других стран. В частности, в развитии казахской литературы начала XX века она занимает особое место во взаимоотношениях с другой национальной литературой.

В данной статье рассказывается казахский поэт Ф.Онгарсыновы и турецкий поэт Г.Акына преемственность лирики природы и особенностях поэтического лиризма. Он включает в себя художественные особенности в том числе стихотворении о времена года, ночь, лето, зима.

Ключевые слова: казахско-турецкая поэзия, компаративное литературоведение, преемственность, лирика природы

Seilhan H.S.¹, Tamaev A.T.²

¹Kazakh National Pedagogical University named after Abai 2nd course master specialty, 6M020500-"Philology",

²Scientific supervisor, k.p.s.

THE CONTINUITY LYRIC OF THE NATURE IN POETRY FARYZA ONGARSYNNOVA AND GULTEN AKYN

Annotation

In the formation and development of national literature, the importance of its relations with literature from other countries. In particular, in the development of Kazakh literature of the early 20th century, it occupies a special place in the relationship with other national literature.

In this article are considered the Kazakh poet F.Ongarsynova and the Turkish poet G.Akyn continuity of the lyric poetry. It includes artistic features including poems about the seasons, night, summer, winter.

Key words: Kazakh-Turkish poetry, comparative literature, the continuity, lyric poetry of the nature

Адамзатты аялаған дүниенің кескін-келбеті: күн, ай, аспан мен жұлдыз, тау мен тас, өзен мен көл яғни қоршаған ортаға жан бітіріп, лирика тілінде сөйлету ақынға ғана бұйырған бақыт. Табиғаттағы көркем бейне, қызықты құбылыс Ф.Оңғарсынова мен түрік ақыны Гүлтен Акынның поэзия палитраларының қанық боялары секілді. Қос ақынның әсем сөзбен салған әдемі «суреттері» оқушының көңіл пернесін дөп басып, көз алдына еріксіз табиғат әлеміндегі әшекейлі бітімді әкеледі.

«Лирика - барлық поэзияның қаны мен жаны; лирика- поэзияның поэзиясы» дейді Белинский [1,4]. Иә, кейде бізге лирика поэзияда патшалық ететін секілді. Оның поэзиядағы патшалығы ұзақ өмір сүреді. Ахмет Байтұрсынов өз еңбегінде лириканы «толғау» деп көрсетеді. Оны былай деп жазады: «Толғау (лирика) қысқа болуы тиіс. Көңіл-күйінің көңіл табиғатына қарай ұзақ тұрмайды. Көңіл күйінен шығатын толғау көңіл табиғатына қарай ұзақ болмасқа тиіс, ұзақ болмайды да. Нағыз толғаудың көбі-ақ 4-5 сөзден аспайды [2, 320]. Әрине лирикаға берілген анықтамалар мұнымен бітпейді. Оны тере берсек түрлі пікірлер мен анықтамаларға ұшырасатынымыз анық.

Ф.Оңғарсынова мен Г.Акын табиғат лирикасының көкжиегі кең, тақырыптары да әр алуан болып келеді. Дегенмен, мына нәрсені де естен шығармаған дұрыс. Екі ақын екі түрлі өлкеде, екі түрлі табиғатты көрген және екі түрлі топырақты басқан ақындар. Фариза ақын қазақ даласында оның ішінде Атырау қаласы, Гурьевтің тумасы. Гүлтен Акын болса, Анадолының топырағында өскен. 1933 жылы

Анкараға жақын Иозгут деген ауылында дүниеге келген ақын. («Соңғы хабар» газетінде алғашқы өлеңдері жарық көрді. Өлеңдерінің тақырыбы: махаббат, сағыныш, қоштасу, қоғам, қоғамға сын, табиғат, әйел, түрік әйелінің тұрмысы, түрік әйелінің образы, әйел сезімі, қала және ауыл әйелдерінің тіршілігі, геджеконду (Стамбул, Анкара, Измир секілді мегаполистердің шетінде жұпыны үйлер орналасқан мекен) әйелдерінің өмірі. «Қызыл қалампыр» (Kırmızı Karanfil 1971), «42 күн» (42 Gün), «Қыздың әні» (Deli Kızın Türküsü), «Сайран дастаны» (Seyran Destanı 1979), «Илахилер» (İlahiler 1983), «Тұрақты махаббат» (Sevda Kalıcısıdır 1991), «Қартайдым осылай» (Sonra İşte Yaşlandım 1995), «Артта қалған үнсіз бақтар» (Sessiz Arka Bahçeler 1998), «Алыс жағалауда» (Uzak Bir Kıyıda 2003) т.б. кітаптарының авторы. 2015 жылдың 4 қарашасында дүниеден озды) [3,40].

Екі ақынның табиғат лирикаларында ерекшеліктердің болуы заңды. Дегенмен, «табиғат және адам» деген концепция барлық ұлтқа ортақ, бүкіл халыққа тән концепция екені белгілі. Ендеше, қарастырып отырған ақындарымыздың табиғат лирикасындағы ұқсастықтар мен сабақтастықтардың болатынына көзіміз жетеді.

Ал енді, қос ақынның табиғат тақырыбындағы жырларында қандай табиғат көріністері, немесе табиғатты өз өлеңдерінде қалайша жырлайды, табиғатты жырлауда ақындарда қандай көріктеуіш құралдар кездесетінін байқайық. Мысалы, Фариза поэзиясында түн көрінісі жиі кездеседі. Оған дәлел «Келеді еріншек түн» өлеңінен үзінді келтірейік:

*Келеді еріншек түн.
Жасыл құрақ. Үн де жоқ жағада түк.
Көл мөлдіреп көзіндей келініектің,
Жанарына аспанды паналатып.
Керілді айлы нұрда
Сүт-сәулеге кеудесін жалаңаштап.
Жалтылдаған тайғанақ айдынында
Егіз аққу сырғанап барады асқақ.
Аспанды өртеді үміт,
Жер-сұлуға сұқтанып сол шақтағы,
Айнакөлдің жанары төңкеріліп,
Жарқылдайды төсінде монишақтары [4, 94].*

Бұл өлеңнен біз қорқынышты, үрейлі түнді емес сұлу да керемет түнді көре аламыз. Көз алдымызға айналасы тып-тыныш, жаздың дала түнінің көрінісі келеді. Сонымен қатар, Фаризаның өлеңдерінен тек қана дала түнін ғана емес қала түнінде көруге болады. Мысалы ақынның «Шевченко түні» атты өлеңінде ақын былай деп жырлайды:

*Түн. Қала тұр.
Зәулім үйлерін көктің жасырып,
Заңғар таулардай етегі көктем, басы бұлт.
Теңіздің тылсым толқындарында түнгі оттар
Қалады екен ақ маржандардай шашылып.
Асқақ қаланың сұлулығына сұқтана
Алтын ай көктен қарайды мынау
Үйлерге әрең асылып [5,320].*

Ақын өлеңі қала түнінің сұлулығын, ондағы үйлердің биіктігін, сонымен қатар, қарбалас тірліктен кейін қаланың тыныштығын көз алдымызға әкелгендей. Айдың «үйлерге әрең асылып» деген жолында қала үйлерінің қандай биік екенін аңғартумен қатар лирикалық кейіпкер қиялының көрінісі болып табылады.

Енді түрік ақыны Гүлтен Ақынның өлеңдеріндегі түнге назар аударайық. Ақын көп өлеңдерінде түн (түрікше gece) немесе қараңғылық (түрікше karanlık) деп келеді. Мысалы «Түн жыры» (Gece Türküsü) атты өлеңінде ақын:

*Başlar gecenin oyunu delice
Dizlerime yükselir bir deniz*

*Anıları küçük yıldızlar gibi karanlıkta
Yanıma yöreme indirirsiniz [6,28].
Басталар түннің ойыны
Көтеріліп теңіздің толқыны
Кішкентай жұлдыздар секілді
Естеліктер оралар есіме. (Аударған: Сейлхан Хорлан).*

Бір қызығы, Фариза да «Шевченко түні» деген өлеңінде теңізді, теңіздің толқынын қосып жырлайды. Гүлтенде «Көтеріліп теңіздің толқыны» дейді. Гүлтен теңізді көріп өскен ақын ғой. Жалпы түрік ақындарының өлеңдерін оқып отырсақ, теңізді жырламаған, жырға қоспаған ақын жоқ шығар. Ақын өлеңінде теңіздің көтерілуі түннің келгенін меңзеп тұр. Фариза аспандағы айды жырға қосса, Гүлтен түнде кішкентай жұлдыздарды қосады. Және де ол жай жұлдыздар емес, ақынның есіне көп жайттарды түсіретін, көңіл-күйінен хабар беретін жұлдыздар екенін көреміз.

Гүлтен Ақынның табиғат лирикасында ай мен жұлдыздар лирикалық кейіпкердің көңіл- күйін білдіріп отырады. Мысалы «Әй, сары ай, толған ай» (Ay, sarı ay, usul ay) атты өлеңде ақын былай дейді:

*Ay sarı ay, usul ay
Dağıtacak mısın gökyüzünü orda burda
Eski duvara, tahta çite, asma köprüye
Ay sarı ay, usul ay
Kavruk, kara, yorulmuş ineğimi
Tazeleyecek misin?
Patikayı düz edip uçurumu örtecek misin?
Ay sarı ay, usul ay [7,79].
Әй, сары ай, толған ай,
аспанды әрі-бері жайғастырасың ба?
Ескі қабырға, аспалы көпір, шарбақтарға
Әй, сары ай, толған ай
Еңсемді түскен, шаршаған,
Бойымды тіктеп, жаңартып,
Соқпағы көп жолдарды жаба аласың ба?
Әй, сары ай, толған ай... (Аударған: Сейлхан Х.)*

Ай-аспан әлемінің әсем бөлігі. Оны ақынға да, қарапайым адамға айтпаса да белгілі. Бірақ оның көркемдігін ақын жай ай емес, толған ай, оның ішінде толықсыған сары ай деп береді. Сол айдан ақын өзіне медет іздегендей айды өзі қаратады. Бұл жерде ақынның тағы да сезімі, көңіл-күйінен сыр шерткендей. Қазақ ақындарының ішінде де айды жырына қоспаған ақын кемде кем.

Шығарма әсерлігін туғызуда ақынның бейнелеу, яғни сөзбен сырлы сурет салу шеберлігінің, өлең ұйқасының жұп-жұмыр болуының, жеңіл оқылуының өз салмағы бар [8,32]. Себебі ақынның қанық бояулары арқылы ғана өлең туады. Табиғатты жырлаймын деген ақынның бояулар палитрасы қанық әрі үйлесімді келуі шарт. Онсыз оқырманның көз алдына ешқандай сурет тумайды, одан өлең болмайды. Сол сияқты тенеудің әдемі үлгілері ақын Ф.Оңғарсынованың табиғат лирикасында молынан кездеседі. Сөзімізге дәлел Фариза ақын «Қырдағы қыс» өлеңінде былай дейді:

*Түнімен долы дауыл құрыстанған
секілді арыстандай жыны ұстаған.
Жамылып ақ көрпесін енді ғана
Маужырап байтақ дала тыныстаған.*

*Қалыпты қарауылда жыңғыл, құрақ,
Іліп ап ақ мамықтан бір- бір тымақ.
Мәз болып жас баладай айналаға
Қарайды әр бұтадан күн жылтырап [9, 18].*

Өлеңнің бірінші және екінші жолында долы қыстың ызғары ескендей дененді шымыр еткізсе, үшінші

және төртінші жолы дауылы енді басылған, күні ашылған тып -тыныш аппақ даланы көз алдына әкеледі. Ақын егер жай ғана арыстандай десе дәл мұндай әсер бермес еді. Оның ішінде жыны ұстаған арыстандай деп үстемелеп тұр. Екінші шумақта дауылдан кейінгі үстің қар басқан ағаштар мен бұталардың көрінісін береді. Және де күн шыққан даланың бейнесін мәз болған жас баланың, сәбидің күлкісіндей, жымыған келбетіндей бұта арасынан ақын жылтыратып күнді көрсетеді. Кейде ақындар теңеуі неғұрлым көп болса, өлең соғұрлым әдемі шығады деп, теңеуді орынды орынсыз қолданады. Бірақ Фаризаның қай өлеңін алсақ та, теңеу өз орнымен, мөлшерімен. Екі шумаққа екі теңеу жетеді.

Фариза Оңғарсынова табиғат лирикасында кейіптеудің де алатын өз орны бар. Мысалы «Жаз» атты өлеңінде:

*Сұлулар суға барған сайға бұғып,
Қарайды көлдің бетін айна қылып.
Шіркін, жаз, жомартсың-ау базарлыққа
Бересің жан біткенге жайдарылық! [10, 48].*

Жаз өзі қашанда қазақ үшін берекелі мезгіл ғой. Сол сияқты ақын жазды жомарт, жайдары жанның кейпінде сөйлетіп тұр. Қойыны базарлыққа толы жаздың жайдары көрінісі осылайша бейнеледі. Ақын «шіркін, жаз» деп қарата сөйлеп, оқырманына біртүрлі жазды сағындырып, аңсатып жіберетіндей.

Гүлтен Ақын табиғат лирикасында жыл мезгілдерінің алатын орны ерекше. Оны ақынның өлеңдерімен танысқанда байқадық. Мысалы ақын Фариза секілді «Жаз» (Yaz) атты өлеңінде былай дейді:

*Sevdiğim yaz geldi yine
Karıncalar ve sineklerle çıktık yeryüzüne
Barbunla, lüferle, marulla, zeytinle
Uzaklarda kaldı nisanları basan ses, bun yağmur
Karadenizde bir mavi, çocuklar sevsin diye
Şairler sensin diye sevdiğim, yaz geldi yine [11, 21].*

*Сүйген жазым келді тағы
Жер бетіне шықты құмырсқа мен шыбыны
Балықтар, шөптер, зәйтүндермен
Алыста қалды сәуірдің үні, бұл жаңбыр
Қаратеңізде жауып тұр, балалар ойнасын деп
Шайырлар сүйіп қалсын деп, жаз келді тағы (Аударған: Сейлхан Х).*

Байқағанымыздай түрік поэзиясында оның ішінде Гүлтен Ақынның өлеңдерінде ұйқас сақталмайды. Тек мағына сақталса болғаны. Мағына да, ұйқас та сақтап жазатын ақындар бар, бірақ көп емес. Фариза өлеңінде жаздың келгені сұлулардың сайға келуі болса, Гүлтен өлеңінде Қаратеңіздегі балалардың жаңбырмен ойнауы жаздың келгенін аңғартып тұрғандай. Ақын жазды ақындардың мезгіліне теңеп, балықтар мен шөптердің, зәйтүннің өсуі жаздың келгенінен хабар беріп тұр. Бұл өлеңде де балықтың келуі, шөптің, зәйтүннің өсуі - жайдары жаздың адамдарға деген базарлығы емес пе?! Қос ақында жаздың осындай берекелі мезгіл екені бейнеленеді.

Фаризадағыдай Гүлтен қыстың бейнесін былайша береді. «Қыс» (Kış) атты өлеңінде:

*Kış geldi. Ocağı yaktık ay yarım
ceviz yaprak döktü. Dere bulanık
savuşturdum kara altı ölümü
Pancar bastık tencereye suyunan [12, 42].*

*Қыс келді. Жақтық ай жарым ошақты
Жаңғақ жапырақ төкті. Өзендерге су қатты
Жерге су сіңбеді. Жер де қатты
Жердегі бар өнімді қазып алды (Аударған: Сейлхан Х).*

Өлеңдегі қыс өзендерге су қатып, адамдардың ошақ жағуы арқылы көрінеді. Фариза жыңғыл, құрақ-

тарды, Гүлтен Ақын жаңғақ ағашы және жапырағының далада қалуы - қыстың келгенін бейнелеп тұр.

Қазақ әдебиетінде де, түрік әдебиетінде де табиғатты жырламаған ақын кемде-кем. Демек, табиғат лирикасы мәңгілік жырлана беретін тақырып. Өйткені адамбаласы қашанда табиғатпен етене жақын. Сондықтан айнала қоршаған орта және оның түрлі жаратылыс сырлары адамның назарын өзіне аударған. Осындай жағдайда ақындар табиғатқа арнап лирикалық өлеңдер жазып отырған. Біреулер табиғаттың пейзаждық суреттерін жасаса, енді бір ақындар сол табиғат арқылы қоғамдық өмірді, адамның ішкі көңіл-күйін астастыра жырлаған.

Қарастырып отырған екі ақынымыз Фариза Оңғарсынова мен Гүлтен Ақын табиғат лирикасы, ондағы ұқсастықтар мен ерекшеліктер баршылық. Қос ақынның поэзияларынан молынан көруге болады. Фариза даласын, қырын, тауын жырласа, Гүлтен теңізін, Қаратеңізін жырлайды. Біреуі тауда өссе, біреуі теңізде өсті. Тұманбай Молдағалиевтың «Тау баласы тауға қарап өседі» дегеніндей, әр ақын өскенін, көргенін жырлауы заңды әрине. Ондағы ақындардың өзіндік сөз қолданысы, көріктеуші құралдары әлі де зерттеуді, салыстыруды қажет етеді. Осыдан келіп, қазақ-түрік әдеби байланысын жаңаша зерттеу міндеті күн тәртібіне көтерілді. Қазақ-түрік әдеби байланыстардың екі ел арасындағы ынтымақтастықтың дамуына игі ықпал етері сөзсіз. Өйткені, қазақ-түрік әдебиетінің жекелеген авторлар мұрасын салыстыра отырып, ортақ мотивтерді айқындаған еңбектер жоқтың қасы. Осы тұрғыдан алғанда әсіресе, қазақ-түрік әйел ақындары поэзиясындағы үндестіктер мен ерекшеліктерді салыстыра қарастыру – аса өзекті мәселе.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Ақбаев Б. Ақынның азаматтық дауысы. // *Жетісу*, 1989, 23 желтоқсан.
- 2 Байтұрсынов. А. Шығармалары. - Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.
- 3 www.gultenakin.com
- 4 Оңғарсынова Ф. Маңғыстау маржандары. – Алматы: Жазушы, 1970 - 94 б.
- 5 Оңғарсынова Ф. Шілде. – Алматы: Жазушы – 302 б.
- 6 G. Akin. Rüzgâr Saati. – Ankara: Seda, 1956. – 29 s.
- 7 G. Akin. Kırmızı Karanfil. - Istanbul: Yazar, 1971. – 79 s.
- 8 Оразханова М.И. Қазақ әдебиетіндегі табиғат лирикасы (1960-1990). Канд.дисс. - Алматы, 2005. – 32 б.
- 9 Оңғарсынова Ф. Толық шығармалар жинағы. – Алматы: Сардар, 2015. – 18 б.
- 10 [9,48].
- 11 G. Akin. Seyran Destanı. - Ankara: Seda, 1953 – 21 s.
- 12 G. Akin. Sessiz Arka Bahçeler. - Ankara: Seda, 1998 – 42 s.

ӘОЖ 595: 16 (03)

С.Бердиева

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің І-курс студенті

ОРТА АЗИЯДАҒЫ ҚОЛА ДӘУІРІНДЕГІ ЕСКЕРТКІШТЕР

Аңдатпа

Мақалада Орта Азиядағы, соның ішінде Түркменстан, Өзбекстан, Қазақстан аумағындағы қола дәуіріндегі ескерткіштер және мәдениетіндегі рухани және материалдық өзара ерекшеліктері мен ұқсастықтары қарастырылады. Адамзат баласының ой-санасы, өмір сүру тәжірибесі еңбек арқылы заман өткен сайын жетіліп отырды. Өндірісті игеру тәжірибесі ұрпақтан ұрпаққа жалғасып отырды.

Кілт сөздер: қола дәуірі, ескерткіштер, қолөнер бұйымдары, Орта Азия, Қазақстан, Түрікменстан, Өзбекстан, Андронов мәдениеті

Бердиева Сауле

Студент І-го курса Казахского национального педагогического университета имени Абая

ПАМЯТНИКИ БРОНЗОВОГО ВЕКА СРЕДНЕЙ АЗИИ

Аннотация

В статье рассматриваются памятники бронзового века в Центральной Азии, в том числе Туркменистана, Узбекистана и Казахстана. Также их духовные и материальные различия и сходства. Опыт развития производства продолжался от поколения к поколению. Сначала первые люди использовали натуральную чистую медь. Бронза не встречается в природе в чистом состоянии.

Ключевые слова: бронзовый век, археологические памятники, колонер бұйымдары, Центральная Азия, Казахстан, Туркменстан, Узбекистан

Berdyeva Saule

student of the 1st course of the Kazakh National Pedagogical University named after Abay

MONUMENTS OF THE BRONZE AGE OF CENTRAL ASIA

Annotation

The statue is considered the remnant of the Bronze Age in Central Asia, in Turkmenistan from Turkmenistan, Uzbekistan and Kazakhstan. There are also some religious and material differences and experiences. Production lasted from hacking to adulthood. The first people used natural, pure moisture. Bronze does not fit into the honeymoon.

Keywords: bronze age, archeological monuments, Kolener biyymdary, Central Asia, Kazakhstan, Turkmenistan, Uzbekistan

Тұрмыста тұңғыш алғашқы адамдар табиғи таза мыс металын пайдаланған. Қола табиғатта таза күйінде кездеспейді. Ол мыс пен қалайының қосындысынан алынады. Егер мыс көп болса онда қола иілгіш келеді, ал қалайы көп болса металл опырылғыш келеді сондықтан мыс пен қалайы дәлдікпен қосу керек болады. Қоладан жасалған бұйымдар тастан және мыстан жасалған еңбек құралдарын біртіндеп ығыстырды. Бұл кезең тарихта Қола дәуірі деп аталады. Қола дәуірінің хронологиялық шегі б.з.б 4-мыңжылдықтың аяғы мен б.з.б 1-мыңжылдықтың басын қамтиды. Бұл дәуір адамзаттың жаңа сапалық сатыға көтерілгендігін көрсетеді. Қола дәуірінде адамдардың қажырлы еңбек пен ізденіске толы баяу дамуы аяқталып, экономика мен мәдениет екпінді ырғақпен дамуға көшті. Жабайы өсімдіктің тамыры мен жемістерін теріп жеуден дақылдарды қолдан өсіруге көшу, құнарлы жерлерді таңдай білу, су жетіспеген жағдайда канал қазып суаруды үйренуге дейін мыңдаған жылдар уақыт өтті. Өндіруші шаруашылық дамып, металл қорыту қалыптасты.

Ежелгі қола құралдары Оңтүстік Иран, Түркия мен Месопотамиядан табылды. Кейінірек олар Мысырға (б.з.б. 4-мыңжылдық аяғы), Үндістанға (б.з.б. 3-мыңжылдық соңы), Қытайға (б.з.б. 2-мыңжылдық ортасы) және Еуропаға, Қазақстанға (б.з.б. 2-мыңжылдық) тарады. Қола дәуірінде Азияда бұрын қалыптасқан қала мәдениеті (Месопотамия, Элам, Мысыр, Сирия) одан әрі дами түсті және жаңа мәдениеттер (Үндістанда – Хараппа, Қытайда – Инь) қалыптасты. Мұндай жағдай Еуропада да байқалды. Қала жұрттары, сарайлар, жергілікті жазу, т.б. деректер Еуропадағы өзіндік мәдени орталық еді [1, 154 б].

Археологиялық зерттеулер нәтижесі егіншілік пен мал шаруашылығы қатар дамығандығын байқатады. Дегенмен, жоғары жетілген суғармалы егіншілік оңтүстік аудандарда жетекші орын алса, мал өсіру кәсібі солтүстік аудандарда жақсы жетілді. Қола дәуірінің жоғары жетілген егіншілік мәдениеттері Оңтүстік Түрікменстан жерінде шоғырланған. Түрікменстан жеріндегі Анау, Намазга-тепе қоныстарын зерттеу үлкен ғылыми маңызға ие. Бұл көлемі әр түрлі биіктіктегі ескерткіштер түрінде сақталған жер төбешіктер (түркмен тілінде «депе») деп аталады. Қираған құрылыстар шикі кірпіштен салынған. Анау депеден жақын жерде XV ғасырдағы Анаудың бекінісі орналасқан.

Анау мәдениеті – Оңтүстік Түркмения жерінде б.з.б. 5-3 мыңжылдықтан сақталған көне мәдениет ескерткіштері. Алғаш 1886 ж. А.В. Комаров Ашхабадтан шығысқа қарай Анау т.ж. ст-ның жанында орналасқан екі биік төбені зерттеген. 1904 ж. американ геологы Р. Пампелли, неміс археологы Г. Шмидт Анау төбелеріндегі қазба жұмыстарын жалғастырды. Табылған ескерткіштер осы жердің атымен Анау мәдениеті деп аталды. Оның дамыған кезеңіне жататын Намазга, Геоксюр, Алтынтөбе ескерткіштері қазылған. Бұл кезде археолог «қалалық типтегі» (ғылымға В.М. Массон енгізген) мекен қалыптасқан. Ескерткіштер аумағы 10 га жерді алып жатыр. Көлемі 28,5 м2 бөлмелердің едендері қара және қызыл түспен боялған. Табылған қыш құмыралардың 30-і қара, қызыл, ақ түстерге боялып, геометриялық

өрнектер салынған. Анаулықтарда ұсталық, зергерлік өнер жоғары дамыған. Ашылған қабірлерден сырға, моншақ т.б. асыл тастардан жасалған бұйымдар алынды. Ескі қала орындарынан соқа, орақ, қанжар, мөрлер табылды. Алтынтөбе ескерткіштерінде көлемі 1,5 см келетін қасқыр басы, мүйізі, құлағы күмістен, көзі асыл тастармен жапсырылған, көлемі 7,5 см келетін бұқа басының табылуы анаулықтар өркениетінің жоғары болғанын көрсетеді.

Мәдениеттің орталығы Намазга I – б. з. д. V-IV - мыңжылдықтарға жатады. Мұнда егіншіліктің дамуы жалғасты. Егінді таяқ қазғыштармен қопсытқан. Негізінен арпа мен бидай егілді. Үй жануарларынан сиыр, қой, шошқаның сүйектері жиі кездеседі. Қамкірпіштердің алғашқы түрлері пайда болды. Бір бөлмелі үйлерге жалғастыра қамбалар мен қоймалар салынған. Қоныстардың аумағы аса үлкен емес, 2 га көлемінде. Осы кезеңнің соңында аумағы 10 гектарға жеткен қоныстар қалыптасты. Алғашқы мыс бұйымдар табылған: олар – әшекейлер, екі жағы жүзделген пышақтар, төрт қырлы біздер. Металлографиялық анализ олардың балқытып құйылғандығын анықтады. Кейбір заттар бір жақты қалыпта құйылған. Тас құралдар өте сирек кездеседі. Олардың сиреуі металдың пайда болуымен түсіндіріледі.

Мәдениеттің классикалық ескерткіштердің бірі – Алтын-депе. Бұл қоныс Түркменстанның оңтүстігінде Миана тұрағында орналасқан. Түркменстанның мәдениеті мен ескерткіштерін зерттеген археолог, шығыстанушы, Орталық Азияда жүргізілген 100-ден астам тарихи-археологиялық зерттеулерге қатысқан Массон Михаил Евгеньевич. Ол үлкен мәдени кешеннің орталығына айналған. Алтын-депеде жүргізілген қазбалар – алғашқы кезеңге жататын құрылыстар, бір-біріне тақала салынған екі және төрт бөлмеден тұратын үйлер. Мекен айнала биіктігі 6 метрлік дуалмен қоршалған. Дуалдың маңында жергілікті жерлеу орны сақталған. Кейінгі кезеңде анфиладты (есіктері қарама- қарсы салынған бөлмелер) үлгідегі үйлер орын алды. Ішінде рәсімдік шараларға арналған ошақ пен арнайы қуыстары бар табыну үйлері де болған. Ғибадатхана секілді күрделі құрылыстардың қас бетіне алып пилондар мен мұнаралар салу дәстүрі де осы уақытқа тән. Алтын депеден табылған заттардың кешені ыдыс жасау, металл өңдеу, көлік пен ауылшаруашылық өнімдерін өндіруде елеулі ілгерлеудің болғанын білдіреді. Арнайы шарықта жасалған жұқа қабырғалы ыдыстар сапалы күйдірілген. Алып шоттар, бір жағы жүзделген пышақтар, ұңғысы қуыс жебенің ұштары, қола орақтар мен әшекей заттары, қола және күмістен жасалған мөрлер секілді сан түрлі қола бұйымдар кездеседі. Осы мәдениеттерді жергілікті энеолиттік дәстүрде қалыптасқан суғармалы егіншілік пен жайлаулы малшылық қалыптасқан өркениеттің шығыстық үлгісі деп айтуға келеді [2, 16 б.]. Б.з.д. II мыңжылдықта егіншіліктің Орта Азиядағы алғашқы дәстүрлі орталығы құлдырап, оның, есесіне басқа аудандарда урбанистік мәдениеттер қалыптасады. Мургап пен Әмударияның төменгі ағысындағы егіншілік дамыған мекендер оазистері алға шықты. Егіншілік аймақтардың орталықтары болған мекендер 5 гектардан жоғары аумақты қамтыды.

Қазақстан жеріндегі қола дәуірінің кезіндегі өмір сүрген адамдардың негізгі мәдениеті – ғылымда Андронов мәдениеті деп аталады. Андронов археологиялық ескерткіштер (қоныстар, қорымдар, кен орындары, жартас суреттері). Бұл дәуірде Қазақстан даласын, Оңтүстік Сібірді және Орал аймағын шығу тегі жағынан ұқсас, өзіндік мәдениеті бар тайпалар мекендеді. Бұл мәдениеттің алғашқы ескерткіші табылған Оңтүстік Сібірдегі Ачинск қаласы маңындағы Андронов селосына байланысты бұл кезең – андронов мәдениеті деген атау алды.

1927 жылы археолог М.П. Грязнов осындай қорымды Батыс Қазақстаннан да тауып, андронов мәдениетінің ескерткіштері шығыста Минусинскіден бастап батыста Оралға дейінгі орасан зор территорияға тарағанын анықтады. М.П. Грязнов (1902-1987) - тарихшы, археолог, антрополог. Негізгі ғылыми еңбектері Қазақстан, Орта Азия, Батыс Сібірдегі көшпенділердің қола дәуіріндегі сақ, массагет, үйсіндерге арналады [3, 79 б.].

Қазақстандық археологтардан Орталық Қазақстанды Ә.Марғұлан мен К.Ақышев, Солтүстік Қазақстанды А.Оразбаев, Шығыс Қазақстанды С.С. Черников пен А.Г. Максимова зерттеп, әр аймақтардағы өзгешеліктерді ашып көрсетті. Андронов мәдениетінің алғашқы ескерткіштерін 1914 жылы А.Я. Тугаринов ашты. Содан бері өткен уақыттың ішінде орасан көп археологиялық материал жиналды. Бұл мәдениеттің ескерткіштерін кезендерге бөліп, топтастыруды бастаған С.А. Теплоухов болды. Сергей Александрович Теплоухов - тарихшы, этнограф, шығыстанушы, сібіртанушы. Қола дәуіріндегі андрондық мәдениетін ашқан [4, 156 б.].

Қоныстар өзіндік жоспарымен ерекшеленеді: баспаналар (10 нан- 80 –ге дейін болады) ортада ішкі алаң қалдырылып айналдырыла салынады, ал ортасы мал қамауға арналады. Баспаналар негізін қазылған шұңқыр құрады, олардың қабырғасы тақтатастармен шегенделді. Жан-жақты зерттелген Атасу қонысының ауданы 1500 шаршы м болды және ол 35 жертөлелер мен шаруашылық құрылыстарынан

тұрады. Кейбір баспаналар ұзынша жолдармен жалғасты. Қоныстарда мыс қорытқан баспана-шеберханалар болды. Қорыту пештері мен олардың жанынан мыс кесектері, күл-қалдық, құю қалыптарының сынақтары, кентасты уатуға арналған құралдар аршып алынған [5, 66 б.].

Солтүстік Қазақстан жеріндегі қола ғасырын, соның ішінде Андронов мәдениетінің ескерткіштерін зерттеген ғалымдар - К. А. Ақышев, Ә. М. Оразбаев, Г. Б. Зданович, С. Я. Зданович және т.б. Алексеев қонысы мен Тасты-бұтақ қорымы кеңінен мәлім болды. Топырағы төбешік болып үйілген, дөңгелек және тікбұрышты қоршаулары бар қорымдар көп кездеседі [3, 45 б.].

Қола дәуіріндегі Таңбалының көптеген петроглифтері Орталық Азияның жартастағы өнеріндегі бірегейі. Таңбалы қорық – мұражайының ең көрікті жері шатқалдың сағасында түзілген шағын каньон болып табылады. Мұнда аңғардың таң қаларлық иілімінде жартас беткейлері жабық кеңістіктің елесін жасай отырып, көрерменді тығыз қоршап алады.

Таңбалы Орта Азиядағы жартастағы өнердің ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік Мұралар Тізіміне енгізілген бірінші ескерткіш. Таңбалы тас жайындағы тұңғыш мәліметтер XVIII – XIX ғғ. Ресей саяхатшы-ғалымдары А.И. Шренк, казак офицері Д. Телятников, М.М. Иванин, Ю.Шмидт жазбаларында кездеседі. 1895 ж. Л. Кузнецов пен Х. Бекхожин тас бетіндегі 500-ге тарта таңбалардың көшірмесін жасады. 1934 жылы зерттеуші В.А. Селевин Таңбалы тасты суретке түсірген. 1941 жылы Академик Қ.И. Сәтбаев «Жезқазған ауданының тарихи ескерткіштері» атты мақаласында ескерткішке ғылыми анықтама береді. 1950-ші жылдары академик Ә.Х. Марғұлан Орталық Қазақстанда барлау жұмыстарын жүргізіп, бірқатар ескерткіштерге ғылыми талдау жасайды. 1974 жылы археолог-ғалымдар Кемел Ақышев пен Марал Хабдуллина, 1998 жылы этнограф ғалым Ж.О. Артықбаев Таңбалы тастың маңыздылығы жайында бірталай пікірлер айтты. Ескерткіште, Л.Кузнецовтың дерегіне сүйенсек, «500 таңба немесе мөр қашалған». Х.Бекхожин тастағы араб әрпімен жазылған жазуларды оқып, орысша аудармасын берді. Академик Қ.И. Сәтбаев «Жезқазған-Ұлытау перифериясында қазақ халқын құрған үш жүздің жері тоғысады» деп Ұлытаудың саяси орталық екенін атап өтсе, Ә.Х. Марғұлан Таңбалы тастың тарихын оғыз, қыпшақ, Ақ Орда дәуірлерімен байланыстырады. Бетпақдаланың дәл ортасында орналасқан Таңбалы тас ескерткіші жайындағы ескі сөздерді шешірісшілер М.Ж. Көпеев пен Н.Наушабайұлының жинақтарынан жолықтырамыз.

Қола дәуірі Сыр өңірінде қызықты ескерткіштерімен танымал. Солардың бірі – кейінгі қола дәуіріндегі көсемдер жерленген Солтүстік Түгіскен қорымы. Қорым Іңкәрдарияның құрғап қалған арнасын бойлай 400 шаршы метрге жуық ауданды алып жатқан 20-ға жуық ірі және шағын жерлеу құрылыстарынан тұрады. Олар қам кесектерден тұрғызылған және айнала жапсарласқан немесе жанынан топтасқан әртүрлі форма мен өлшемдегі жерлеу құрылыстарынан тұратын үлкен кесенелердің қирандысы түрінде сақталған [5, 94 б.].

Түгіскенге оңтүстік өркениеттің (Орта Азия) қам кесек пен шеңберлі керамика сияқты элементтері әкелінген болса керек. Алайда, мұның бәрі жергілікті, негізінен андронов мәдениетіне үстеме болып қана қосылады. Бұл аталған мәдениеттің керамика үлгілерінде, жерлеу құрылыстарының құрылымында, жерлеу ғұрпының кейбір элементтерінде дәстүрлі түрде сақталады. Қазақстанның соңғы қола дәуірінің аса көрнекті ескерткіштері болып табылатын Түгіскен кесенелері Аралдың шығыс өңірінің ежелгі малшыларында діни құрылыстар архитектурасы мен құрылыс техникасының барынша дамығандығын көрсетеді. Сол кездегі жердің беті болған құм еденде, бағандардың ішкі және сыртқы жағында, сондай-ақ, кесенелер қабырғаларының ішкі жағында да бірнеше қатар шеңберлей орнатылған ағаш тіреулердің шұқырша орындары бар. Бұлар қажет бола қоймаған, өйткені кірпіш бағандар төбеге мықты тірек бола алатын еді. Тіреулі құрылымдардың сақталуы мазардың тұрғын үй құрылымын қайталайтындығынан болса керек. Оңтүстік Түрікменстанның егіншілік мәдениеттерінде құрылысты шикі кірпіштен салу ежелгі заманнан бар, сондықтан, Түгіскен кесенелерін салушылар өздерінің оңтүстіктегі көршілерінің құрылыс тәжірибелерімен таныс болған деп топшылау керек. Орталық бөлікте және ішкі дәлізде жерлеу мүліктері: керамика, қоладан жасалған құралдар, қола және алтын әшекейлер және басқалары тұрған. Өлгендермен бірге қабірге мүшелеп бөлінген мал етін салу ғұрпы болған. Түгіскенде өлікті өртеу ғұрпы басым. Осы ғұрыпты атқару кезінде бүкіл ғимарат өртелген. Ғимараттың бұдан әрі қалай сақталғаны әзірге белгісіз. Мәселе мынада: кесенелер көсемдерді жерлейтін орын болған, соның өзінде олардың әрқайсысының маңына отбасы мүшелері мен жақындарының көлемі жағынан неғұрлым шағын бейіттері топтастырылған. Бұл қабірлер негізгісімен тұтас бір кешен болып, оған жапсарлас орналасқан. Бұл орайда ғимарат қираған күйінде тұра берді деу қиын. Ғұрып атқарылғаннан кейін кесене қайтадан жабылуы мүмкін, ал бұл жағдайда оның төбесі кірпіш бағандардың үстіне орнатылған. Түгіскен керамикалық кешеніне тән ерекшелік – оның мейлінше алуан түрлі болуы. Қолмен жапсырып жасалған ыдыста

жергілікті андроновтық дәстүрлер ерекше айқын аңғарылады [2, 41 б.].

Қорытындылай келе, зерттеу жұмысы барысында Өзбекстан мәдениеті тазабағъябтықтар мен Қазақстан мәдениеті андрондықтардың жақындығы олардың қыш ыдыстары, еңбек құралдары, әшекей бұйымдарынан, үй құрылыстары мен жерлеу ғұрпынан байқалады. Олар да өлген туыстарын қол, аяғын бауырына жинап бір жамбасына жатқызып жерлеген. Қабірлер мен қоныстарда жүргізілген қазба кезінде табылған археологиялық заттардың кешені, қоныстардың маңындағы су жүйелерінің қалдықтары тазабағъяб тайпаларының негізінен егіншілікпен шұғылданғанын көрсетеді. Сырдарияның төменгі ағысында, Арал төңірегінде кейінгі қола дәуірі кешені Түгіскен IX-VII қам кірпіш үлгісі жағынан Намазға - 6 дәу және кейінгі уақытта ескерткіш, әсіресе Теккем-тепе сынды оңтүстік Түркменстандағы мәдениетке жақын.

Пайдаланған әдебиеттер:

1Мартынов А.И. «Археология», 2000 ж.

2Байпақов К.М., Таймағамбетов Ж.К., Жұмағанбетов Т. «Қазақстан археологиясы», - Алматы: Қазақ университеті, 2006 ж.

3Авдусин Д.А. «Основы археологии», - М.: Высш. шк., 1989.

4Ариджанов Э.К., Алимов Ш.К., Нарбеков А.В., Кадыров К.Д. «История Узбекистана», 2012 г.

5Массон В.М. Средняя Азия и Древний Восток. - М. – Л., 1964 г.

ӘОЖ: 821.512.122.09

Қ.Ерланқызы¹, М.Жүнісова²

¹*6М011700-Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 2-курс магистранты,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті*

²*Ғылыми жетекші, ф.ғ.к., доцент*

ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ МЕТАФОРАЛАР

Аңдатпа

Мақалада акын Фариза Оңғарсынова шығармаларындағы метафораның қолданысы зерттеліп, талдау жасалды. Акын тілінің тереңге бойлылығының, ой-ұшқырлығының, ой-қиялының шартарапқа етек жайған тума дарын екендігіне тағы бір дәлелі бола алады.

Кілт сөздер: метафора, авторлық метафора, көркем метафора, тілдік метафора, метафоралық комбинация

Ерланқызы К.¹, Жүнісова М.²

¹*магистрант 2-курса по специальности «6М011700 - Казахский язык и литература»,
Казахский национальный педагогический университет им. Абая*

²*Научный руководитель, к.ф.н., доцент*

МЕТАФОРЫ В ПОЭЗИИ ФАРИЗЫ ОНГАРСЫНОВОЙ

Аннотация

В данной работе раскрываются метафорическая основа теоретической основы преподавания произведений поэта Фаризы Онгарсыновой в общеобразовательной школе и авторских метафор. Авторские метафоры поэта продвигают художественную метафорическую поэзию развивать речевой деятельности школьников. Эффективное изучение этих понятий повышает познавательную активность учеников.

Ключевые слова: метафора, авторская метафора, художественная метафора, языковая метафора, метафорическая комбинация

Erlankyzy K.¹, Zhunisova M.²

¹Master of 2 courses in the specialty «6M011700 - Kazakh language and literature»,
Kazakh National Pedagogical University Abai

²Scientific adviser, docent, candidate of philological sciences

METAPHORS IN POETRY FARIZA ONGARSYNNOVA

Annotation

The metaphorical theoretical basis of the teaching of poetry by Fariz Ongarsynov in a universal school and author metaphor is exposed in the work. Author's metaphors poetry propagate the metaphorical poetry of cultivating the character of the shkolkov. Effective learning of the subtleties of the activity of the educators is a catalyst.

Key words: metaphor, an author metaphor, an astounding metaphor, a metaphor for the writing, metaphorical combination

Ф.Оңғарсынованың тілдік қолданысындағы метафоралық қолданыстарға талдау жасалды. Қазақ халқының тілі – бай, әрі көркем тіл. Көркемдеп бейнелеуші тәсілдің бірі – **метафора**.

Тіл көркемдігі – ақын тілге шеберлігін танытады.

Әбділдә Тәжібаев: «Фаризада халықтық рух бар, ол - елімен бірге, қазағынан бөлінбейтін ақын. Оның тілі жүйрік, өткірлігі мен тапқырлығы, бәрімізді де қызықтыратын, қуантатын ақын. Абай бастаған ұлы ақындары бар елде қыздан шыққан Фаризасы болу да қазақ елі үшін керемет жарасым. Мен осы жарасымды көргеніме бақыттымын» десе, енді бірде: «Фариза сөз қалаудағы халық поэзиясындағы әсемдіктерді, ұғымдылықтарды меңгерген. Ол сөздердің бойындағы қызу, қуат күштерге қозғау салғыш, жан бергіш сөздердің өзара қиысулары, өзара шарпысуы арқылы жаңа сурет, жаңа әуен туғызатынын көрсетті. Ол тілге жетік болғандықтан, жырдың ырғағын күшейткіш сөздерді шебер қолданған. Махамбет сияқты ақындардың толғауларындағы екпін, энергияларды естен шығармайды», - дейді [1,5].

Метафора, метонимия, синекдоха – сөз мағынасының ауысуының тәсілі. Ғалым Ә.Хасенов: «Метафора (гректің *metaphora* – ауысу, ауыстыру мағыналы сөз) – белгілі бір ұқсастықтарына қарай екі я одан да көп зат немесе құбылыстың бір атаумен аталуы. Бұл жерде ұқсастық дегеннің ұғымы кең: заттар мен құбылыстар түр-түсі жағынан ұқсас болып келуі мүмкін; көлемі, аумағы дәл бірдей болмаса да, әйтеуір бір формасы ұқсас болуы мүмкін; бір атаумен аталатын зат немесе құбылыстың бірі өмірде бар, нақты, ақиқат болуы, ал дәл сол атаумен беріліп, белгілі бір сөз тіркесі құрамында қолданылған екінші бір заттың өзі нақты болмауы мүмкін. Бірақ, екеуіне де ортақ жәйт – жалпы бір ұқсастық атаулы» деген пікір айтады [2, 143].

Сыртқы не ішкі белгілеріндегі (тұлғасындағы, қимылындағы не атқаратын қызметіндегі т.б.) ұқсастыққа қарап, бір зат атауының басқа бір затқа атау болуына байланысты сөз мағынасының ауысуы метафора (гр. *Metaphora* ауысу) деп аталады. Яғни, бір адамның қасиеттерін, артықшылықтары мен кемшіліктерін жоғарыда айтқандай, келесі бір ұқсас зат атауына ұқсату болып табылады. Осындай метафоралық қолданыстармен ақын шығармаларының тілі оқырманына әсерлі әрі айқын [3,86].

Ш.С. Ниятова: «Метафора – теңеу сияқты суреттеудің, сипаттаудың негізгі бір тәсілі. Ол суреттеу, сипаттау, баламалау арқылы жасалады. Суреттелетін объект өзге күллі дүниеден өзіне ұқсайтын балама, өзінің екінші образын табады. Осы екінші образ бірінші негізге деген көзқарас, түсінік, таным, бағалауға қарай қасиетті, қасиетсіз (зат, құбылыс) топтардан тұрады» [4, 104].

Метафоралық теңеулер жиі кездеседі.

Екеу-ақып. Отырмыз тіл қатыспай.

Сен *Күншығыс*, мен бейне *Күнбатыстай* [5, 12].

И.Мұратбаева «Қазіргі қазақ және орыс тілдеріндегі метафораланған терминдердің семантикасы» зерттеу еңбегінде метафораланудың ойлау үрдісімен байланысын көрсетеді: «нақты бір қасиеттерді белгілеу зат немесе құбылысты анықтаумен, атап көрсетумен байланысты болады, яғни осы зат не құбылыстың бөлшектері оның көрсеткіші, иеленушісі болғандықтан, эталон ретінде қалыптанып, басқа

заттар не құбылыстармен ой-санада салыстырыла бастайды» [6, 13].

Метафоралық шығармашылық түрі семантикалық процестердің негізінде синонимдік құралдардың дамуына, жаңа мағыналардың пайда болуына, пойсемияның жасалуына, терминология жүйесінің және эмоционалды-экспрессивті лексиканың дамуына тендессіз үлес қосып келеді»-деп, өте орынды айтады [7,51].

Тілдегі метафоралар тілдік семантиканы дамытудың маңызды тәсілі. Метафоралық сөздер тек шығарманың көркемдеуіш құралы ғана емес, тілдің бір құрамдас бөлігі ретіндегі құбылыс. Ақын қолтаңбасындағы метафоралар автордың өзіне ғана тән тілдік өрнекті көрсетеді. Метафоралық сөз қолдануда көбіне жансыз заттарға жандылық қасиетін беруде зат есімнен болған метафоралық сөз бастауыш қызметінде қолданылып, атауыштық қызметтегі сөздер шығарма тілінің дәрежесін биіктете түседі.

Тілдік метафораларды зерттеу жұмысының нысаны ретінде алып қарастырған профессор Б.Хасанов «Қазақ тіліндегі сөздердің метафоралық қолданылуы» атты еңбегінде: «Тіл тарихын зерттеуде метафораның мәні зор, оны сөйлеу мәдениетіміздің бір көрінісі ретінде, образды ойымыздың дамуы мен қалыптасуын көрсететін элемент түрінде құрастыру қажет», - дейді [8,4].

Ғалым Б.Хасанов: «Сөз шеберлігіне қиыннан қиыстырған асылды саралау заң. Осы бір қасиетті заңды табанды ұстаған зергерлер өзіндік ою-өрнегімен ақындық әуенмен ерекше танылmaq. Бұл ретте ақын-жазушылардың қаламынан туған индивидуальдық метафоралар, яғни сөздердің метафораны қолдануы пайда болған. Өртүрлі стильдік мақсатта метафоралардың тіркесе түсуі арқылы сөздерің сиымдылығы арта түседі», - дейді [8,217].

А.Ченки метафораның төмендегідей маңызды белгілерін атап өтеді:

1. Метафоралар белгіліден белгісізге, анықтан беймәлімге, анық емеске апаратын көпір.

2. Метафорамен байланысты салалар тепе-тең емес, ассиметриялы болып келеді.

3. Метафоралар парадоксқа құрылады, яғни $A=X$ дей отырып, $A \neq X$ дегенді де қоса айтамыз. Мұнда салыстырудың белгілі бір қырына ғана назар аударылады.

4. Метафоралар нақтылықтың әр түрлі деңгейлерінде жүзеге асырылады:

а) Жоғарғы деңгей метафоралары анағұрлым әмбебап болады, олар әртүрлі тілдер мен мәдениеттерде көрініс береді;

ә) Төменгі деңгей метафоралары мәдени жағынан спецификалық, белгілі бір тілдерге, мәдениетке ғана тән болады [9,350].

Ақын шығармаларына зер салсақ халық тіліндегі қолданысқа ене қоймаған жеке автордың тілдік қызметіне байланысты индивидуальдық метафоралар жаңа бейнелер жасап, қазақ тіл білімі сөзжасамында авторлық қолданыстар әкелді. Авторлық индивидуальдық метафоралардың нәтижесі, мағынасы санада танымдық деңгейде игеріледі. Мұнда ақынның танымы, ғаламды қабылдауы өзгеше көрініс табады. Мысалы, ақынның танымынан туған метафоралар жаңа бейнелер жасап, авторлық туындылар құрды.

Өмір – жаға. Өлім – су тұнық, терең.

Қос нүктенің арасы. Жүріп келем.

Жүріп келем айдында. **Үміт – кеме.**

Ажал барын білемін. Бірақ көзді

Жасыл жаға – өмірге тігіп келем [5,90].

Жаным – дала көгінен бұлт арылмай,

Батпан зілдер басса да, жүр тарылмай.

Шідерлеулі көңілді зулат, жырым,

Баяғының құс қанат тұлпарындай [5,5].

Теңіз – дүлей, тап берсе дауыл – дұшпан,

күйім – қалқан, соғылған ауыр қыштан.

Жер де – теңіз, көк – теңіз, жапа жалғыз

Ағыстардың **шудалы жалын** құшқам,

Естілгендей болды бір сағынышты ән [5, 148].

«Дауа» атты өлеңдер жинағынан тілдік қолданысындағы авторлық метафораларды беруге ұмтылды. Өйткені, бұл оның сөз зерделеудегі шеберлігін, талғамы табиғатпен байланысып, құбылыстың бейнесін беруде метафоралық тәсілді сондай шеберлікпен пайдаланғанының сипаты. Мәселен, **Жол – дария**

тұрмайды ағын ұрмай [5 б.], жүректерден жас ағады тарамданып [336], ақтүтек ойлардың ақпаны сақ-сақ күледі [15 б.], ей, менің үш арыстаным – арысым, үшеуің тірі жүргенде артымдағы елдің бағысың [16 б.], жүректің жасын тамсадым, сезбей ме деп ой селін кештің кей күн [24 б.], даланың от реңінен сезімнің пәктігін алғам [276], сынамақ болсаң бағыңды жүйріккерменен теңдесер – қарама дауыл, ақ түтек боран, желге есер! [296], арай Күн көктен мейірім нұрын шапқанда [296], өмірдің өзі – мұз айдын [296], сыздатып тұр жүректі ар-қорғасын [356], үміт отын жаққаным [426], жүректің жасын құрғатып [486], бұз бір ауық тірліктің тас қамалын [506], үнсіз өрлік шаттығын жерлесе де [516], ақын – заман, дәуірдің алыптары [536], Махамбет – ол халқымның аспанында алаулы таңғы нұры [536], тынышымды толқынға ұрлатып, көңілім жыртық, жағам да – жыртығымды немен жамаймын [596], ақ күміс діңгек ағамен [636], көңіл – керең, көз – жарғақ [686], елдер – патша көңілді, арыстан жал, уақыт – құйын [836], көңілімнің шуағынан бұлтты басым, тарпаң күннің жалынан тағы ұстады [886], ақ желкен боп барамын тағдырымның дауылды айдынында! [936], кең дала - тас керең де, көк аспан от кекілді [926], түнгі аспан моншақ тақты бұлтты ашылып [956], мен туған ауыл – Ай мекен [976], ақиқат өткелінде [976], күндерім – мұнар, түн – түрме [1056], жаны кірсіз, жас қиял – бұла халық [1086], серігім жел мен Күн менің, мәңгілік тылсым, мылқау маң [1206], жаны тұнған сұлулық ақылды ұрлар [1266], мен – тамыры, сен – қайың – басы көкте [1326], отау – айдын, жасауым – жасыл кемем [1326], сана – дұшпан, жүрегім – көзсіз батыр [1446], ойларым менің – тамырын жайған гүл шыбық, дос - топан су ағатын сайға тұрмай [1626], дала – менің қазынам, жыр сандығым [1716], келеді Қарасаздан дауыл балаң! [1936], билік – дерттің орманы [2146] т.б. метафоралар шындықты құрудың маңызды құралы болып табылады. Ойлау және шындық әлемінің рухани кемелденген сипаты метафоралық мәнде өмір сүреді.

Метафора поэтикалық ойлау, қиял, фантазиямен тығыз байланысты. Сөз қолданушы әлемді ақындық ойлау тұрғысынан, суреткерлік көзбен таниды. Сол себепті метафора поэтикалық ойлау мен дүниені эстетикалық тұрғыдан танып білуден туындайды. Индивидуальдық-авторлық метафоралар ақынның ой-танымын айқын, анық жеткізудің құралы. Метафора ой-танымды бейнелеу, ұғымды атаумен тығыз байланысты.

Ақын шығармаларында метафоралық тіркестер әсерлі, көңілге қонымды бейнелі. Метафораларды орынды қолданып өлеңнің экспрессиясын күшейтуге тырысады. Бұл метафоралардың мәні, мазмұны контексте ғана анықталатын терең мағыналы бірқолданар метафоралар. Терминдік атауы окказионал метафоралар. Яғни негізінен омоним болып келетін сөздерді үйлестіріп келесі бір бейнелерді жасап, өлең тілін одан әрі бейнелі еткен.

Ақын тілінің құдіретін, тілдік қасиетін көрсететін метафораларды шығармаларында шеберлікпен қолданғанын байқаймыз. Метафоралық сөз тіркестер ақынның сөз зерделеудегі шеберлігі, талғамы табиғатпен байланысып, құбылыстың бейнесін беруде метафоралық тәсілді қолдана отырып оқырманның жан-дүниесін тебіrentіп әкетеді. Жансызға тән қасиеттерді жанды заттарға немесе жанды заттарға тән қасиеттерді жансызға ауыстыру арқылы метафоралы етістіктерді қолданғандығын байқаймыз. Олар мағынасы жағынан алыс заттар мен құбылыстарды байланыстырып, жеткізейін деп отырған заттың орнына пайдаланып, мағыналы етіп жеткізудің түрін көрсетеді.

Шырайланып *өмірдің реңі* кенет

Шаттық болса, күлкі де төгілер ед [2,67]. *Рең*, келбет, өң, шырай, рай адамға қатысты айтылатын сөздер. Жүрек тыныштығы, махаббат, бақыт, қуаныш, шаттық бар жерде өмірдің сәні болары күмәнсіз. Адам тіршілігімен өмір қалыспай жүріп отырады. Өмір абстракт ұғым болғандықтан оның сипатын көрсетуде жансыз затты жанды затпен ауыстырып қолданған.

Ару қыздар - Ай көрік, қылығы - Күн,
сезбейсіндер өздерің мұны бүгін,
сезбейсіндер керемет қыз тағдырдың
сұлулығын, *Күн текті ұлылығын* [2,93].

Ару экспр. 1. Асқан сұлу, керім, кербез (әйел, қыз). 2. Ауысп. Көрікті, сәнді, әдемі (ай, күн). *Ару* сөзі қыздар с, Көрік Ажар, өң, келбет. *Күн* 1. Әлемге жарық, қызу беріп тұратын жұлдыз. 2. Таңның атуы мен күннің батуы аралығындығы тәулік уақыты; күндіз [21,22]. *Күн* 1. Әлемге жарық, қызу беріп тұратын жұлдыз. 2. Таңның атуы мен күннің батуы аралығындығы тәулік уақыты; күндіз [21,429]. *Ұлы* I 1. Орасан зор, үлкен, ірі. 2. Асқан кемеңгер, данышпан, озық ойлы [21,858]. Мұнда ақын «әйел» бейнесін береді.

Қария көкірек қыраттар,
Бұрқырап аққан бұлақтар,
Құландар ішкен суаттар,
Кетпендер менен жыраққа,
Дүниеден сендер өтсеңдер,
Қирайды бесік – көк шеңбер [2,74].
Қалмады **мөлдір бір бұлақ**,
Жейдесі жыртық, жаны ауру
Жерді аяп жаны шығады,
Сары уайым шегіп **Күн жылап**,
Шығады содан сарғайып,
Батады содан тұнжырап [2,78].
Шың – Қадыр, бір жағымда **шоң** Тұманбай
Тұрса да, бір тірегі олқы жандай,
Жаралы жүрегімді жарға соғам,
Орнынды еш тұлғамен толтыра алмай... [1, 194]

Шың I 1. Таудың ұшар басы, иік жері. 2. Шатқалдың терең түбі, табаны. II муз. Қазақтың көне, соқпалы, музыкалық жез аспабы [21,955], *Шоң* Үлкен, дәу, дөкей [21,921].

Алақаны анамның - топырағың,
Сендік махаббатымның оты жалын.
Сені қалай сүю керектігін
мен ешқандай кітаптан оқымадым (туған жер өлеңінде) [1,7].

Ақын туған жерінің қадір-қасиетін, жылуын, мейірімін ананың ыстық алақанымен сомдап отыр.

Сол тыңдап шамырқанған көк тарланын
Өнінен ажыратар көп қарғаның.
Шыжғырсын, шырқыратсын шоқтар жанын-
Жалғайды ол ғасырларға **отты арманын!** [2,25]

Жай тастап тіршілікке теңбілді ала,
Жойқындай жыр - әлемге ендің дара.
Найзағай сезіміңді сіңіруге
Қайраты жетсе жетер Жердің ғана!
Осылай көзсіз өтер **құйын күндер**
Қастерлі күш қалмаса көңілдерде [2,34].

Күшті, адуын, ағыл-тегіл сезімнің белгілері мен табиғат құбылысы: *Найзағай* - ыстық және суық ауаның соқтығысуынан пайда болатын күшті жарқыл; жайдың сыртқы белгілері жағынан ұқсас болғандықтан орнын алмастырған [21,61].

Халық – **селдің шыдамы**
Таусылғанда, бұлқынар,
Кек тасқыны ұмтылар,
Тас пен тақты күл қылар,
Сонда ғана халықпен
Ойнағанға күн туар! [2,70]

Жарамсақтың білері – **қарға кәсіп**,
Биліктімен май жалап, қан жаласып.
Жұрт үйренген бұл күнде жалған күліп,
Жалған жылап, өтірік жандары ашып [2,77].

Ақын семантикалық өрісі әртүрлі сөздерді тіркестіру арқылы жаңа фразеологизмдерді жасап, өзінің поэтикалық қорының молдығымен ерекшеленеді. Табиғат құбылыстарын ақын жүрек елегінен өткізіп, адамға тән мінез-құлық ерекшеліктері ретінде береді. Ақынның адамтану, қоғамтану, қарым-қатынас мәдениетін қазақы түсінікпен бере алуы оның тіл шеберлігінің дәлелі бола алады. *Селдің шыдамы, кек тасқыны, қарға кәсіп* сөздері мен тіркесті жеке-жеке талдасак:

Сел. Қар мен мұздың еруінен, қатты нөсердің әсерінен болатын су тасқыны.

Шыдам - төзім, тағат, сабыр [21,931]. Еріген аз су нөсердің әсерінен көбейіп, арнасынан тасып, су тасқынына айналатыны секілді қарапайым халықтың биліктегілердің басыңқы іс-әрекеттері әсерінен шыдамы бітіп, бой көтеруі екі құбылысқа ортақ болғандықтан «сел» сөзі орын алмастырады.

Кек. 1. Ашу, ыза, қаһар. 2. Өшпенділік, өштік, қастық [21,376].

Тасқын. 1. Кемерінен асып, жайылған су, сел. 2. Ауысп. Асып-тасқан жігер, күш [21,787]. Жандыға тән қасиет болғандықтан «кек» сөзі адамды меңзеп тұр. Жандыға тән тасыған ашу-ызаның орнына табиғат құбылысы – тасқын ауысып, бір атаумен аталып тұр.

Қарға I Қара немесе сұр қауырсынды тамақ талғамайтын егі арам құс. II Ойын картасының бір түсі. III Біреуге қарғыс жаудыру, нәлет айту [21,484].

Кәсіп 1. Тіршілік әрекеті, мамандық. 2. Ауысп. Жұмыс, еңбек, іс [21,371]. Мұнда жарамсақ адамның жағымсыз, жаман іс-әрекеттерін, жаман мен жақсыны талқыға салмайтын, табысына мән бермейтін тұстарын айту үшін қарға атауымен атаған. Себебі, қарға тамақ талғамайтын құс болғандықтан және қасиеттері жағынан ұқсастығы бойынша адамның орнына аталған.

Далада бүгін әр бөлек,
Мұрша жоқ *ойды кешуге*,
Кең байтақ елге нан керек,
Сенім сол, жалғыз шешім де [2,95].

Ой 1. Объективтік шындық туралы түсінік, пікір, ұғым. 2. Ақыл, ес, сана. 3. Көңіл, ниет, пейіл [22,624]. Мәтінді толық оқығанда ғана берер ойды ұғына аламыз. Мұнда ұзақ ойлану, ойланумен уақыт жоғалту т.б. ойды қабылдаймыз.

Өнер жолы –
Алысып уақыт-селмен
Тылсым теңіз түбінен жақұт терген [2,131].

Жатсада жер бетінде *шындық ұлып*,
Мансапқа жүгіреміз құлдық ұрып.
Биліктің бір шетіне жетсе болды,
Адамдар шыға келер мың құбылып [2,191].

Ұлы. Қасқыр, ит сияқты мақұлықтардың дауыстарын созып үн шығаруы. *Шындық* - ақиқат, дұрыстық [22,934]. Бұл метафоралы сөздің ауқымы кең: Аса Қамқор, Ерекше Мейірімді, Рахымды Аллахтың сөзі – Құран Кәрім, жүректерді елжірететін Азан дауысы, мұсылманның Парыздары.

Шылбырын жетпей әсте қыркуға әлім,
Шаршады *шырылдаумен бұл қу жаным*.
Бал күндер тақым салған тайға күрең
Жүдеу кез наны тапшы, айраны кем... [2,19]

Адамдар біздің елде *сырттан бүгін*,
Сырттандар арасында шыққын ба үнің [2,220].

Шырылдау. Шыр-шыр жылау. Шырылдау - торғайға тән іс-әрекет. Торғай - кішентай құс. Торғайдай шырылдау – зар илеу, безек қағу [21,812]. Ақын адамның күйін шырылдаған торғайдың қалімен алмастыра атап метафораландырған.

Ұшырған қаршығасын қыран елі,
Сыңғыр үн Сұлуашым шынар еді,

Тұңғышбай – **тұлпар тілді**,

Құдайберген –

Киелі көркем сөздің Құлагері [2,151].

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «Тұлпар 1. Асқан жүйрік, дүлділ ат. 2. Ауысп. Алдына жан салмас, білімді, озық» [2,823]. Кейіпкердің тілінің сипаты, сөйлеген сөздері тұлпардың асқан жүйрік қасиетімен берілген.

Ақын өзінің көңіл-күйін, сезім толғаныстарын, ішкі әлеміннің қыр-сырын метафоралық тіркестермен жеткізе білген.

Қорыта келгенде, осы келтірілген өлең жолдарындағы **өмірдің реңі, қария көкірек қыраттар, бұрқырап аққан бұлақтар, қирайды бесік – көк шеңбер, селдің шыдамы, кек тасқыны, найзағай сезімді, құйын күндер, қарға кәсіп, ойды кешуге, тылсым теңіз, шындық ұлып, шырылдаумен бұл қу жаным**, деген жалпы тілдік қолданыстағы метафоралар мен авторлық метафоралар Ф.Оңғарсынованың шығармашылығындағы сөз қолдану ерекшелігіндегі сезімталдықтан туған **көркем метафоралар мен тілдік метафоралар**. Бұл көркем метафоралар тура мағынасында қолданылып тұрған жоқ, яғни алғашқы лексикалық мағынасында емес, өлең шумақтарын оқығанда ғана мағынасын аңғара аламыз. Мысалыға, **өмірдің реңі** дегенде адамның реңі сөзінің ауыспалы мағынасы екендігін қиындықсыз түсінеміз ал **шындық ұлып** дегенде ақшамен салыстыруға келмейтін, барша ғылымның иесі - Хақ Тағаланың ақиқатын меңзеп отырғандығын контексттен түсінеміз.

Әдебиеттер:

- 1 Тәжібаев Ә. Ой мен сезім нақыштары. Қазақ әдебиеті. – А., 1979.
- 2 Хасенов Ә. Тіл білімі. – Алматы: Санат, 1996. - 416 б.
- 3 Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: «Сөздік-Словарь» баспасы. - 2006.
- 4 Ниятова Ш.С. Махамбеттің тілдік тұлғасы (лингвокогнитивтік және прагматикалық талдау). - Алматы, 2010. – 170 б.
- 5 Фариза Оңғарсынова. Дауа. – Алматы: «Атамұра» 2002. – Алматы: «Атамұра». - 286 б.
- 6 Мұратбаева И.С. Қазіргі қазақ және орыс тілдеріндегі метафоралыңған терминдердің семантикасы: филол.ғ.к.дис... – Алматы, 2000.
- 7 Есіркепова К.Қ. 1960-1980 жылдардағы қазақ әйел – ақындар поэзиясының тілі (Ф.Оңғарсынова, М.Айтқожина, К.Ахметов шығармалары негізінде). Фил. ғыл. канд. дисс. – Астана, 2005. – 122 б.
- 8 Хасанов Б. Қазақ тіліндегі сөздердің метафоралы қолданылуы. – Алматы, 1966.
- 9 Ченки Алан. Семантика в когнитивной лингвистике // Современная Американская лингвистика: Фундаментальные направления. 1997. – С. 340-355.
- 10 Темірхан Медетбеков. Фариза Оңғарсынова. Үш томдық шығармалар жинағы. «Елорда». – Астана, 2004. - 255 б.

ӘОЖ: 37.013.78

Б.Б. Исаков

PhD. и. о. доцент, отделение социологии, Кыргызско-Турецкий Университет “Манас”

МЕЙКИНДИКТИН СОЦИОЛОГИЯСЫ: СОЦИАЛДЫҚ МЕЙКИНДИК ТҮШҮНҮГҮ

Қыскача мазмуну

Мейкиндик, өз ичинен физикалық, биологиялық, психологиялық, социалдық, географиялық, ж. б. болуп өте көп түрге бөлүнөт. Бул илимий изилдөөде, аталған мейкиндиктер арасынан, физикалық мейкиндик менен социалдық мейкиндик жана экөөнүн ортосундағы өз ара мамиле, изилдөөнүн негизги объектиси катары алынат.

СОЦИОЛОГИЯ ПРОСТРАНСТВА: ПОНЯТИЯ СОЦИАЛЬНАЯ ПРОСТРАНСТВА

Аннотация

Пространство разделено на многие типы как физические, биологические, психологические, социальные, географические, и т. д. Из тех, эта статья фокусируется на социальным и физическим пространствами, и взаимодействию между этим социальным и физическим пространствами как предмет изучения.

SOCIOLOGY OF SPACE: THE CONCEPTION OF SOCIAL SPACE

Annotation

Space is divided into many types as physical, biological, psychological, social, geographical types etc. This paper, focuses on the interaction between the social and physical spaces, or those space types is taken as an object of study.

Мейкиндиктин социологиясы анын ичинде социалдык мейкиндик тушунугу, физикалык мейкиндик тушунугу менен чогуу каралып, бул тушунуктор, теориялык жактан француз окуштуусу, социолог Пьер Бурдьёнун изилдөөлөрүнө таянат. Мейкиндикке аныктама бергенде, Пьер Бурдьё, адам баласы жашап жаткан жердин үстүңкү бети (же *географиялык мейкиндик*) жана ага кошулуп, жер бетинде, табиятта бар болгон бардык физикалык материя (адам *тело* катары өзү да кирет), физикалык мейкиндик же физикалык мейкиндиктин предметтери болуп эсептелет. Адам баласы жасаган бардык физикалык предметтер жана социалдык проекциялар (*имараттар, айылдар, шаарлар, ж. б.*) да физикалык мейкиндиктин бөлүкчөлөрү катары каралат. Ал эми ошол жер бетинде жашаган жалпы адам баласы жана адам баласынын өз ара курган социалдык мамилелер системасы, социалдык мейкиндик деп аталат¹. Ал тургай, аталган социалдык мейкиндик же адам баласы, тело катары бир мамлекеттин мейкиндигинен, башка мамлекеттин мейкиндигине өтүп, интернационализация таасирине дуушар болуп да турат².

Социалдык мейкиндик

Социалдык мейкиндик- бул адам баласы жашаган, көрүп билип, сезип турган социалдык конструкция деп көргөзөт, П. Бурдьё. Физикалык мейкиндик өзүнчө турса жана анан көпчүлүк бөлүгү өзүнчө турган сыяктуу сезилсе да алар социалдык мейкиндиктин социалдык проекциясы. Пьер Бурдьё, мейкиндик социологиясын теориялык талдоого алып: *Адам баласынын бир тело катары жана биологиялык индивид катары, башка физикалык предметтер сыяктуу эле, географиялык мейкиндикте өз орду бар*”- деген пикирин айтат. Айрыкча, аталган окумуштуунун, *социалдык проекция* деген концепциясында мейкиндиктин социологиясындагы, коом менен физикалык мейкиндик ортосундагы мамилени канчалык бири бири менен интеграцияланып турганын көргөзүп берет. Б. а. социалдык проекция, бул физикалык мейкиндиктеги кайсы бир физикалык предметтин социалдык максатта проекцияланышы, курулушу жана түптөлүшү. Адам баласы социалдык проекция аркылуу, ар түрдүү физикалык мейкиндиктин предметтерин жаратат³. Бул сөздү мисал менен карай турган болсок, үй, (же *имарат, айыл, шаар, ж.б.*) бул физикалык мейкиндиктин бир предмети, жана ошол эле учурда, үй бул социалдык проекция. Кишилер тарабынан салынган жана кишилер аны өздөрү жашашы үчүн салышкан. Буга башка бир мисал бере турган болсок, эгер бак токойдо өссө, ал табигый жол менен пайда болгон физикалык мейкиндиктин предмети, себеби аны эч ким тиккен эмес. Табигый жол менен пайда болгон, токой да ошол эле бак сыяктуу физикалык мейкиндиктин предмети. А эгер бак шаар ичинде, көчөлөрдүн боюнда катар тигилген болсо, анда ал социалдык проекция. Себеби, ал кооздук, шаар ичинин тазалыгы, көркөмдүгү максатында, табигый жол менен эмес, адам баласы тарабынан тигилген жана адам баласынын колдонушу,

¹ Пьер Бурдьё, Физическое и социальное пространства (перевод: Н.А. Шматко)// *Социология социального пространства*, Санкт Петербург 2007, стр. 64-87.

² Дорен Месси, *Е Глобал Сенс оф Плейс (A global sense of place)*, Лондон, 2005, 146-бет.

³ Томас Герин, *Е Спейс фор Плейс ин Сосоиоложи (A Space for place in Sociology)*, 465-бет.

пайдаланышы максатында тигилген. Кайсы бир физикалык мейкиндиктин анын мыйзамдуу ээлөөчүлөрү/же жашоочуларынын кылган иши жана аларга убак убагы менен барып тургандар менен аныкталат. Мисалы, чач тарач физикалык мейкиндиктин предмети жана ал бир социалдык проекция. Кишилер ал жакка дайым чачтарын кырктырганга, жасатканга барышат. Себеби бул кишилер тарабынан курулган социалдык проекциянын коом үчүн өндүргөн мыйзамдуу кызматы чач кыркуу жана чач жасалгалоо. Эч ким ал жакка тамак ичүү үчүн барбайт. Банк, ашкана, мед пункт, баары кишилер тарабынан курулган жана коом үчүн өндүргөн мыйзамдуу кызматтарды өндүргөн социалдык проекциялар. Анри Лефевр аталган социалдык проекцияларды, курчап турган физикалык чөйрө менен бирге туулуунун территориясы карайт жана ар бир буюмдун туулаарын, картаарын жана өлөөрүн белгилейт. Б. а. адамдар, жан- жаныбарлар жана алар менен бирге физикалык материя да туулуунун территориясында жашайт⁴.

Мына ушул социалдык проекция түшүнүгү, социалдык мейкиндик менен физикалык мейкиндик ортосундагы эң так, анык мамилелердин бири болуп эсептелет.

Социалдык мейкиндик, физикалык жактан эки жол менен кыймыл аракетте болот:

1) Бул физикалык мейкиндик үстүндө ар түрдүү иштерди аткаруучу жана кызматтарды бөлүштүрүүчү физикалык күч сыяктуу;

2) Физикалык жактан конкреттүү бир локализацияда турган, жашаган индивиддер жана топтор.

Ошондо, социалдык мейкиндикти физикалык жактан кыймыл аракетте болгон бир механизм катары кароо туура болоору айтылат. Себеби адам өзү социалдык мейкиндиктин бөлүкчөсү катары, физикалык кыймыл аракетти дайым көргөзүп турат.

Адам баласы өзү социалдык жандык катары коомдун бир мүчөсү болсо да, анын *тело* катары физикалык мейкиндик ичинде орун алышы, социалдык мейкиндик менен физикалык мейкиндик ортосундагы мамиле дагы бир мисалы боло алат. Себеби адам өзү социалдык мейкиндиктин түзүүчүсү анын негизги предмети болсо да, ал өзү тело же көз менен көрүүгө боло турган физикалык тело катары, жер бетиндеги физикалык мейкиндиктин предметтери арасында орун алат. П. Бурдьеунун, социалдык мейкиндик менен физикалык мейкиндик ортосундагы байланыштын конкреттүү эмнелерден тураарын так көргөзгөн жогорудагы эки мүнөздөмөсү, мындан аркы мейкиндик-коом ортосундагы мамиле же мейкиндиктин социологиясы боюнча түшүнүктөр менен изилдөө ыкмаларына башат жана теориялык негиз болуп бере алат. Физикалык жана социалдык мейкиндиктер арасындагы мамилелерди караган америкалык социолог Герберт Ганстын, “Мейкиндиктин социологиясы: Колдонууга багытталган көз караш (*The Sociology of Space: A Use-Centered View*)” деген макаласында, мейкиндиктин социологиясын, *географиялык мейкиндик* менен *коом* ортосундагы, бир беткейликтен алыс, өтө ар тараптуу (*жана түрдүүлөнгөн*) байланыштарды көргөзүп турган түшүнүк катары белгилеши ду ушул жерде, жогоруу берилген пикирлерге шайкеш келет⁵.

Социалдык структуралар ичиндеги аң-сезимдик (менталдык) структуралар

Кайсы бир ээленген физикалык мейкиндиктин үстүндө, социалдык структуралар иштеп, кыймыл аракетте болуп турат. Ал социалдык структуралар, өз ичинен аң-сезимдик (менталдык) өзгөчөлүккө жараша ар башка талаага бөлүнөт жана бул ээленген физикалык мейкиндиктин өнүгүшүнө ар башка түрдө таасир берет⁶. Мисалга алсак, Чүй өрөөнүн Бишкектин Кара Балта тарабы анан Токмок тарабы деп экиге бөлсөк, статистика боюнча Кара Балта тарабында түштүк тараптан келгендер, ал эми Токмок тарабында Нарын, Ысык Көл жактан келгендер көп экен. Кара Балта тараптагы аң-сезимдик (менталдык) өзгөчөлүк ээ болгон структурага түштүктөн келген жер иштетүү ишин эң жакшы билгендердин таасиринен улам, Чүйдүн аталган бөлүгүндө, жер иштетүү, кампаларды куруу, жер иштетүү техникалары, ороо же дан-түшүм сактаган склад, ж. б. көп курулган. Ал эми, Токмок тарабы болсо алар деле жер иштетет бирок ал жакта Токмок тарабы түндүктүн же Нарын менен Ысык Көлдөн келгендердин аң-сезимдик (менталдык) өзгөчөлүгүнө жараша, мал кармагандар, (буга Кыргызстандагы эң чоң мал базары да Токмок шаарында орун алганы, уурда ал тарапта ар бир экинчи үчүнчү үйдө эң аз 3-4 баш мал кармашы да маанилүү көрсөткүч), мал сарайы бар чакан жана чоң сарайлары барлар бар. Демек, Чүйдүн эки тарабы, түндүк жана түштүк тараптан келген эки түрдүү аң-сезимдик (менталдык) өзгөчөлүгүнө жараша физикалык мейкиндикти затташтырышкан.

Социалдык мейкиндиктеги социалдык талаалар

⁴ Генри Лефевр, *Зе продаки оф Спейс (The production of space)*, Оксфорд 1991, 70-бет.

⁵ Герберт Ганс, *Зе Сосолюжи оф Спейс: Е Юз Сентеред Вью (The Sociology of Space: A Use-Centered View)*” Висконсин 2002, 34-бет.

⁶ Пьер Бурдье, *Физическое и социальное.*, 60-бет.

П, Бурдьё, бирдей, же бири бирине окшош жакын болгон кесип ээлери социалдык мейкиндиктеги өз өзүнчө социалдык талааларды түзүп тураарын айтат. Бурдьё, өзү француз болгондуктан дайым Францияны жана Парижди сүрөттөп берет. Мисалы, дейт ал, Париждин Медисон көчөсүндөгү картина саткандар менен, Фобур де Сент-Оноре көчөсүндө антиквариат саткандар булар бир социалдык талаа ичиндегилер, бир талаанын өкүлдөрү, балким бааны да бири бирине кеңешип коюшат. Себеби алар бири бири менен байланышта жана кайсы картинанын канча баага сатышаарын, кимисинде кандай антиквариат же антиквар картина бар экенин, алардын кайдан келгенин, кимиси кайдан алышаарын жакшы билишет. Бишкекте деле ошого жакын жагдайды учуратууга болот. Баткен базарындагы курулуш материалдарын саткан бала, ошол өзү саткан материалдардын Комфорт базарында канча баада сатылаарын, анын Таатан маркетинде канчага бааланаарын, кимисинин курулуш материалдарды кайдан алаарын (Түркия, Орусия, Кытай продукциялары, ж. б.) баарын билип, ал тургай алар бир социалдык талаанын өкүлдөрү болгондуктан, бири бири менен кабарлашып, ага жараша баасын да бычып турушат.

Социалдык мейкиндиктеги социалдык иерархиялык талаалар

Социалдык мейкиндик ичинен социалдык иерархиялык талааларга бөлүнүп турат. Мисалы, ошол эле Парижде, Медисон көчөсүндө, Фобур де Сент-Оноре көчөсүндө жана Бешинчи көчөдө булагаары бут кийим саткандар бар. Бирок Фобур де Сент-Оноре көчөсүндө эң жогорку таанымал бренддеги бут кийимдер жана ал жерден соода кылган белгилүү клиентурасы *өзүнүн клиенттери* бар⁷. Ал эми Медисон көчөсүндө деле бренд бут кийимдер бар, бирок ал жактын бренди орточо таанымал жана баасы да арзаныраак. Акчалуу бирок Фобур де Сент-Оноре көчөсүндө соода кылууга көп шарты жоктор, Медисон көчөсүнөн соода кылышат. Ал эми Бешинчи көчөдө, баа бир топ арзан, ал жакта карапайым калк, орто чарба кишилер барып соода кылып бут кийим алышат. Биз ошондо жогорудагы үч көчөдө соода кылган кардарларды ошол көчөлөргө карап, эң байлар ламборджини айдагандар, ортоңку көчөдө соода кылгандарды жөнөкөй кымбат машина айдагандар жана эң төмөнкү көчөдөн соода кылгандарды болсо начарыраак, экинчи колдон машина айдагандар деп экономикалык жактан иерархияга бөлүп же аларды, социалдык мейкиндиктеги социалдык иерархиялык үч талааны түзүп тургандар катары карасак болот. Бирок биз муну жеке эле Париждиктер деп карбайбыз. Мисалы, Кыргызстандан, Кытайдан же Россиядан баргандар парижге барганда, да ошол эле социалдык талааларга киришет. Себеби мейли Кыргызстандан, мейли Кытайдан же Россиядан барса деле ал, ошол өзүнүн экономикалык абалына жараша Фобур де Сент-Оноре көчөсүнөн, Медисон көчөсүнөн же Бешинчи көчөдөн соода кылат. Демек, Париждеги булгаары саткан дүкөндөрбү же Стамбулдагы тери тон саткан көчөлөрдү айырмасы жок, мейли дүкөндөрдө сатылган товарлардын сапатына мейли баасына жараша, мейли өздөрүнүн кесибине, эс алуу шартына жараша болсун айырмасы жок, дүйнө коомчулугу социалдык мейкиндик катары өз ичинен социалдык иерархиялык талааларга тегиз бөлүнүп турат. Буга дагы бир кичине мисал берсек, Кыргызстанда азыр үй-бүлөсү менен жылына бир жолу Дубайда, Түркияда же башка бири өлкөдө эс алып келген үй-бүлөлөр бар. Ошол элу учурда башка өлкөлөрдөн да жылына бир жолу Дубайда, Түркияда же башка бири өлкөдө эс алып келген ошого шарты туура келген үй-бүлөлөр бар. Аталган эки топ бир социалдык иерархиялык тараллага киришет. Ошондой эле, Кыргызстанда азыр үй-бүлөсү Дубайга Түркияга эмес, андан арзаныраак чыгым жумшап, жылына бир Ысык Көлдө эс алып келген үй-бүлөлөр бар. Алардын Дубайга эс алганга шарты жок. Алар эң алыс Ысык Көлгө барып эс алганга мүмкүнчүлүктөрү жетет. Ошол элу учурда башка өлкөлөрдө өздөрүнүн Ысык Көл сыяктуу жеринде жылына бир эс алып келген ошого шарты туура келген үй-бүлөлөр бар. Булар Дубайдан экономикалык жактан бир аз төмөн болгондор жана бир социалдык иерархиялык талаага киргендер болуп эсептелет. Ал эми сыртка чыга албай, Бишкек ичинде же өзү жашаган жерде гана эс алгандар, башка жакка барганга шарты жок болгондор ар бир өлкөдө бар. Булар да өзүнчө социалдык иерархияга кирген, үчүнчү топту түзүп турган, социалдык мейкиндик ичиндеги үч башка социалдык иерархиялык талааны түзүп тургандар болп эсептелет.

Коомдук мейкиндик (public space)

Коомдук мейкиндиктер, бул баары үчүн доступный болгон мейкиндиктер. Жана бул мейкиндиктин саясий маанси өтө чоона бул мейкиндиктин саясий маанси өтө чоң. Бардык саясий иш чаралар коомдук мейкиндикте ишке ашат. Ар ким өз жеке мейкиндигинен чыгат келип, коомдук мейкиндикте башкалар менен биригет. Андай жерде жакын жашаган кошуналар кээде чогулуп ал ахвал сурашышат. Ар түрдүү саясий темаларды талкуулашат. Жана керек болсо, саясий иштерге да аралашып кетишет. Бардык коомдук мейкиндиктер, бул саясий иштерди ишке ашышына шарт түзгөн жерлер. Диктаторлор андай

⁷ Пьер Бурдьё, Физическое и социальное., 65-бет.

жергек элді күч менен алып барышқан. Көчөлөр, концерт берүүчү клубдар, кино театрлар, мектептин, айыл өкмөттүн оозу, ж.б. жерлерде кээбир саясатчылар элді топтой калып, бир нереге үгүттөнгө жетишишет. Гитлер, элді өзүнө тартууга ошондой коомдук мейкиндиктерди эн жакшы колдонгон. Бирок кызык жери, эл өнүккөн сайын, андай коомдук жердеги сүйлөшкөгө сөздөргө көп аралашпай калды. Кээбири жумуштан кеч келет, кээбири эрте кетет. Кыскасы, эл ар ким, өзүнүн жеке мейкиндиги ичинде. Саясатчылар болсо маалымат технологиясы жардамы менен алардын жеке мейкиндиги ичине кирүүнүн да жолун табышты. Бул ТВ, гезит жана радиолор жардамы менен саясатчылар жеке менчик ичине эшик каккылап кирбесе да теле радио аркылуу ар бири үйдүн ичине виртуалдуу түрдө кирип, айтайын дегененин толук жеткире алышат. Менин пикиримде, ТВ радио аркылуу, башкалар жеке мейкиндик болгон үйлөр ичинде, “виртуалдуу коомдук мейкиндик” куруу жолун табышкан.

Колдонулган адабияттар:

1Дорен Месси, *Е Глобал Сенс оф Плейс (A global sense of place)*, Лондон, 2005, 146-бет.

2Генри Лефевр *Зе продаки оф Спейс (The production of space)*, Оксфорд 1991, 70-бет.

3Герберт Ганс, *Зе Сосоиологи оф Спейс: Е Юз Сентеред Виу (The Sociology of Space: A Use-Centered View)*” Висконсин 2002, 34-бет.

4Пьер Бурдьё, *Физическое и социальное пространства (перевод: Н.А. Шматко) // Социология социального пространства*, Санкт Петербург 2007, стр. 64-87.

5Томас Герин, *Е Спейс фор Плейс ин Сосоиологи (A Space for place in Sociology)*, 465-бет.

ӘОЖ: 821.512.122.09

М.Наметова¹, М.Жүнісова

¹*6М011700-Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 2-курс магистранты,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті*

²*Ғылыми жетекші, ф.ғ.к., доцент*

«ҚАЗАҚ ӘЙЕЛІ» ТҰЖЫРЫМЫНЫҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ СИПАТЫ
(Г.Мүсірепов шығармалары бойынша)

Аңдатпа

Мақалада жазушы Ғабит Мүсіреповтың шығармаларындағы ана, әйел, қыз тұжырымдарын суреттеуге пайдаланған танымдық модельдері қарастырылды. Мақаланың дереккөздері ретінде жазушының бірнеше шығармалары алынды. Олардың ішінде ұлттық танымдағы тілдік әдени құндылықтар талданды.

Кілт сөздер: Қазақ әйелі тұжырымы, танымдық немесе когнитивтік модель, сұлулық, бауырмалдық, гендерлік қарым-қатынас

М.Наметова¹, М.Жунисова²

¹*магистрант 2-курса по специальности «6М011700 - Казахский язык и литература»,
Казахский национальный педагогический университет им. Абая*

²*Научный руководитель, к.ф.н., доцент*

ЛИНГВОКУЛЬТУРОЛОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ КОНЦЕПТА
«КАЗАХСКАЯ ЖЕНЩИНА»
(по материалам Г.Мусреповы)

Аннотация

В данной работе рассматриваются когнитивные модели, используемые автором Габитом Мусреповым для описания выводов матери, женщины, девушки. В качестве исходных статей были получены несколько работ автора. Среди них языковые культурные ценности национальной идентичности.

Ключевые слова: когнитивная, познавательная или когнитивная модель Казахской женщины,

красота, родственность, гендерные отношения

Nametova M.¹, Zhunisova M.²

¹Master of 2 courses in the specialty «6M011700 - Kazakh language and literature»,
Kazakh National Pedagogical University Abai

²Scientific adviser, docent, candidate of philological sciences

LINGUISTIC AND CULTURAL ASPECTS OF THE CONCEPT «KAZAKH WOMAN» (based on the materials of G.Musrepov)

Annotation

In this paper, we consider cognitive models used by the author Gabit Musrepov to describe the findings of the mother, the woman, the girl. As the initial articles, several works of the author were obtained. Among them are linguistic cultural values of national identity.

Key words: cognitive, cognitive or cognitive model of the Kazakh woman, beauty, relationship, gender relations

Көркем сөз шебері Ғ.Мүсіреповтің шығармаларында қазақ әйелінің сыртқы сыр-сымбаты мен ішкі рухани әлемінің сан қатпарлы, мол иірімді ерекшеліктерін, ұлттық-мәдени белгілерін танытатын, жоғарыда аталған коннотацияларға дәлел бола алатын айрықша лингвомәдени бірліктер жиі кездеседі. Біздіңше, оларды шартты түрде мынадай когнитивтік модельдер арқылы көрсетуге болады:

1) «Сұлулық» тұжырымы:

Шешесі еркек көзі бір қадалмай өте алмас ажарлы адам екен...

Шешесі Несібелі сұлу да сүйкімді кісі еді, соған тартқан ғой... Уысың толар бұрымның астынан мойны азараңдайды, қара көз, ақ маңдай... Сұлулығы жеңсе, есінен айрылып қалатын, естілігі жеңсе, сұлулығынан айрылып қалатын қыздар аз болмайды. Естілігі толыққан сайын сұлулығы да толығы беретін қыздар болатын... Әр әйел өзінше сұлу болу керек, қара ат сұлу ма, торы ат сұлу ма демейміз ғой? Көркем сұлу дейміз, ажарлы дейміз, сүйкімді дейміз, сымбатты дейміз, бәденді дейміз... [1]. Қамыс басының сыбдырын аңдыған елік лағындай, аяғын тықырсыз басып, елең қағып, ауыз қораның қақпасына жақындады. Тас бедерін шымылып басқан елік баласындай, бар денесінде сергек те ширақ сұлулық бар екен [2].

2) «Бауырмалдылық» тұжырымы:

Айтолқынның бәлденіп-баптанып болуына қарамай, Шынар Ұлпан тобына барып қысылып қалды. Құшақтаса кетердей үзіле қарап келеді, Ұлпан да сондай күйде екен.

- Сенбісің, ей, айналайын? – деді.

- Мен ғой...

- Айналайын-ай, қандай бауырмал едің? – деп Несібелі Шынардың бетінен сүйді (Ғ. Мүсірепов. Ұлпан).

3) «Қарапайымдылық, ақылдылық» тұжырымы:

Жас әйел Ұлпан асқан ақылды адам еді. Өз айтарын әуелі Есенеіге байлатып алып жүр. Есенеі де «мына қатын былай деп еді» деп Ұлпанның атын шығара сөйлейді (Ғ. Мүсірепов. Ұлпан). Итаришысы көп, татымы жоқ, тұяқ санаған бос өмірден көңілі суынған, қызығары қалмаған Көпей мырзалық-сараңдықты сән көрмей, алыс-жақынға бірдей қарайтын. Жұманды жұрт ұната алмайтын да, Көпейді қия алмайтын [2, 33].

4) Қазақ әйелі өз ұлтын мақтан тұтады, халқына жанашыр:

- Көсем болып алған соң бұл әйел не істей алды?

- О, істемегені жоқ!.. Есенеідің барлық жерін еліне бөліп берді. Бөліп бергенде біздердей біреуге ана жақтан, біреуге мына жақтан аттамалатып берген жоқ, ауыл-ауылға қыстауды да, егінді шабындық жерді де тұтас берді... Бұл араның қазағына егін салдырды, шөп шаптырды, қыстау салғызды [1].

5) Қазақ әйелі жаңаға үйір:

Әуелі жолды, одан соң үш ат жеккен пәуескені Ұлпан көңіліне бір түйіп алды... Ұлпанның ойына «орыс үйі» деген тағы бір түйін байланды... Ұлпан монша деген тағы бір түйіншекті көңіліне түйіп

алды...

6) Қазақ әйелі – салт-дәстүрді сақтаушы:

Ұлпан үлкендерге бұрылып бір тізелеп сәлем етті. Шынар да соны істеді, ұяла, ұяла, бетін жсаулығымен бүркемелеп сәлем етті [1].

Сөз зергері Ғ. Мүсірепов халықтың рухани және материалдық мәдениетін, салт-дәстүрін, төл тарихын, дүниеге көзқарасын, ұлттық болмысын таныту, ұлттық рухты бойына сіңіру әйел-ананың жан-дүниесінде тұтасып, жинақталғанын шығармаларына алтын арқау етіп өреді. Жазушының әйел туралы туындылары біріктірілген «Қазақ әйелі» циклі оқырмандарға *Нағима, Ақлима, Күләш, Майра, Ұлпан* т.б. әйел-аналар бейнесі арқылы қазақ әйеліне тән дүниетанымды танытады.

Ғ. Мүсірепов ескі мен жаңа заманның тартысын «ер мен әйел» қарым қатынасы арқылы ұлттық болмысқа сай етіп шебер бейнелейді:

Жұман ұзын қара бурыл аттан түсе қалды да, үлкен ақ үйін тіктіре бастады. Қаңтарулы аты қасында, қамшы мен шылбыр белінде. Көпей бәйбішесінің қай жерден қапы кетерін аңдып, ақырып қалуға әзір отыр. Бұл мінезге он бесінен үйреніскен бәйбішесі баяу қозғалса да, бабын тауып, мін тақтырар емес [2].

Ерінің бір ескерткенін ендігәрі қайталаптауға дағдыланған сылаң тоқал *Айғаниша* қысыр жыландай жүйткіп жүр. Кілем-көрпе төсеулі, күмістеткен сары ала тегене сапырулы, керектінің бәрі бар, артық еш нәрсе жоқ. Көшіп шыққаннан бергі он екі күннің ішінде (*Игілік*) *биден* бір хабар алмаса да, дәл бүгін осы арадан кездесетінін білгендей, *Айғаниша* бәрін бапты ұстапты [2, 10].

Жазушы танымындағы «қыз» концептісін төмендегі мәтін арқылы беруге болады: *Шешесіне тартқан үлкен қара көзді, қара торының әдемісі аталып келе жатқан, бар мінезі әдептен жсаралғандай, ұялиақ Назыкеш үйге кірді де, қою кірпіктерін қазуға да бата алмай, үнін де шығара алмай Айғанишаға қарап тұрып қалды. Көп үстіне амалсыз кіргендігінен ұялып, қызарып барады. Отыра кетуге ұялып тұрған жас қыздың енді ғана жұмырлануға бет алған тіп-тік денесі де түгел көзге түсіп қалды. Ашылуға ұялып тұрған еріндер бір ауыз сөз айта алар емес. Жаратылысында аз ғана күлімдеп тұратын тұнық қара көздерінің жанары қызғылттау ұшқын шашып, танадай жарқырайды* [2, 28].

Ал мына мысал қазақ халқының әйел мен бойжеткен қыздың көпшілік жиналған жердегі әдеп нормасының тілдік дәйегі болып табылады:

– *Ие, жай келген жоқсың ғой. Апаңның дені сау ма? Ұялатын боп, бой жетіп қалыпсың ғой өзің!.. – деген Айғанишаның ақырын сыбыры еміс-еміс қана естіледі де, Назыкештің бірдеме дегені күрең тақияға тағылған бір шоқ үкінің дірілінен ғана байқалады* [2, 28].

Әйел бойындағы сезімталдық, алдағыны болжар көрегенділік пен сұңғылалық бүгінгі тілмен айтсақ, «*әйел – дипломат*» деуге негіз болады:

Жұманмен жылдар бойына созылатын даулар Көпеймен бір-ақ кездескенде бітіп қалатыны да болушы еді. Жұман дауласып дау ала алмайтынын жақсы білетін Көпей бәйбіше, сол абыройсыздыққа жібермей, көп нәрселерді ептеп жіберетін [2, 32].

Ғ.Мүсірепов танымындағы «ана» тұжырымының көрінісі:

1. «Ана сұлу, ана бақытты» когнитивтік моделі:

«Айналайын, күнім, Биазам» деп, баласын бауырына қыса түсіп жатып, әйел қалғып кетті. Бар бейнеті ұмытылған. Жадыраған жүзіне ана сұлулығы, ана бақыты шыға келіпті... Мұндай мейірімді сұлулық ана жүзіне ғана шыға алса керек... Жүзіне осындай мейірім шыға келгенде ғана ана сұлулығы танылса керек... [3].

2. «Ана арұят, обал сауап» когнитивтік моделі:

«Сорлы ана денесінен дене бөлініп, бір адам екіге бөлініп, ауыр бейнеттің ақтық сағатын өткізіп жатыр.

Кет деймін... Неткен ұятсыз едің... дейді әйел, әлсіреген қолдарымен мені кеудеге итеріп»

«Бала бажылдап қояды. Мен үй тасасында әйелді қымызға шомылдырдым.

–Қымыз исі келе ме, немене? – деді әйел. – Обалай...» [4].

3. «Ана – мейірім» когнитивтік моделі:

«Ана тал түбінде жұдырығын түйіп жатқан қызыл адамға мейірімді көзінің барлық нұрын төгіп қараған сайын бетіне қан жүгіреді. Ананың нұрлы көзі баланы ақырын ғана, еркелетіп қана сипағандай болады. Таңертеңгі тымықта күннің көзі ғана осылай сипай алады дүниені» [4].

4. «Ана – өмірдің иесі» когнитивтік моделі:

«Бұл әйелдің неге мұңия күшті екенін түсіндім деп ойлаймын. Бұл өмірдің иесі, бұл ана, бұл ұлын сүйеді. Ұлын сүйі, ол ұлы өмірдің бір ұшқыны ғой. Кім біледі, мүмкін, ол ұшқыннан әлденеше ғасырға

кететін жалын туар... Мүмкін жерді жылытып, бақыт себетін адам болар... » [5].

5. **«Ана – әділ кесім шығарушы»** когнитивтік моделі:

Бұдан әрі сөйлесер сөз қалмағанын Мария ана да мана білген. Сондықтан әрі азамат, әр ана, ананың айнымас кесімін айтты:

Өлім егушіге – өлім! – деді. Үстіндегі қара киімін баласының кеудесіне жапты да, жарқылдаған қанжарды қара жүрекке қадап жіберді. Баласының жүрегі қай жерде екенін жақсы білетін ана қолы қателескен жоқ: қанішер тырп етпестен қатып қалды [6].

6. **«Ана – баласы үшін отқа да, суға түсуші»** когнитивтік моделі:

«Нағып қорықпай қуып келдің демендер: он бесімде өзім де тап осы қызымдай едім; сендердің қолдарыңда кетсе, енді он бес жылдан кейін қызым да тап қазіргі мендей болмай ма? Мен үшін бұдан артық қорқыныш та жоқ, қорлық та жоқ. Сол мені айдап әкелген! Берсеңдер, тірі алып қайтам, бермесеңдер өлі алып қайтам! – дейді» [7]. «Өзім көзім қарайып, обалымды пышаққа артып, қанымды шашайын деп жүрген адам, сар кездікті жұлып алып, жүгіріп келіп шалқасынан жатқан болыстың жұтқынишағынан салып кеп жібердім. Сағалатып тұрып өкпе тұстан тағы бірекі рет бұлғап бұлғап алдым да, ұмтылдым ай кеп Қара сақалға... » [8].

7. **«Ана – қайсарлық үлгісі»** когнитивтік моделі:

«Тек отыз өрім қамшы ғана әйел арқасында жыландай ысылдайды. Аанада үн жоқ. Асыл жігер мен құр өктем күш кездесіп қалып, біріне бірі тізе бүгер емес... Қамшы сарт ете қалғанда ана көзінен от ұшқыны да жалт етіп қалады. .. Ана тістері тіл қақпасын тас бекітіп тастапты, қарысып қалған жақтары тісті тіске айқастыра түседі... » [9].

8. **«Ананың жүрегі кең»** когнитивтік моделі:

«Енді, міне, Ақлима апай көрінген жұртқа балам келе жатыр деп, күтіп отыр. Кесілген томардай мүгедек емес, қанатын кере сілтеп, ақ иық, мұзбалағы ұшып келе жатқандай күтеді. Өз ұлының аты Қасым екенін қмытып кеткендей, Сапар жаным келе жатыр деп күтеді...» [10].

«Жарқын жүзді, жайдары мінезді, балажан Әмина балалар үшін өз шешелерін ұмыттырған шеше еді. Мейірімді шеше, сергек шеше, сенімді шеше. Қай баланың аяғына қай күні қандай шөгір кіргенін білетін шеше. Балаларға оның жымығаны да қуаныш, арқасынан қаққаны да қуаныш, болмашы бірдемені айтқаны да қуаныш» [11].

Ғ.Мүсіреповтің суреттеуіндегі әйел-ана – балаларға ана тілінің байлығын, «жалынды сөз, жанды сөз, астарлы сөздердің» айтылуын, мән-мағынасын үйрететін, сөз құдіретін нәзік сезінетін, ұлттық салт-дәстүрлерді сақтаушы әйел. Мысалы, «- **Күйеужан**, өзің де төменірек ысырыл. **Қайын жұртына** келгенде **күйеу** жоғары отырмайды, **қалыңдық** жоғары отырады, - деді Айжидек деген жеңгем.

- Онда сіздің елде қалың мал төлейтін **күйеу** емес, **қалыңдық** болды ғой! - деді Күйекбай.

Айжидек тілді адам еді - Шырағым, **құдай қосқан жарың** болсын десең, сауда - саттығыңды бұл араға әкеліп тықпалама! - деді.

- **Қазақта сатып алмаған қатын бар деп естіген емеспін!** - деді біздің болашақ жарымыз.

- **Шырағым, күйеужан**, білгің келсе, қазақта саудагер деген арам сирақ шыққаниша **бір қыз сатылған емес! Қазақтың «қалың мал» деп алатыны-жасау деп беретінімен түп - түгел қайтарылып отырады. Оның шын аты - екі жақтың да балаларына бөліп шығарған еншісі болатын. Ауылыңда есі дұрыс ақсақалың болса, әуелі содан сұрап келіп айтыс менімен!**» - деді Айжидек» [12].

Қазақ халқының салт-дәстүрінде әйелдер өзі келін боп түскен әулеттің үлкендерінің атын атамай, оларға лайықты ат қоюға тиісті болғаны белгілі. О баста табумен байланыстырылған «ат тергеу» дәстүрі бейнеленетін дүние суретінің ұлттық сипатын, ұлттық бояу-нақышын білдірумен бірге шығарма кейіпкерлерінің мінез-құлқын сипаттайтын тілдік амал-тәсілдерге де жатады. Мысалы,

Жеңешек-ау, айта ғойшы, Жігітжан қайда? Манадан бері іздеп таба алмай жүрміз... Қыз қайда, жеңеше?.. [13, 44].

Қазақ есімдерін зерттеген белгілі ғалым Т.Жанұзақов: «...ат тергеуде әйелдердің мәндес сөздерді (синонимдер) шебер қолданғаны байқалады. Бұның өзі әйелдердің ой-өрісінің кеңдігін және тіл байлығының байтақтығын көрсетеді. Ат тергеу дәстүрінде олардың ерекше тапқырлығы, ойының ұшқырлығы, қара сөзге дес бермейтін шешендігі көрініп тұрады» дегенді айтады [14, 35], [15, 38]. Жоғарыда келтірілген мысалда қайынсіңлісіне ат қоярда жеңгелерінің не себепті қарама-қарсы жыныс атауын қолданғанын төмендегі пресуппозициядан түсінуге болады: ...**қалың қасіреттің ойнағы етіп, Шәйзаны ауыр тұрмыс илегендей... Бірақ, бұлардан Шәйза мұқалмаған: қайғыға қарсы тұрған тұла бойы қайрат тәрізді... Әйел баламын деп үйде отырмайды. Терезені алып қалған ақ күртікті қопаратын да Шәйза, қамыс қопаратын да Шәйза. Екі сиырдың астын тазалап, шөбін салатын да Шәйза. Шәйза**

мұның бәріне де қабақ шытпайды. Қайта сығырайған қоңыр үйшіктен жарық дүниеге шыға келіп, сояу қамысты қос қолдап суырғанда, шері тарқағандай болады. Алқымына тығылып тұрған бірдеме лықсып төгіліп, Шәйзаның кеудесі босағандай болады... Екі қолдың қаруы талай суырманы тұмсықсыз, талай күректі сапсыз қалдырды. Шәйзаның үсті-басы қайнаған қайрат [2].

Жаратылысы нәзік қыз болса да, бас көтерер әкесі болмағандықтан, кедейліктен ауыр тұрмыстың тауқыметі басына түскен соң оған амалсыз мойынсұнып, өзін қайрап, ерлерге тән қайсарлықпен әйел төтеп бере алмайтын ауыр жүкті қабақ шытпай көтерген қайынсіңлісінің болмысын дөп танып, дәл басқан қазақ әйелдерінің тапқырлығына таң қалмасқа болмайды. «Ат тергеу» қазақ келіндерінің тапқырлығы мен ойлау жүйесінің ерекшелігін танытады. Осыған қатысты мысалдарды өз туындыларында қазақ халқының шынайы болмысын, дүниетанымын, ұлттық психологиясын, менталитетін дөп басып, шебер таныта білген Ғ. Мүсіреповтің шығармаларынан көптеп кездестіруге болады. Мысалы,

– Ойбай, қайнағаның үйіндегі шешей-ау, бұдан артық не болар деп отырсың!.. Осы қаланың бәрі көріпті. **«Бұзау атаң»** үйінің баласы да, **«Шикіл»** шалдың қатыны да, үлкен баласы да, **«Төрттен астам»** үйінің келіні де, **«Таза жігіт»** үйіндегі солбыр да, **«Сәтсіз күн»** үйіндегі **«Шаппа»** да көріпті [13, 82].

...Одан соң әйелдердің бір қасиеті, жұрт алдында шалабы шайқала бастаған адамды жүндей түтеді. Бұрын біреуі оп-орынсыз-ақ **«Төре жігіт»**, **«Жалқы жігіт»**, **«Ауылнай»**, **«Тентегім»**, **«Ортанишым»**, қайнаға деп, атын атамай «сыйлап» жүрсе, оның мысы шыққан минутта-ақ атын атап, атына атақ қосып жібереді. Сиыры құрысын, өлмесе өрем қапсын, керек болса ауылнайдың өзі асырап аор, енді ол қораның маңына барма деп, «әлгіні» үйден шығармай қойдым... [13, 102-103].

Күйеуінің туыстарына ат қоюға шебер қазақтың бұрынғы келіндері қандай жағдай болса да, олардың өз аттарын тікелей атамай, өзге жанама аттармен шебер ауыстырып, қиыннан жол тауып отырғаны аталған мысалдардан айқын көрінеді. Мысалы, **«Төрттен астам»** - Бесбай, **«Жүзден жиырмасы кем»** - Сексен, **«Бұзау атаң»** - Танабай, **«Сәтсіз күн»** - Сейсенбай, **«Шаппа»** - Балта, **«Шикіл»** - Сарыбай есімді қайыната, қайнаға екенін қазаққа тән тұрмыс-тіршілік, әдет-ғұрып, салт-дәстүрінен хабары бар әрбір адам оңай шеше алады.

Манадан ешкімді кездестіре алмай тұрған әйел, асығыс болса да, аз кідіріп, қарай қалған Байшегірге алыстан айқайлап:

– Үлкен кісі, **жүзден жиырмасы кем** ауылының жігіттері қайда жатады екен? Білсеңіз, жөн сілтеп жіберіңізші, – деді.

Әйелдің сұрап тұрғаны **Сексен** ауылының жігіттері екенін аңғармай қалған Байшегір:

– Шырағым, ондай оспағыңа шорқақ едім... Пайғамбардың ауылы болса да, атын аташы! – деді.

Әйел біреу естіп қалмас па екен дегендей, айнала бір қаранып алды да:

– Тәңірі деген, **жүзге жиырмасы жетпесе сексен болмайтын ба еді!... Сексен ауылының жігіттерін сұраймын, – деді енді тұрасынан тартып.**

– Е, **Сексен** ауылының жігіттері ме? Ана баракта, арғы шеткісі... – деп Байшегір иегімен нұсқап еді [2].

Үлкен адамның атын атау келін үшін анайылық, көргенсіздік деген халқымыздың «ат тергеу» салтын ізеттілік, әдеп-иба, көргенділік пен тектіліктің биік көрінісі, ғажап үлгісі санаған.

Қорыта келгенде, жоғарыда келтірілген жазушы Ғабит Мүсіреповтың шығармаларындағы тұжырымдардан аңғаратынымыз, әйелдің, ананың, қыздың рухани жан-дүниесін, психологиясын, әйелдерге тән өжеттікті шынайы суреткерлікпен көрсете білген. Қазақ анасының тамаша көркем сөзбен жеткізген шебердің суреткерлікті танымыз, ұлттық құндылыққа бай дүниелер деп бағалаймыз.

Әдебиеттер:

1 Мүсірепов Ғ. Ұлан. 2003, 1974. 12б.

2 Мүсірепов Ғ. Оянған өлке. 1953. 2б.

3 Мүсірепов Ғ. Екінші Би аға. 1991. 3б.

4 Мүсірепов Ғ. Адамның анасы. 1933. 2б.

5 Мүсірепов Ғ. Өлімді жеңген ана. 1933. – 5 б.

6 Мүсірепов Ғ. Ашынған ана. 1934. – 6 б.

7 Мүсірепов Ғ. Ананың анасы. 1933. 5б.

8 Мүсірепов Ғ. Ана кесімі айнымайды. 1935. – 3 б.

9 Мүсірепов Ғ. Ананың арашасы. 1934. – 4 б.

10 Мүсірепов Ғ. Ақлима. 1944.8б.

11 Мүсірепов Ғ. Әмина. 1944. 6б.

12 Мүсірепов Ғ. Қазақ әйелі. 1982. 25б.

13 Мүсірепов Ф. Таңдамалы. Үш томдық. – Алматы, Жазушы. 1989. 521б.

14 Наметова М. Ф. Мүсіреповтің «Ұлан» романындағы әйел сөз саптауының психолінгвистикалық қыры // Исаев оқулары конференция. 2017. 35б.

15 Наметова М. Ф. Мүсірепов шығармаларының тілі. Құрышжанов оқулары конференция. 2017 - 38 б.
ӘОЖ: 338.1

З.Абпаз

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕҢБЕК НАРЫҒЫНЫҢ АХУАЛЫ

Аңдатпа

Еліміздің әлеуметтік саясатының басты мақсаты – халықтың әл-ауқатын арттыруға қол жеткізу болып табылады. Жұмыспен қамтудың белсенді саясатын жүргізу Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметінің негізгі әлеуметтік басымдықтарының бірі болып табылады. Жұмыспен лайықты қамтуды қамтамасыз ету – халықты әлеуметтік қорғаудың негізі, адам ресурстары әлеуетін дамыту және іске асырудың маңызды шарты, қоғамдық байлықтың артуы мен өмір сүру сапасын жақсартудың басты құралы. Еңбекке жарамды адамдарды жұмыспен қамту аса күрделі әрі мемлекеттік маңызды мәселе.

Түйін сөздер: еңбек нарығы, жұмыспен қамту, жұмыссыздық, жұмыс орны, даму, экономика, ресурс, статистика, кәсіп, маман, интернет – ресурс

Абпаз З.

Казахский Национальный Педагогический Университет имени Абая, г.Алматы, Казахстан

СОСТОЯНИЕ РЫНКА ТРУДА В СОВРЕМЕННОМ КАЗАХСТАНЕ

Аннотация

Основной целью социальной политики страны является достижение благосостояния населения. Активная политика занятости является одним из основных социальных приоритетов Правительства Республики Казахстан. Обеспечение достойной занятости - основа социальной защиты населения, важнейшее условие развития и реализации кадрового потенциала, основные средства повышения общественного благосостояния и улучшения качества жизни. Занятость людей с ограниченными возможностями - очень сложная и важная проблема.

Ключевые слова: рынок труда, занятость, безработица, рабочее место, развитие, экономика, ресурсы, статистика, профессия, эксперт, интернет-ресурс

THE STATUS OF THE LABOR MARKET IN CONTEMPORARY KAZAKHSTAN

Abpaz Z.

Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan

Annotation

The main goal of the country's social policy is to achieve the well-being of the population. Active employment policy is one of the main social priorities of the Government of the Republic of Kazakhstan. Ensuring decent employment is the basis of social protection of the population, the most important condition for the development and implementation of human resources, the main means of increasing public welfare and improving the quality of life. Employment of people with disabilities is a very complex and important problem.

Keywords: market labor, livelihood, unemployment, working place, development, economy, resource, statistics, professional, expert, internet resource

Кіріспе. Әлемдік экономикалық дағдарыс жағдайында нәтижелі әлеуметтік саясат – халықты жұмыспен тұрлаулы қамту саясаты болып келеді және болып қала береді. Осыған байланысты халыққа

әлеуметтік көмек көрсету саясаты әлеуметтік топтардың мұқтаждықтарымен айқындалмай, қайта еңбекке қабілетті азаматтарды жұмысшылар қатарына қосуға даярлау міндеті шегінде шоғырлануы тиіс. Еңбекке қабілетті азаматтарға қолдау көрсетудің мемлекеттік жүйесі жұмысқа мұқтаж адамдардың оқып-үйренуі мен жаңа кәсіпті игеруіне ынталандыру бағытында құрылуы тиіс. Қазіргі таңда еліміздегі еңбек нарығы экономикалық жүйенің ерекше инфроқұрылымына айналып отыр. Біздің нарықта басқа нарықтағыдай сұраныс және ұсыныс заңдары, жұмыс күшін сату-сатып алу жетілген бәсеке нарығы жағдайында жүретін болса, жетілмеген бәсеке нарығының ерекше ықпалы байқалып отырады.

Зерттеу әдістері. Осы мақсатқа жету үшін біз отандық және шетелдік зерттеушілердің еліміздегі еңбек нарығы және адамдарды жұмыспен қамтудың статистикалық деректерді талдауға, сондай-ақ нарықтағы отандық және шетелдік еңбек нарығы бойынша негізгі мәселесіне шолу жасайтын жұмысын қарастырдық. Қазіргі кезде еңбек нарығы бойынша халықтың әлеуметтік ахуалының даму тенденциялары, сондай-ақ орын алған өзгерістерді анықтайтын факторлар байқалады.

Нәтижесі. Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарына енгізілген халықты жұмыспен қамту жөніндегі көрсеткіштердің мәнін есептеудің осы Әдістемесі мемлекеттік жоспарлау жүйесі мен мемлекеттік статистиканы синхрондау мақсатында әзірленді. Бағдарламалық құжаттардың тізімі төменде көрсетілген:

- 1) Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясы;
- 2) Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары, Елдің аумақтық-кеңістік дамуының болжамды схемасы;
- 3) Аумақтарды дамытудың 5 жылға арналған бағдарламасы;
- 4) Еңбек Министрлігінің 2011-2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары;
- 5) «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасы.

Көрсеткіштердің мәндерін есептеу есепке алу және талдау үшін мынадай көрсеткіштер бойынша жүргізіледі:

- кәсіптік оқытуға жіберілген адамдардың үлес салмағы (халықты жұмыспен қамту органдарына жәрдем сұрап өтініш білдіргендердің қатарындағы) %;
- Жұмыспен қамту 2020 жол картасына (бұдан әрі – ЖЖК 2020) қатысушылардың арасында қайта даярлаумен және біліктілігін арттырумен, кәсіпкерлік негіздеріне оқытумен қамтылғандардың үлес салмағы;
- ЖЖК 2020 қатысу мәселесі бойынша өтініші білдіргендер қатарындағы, бағдарламаның іс-шараларымен қамтылған азаматтардың үлес салмағы;
- ЖЖК 2020 қатысу мәселесі бойынша өтініш білдіргендер қатарындағы, бағдарламаның іс-шараларымен қамтылған әйелдердің үлесі;
- ЖЖК 2020 қатысу мәселесі бойынша өтініш білдіргендер қатарындағы, бағдарламаның іс-шараларымен қамтылған жастардың үлесі;
- жәрдем сұрап өтініші білдіргендердің қатарынан ЖЖК 2020 және аумақтарды дамыту бағдарламасы шеңберінде тұрақты жұмыс орнына жұмысқа орналастырылған адамдардың үлес салмағы. Есептерді жүргізу үшін «Еңбек нарығы» ААЖ базасының деректері ақпарат көздері болып табылады [1].

Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарына енгізілген халықты жұмыспен қамту жөніндегі көрсеткіштердің мәнін есептеу тетігін Қосымша В көруге болады

Ендігі жерде Қазақстан Республикасының Статистика Агенттігі ресми сайтында жариялаған еңбек нарығының ахуалы жайында соңғы үш жылдағы мәліметтерге назар аударайық.

Халықтың жұмыспен қамтылуы	2015	2016	2017
Экономикалық тұрғыдан белсенді халық мың адам	9041,3	62 007	8961,8
өткен жылға пайызбен	100,7	346,0	98,4
Жұмыспен қамтылған халық			
мың адам	8570,6	3603,0	8510,7
өткен жылға пайызбен	100,7	103,3	98,4
Жалдамалы қызметкерлер			
мың адам	5949,7	6109,7	6225,1
өткен жылға пайызбен	102,3	102,8	102
Өз бетінше жұмыспен қамтылғандар			
мың адам	2620,9	2400,4	2285,6
өткен жылға пайызбен	97,3	91,6	89,7
Жұмыссыз халық			

мың адам	470,7	451,9	451
өткен жылға пайызбен	99,1	96,0	98,4
Экономикалық тұрғыдан белсенді халықтың ішіндегі жұмыссыз тіркелген халықтың санынан үлесі, пайызбен	0,3	0,4	0,4
Жұмыссыз тіркелген халықтың саны, мың адам	30,0	33,4	34,6
Жұмыссыздық деңгейі, пайызбен	5,2	5,0	5
Жастар жұмыссыздығының деңгейі, % (15-24 жас)	3,9	3,8	4,6
Жастар жұмыссыздығының деңгейі, % (15-28 жас)	5,5	4,2	4,5
Ұзақ мерзімді жұмыссыздық деңгейі, %	2,5	2,4	2,3

1 Кесте - Қазақстан Республикасындағы еңбек нарығындағы қазіргі жағдайы [2]

Ал осы ақпараттан кейін қазіргі таңдағы Қазақстан Республикасының еңбек нарығындағы жағдайды жүзеге асырылған бағдарламалар арқылы сипаттау үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика Министрлігінің ресми интернет-ресурсының берген ақпаратына жүгіндік.

Бағдарламаны іске асыру шеңберінде мемлекеттік қолдау шаралары туралы халыққа насихаттау және хабардар ету. Халық арасында «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасының оң имиджін қалыптастыру, жұмыспен қамтудың белсенді саясатын жүргізу жөніндегі мемлекеттік шаралар туралы азаматтарды хабардар ету деңгейін арттыру, халықтың қатысу деңгейін мен тиімділігін арттыру мақсатында, ДСӘДМ тапсырысы бойынша:

- «Астана», « МИР» теле арналарында (әр қайсысы – 98 реттен) көрсетілген ЖЖК 2020-ға қатысуға бағдарланған үш бейнеролик әзірленген;

- ЖЖК 2020 іске асыру барысы туралы жаңалық сюжеттері (мемлекеттік және орыс тілдерінде 20 сюжет) дайындалы, эфирлерге орналастырылды. Бұдан басқа, Бағдарламаны іске асыру барысы туралы, сондай-ақ ДСӘДМ өткізіп жатқан іс-шаралар туралы ақпарат тұрақты негізде бұқаралық ақпарат құралдарында, ДСӘДМ интернет-ресурсында жарияланды.

Осыған ұқсас жұмыс республиканың өңірлерінде жүргізілді. Осы мақсаттарға республикалық бюджеттен жергілікті атқарушы органдарға барлығы 51,5 млн. теңге бөлінді [3].

Ағымдағы бос жұмыс орындарының жалпыұлттық дерекқорын қалыптастыру. «Жұмыспен қамту проблемалары жөніндегі ақпараттық талдау орталығы» АҚ-мен ағымдағы вакансиялар көрсетілген «Жұмыспен қамту» ақпараттық порталын жүзеге асырылады. «Жұмыспен қамту» порталы нақты уақыт режимінде жұмыс істейді. Жеке тұлғалар электрондық ресурс арқылы өздерінің резюмелерін, ал жұмыс берушілер қажетті вакансиялар орналастыра алады. Жұмыс іздеп жүргендер «Жұмыспен қамту» порталында тек өз өңіріндегі вакансияларды ғана емес, Қазақстан Республикасы бойынша барлық жұмыс берушілердің вакансияларын қарай алады.

Бағдарлама шеңберінде кәсіптік оқудан өтетін адамдарға мемлекеттік қолдау көрсету. Аталған іс-шара аясында оқытумен барлығы 14 015 адам қамтылды. 2017 жылдың 1 қаңтарында 13 323 адам оқуды аяқтады, олардың ішінде 10 703 адам немесе 80,3%-ы жұмысқа орналасты. Бұл ретте, 10 131 адам тұрақты жұмыс орындарына жұмысқа орналасты.

Халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге және атаулы әлеуметтік көмекті көрсетуге бағытталған заңнаманы және бағдарламалық құжаттарды жетілдіру. Қазіргі уақытта қалыптасқан экономикалық жағдайды ескере отырып, 2015 жылғы желтоқсанда жұмыс орындарын сақтауға және құруға бағытталған «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бағдарламасы өзектендірілді (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 22 желтоқсандағы №1029 қаулысы).

Осылайша, жоғарыда аталған іс-шаралар бойынша жұмыстар жалғасатын болады.

Дегенмен, кейбір өңірлерде, өткізілген шараларға қарамай, жұмыссыз адамдардың саны азаймай отыр. Осылайша, 2017 жылдың IV тоқсанына жұмыссыздық деңгейін көруге болады

Өңірлер	2016 жылдың IV тоқсаны мың адам	2017 жылдың IV тоқсаны мың адам
Алматы қаласында	44,3	46,7
Ақтөбе облысында	21,2	21,8
Ақмола облысында	21,6	22,1
Атырау облысында	14,6	15,4
Батыс-Қазақстан облысында	16,6	17,0
Қарағанды облысында	35,8	36,6

4 Кесте - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің ресми деректеріне сәйкес
2017 жылдың IV-тоқсанына жұмыссыздық деңгейі [3]

Республика бойынша оқуды аяқтаған адамдардың қатарынан жұмысқа орналасқан адамдар санының төмендігі байқалады – 80,3%, сонымен қатар бір қатар өңірлерде жұмысқа орналасқандардың пайызы 70%-дан төмен болып отыр (Қызылорда облысы – 49,6%; Шығыс-Қазақстан облысы – 69,5%; Маңғыстау облысы – 53,8%).

Осыған байланысты, оқуға жіберу тетіктерін және оқу үшін кәсіпті таңдау әдісін жетілдіру қажеттігі туындайды.

Осыған орай бұл тарауды қорытындылай келе ағымдағы тенденцияларды айтатын болсақ, олар:

Бірінші, еңбек нарығындағы кейбір ұсыныстар мен белсенділік бәсеңдеу желтоқсанда болады. Яғни, желтоқсанда жаңадан қызметкерлерді жұмысқа алмауға тырысады, сондықтан барлығы жылдық есептерді, тапсырыстарды, жұмыс көлемін жабады, болашаққа жоспарлар құрады және жаңа жылдық мейрамға дайындалады.

Екіншіден, ұлттық валюта курсының төмендеуіне байланысты шетел жұмыс күштерінің ұсыныстар төмендеді. Бұл тренд орта мерзімді кезеңге дейін жалғасады деп болжаймыз. Бұрында жұмыс істеген экспаттардың жұмыс орына жергілікті кадрлар жұмыс істейтін болады, жергілікті қызметкерлерге үшін бұл жағымды.

Үшінші, қазіргі кезде адамдар жұмыс орынынан айырылып қалуға қауіптенеді, әсіресе беделді және жұмыс орынын ауыстыру туралы шешімді өте сақтанып қабылдайды.

Төртінші, жоғары мамандырылған қызметкерлердің тапшылығы азаюы еңбек нарығын мамандармен молықтырады, әсіресе IT секторындағы сертификатталған және үлкен еңбек тәжірибесі бар мамандарды көрсетеді. Бұл дегеніміз қызметкерлер белгілі бір тәжірибе жұмыс істеген және қызметкерлерге өткізген оқулар өз нәтижесін берді. Еңбек нарығына үлкен рольге шетелден білім алған жастар шықты. Бізде ең басты болып саналатын халықаралық «Болашақ» бағдарламасы. Әсіресе осы басты тренд Алматы және Астана ірі қалаларында сезіледі. Қазақстанға жастар жаңа біліммен, тәжірибемен келеді, әрине еңбек нарығына бәсекелестің оң ықпалын береді.

Бесінші, бүгінгі күні үлкен сұраныстар әлеуметтік саладағы қызметкерлер, олар мұғалімдер және дәрігерлер. Денсаулық сақтау және білім саласында мемлекеттік институттар басым болып тұр, бірақ денсаулық сақтау және білім беру дамыған жекеше мекемелер, мұғалімдер, дәрігерлер, орташа медицина қызметшілерге үлкен сұранысқа әкелді [3].

«Жұмыс» порталының деректері бойынша - бүгінгі күні ТОП-10 келесі мамандар кіреді:

	Мамандықтардың атауы	Бос жұмыс орындардың саны
1	Мұғалім	622
2	Дәрігер	605
3	Бухгалтер, кассир	465
4	Дәнекерші	398
5	Бетоншы	366
6	Автомобиль жүргізуші	314
7	Қамтамасыз ету саласындағы әкімшілік	280
8	Тазалаушы-жуушы	277
9	Сату жөніндегі менеджер	255
10	Инженер	239

5 Кесте - Қазақстанның еңбек нарығындағы ТОП-10 мамандықтары [4]

Осыған орай, порталда 30 мыңнан аса бос жұмыс орындары, 45 мың түйіндемелер жарияланған және 12 мың кәсіпорындар тіркелген.

Жұмыс берушілер және мамандар жұмыс немесе қызметкерлерді жылдам табуға мүмкіндік бар. Жұмыс берушілер және жұмыс іздеушілер жоғары талаптар қоюымен қарама-қайшылық жақтарымен қақтығысып жататыны анық. Әрине, өз-өзіне жұмыс істегісі келетіндер жеке бизнесін іске асыруға болатындығын ұмытпауымыз керек. Бұндай мүмкіншілік нарықта бар.

Осы жағдайларды келтіре отырып, зерттеу жұмысын жүргізу барысында еңбек нарығы жағдайындағы жұмыссыздықтан әлеуметтік қамсыздандыру процестерін басқару мемлекет тарапынан жүргізіліп жатқандығын анықтадық. Дегенмен, оларды жүзеге асыру барысында мемлекет басшысы қойған талаптары қағаз бетінде көрініс тапқанымен, іс жүзінде шешімін табуы тиіс көптеген мәселелердің бар екендігіне көзіміз жетті. Қарапайым адамдар мен мемлекет арасында ашық диалог орнатылмаған. Оның үстіне, адамадар мемлекеттік бағдарламалардың олардың пайдасына жасалып жатқандығына сенбейді. Сонымен қатар, сауалнамаға қатысқан адамдардың басым бөлігінің мемлекеттік жұмыспен қамту органдарының қызметін төмен деңгейде бағалағандығын ескеретін болсақ, жүзеге асырылуға тиіс шаралардың әлі де болса, көп екендігін анықтадық.

Ашығын айту керек, бізде мамандық таңдау мен ішкі еңбек нарығы сұраныс арасында алшақтық орын алып отыр. Қазіргі таңда басты міндет - әрбір қазақстандыққа сұранысқа ие мамандықты таңдау және ол бойынша білім алу тәртібі мен шарттары туралы мемлекеттен толық ақпарат алу мүмкіндігін беру. Осы орайда, халықты жұмыспен қамту механизмдері бір-бірімен байланысып толық жұмыс жасаған кезде халықты жұмыспен қамтуды жүзеге асыру тиімді болады деген сенімдеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 «Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына қосылған әлеуметтік-еңбек саласы бойынша көрсеткіштер есебінің әдістемесін» бекіту туралы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына қосылған әлеуметтік-еңбек саласы бойынша көрсеткіштер есебінің әдістемесін бекіту туралы бұйрық. Ену тәртібі: <http://www.mzsr.gov.kz/kk/node/305941>

2 Қазақстан Республикасының Статистика агенттігінің ресми сайты. www.stat.kz

3 «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» үкіметтік бағдарламасының 2015 жылы жүзеге асыру мониторингі бойынша қорытындысы. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің ресми интернет ресурсы. Ену тәртібі: http://economy.gov.kz/kz/ministerstvo/strategicheskije-i-programmnye-dokumenty/detail.php?ELEMENT_ID=69408

4 Еңбек нарығындағы ахуал туралы. Желтоқсан 2015 ж. Ену тәртібі: <https://iac.enbek.kz/kk/node/278>

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ МӘСЕЛЕСІ ВОПРОСЫ ЕСТЕСТВЕННЫХ НАУК PROBLEMS OF NATURAL SCIENCES

ӘОЖ: 51-3

Б.Б. Мәсінов, Ж.Қ. Абсатарова, Л.А. Сырлыбаева

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА КОМПЬЮТЕРЛІК ПРОГРАММАЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Аңдатпа

Мақалада жалпы білім беретін мектепте электрондық оқытудың әдістемелік негіздері және компьютерлік программаларды қолданып, математиканы оқытудың әдістемесі қарастырылады. Олар оқушылардың математикалық ұғымдарды тиімді меңгеруге, танымдық белсенділігін арттыруға, білім, білік және дағдыларын жылдам бағалауға мүмкіндік береді.

Аннотация

В данной работе раскрываются методические основы электронного обучения в общеобразовательных школах. Авторы разработали методику обучения математике с использованием компьютерных программ, что позволит эффективно усвоить учащимися математические понятия, повысить их познавательную активность, осуществить быстрый контроль и оценку знаний, умений и навыков.

Annotation

The given article touches upon methodological bases of electronic teaching at secondary schools. The authors developed methodology of teaching mathematics using computer technologies that will enable pupils to learn mathematical notions effectively, increase their interest in study, to monitor and assess their knowledge and skills.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында сапалы орта білім беруге тең қол жеткізуді қамтамасыз ету негізгі мақсаттардың бірі болып көрсетілген [1]. Білім беру жүйесін жетілдіруде, яғни білім сапасын арттыруда, оқыту мен басқаруда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану жаңа тәсілдер ретінде анықталып отыр.

Электрондық оқыту барысында оқу іс-әрекетінің келесі түрлері қолданылады: бейнедәріс, кеңес беру, онлайн семинар сабақтары, практикалық сабақ, зертханалық жұмыс, бақылау жұмысы, өзіндік жұмыс орындау. Оқу пәнінің ерекшелігіне байланысты оқу іс-әрекетінің басқа түрлерін тағайындауға болады. Жалпы алғанда, электрондық оқыту жағдайында оқу іс-әрекетінің барлық түрі:

- мұғалімнің сабақтағы оқушылармен педагогикалық қарым-қатынасы немесе компьютерлік программалар;
- электрондық оқу материалдарымен оқушылардың өздігінен орындайтын жұмысы арқылы жүзеге асырылады [2].

Жалпы орта білім беретін мектепте математиканы оқыту процесін ұйымдастыруда компьютерлік технологияны, интербелсенді тақтаны тиімді қолданатын болсақ, оң нәтижелер беретіні белгілі. Электрондық оқулықтар, компьютерлік программалар және арнайы программалық жабдықтары оқушылардың өздігінен жұмыс істеу қабілеті мен пәнге деген қызығушылығын арттырып, шығармашылығын дамытуға, оқу қызметінің мәдениетін қалыптастыруға, дербес жұмыс істеуді ұйымдастыруға қолайлы жағдай туғызады.

Сонымен қатар, компьютерлік программалар оқушыларға ақпараттық технологияларды меңгеруге,


компьютерлік сауаттылығын арттыруға, оқу материалдарын құрастыру мен түрлендіруге қатысуға және тиімді қолдануға ынталандырады. Қазіргі кезде мультимедиялық құралдар мен білім берудегі программалық өнімдердің бар болуы оқыту процесін жаңаша ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Заманауи қолданбалы программалық жабдықтар білім беру ұйымдарында көптеп енгізіле бастауда. Бұл программаларды қолдану мұғалімнің біліктілігін арттыру әлеуетіне әсер етеді. Психолог ғалымдардың зерттеулерінше, адамның миына көз арқылы ақпараттың 70%-ы қабылданады екен. Сондықтан оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру үшін сабақтарда сапалы визуалдық қолдауларды пайдалану керек. Визуалдық қолдаулар деп оқу процесінде көрнекі интерактивтік моделдердің бар болуын айтады [3].

Математика сабағында сандық есептерді шығару кезінде есептеулер жүргізу үшін микрокалькуляторлар немесе арнайы программалық пакеттер жиі қолданылады. Қазіргі уақытта лицензиялық коммерциялы пакеттерді айырбастайтын тегін таратылымды программалар бар. Мысалы, математикадан функциялардың графиктерін салу, геометриялық фигуралардың сызбаларын салу, қималарын жүргізу, есептеулер жасау мәселелерін шешуде қолданылатын дайын түрдегі арнайы программалық пакеттер: Veusz – Scidavis, OpenDX, Gretl (Gnu Regression, Econometrics and Time-series Library), MayaVi, Zhu3D, GnuPlot, Extrema (Physica), RLPlot, Fityk және Advanced Grapher, 3D SecBuilder, GeoGebra, Mathematika, Excel және т.б. [4]. Мәселен, мұндай программаларды қолданып математикалық есептерді оңай шешуге, суреттерді салуға болады. Бірақ оларды шектен тыс қолдана беруге де болмайды, олар оқушының есептерді шешудегі ойлау қабілетін дамытуға кері әсерін тигізуі де мүмкін. Проблеманы шешудің аналитикалық тәсілін білу – оқушының ойлай білу, аналитикалық ой өркенін асырмаса, кемітпейтіні анық. Сондықтан математика сабағында мұндай программалық пакеттерді интерактивтік тақтаның көмегімен математикалық ұғымдар мен олардың қасиеттерін, түрлендірулерді түсіндіруде пайдалану тиімді болып табылады.

Орта мектептегі «Алгебра» және «Алгебра және анализ бастамалары» курстарындағы «Функциялар және олардың қасиеттері, графиктері» тақырыбын оқытуды қарастырайық. Берілген тақырыпты түсіндіруде Serpic Graphic, Боровский пакеті, Advanced Grapher, Математика^{AV}- және тағы басқадай программалық өнімдердің мүмкіндіктері жоғары [4].

«Математика^{AV}-дан» атты А.Волнухиннің пакетін қолдануды қарастырайық. Берілген программа оқушылардың жұмыс орындарын компьютерде дайындауға мүмкіндік береді. Онда негізгі терезе графикті шығару өрісіне, функцияны енгізу өрісіне, айнымалылар үшін берілгендер диапазонын енгізу өрісіне бөлінеді. Басты терезеде сондай-ақ, программалар мәзірі бар, онда мынадай амалдар (опциялар) беріледі: Система (Жүйе), Правка (Түзету), Управление (Басқару), Справка (Анықтама). Сондай-ақ: Графики (Графиктер), 3D графики (3D графиктер), Калькулятор+. Берілген программаны әртүрлі функцияның графиктерін салуды және көрсетуді талап ететін барлық сабақтарда қолдануға болады (1-сурет).



1-сурет


Мысалы, сабақты төмендегідей тәсілмен жүргізуді ұсынамыз: жаңа материалды беру кезінде оқушыларға алдымен функцияның графиктері көрсетіледі және график өрісіндегі графиктің салынуы бақыланатын функциялардың бірнеше нұсқаларын модельдеу ұсынылады.

Қажет болған жағдайда опция терезесін қолдана отырып, графикке арналған параметрлер өзгертіледі (мысалы, графикті радиан немесе градус түрінде алу).


Тақырыпты бекіту үшін жаттығулар қағазда ұсынылады, оқушылар дәптерлерінде функцияның мәнін табады, сонан соң программаны пайдаланып функцияның графигін салады және өзінің шешімін салынған график арқылы тексереді. Яғни, графикте белгілі бір нүктедегі функцияның мәндерін анықтайды.

«Тригонометриялық функциялар» тақырыбын оқу үшін Боровский программалар пакетін қолданған орынды. Бұл пакетте графиктердің динамикалық салынуы іске асырылған және анимациялық мүмкіндіктері арқылы графиктің салыну траекториясын бірлік дөңгелекте және координаталық жүйеде параллель бақылау мүмкіндігі бар (3, 4-суреттер).

Программа терезесінің оң жағында әртүрлі амалдарды (максимум, минимумдарды табу, ордината, абсцисса бойынша мәндердің өзгеруі, анимация) іске асыратын көптеген пернелер бар. Бұл программаны (Боровский пакеті) қолдану есепті шығару процесін графиктік түрде көрсетуге мүмкіндік береді, өйткені, имитациялық модель берілген есепке қажет барлық параметрлерді басқарады.




3-сурет



4-сурет


Функциялардың графиктерін салуда және оларды түрлендіруде, берілген нүктеде функцияға жанама немесе нормаль жүргізуде, функцияны зерттеуде Advanced Grapher программасын қолдануға болады. Advanced Grapher пакет графикті көрнекі түрде көрсетуге, графиктің қасиеттерін өзгерту арқылы графиктің қозғалысын көруге болады. Мысалы, бір жұмыс аймағында бірнеше $y = x^3$, $y = (x - 2)^3$ және $y = x^3 + 4$ функцияларының графиктерін салып, функция графигінің координаталық осьтерде өзгеруін көрсетейік (5-сурет).

Функцияның графигіне берілген нүктеде жанама жүргізу үшін мәзірден «Вычисления», «Касательная и нормаль» батырмаларын таңдап, берілген нүктені көрсетеміз. Мысалы, $y = x^3$ функциясы графигіне $x = -2$ нүктесінде жанама жүргізейік (6-сурет).



5-сурет

Advanced Grapher программасында графиктерді салып қана қоймай, теңдеулерді графиктік тәсілмен шешуге, функцияның туындысын және интегралды есептеуге, әртүрлі математикалық есептеулер жүргізуге болады.



6-сурет

Теоремалар мен олардың дәлелдеулері геометрияның негізін құрайды. Оларды оқытуда кездесетін қиындықтар көптеген теоремалардың тұжырымдарының айқынды еместігіне және олардың дәлелдеулерінің абстрактылығына байланысты болады. Көбінесе оқушылар теоремалардың тұжырымдары мен олардың дәлелдеулерін түсінбей, тек жаттап алады. Уақыт өте келе, олар ұмытылады.

Заманауи компьютерлік құралдар, дербес жағдайда www.geogebra.org ресми сайтынан жүктеп алуға болатын GeoGebra программасы геометрияны оқытудың көрнекілігін арттыруға, оқыту тәсілдеріне жаңаша көзқараспен қарауға мүмкіндік береді.

GeoGebra жұмыс терезесінің жоғарғы бөлігінде саймандар бейнеленген терезелер қамтитын жол – саймандар панелі орналасқан. Бұл саймандардың көмегімен геометриялық фигураларды салуға, қосымша салулар, анимациялық сызбалар жасауға болады.

Мысалы, 7-сынып геометрия курсының теоремаларын көрсету үшін GeoGebra программасының мүмкіндіктерін қарастырамыз [5].

Теорема. Үшбұрыштың бұрыштарының қосындысы 180° –қа тең болады.


1. ABC үшбұрышын саламыз.
2. C төбесі арқылы AB төбесіне параллель түзу жүргіземіз.
3. Үшбұрыш бұрыштарының A және B бұрыштарына ішкі айқын жатқан бұрыштарының шамаларын орнатамыз.

4. $\alpha + \beta + \gamma = 180^\circ$ жазамыз.

5. Сызықтың түсін, қалыңдығын және стилін өзгертеміз.

6. Нәтиже 7-суретте көрсетілген.

Үшбұрыштың пішінін өзгертуге болады, бірақ оның бұрыштарының қосындысы 180° –қа тең болады.




7-сурет

Теорема. Үшбұрыштың қабырғаларына жүргізілген орта перпендикулярлар бір нүктеде – сырттай сызылған шеңбердің центріне қиылысады.

1. ABC үшбұрышын саламыз.
2. Оның қабырғаларына орта перпендикулярлар жүргіземіз.
3. Тік бұрыштарды белгілейміз.
4. Орта перпендикулярлардың қиылысу O нүктесін ортанамиз.
5. Кесінділермен O нүктесін үшбұрыштың төбелермен қосамыз.
6. Центрі O және радиусы OA болатын шеңбер саламыз.
7. Салынған сызықтың белгілеулерін жасырын етеміз.
8. Сызықтың түсін, қалыңдығын және стилін өзгертеміз.
9. Нәтиже 8-суретте көрсетілген.

Үшбұрыштың пішінін өзгертуге болады, бірақ оның қабырғаларына жүргізілген орта перпендикулярлар бір нүктеде қиылысады.



8-сурет

Сонымен, компьютерлік программаларды математика сабақтарында тиімді қолдану нәтижесінде, оқушылар білімдер мен біліктерді, графиктер мен кескіндерді салу, талдау, салыстыру, пайдалану мен ұсынуды меңгереді. Оқушылардың мұғалімнің көмегісіз мультимедиялық құралдармен, шығармашылық тапсырмалармен жұмыс істеуге, өздігінен білімін тексеруге, оқу материалын жылдам және тереңірек меңгеруіне, есептер шығару дағдыларын дамытуға септігін тигізеді.

Әдебиеттер:

- 1 Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 ж. 01.03. №205 Жарлығымен бекітілген.
- 2 Альжанов А.К. Дидактические основы использования электронного обучения математике в общеобразовательной школе: автореф. ... канд.пед.наук. – Астана, 2006. – 30 с.
- 3 Жиембаев Ж.Т. Қолданбалы бағдарламалық жабдықты алгебра және анализ бастамаларын оқытуды жекелендіруде қолданудың әдістемесі: п.ғ.к. дисс. автореф. – Алматы, 2010. – 32 б.
- 4 Список бесплатного программного обеспечения, которое может заменить лицензионные коммерческие пакеты [Электронный ресурс]. URL: <http://www.bourabai.kz/einf/freeware.htm#7>
- 5 Смирнов В., Тұяқов Е. Геометрия: Әдістемелік нұсқау. Жалпы білім беретін мектептің 7-сынып мұғалімдеріне арналған құрал. – Алматы: Мектеп, 2017. – 56 б.

Г.Б. Назкенова

6M01100 – Физика мамандығының магистранты

«ТҰРАҚТЫ ЭЛЕКТР ТОГЫ» ҰҒЫМДАРЫН ДЕМОНСТРАЦИЯЛЫҚ ЭКСПЕРИМЕНТ АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ

Аңдатпа

Мақалада зертханалық жұмыстарды өткізу арқылы физикалық ұғымдарды қалыптастыру мәселесі қарастырылған. Зертханалық жұмыстарды орындау арқылы оқушылардың құрал-жабдықтардың көмегімен физикалық заңдылықтарды тағайындау дағдылары қалыптасады, әрі пәнге деген қызығушылықтары артады. Сондай-ақ өз беттерімен жұмыс жасай білу белсенділіктері де дамиды.

Кілт сөздер: физиканы оқыту, зертханалық жұмыс, зертханалық жұмысты орындау, құрал-жабдықтар

Назкенова Г.Б

магистрант специальности 6M01100 – Физика

МЕТОДИКА ФОМИРОВАНИЯ ПОНЯТИЙ «ПОСТОЯННОГО ЭЛЕКТРИЧЕСКОГО ТОКА» ЧЕРЕЗ ДЕМОНСТРАЦИОННЫЙ ЭКСПЕРИМЕНТ

Аннотация

В статье рассматривается проблема формирования физических понятий через проведение лабораторных занятий. Во время проведения лабораторных работ у учащихся формируются навыки установления физических закономерностей с помощью оборудования, повышается интерес к предмету, а также развивается активность в самостоятельной деятельности.

Ключевые слова: методика преподавания физике, лабораторная работа, выполнение лабораторной работы, оборудование

G.B. Nazkenova

specialty 6M011000 – Physics

TECHNIQUE OF FOMIROVANIJA CONCEPTS OF "A CONSTANT ELECTRIC CURRENT" THROUGH DEMONSTRATION EXPERIMENT

Annotation

The article deals with the problem of the formation of physical concepts through the conduct of laboratory exercises. During laboratory work, students develop skills to establish physical patterns with the help of equipment, increase interest in the subject, and also develop activity in independent activity.

Key words: methods of teaching physics, laboratory work, performance of laboratory work, equipment

Электр тізбегін құрастыру және оның әртүрлі бөліктеріндегі ток күшін өлшеу


Жұмыстың мақсаты: тізбектің өзара тізбектей қосылған әр түрлі бөліктеріндегі ток күші бірдей болатындығына тәжірибе жүзінде көз жеткізу.

Құрал-жабдықтар: ток көзі, тағанға орнатылған төмен вольтты шам, кілт, амперметр, қосқыш сымдар.

Жұмысқа нұсқаулар:

1. а-суретте көрсетілгендей етіп тізбек құрастырыңыздар. Амперметрдің көрсетуін жазып қойыңыздар.
2. Амперметрді ә-суретте көрсетілгендей, онан кейін б-суретте көрсетілгендей етіп тіркеңіздер.
3. Амперметрдің барлық көрсетулерін салыстырыңыздар. Қорытынды жасаныздар.
4. Дәптерлеріңізге құралдарды тізбекке қосу сұлбасын сызып көрсетіңіздер.

Ескерту! Амперметрмен тізбектей қосылған қандай да бір ток қабылдағышыңыз амперметрді ток көзінің қысқыштарына тіркеуге болмайды. Амперметр істен шығып қалуы мүмкін!



1-сурет.


Кернеу туралы ұғымды енгізу. Кернеуді өлшеу

Жабдық: 1) 1 амперге дейінгі айнымалы тоқты өлшеуге арналған шунты мен шкаласы бар амперметр; 2) айнымалы токқа арналған қосымша кедергісі мен шкаласы бар вольтметр; 3) 25 Вт, 127 В қыздырғыш шам; 4) 3,5 В, 0,28А шам; 5) кернеу реттегіші немесе 500 Ом, 0,6А реостаты бар автотрансформатор; 6) өткізгіш сымдар; 7) таған-жәшік.

Қуаты 25Вт, 127В шамды, 3,5 В, 0,28А кішкентай шамды және амперметрді тізбектеп жалғастырады да, кернеу реттегіштің шығысына ажыратқышсыз қосады. Кернеуді біртіндеп 0-ден бастап көбейте отырып, ток күшін 0,28 амперге дейін жеткізеді. Осындай ток күшінде екі шам да қалыпты режимде және өздерінің әдеттегі қызуымен жанады.

Оқушылардың назарын шамдардағы ток күші бірдей екеніне аударады, өйткені олар тізбектеп жалғастырылған, алайда үлкен шамға қарағанда, кішкентай шам жарықты аз береді.

Өткізілген тәжірибе токтың эффекті тек қана ток күшіне байланысты емес екенін көрсетеді. Кернеу туралы ұғымды енгізуге осы қорытынды негіз болады.



Кернеу туралы түсінік енгізілгеннен кейін және оған арналған өлшеу бірлігі тағайындалғаннан кейін, бұрынғы қондырғыға өлшеу шегі 250 В вольтметрді қосады да, үлкен шамдың қысқыштарындағы кернеуді өлшейді. Вольтметр шамамен 127 В көрсетеді. Аз вольттық кішкентай шамдың қысқыштарына вольтметрден келетін өткізгіш сымдарды ұстап, кернеу өте аз екенін көрсетеді де, вольтметрді басқа шекке (15 В) келтіреді және өлшеу жүргізіледі.

Шамды ажыратқыш арқылы емес, реттегіштің немесе реостаттың тұтқасын жайлап қозғалта отырып, жағу және өшіру керектігін ұмытпау керек. Токқа тіке қосқан кезде қуаттырақ шамдың қылы бірден қыза қоймайды. Бұл мезгілде аз вольттық шам жоғары кернеуге ұшырайды да, жанып кетеді.

Ток күшін реостатпен реттеу


Жұмыстың мақсаты: реостатты тізбектегі ток күшін өзгерту үшін пайдалана білуді үйрену.

Құрал-жабдықтар: ток көзі, тиекті реостат, амперметр, кілт, қосқыш сымдар.

Жұмысқа нұсқаулар:

1. Реостат құрылысын мұқият қарастырыңыздар да, тиек қалай орналасқанда реостаттың кедергісі ең үлкен болатындығын тағайындаңыздар.

2. Амперметрді тізбектей, толық кедергісімен реостатты ток көзін және кілт тіркеп, тізбек құрастырыңыздар.



3. Тізбекті тұйықтаңыздар да, амперметрдің көрсетуін белгілеп алыңыздар.

4. Тиекті біркелкі және жайлап жылжыта отырып (бірақ ақырына жеткізбей!), реостаттың кедергісін кеміте беріңіздер. Амперметрдің көрсетулерін байқап отырыңыздар.

5. Осыдан кейін тиекті қарама-қарсы жаққа қарай кері жылжыта отырып, реостаттың кедергісін арттыра беріңіздер. Амперметрдің көрсетулерін байқап отырыңыздар.

Ескерту! Реостатты тізбектен біржолата шығарып тастауға болмайды, өйткені онда кедергісі нөлге тең болады, ал тізбекте басқа ток қабылдағыштар болмаған жағдайда, ондағы ток өте үлкен болып кетіп, амперметр бұзылып қалуы мүмкін.

Өткізгіш кедергісінің оның ұзындығына, көлденең қимасының ауданына және материалына тәуелділігі

Құрал-жабдық: 1) сым кедергілері бар тақта; 2) НКН-10 аккумуляторлық элемент; 3) вольтметрден алынған гальванометр; 4) демонстрациялық ажыратқыш; 5) диаметрі 1 мм, ұзындығы 90 см мыс сым; 6) өткізгіш сымдар; 7) таған-жәшік.

Тәжірибені демонстрациялау үшін бетіне төрт түрлі сым керілген тақта алынады:


1) темір сым ($l=50$ см, $d=0,5$ мм, $r=0,56$ Ом);

2) константан сым ($l=50$ см, $d=0,5$ мм, $r=1,3$ Ом);

3) параллель жалғанған екі константан сым ($l=50$ см, $d=0,5$ мм, $r=0,65$ Ом);

4) константан сым ($l=25$ см, $d=0,5$ мм, $r=0,65$ Ом).

Құралдарды 3-суретте көрсетілгендей етіп орналастырады. Гальванометрді қосудан бұрын сым кедергілері бар тақтаның сол жағындағы қысқышын жабдықтар тізімінде көрсетілген мыс сым арқылы тікелей ажыратқышпен қосады. Содан кейін гальванометрдің қысқыштарын сәл босатып, осы сымның қысқа бөлігін оларға қыстырады.



3-сурет

Тақтадағы сымдардан кедергісі ең аз біреуін қосып, токты тұйықтайды және мыс сымның гальванометрдің қысқыштарының арасындағы бөлігін біртіндеп үлкейткенде көрсеткіш шкаланың өн бойына ауытқиды.

Осыдан кейін қондырғы тәжірибеге дайын. Бұл жинақталған қондырғыдағы тақтаға керілген сымдарды кезек-кезек электр тізбегіне қосады және өлшеулердің нәтижелерін сынып тақтасына жазады. Гальванометрдің көрсетуіне қарай отырып, төменгі екі сымның (№3 және 4) кедергісі бірдей екенін, ал №2 сымның кедергісі екі есе көп екеніне көз жеткізеді. Жоғарғы (№1) темір сымның кедергісінің константан сымдыкінен (№2) олардың ұзындығы мен қимасы бірдей болғанымен де, айырмашылығы бар.

Тәжірибенің нәтижелері өткізгіштердің кедергілерінің олардың өлшемдері мен материалына тәуелділігі туралы тиісті қорытындыларды оңай жасауға мүмкіндік береді.

Тәжірибені дайындағанда тексерілетін сымның кедергісі тізбектің қалған барлық бөлігінің мүлде кедергісі болмайтын жағдайда ғана ток күшіне кері пропорционал болады. Шын мәнісінде өткізгіш сымдардың да, ток көзінің де кедергілері бар. Осы кедергілердің шамасы неғұрлым көп болса, соғұрлым күткен нәтижелерден ауытқуы көп болады. Бұл сипатталған қондырғыда ішкі кедергісі өте аз ток көзі жаңа зарядталған аккумулятор элементі алынған. Жуан мыс шунты бар гальванометрдің кедергісі мұнан да аз. Сонымен, тәжірибені нәтижелі жүргізу үшін контактілердің сенімді болуын қамтамасыз ету ғана қалады: жалғағыш сымдарға ұштықтарды жақсылап дәнекерлейді, қысқыштардың контактілі беттерін мұқият тазартады.

Құралдардың көрсетулерін салыстыру үшін, тұрақты токқа арналған шкалалардың кез келгенін пайдалануға болады. Шкаланы қойғанда, құралдың қақпағының саңылауына бір парақ қағаз салып, оны V әрпін жабатындай қалыпқа келтіріп, шкаламен қысып тастайды, өйткені құрал бұл қондырғыда вольтметр ролін атқармайды, ал ток күшін кейбір шартты бірліктермен өлшейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Бурова В.А., Дика Ю.И. «Практикум по физике в средней школе». – Москва: Просвещение, 1987.

2 Касьянов В.А., Коровин В.А. «Физика», 10-11 сынып, - Москва: Дрофа, 2005.

3 Орехова В.П. «Методика преподавания физики». – Москва: Просвещение, 1990.

ӘОЖ 373.5.091

М.Т. Искакова¹, Е.Д. Батаев², А.Д. Басқанова³

п.ғ.к.,

²*Абай атындағы ҚазҰПУ математика, физика және информатиканы оқыту әдістемесі кафедрасының доцент м.а.,*

³*6M010900 – Математика мамандығының магистранты*

МЕКТЕП ЖОҒАРҒЫ СЫНЫПТАРЫ МЕН КӘСІПТІК ТЕХНИКАЛЫҚ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА МАТЕМАТИКАНЫ САБАҚТАСТЫРА ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Мақалада есептер арқылы жоғары сынып оқушыларын болашақ мамандықтарына баулу көзделеді. Есеп шығарғанда әртүрлі тәсілдер арқылы оқушылардың есеп шығаруға қызығушылығы артып, құштарлығы оянады. Өз беттерімен жұмыс істеу белсенділіктерінің дамуына дұрыс әсерін тигізеді.

Кілттік сөздер: математиканы оқыту, пәнаралық байланыс, есептерді стандартты емес тәсілдермен шығару, мәтінді есептер

Искакова М.Т.¹, Батаев Е.Д.², Басқанова А.Д.³

к.п.н.,

и.о. доцента КазНПУ имени Абая,

магистрант по специальности 6М010900 – Математика

НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ОБУЧЕНИЯ МАТЕМАТИКЕ НА ОСНОВЕ ПРЕЕМСТВЕННОСТИ В СТАРШИХ КЛАССАХ ШКОЛЫ И ПРОФЕССИОНАЛЬНО-ТЕХНИЧЕСКИХ ЗАВЕДЕНИЙ

Аннотация

В статье уделяется внимание вопросам развития мышления с помощью математических задач. Решая задачи разными способами у учащихся интерес к предмету. В статье рассматриваем процесс повышения уровня умственных способностей у учеников в средней школе, повышения качества знаний и научного мировоззрения, а так же повышение интереса к изучаемому предмету путем решения задач нестандартными методами. А так же это способствует развитию самостоятельной активности в процессе обучения. Рассмотрены некоторые вопросы обучения математике на основе преемственности в старших классах школы и профессионально-технических заведениях.

Ключевые слова: методика преподавания математике, межпредметный связь, решения математических задач нестандартным способом, текстовые задачи

M.T. Iskakova¹, E.D. Bataev², A.D. Bascanova³

¹candidate of pedagogic Sciences,

²associate Professor KazNPU named after Abai,

³specialty 6M010900 – Mathematics

SOME ISSUES OF TEACHING MATHEMATICS ON THE BASIS OF THE SUCCESSION IN HIGH SCHOOLS AND VOCATIONAL SCHOOLS

Annotation

In the article udelael attention to the development of thinking through matematcheskij tasks. Solving problems in different ways students ' interest in the subject. The article considered the process of improving mental abilities of students in secondary school, improving the quality of knowledge and scientific Outlook, as well as the increasing interest to learn the subject by solving tasks non-standard methods. It also contributes to the development of self-activity in learning. The article discusses the teaching of mathematics on the basis of the succession in high schools and vocational institutions.

Key words: methods of teaching mathematics, interdisciplinary communication, solve mathematical problems nonstandard method, word problems

Еліміздің әлемдік білім кеңістігіне енуге талпынысы, білім беру парадигмасының өзгеріп, жаңа ұлттық модельдің қалыптасуы болашақтың жаңаша ойлайтын, дүниеге көзқарас мәдениеті мен санасы дамыған ұрпағын оқытып, тәрбиелейтін педагогикалық кадрларды дайындаудың сапасын арттыруды талап етіп отыр.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында жалпы орта білім берудің ұлттық деңгейдегі басты мақсаты – еліміздің әлеуметтік, экономикалық және саяси өміріне белсенді қатысуға дайын, құзыретті тұлғаның қалыптасуына ықпал ету деп анық көрсетілген.

Мектептің жоғарғы сыныптары мен кәсіптік техникалық оқу орындарында математиканы сабақтастыра оқытуды жетілдіру бүгінгі таңдағы өзект мәселенің бірі болып табылады.

Тәжірибе көрсеткендей, оқушыларға туындының анықтамасын тұжырымдауға, туындыны есептеуге, дифференциалдаудың негізгі заңдарын қолданып функцияның нүктедегі туындысын табуға және оны

қолдануға, егер оқушыларға алдын-ала шешу алгоритмі белгілі болса (мысалы, қозғалыстың берілген теңдеуі бойынша жылдамдығын, берілген қисыққа берілген нүктедегі жанаманын теңдеуін табу), үйрету біршама қиын емес. Функцияларды экстремумге зерттеуге туындыны қолдану алгоритмі де ерекше қиындықтар тудырмайды. Ал оқушылардың туындыны әртүрлі дербес түрде байқалуларын (физикада, химияда, биологияда және т.б.) өз бетінше қарап үйренулері әлдеқайда қиын.

Жаратылыстану ғылымдарының өте көп ұғымдары туынды ұғымдарын қолданбаса сандық жағынан сипаттала алмағандық түгіл онсыз анықтала алмайды. «Механикалық» деп аталатын туындының мағынасын, яғни функцияның берілген нүктедегі өзгеру жылдамдығының мәнін, оқушылардың жете меңгеріп алуы өте маңызды.

Функцияның туындысы ұғымына келтіретін қолданбалы есептерге түзу сызықты қозғалыстағы дененің жылдамдығы, токтың лездік мәні, дененің нүктедегі жылу сыйымдылығы, нүктедегі сызықтық тығыздық, функцияның графигіне жанама жүргізу туралы есептер жатады. Бірнеше есептер қарастырайық.

1-есеп. Қойма құрылысын салу кезеңінде оның ішкі периметрі 60м-ден аспауы керек деп есептелінген. Өлшемдері қандай болғанда оның ауданы барынша үлкен болады?

$$\frac{60 - 2x}{2} = (30 - x)m$$

Шешуі: Бөлменің бір өлшемі x м болса, екінші өлшемі $(30 - x)m$ болады. Бөлменің ауданы

$S(x) = x(30 - x) = 30x - x^2$, $0 \leq x \leq 30$ екені анық. $S(x)$ -тің ең үлкен мәнін табайық. $[0;30]$ аралығында $S(x)=30-2x$ осыдан, $30-2x=0$, $x=15$ см, $S(x)=0$; $S(30)=0$ сондықтан, $S(x)=S(15)$. Бөлменің өлшемдері $15m \times 15m$ болу керек.

2-есеп. Ауданы $810m^2$ спорт ауданы солтүстіктен оңтүстікке қарай ағаш қоршаумен, ал шығыстан батысқа қарай сыммен қоршалуы керек. Ағаш қоршаудың 1 метрі 5тг, ал сым қоршау 2тг тұрады. Шығын барынша аз жұмсалуды үшін қоршаудың өлшемдері қандай болуы керек?

Шешуі. Ағаш қоршаудың бір бетін x , сым қоршаудың бір бетін y деп белгілейік. Қоршаудың жалпы құнын Q деп белгілесек, онда ол былай өрнектеледі:

$$Q = 2 \cdot 2y + 5 \cdot 2x \text{ немесе}$$

$$Q = 10x + 4y \quad (1),$$

ал қоршаудың ауданы $S = xy$ болғандықтан, есептің шарты бойынша $xy = 810 \quad (2)$.

$$y = \frac{810}{x}$$


Осыдан (3)

$$Q(x) = 10 + \frac{3240}{x}$$

(1)-дің орнына (3)-ті қойып $Q(x)$ өрнегін аламыз. Осы функцияның ең кіші мәнін есептесек: $x=18$ (30-сурет) болғанда $Q(x)$ ең кіші мәнді алады. $x=18$ болғанда $y=45$. Сонымен спорт алаңының ең арзанға түсетін өлшемдері 18м мен 45 м екен.

ҚҰРЫЛЫС. Өте биік болмайтын өнеркәсіп және ауылшаруашылық құрылысты монтаждағанда автомобиль крандарды кеңінен пайдаланылады. Кранды дұрыс таңдап алу үшін салынатын объекті туралы біраз алғашқы білімдерді білу қажет. Айталық, объектінің габариті (аумақты) берілімдері кран ілгегінің керекті ұзындығын алдын-ала анықтауға мүмкіндік береді.

3-есеп. Биіктігі H және ені $2d$ болатын жазық шатырлы құрылыс салу үшін керек болатын автомобиль краны ілгегінің ұзындығын анықтайтын формуланы қорытып шығару керек.



Шешуі: Автомобиль краны құрылысты айналып жүре алатын болғандықтан, егер оның ілгегі шатырдың ортасына жететін болса (ортасын ені бойынша аламыз), онда ол құрылыстың кез-келген

нүктесіне жетеді.

О нүктесінде орналасқан кранды қарастырайық. Ол детальды шатырдың ортасына жеткізетін болсын. Кран ілгегінің көлбеу бұрышы α болсын. Онда

$$|BC| = \frac{|CD|}{\cos \alpha} : |AC| = \frac{|CE|}{\sin \alpha} = \frac{H-h}{\sin \alpha};$$

мұнда $h=AO$ – кран ілгегінің іліну биіктігі. Бұл жағдайда кран ілгегінің іліну ұзындығы

$$l = \frac{H-h}{\sin \alpha} + \frac{l}{\cos \alpha} \quad (1) \text{ болады.}$$

Басқа нүктеде (кұрылысқа жақындау немесе алыстау) орналасқан кран көрсетілген жұмысты атқару үшін оның ілгегінің ұзындығы басқа болуының керек екендігі (1) формуладан көрініп тұр, себебі бұндай қозғалыста α бұрышы өзгеріп тұрады. Кранның оңтайлы (оптимальды) түрде орналасу орнын (яғни, ілгегінің ұзындығы ең аз болатын кранның көмегімен берілген жұмыстың орындалатын орнын) табайық.

Ол үшін $\left[0; \frac{\pi}{2}\right]$ аралығындағы α -ның қандай мәнінде d функциясы ең кіші мән қабылдайтынын табу керектігі айқын.

Функциясының туындысын табайық:


$$l'(\alpha) = \frac{l \cdot \sin^2 \alpha - (H-h) \cos^2 \alpha}{\sin^2 \alpha - \cos^2 \alpha} = \frac{l \cdot \cos \alpha}{\sin^2 \alpha} \left(\operatorname{tg}^3 \alpha - \frac{H-h}{l} \right).$$

$\alpha = \arcsin \sqrt{\frac{H-h}{l}}$ (2) болғанда қабылдайтынын табамыз.

(2) формуладан α -ның мәнін тауып және оны (1) формулаға қойып, ілгектің мүмкін болатын ең кіші мәнін табамыз. Осы формулалар практикада кеңінен қолданылады.

АҒАШ ӨНДЕУ. Халық шаруашылығында ағашты тиімді өңдеу мен кесудің маңызы зор. Мұндай есептерді комплексті түрде шешу классикалық және қазіргі математиканың маңызды методтарын қолдануды талап етеді. Бірақ мұндай түрдегі кейбір есептерді тек туындының көмегімен шешуге болады.

4-есеп. Ағаш кесетін аралар (олар көлденең кесуге арналған) көбіне бөренені көлденең қимасы ең үлкен болатын квадратты білеуге және төрт тақтайшаға тіледі. Бұлай бөлу үшін аралардың орналасуы қандай болу керек?



Шешуі: Суреттен көріп отырғанымыздай, есептің сұрағына жауап беру үшін кесілетін тақтайшалардың қалыңдығын анықтау жеткілікті.

Радиусы r шеңберге іштей сызылған квадраттың қабырғасы $r\sqrt{2}$, онда $|OA| = \frac{d\sqrt{2}}{4}$. Тақтайдың қалыңдығы $|AB| = x$ болсын. Онда оның ені

$$2|BC| = 2\sqrt{|OC|^2 - |OB|^2} = \frac{1}{2}\sqrt{d^2 - 4\sqrt{2}dx - 8x^2}.$$

Ал көлденең қимасының ауданы:

$$S(x) = 2|AB| \cdot |BC| = \frac{x}{2}\sqrt{d^2 - 4\sqrt{2}dx - 8x^2} \cdot \left[0; \frac{d(2 - \sqrt{2})}{4}\right]$$

Кесіндісіндегі x -тің қай мәнінде S функциясы ең үлкен мәнге ие болатынын анықтау керек. Туындыны табамыз:

$$S(x) = \frac{d^2 - 6\sqrt{2}dx - 16x^2}{2\sqrt{d^2 - 4d\sqrt{2}x - 8x^2}}.$$

Кризистік нүкте $x_0 = \frac{\sqrt{34} - 3\sqrt{2}}{16}d \approx 0.10d$

$$S\left(\frac{d(2 - \sqrt{2})}{4}\right) = 0,$$

ал $S(x_0) > 0$ болғандықтан, қалыңдығы $0,10d$ болатын тақтайшалардың көлденең қимасының ауданы ең үлкен болады.

ТРАНСПОРТ. Автомобиль жолдарының жобасын жасағанда жол торабын жасау қабілеттілігі туындайды. Жол торабының орыны, маңынан өтетін жолдардың кешені экономикалық және географиялық жағдайларға да байланысты, тасымалға кететін жұмыс уақытына бәрі де әсер етеді.

5-есеп. АВ автомагистралына СЕ жолының α жанау бұрышы қандай болғанда АЕС маршруты бойынша жылдамдығы v_m ал келетін жолда v_d ($v_m > v_d$) болғанда тасымал шығыны аз болады?

Шешуі: С нүктесінен АВ түзуіне перпендикуляр түсіріп, СД кесіндісін h деп белгілейміз, АД кесіндіні

$$|CE| = \frac{h}{\sin \alpha}; |DE| = h \operatorname{ctg} \alpha.$$

l деп белгілейміз. Сондықтан маршруты бойынша табамыз:

Осыдан автомобиль қозғалысының АЕС

$$t = \frac{l}{v_m} - \frac{h \operatorname{ctg} \alpha}{v_m} + \frac{h}{v_d \sin \alpha}$$

нүктесі шартты алынғандықтан α - ның мәні $\left[0; \frac{\pi}{\alpha}\right]$ аралығында өзгереді, $t(\alpha)$ функциясының осы аралықтағы ең кіші мәнін табу керек болатын. Туындысын табамыз.

$$t'(\alpha) = \frac{h}{v_d \sin^2 \alpha} \left(\frac{v_d}{v_m} - \cos \alpha \right).$$

$$0 < \frac{v\alpha}{v_m} < 1$$

болғандықтан, туынды осы қарастырылып отырған аралықта бір ғана нүктеде нөлге тең болады.

$$\alpha_0 = \arccos \frac{v_d}{v_m},$$

$\alpha \in [0; \alpha_0]$ және $t'(\alpha) > 0$ болғанда $t'(\alpha) < 0$, және $\alpha \in \left[\alpha_0, \frac{\pi}{\alpha}\right]$ болғанда $t'(\alpha) > 0$. Бұл дегеніміз $[0; \alpha_0]$ аралығында t функциясы кемиді, ал $\left[\alpha_0; \frac{\pi}{\alpha}\right]$ аралығында өседі дегеніміз. Ендеше t функциясы $\alpha = \alpha_0$ болғанда ең аз мән алады. Жауабы: жанау бұрышы $\alpha_0 = \arccos \frac{v_d}{v_m}$.

Біз көп жылдан бері оқушыларды стандарты емес әдіспен есептерді шешудің әртүрлі әдістерін іздеуге баулу мәселесі бойынша педагогикалық зерттеу жұмысын жүргізіп келеміз. Осы мақалада сөз болған материалдарды сабақта қарастыру арқылы есептерді стандарты емес әдістермен шығаруға, іздеуге жоғары сынып оқушыларын бірнеше жылдар бойы баулып келеміз. Есептердің мәтіні қолданбалы бағытта болуы маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Әбілқасымова А.Е., Көбесова А.К., Рахымбек Д., Кенеш Ә.С. Математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі. – Алматы: Білім, 1998. – 208 бет.

2 Әбілқасымова А.Е. Математикадан дидактикалық тапсырмалар жинағы. Студенттер мен мектеп мұғалімдеріне арналған оқу құрал. – Алматы: Қазақ универ. Баспасы, 1991. - 74 бет.

ӘОЖ 378.02: 37.016: 595.7

М.Б. Аманбаева¹, Н.Буянбаева²

¹PhD доктор, аға оқытушы,

²«6M011300-Биология» мамандығының 2-курс магистранты, Абай атындағы ҚазҰПУ

БИОЛОГ СТУДЕНТТЕРДІҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ІС-ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа

Мақалада болашақ биолог мамандарды дайындауда зерттеушілік іс-әрекетті қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздемесіне талдау жасалған. Болашақ биолог мұғалімдерді даярлауда зерттеушілік іс-әрекетті қалыптастыруды оқу үдерісінде ұйымдастыру кезеңдері деңгейлеп жүргізу жолдары ұсынылды.

Кілт сөздер: биолог, зерттеушілік іс-әрекет, білім, зерттеу

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ФОРМИРОВАНИЯ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ У СТУДЕНТОВ БИОЛОГОВ

Аннотация

В данной статье авторы анализируют пути организации развития исследовательской деятельности при подготовке будущих специалистов-биологов.

Ключевые слова: биолог, исследовательская деятельность, образование, исследование

THE THEORETICAL BASIS OF FORMATION RESEARCH ACTIVITY AT STUDENTS OF BIOLOGY

Annotation

In this article, the authors analyze the ways of organization development of research activity when training

future specialists – biologists.

Keywords: the biologist, research activity, education, research

Бүгінгі таңда адамзаттың әлеуметтік-экономикалық үздіксіз дамуға қарқынды түрде өтуіне байланысты өркениеттің бет-бейнесі тұтастай өзгеруде. Елдің өркендеуі жоғары білім беру жүйесін, оның мазмұны мен құрылымын жаңартуға сүйенеді, сондықтан да болашақ маманды даярлауда білім мен тәрбие беру ісі басты мәселеге айналып, ерекше мәнге ие болып отыр. Қазіргі кездегі білім беру ісінің негізі болашақ маманның біліктілігін ғана қалыптастырып қоймай, олардың бойында ақпаратты өздері іздеп табатын және талдай алатын, сонымен қатар оны ұтымды пайдалана білетін, жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі күнге лайықты өмір сүріп, қызмет етуге қабілетті тұлғаны қалыптастыру болып отыр. Бәсекеге қабілетті, жетілген тұлғаны қалыптастыру үшін болашақ маманды ізденушілікке, өз бетінше жұмыс жасауға, бақылау мен зерттеуге, зерттеу нәтижелерін тұжырымдап, қорытынды жасай білуге дайындау қажет. Осы қажеттіліктерге байланысты, білім берудің жаңа парадигмалық жағдайында педагогтың зерттеушілік іс-әрекетін қалыптастыруға деген сұраныс артууда.

Сонымен, жалпы «зерттеу» сөзінің түсінігі – танымдық қызметтің арнайы түрі ретінде ғылымға тән жаңа білім өндіру тәсілі деп түсіндіріледі [1]. Зерттеушілік іс-әрекет туралы зерттеудің негізін қалаушылардың бірі - Д. Берлайн. Ол физиологиялық бағыттылық тұрғысынан берген анықтамасында «зерттеу іс-әрекеті – белгісіздіктің туындауынан ынтаны бәсеңдетпеуге бағытталған әрекет» десе, А.Н. Поддьяков «зерттеу іс-әрекеті – адамды қоршаған сыртқы ортадан жаңа мәліметтер іздестіру мен оларды табуға бағытталған белсенді әрекет» деген түсінік береді [2].

Жалпы белсенді оқытудың негізін қалаушы алғашқы еңбектің бірі «Ұлы дидактиканың» авторы, Ф.Бэконның философиялық қағидаларын дидактика саласында пайдаланған Ян Амос Коменскийдің пайымдауынша, «Білім дәйексіз емес, дәлелді, үстіртін емес, негізделген болуы қажетті» дей келе, ол мынадай пікір айтады, «... адамдарды басқа біреулердің бақылаулары мен айтқандарын есіне түсіріп, білімді тек дайын күйінде ғана оқулықтардан алуға емес, өздерін қоршаған табиғаттағы заттар мен құбылыстардың өздерін зерттеу арқылы тануға, білімді өз бетімен тереңдете меңгеріп, өзіне қорытынды шығартуға үйреткен жөн» дейді [3]. Я.А. Коменскийдің бұл пікірі уақыт өте келе кеңінен таралып, дидактикада үлкен өзгерістерге жол салды. Аталған пікірге сәйкес, білімді қалыптастыру тек педагогтың ғана міндеті емес, сонымен қатар білім алушы да өзі шығармашылықпен, ізденімпаздықпен, бірлесе меңгерілген жағдайда ғана білім нәтижелі болатындығына көз жеткізіле бастады.

Е.С. Заир-Бек және Ю.В. Соляникова еңбектеріндегі деректерге сәйкес, зерттеушілік қызметі – ғылыми және зерттеушілік іс-әрекеттерінің ұйымдастыру формасы, ал зерттеушілік іс-әрекет – жаңа білімді қалыптастыру, өңдеу және тарату қызметтерін қамтыған, үдеріс [4] деген түсініктеме береді. Осы тұста отандық зерттеуші ғалым М.А. Утешова өз еңбегінде «...зерттеушілік қызметі – жеке адамға бағытталған білім беру парадигмасын іске асырудың бір құралы» - деген түсінік береді [5, б. 54].

Біз өз кезегімізде жоғарыдағы ғалымдардың пікірлеріне толықтай қосыла отырып, мынадай қорытынды жасадық, зерттеушілік іс-әрекет – объективті және субъективті жаңа білім алу іс-әрекеті, ал зерттеушілік қызметі – жеке адамға бағытталған оқу - тәрбие үдерісі негізіндегі іс-әрекетті ұйымдастырудың сыртқы формасы.

Студенттердің зерттеушілік іс-әрекеті – оның қабылдаған білім, білік, дағдыларын белгілі бір ғылыми айналымға байланысты қолдана алуы, өзін-өзі әлеуметтендіруге дайындық деңгейі болып табылады. Бұл болашақ биолог мұғалімдердің өз білімін ғылыми түрде жобалау арқылы одан әрі биологиялық пәндерді терең зерттеп меңгеру, жетілдіру біліктілігі дегенге саяды. Өйткені қазіргі ақпараттық қоғамда студентке жеке пәндік білімдерді дәстүрлі технологиялар жүйесінде меңгерту жеткіліксіз.

Еліміздің әдіскер - ғалымы К.Жүнісова [6, б. 8] жалпы білім беретін мектептердегі биологиялық білім мазмұнын, оны оқыту әдістерін түбегейлі жаңартудың қажеттігі - көп жылдар бойы қалыптасқан, ескі әдіснамалық ұстанымдарға негізделіп жасалған пәннің дәстүрлі әдістемесінің қоғам дамуындағы жаңа бағытта даму үрдісінен шыға алмай, дағдарысқа түсуінен туындап отырғанын атап көрсетті.

Осы мәселеге байланысты, отандық ғалым Нұртай Тормановтың «Биологияны оқытудың инновациялық әдістемелері» атты оқу құралында көрсетілгендей, XX ғасырдың екінші жартысынан бастап, биология саласындағы ашылған ғылыми жаңалықтардың нәтижесінде қоршаған орта мен әлеуметтік ортаның, оның ішінде адамзат баласының мәдени, рухани дамуының болашағы жайлы көзқарастар түбірінен өзгерді. Қазір де сондай сеніммен, батылдықпен болжап айтатын болсақ, биология

саласында адамзат баласын жаңа ғылыми жаңалықтар күтіп тұр деуге болады [7, б. 14-15].

Осыған орай орта мектепте, жоғары оқу орындарында жастарға білім және тәрбие берумен қатар ғылыми-зерттеу жұмыстарын да дамыту керек деген мәселелер биолог-педагог мамандарды қатты толғандырады.

Сондықтан болашақ биолог мұғалімдердің алдында көптеген ғылыми ізденістер мен ғылыми жаңалықтардың ашылуына өзінің ауқымды үлесін қосатын жастарды бүгіннен бастап дайындау керек.

Жалпы жаратылыстану ғылымдарындағы «зерттеушілік іс - әрекет» ұғымын түсіндіруде, Александр Яковлевич Герд оқыту әдістемесін жетілдіруде көп еңбек сіңірді және зерттеу әдісіне жан-жақты талдау жасады. А.Я. Герд оқушыларға арналған ботаника, зоология бойынша оқу құралдарын жасады және өсімдіктердің, жануарлардың өзінің тіршілік ортасына қарай бейімделу ерекшеліктерін нақтылап түсіндіру керектігін еңбектерінде назар аударды. Табиғатқа бақылау жүргізу нәтижесінде білім алушылар өз пікірін айтуға, байқағандарынан қорытынды шығаруға, ойларын тұжырымдауға жаттығатынын баса көрсетті. Табиғаттан, қоғамнан берілетін білімнің мазмұнын ашты. А.Я. Герд білім беру үдерісінде бірінші орынға оқушылар көзқарасын қалыптастыруды қойды. Биология ғылымын тек қана кітап арқылы ғана алған білімнің үстіртін, тиянақсыз болатынын айта келіп, нақты табиғаттың құрамдас бөліктерімен тікелей байланыс түзу арқылы алатын білімнің нәтижесінің жоғарылығын басқа ешбір көрнектілікпен салыстыруға болмайтынына тоқталды [8].

Биологиялық пәндерді оқыту үдерісіндегі зерттеушілік іс-әрекеттің маңызы:

- биологиялық білімді тереңдетіп түсіну мүмкіндігі; нәтижесі алдын-ала белгісіз шығармашылық тапсырмаларды шешуге дағдылану;

- студенттердің тұлғалық, интеллектуалдық, шығармашылық қабілеттіліктерін анықтау мүмкіндігі;

- проблеманы шешуге бағытталған белсенді ойлау үдерісіне ынталандырады;

- жан-жақты білімді пайдалануды талап етеді.

Биологиялық пәндерді оқыту үдерісіндегі зерттеушілік іс-әрекетті жоспарлау:

- зерттеу тақырыбы зерттеушінің қызығушылығын тудыру керек;

- зерттеуші зерттеу проблемасының мазмұнын өте жақсы түсінуі қажет;

- зерттеу проблемасын анықтау оқытушы және студенттің бірлесе жұмыс жасау арқылы жүргізілуі тиіс;

- зерттеу проблемасының нәтижесі ең алдымен зерттеуші студент үшін және ғылым үшін жаңалық болуы қажет.

Биологиялық пәндерді оқыту үдерісіндегі зерттеушілік іс-әрекеттің орындалу кезеңдері:

- тақырыпты таңдау;

- ғылыми аппаратты құру: зерттеу мақсаты, ғылыми болжамы, міндетін анықтау;

- ғылыми-теориялық мәліметтерді жинау;

- зерттеу әдістерін таңдау;

- теориялық және тәжірибелік зерттеулер жүргізу;

- зерттеу нәтижелерін қорытындылау;

- зерттеу нәтижелерін талапқа сәйкес рәсімдеу;

- зерттеу нәтижесі бойынша баяндама дайындау.

Биологиялық пәндерді оқыту үдерісіндегі зерттеушілік іс-әрекеттердің түрлері:

- проблемалық-реферативті зерттеулер;

- эксперименттік зерттеулер;

- практикалық зерттеулер;

- шығармашылық зерттеулер.

Зерттеушілік іс-әрекетті ұйымдастырудың формалары (аудиторияда):

- зерттеу-сабағы;

- зертханалық-сабақ;

- шығармашылық есеп-сабағы;

- өнер тапқыштық - сабақ;

- биолог - ғалымдарды тану - сабағы;

- ғылыми жоба - сабағы.

Зерттеушілік іс-әрекетті ұйымдастырудың формалары (аудиториядан тыс):

- зерттеу практикалары;

- арнайы курс сабақтары;

- ғылыми-зерттеу орталықтарындағы студенттік зерттеу жұмыстары;
- олимпиадаларға, жарыстарға, конференцияларға, ғылыми жобаларға қатысу.

Болашақ биолог мұғалімдерді даярлауда зерттеушілік іс-әрекетті қалыптастыруды оқу үдерісінде ұйымдастыру деңгейлеп, кезең - кезеңмен жүргізілді:

1 - кезең немесе анықтау кезеңі, бірінші курстан бастап зерттеушілік іс-әрекетті жүйелік - құрылымдық тұрғыда дамыту пәндер мазмұнын зерттеу тапсырмалары негізінде толықтыру студенттердің білімін тереңдетуге мүмкіндікті жоғарлатады. Бұл кезеңнің мақсаты: шығармашылық қабілеті жоғары, зерттеушілік іс - әрекетті қалыптастыруға бейім студенттерді анықтау.

2 - кезең немесе қалыптастыру, зерттеу, рефлексивті кезең, болашақ биолог мұғалімдердің зерттеушілік іс-әрекетін қалыптастыру мақсатында, оқу бағдарламасына сәйкес оқытылатын пәндер мазмұнын толықтыру арқылы және жаңа мақсатты түрде жоспарланған, зерттеушілік іс-әрекетін қалыптастыру арналған арнайы пәндерді оқыту барысында түрлі деңгейдегі зерттеу тапсырмаларын орындай отырып, зерттеу аумағын кеңейту, зерттеу әдістерін меңгертуге бағытталған кезең. Яғни, студенттер бұл кезеңде оқу жоспарына сәйкес, сонымен қатар біз ұсынған әдістеме мазмұнына сәйкес құрастырылған зерттеушілік бағыттағы оқу-зерттеу, тәжірибелік-зерттеу тапсырмаларын орындайды және жеке дара зерттеу тапсырмалары бойынша жұмыстар атқарады. Бұл кезеңнің мақсаты: болашақ биолог мұғалімдердің оқу үдерісін ұйымдастыруда оларға зерттеу тапсырмаларын өзбетімен орындауға машықтандыру, зерттеу жұмыстарын әрі қарай жоспарлауға бейімдеу және келешек кәсібінде тиімді қолдануға үйрету.

Жоғары оқу орнында болашақ биолог мұғалімдердің зерттеушілік іс-әрекетін қалыптастыруда педагогтың басты мақсаты, оқу үдерісін ұйымдастыруда студенттерге ғылыми мазмұндағы жеке - дара зерттеу тақырыбымен жұмыс орындата отырып, оларға өзін-өзі дамытуға, білімін тереңдетуге мүмкіндік беріп, болашақ маманға зерттеу тапсырмаларын тиімді жолмен орындаудың әдістерін, ұстанымдарын, құрылымын, мүмкіндіктерін үйрету. Зерттеу нәтижелерін білім беру үдерісінде қолдана білу шеберліктерін дамыту. Бұл мақсатты орындау үшін, педагогикалық жоғары оқу орнының оқытушысына қойылатын басты талаптардың бірі, ғылым жетістіктерін пайдалана отырып, жаңа ақпараттар алудың, зерттеушілік іс-әрекетті дамытудың қазіргі талаптарға сай әдістерін меңгерген және тиімді пайдалану шеберлігі қалыптасқан болуы. Осы бағытта біз зерттеу жұмысымызды болашақ биолог мұғалімдердің зерттеушілік іс-әрекетін қалыптастырудың әдістемесін ұсынуға арнадық.

Болашақ биолог мұғалімдердің зерттеушілік іс-әрекетін қалыптастыруды ұйымдастыру оқу үдерісінің барлық формаларын қамтуы қажет:

Аудиторияда зерттеушілік іс-әрекетті қалыптастыру, яғни ол алдымен проблемалық жағдай туындату, студенттерге ғылыми болжам құруды үйрету, биологиялық пәндер мазмұнында эксперимент, бақылау жүргізу, зертханалық, жобалық, тәжірибелік, зерттеу тапсырмаларын орындау сияқты танымдық іс - әрекеттерді талап ететін күрделі тапсырмаларды орындату арқылы білім алуды белсенді түрде ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Аудиториядан тыс зерттеушілік іс-әрекетті қалыптастыру, мысалы, зоологиядан оқу - дала практикасы, оқу практикасы, тірі табиғи нысандарды далалық бақылау - зерттеу жұмыстары, ғылыми жобалар дайындау барысында. Бұл кезеңде студенттер зерттеу жүргізудің түрлі әдістерімен танысады, эксперименттер орындайды, есеп беру жұмыстарын дайындайды, табиғатта тірі объектілермен танысады. Ғылыми - зерттеу жұмыстарын орындау арқылы зерттеушілік іс - әрекетті дамыту, мысалы, студенттердің ғылыми-практикалық конференцияларына қатысуы, түрлі деңгейдегі ғылыми - зерттеу жобаларын орындауы, халықаралық, республикалық басқа да байқау, пән олимпиадасына, бағдарламаларға атсалысуы және т.б.

Болашақ мұғалімдерді жаңа заман талаптарына сай дайындау үшін оларды қажетті біліммен қаруландырып қана қоймай, олардың бойында жаңа сапалық белгілерді дарытуда зерттеушілік іс-әрекет ерекше назар аударылуда. Білім беру реформасын жүзеге асырудағы негізгі тұлға педагогтар қауымы болып табылады. Осы ретте еліміздегі білім беру үдерісі болашақ мұғалімдерге төмендегідей талаптар қояды:

- өз білімін үнемі жетілдіру;
- шығармашылықпен еңбек ету;
- заманауи технологияларды игеру;
- проблеманы көре білу, оны шешу жолдарын тауып, нәтиже алу;
- жобаны құрастыра алу;

- балама шешімді іздестіре білу;
- ғылым жетістіктерін білім беруде пайдалана білу;
- теориялық білімді тәжірибеде қолдана алу;
- қоғамның ілгері қозғаушы күші болуға әр уақытта ұмтылу.

Бұл талаптарға жауап беретін түлектерді дайындау бүгінгі күнгі педагогикалық жоғары оқу орындарының алдына қойылып отырған басты мәселе. Осы бағытта жүргізілген зерттеулер жеткілікті дерлік бар алайда, оны көптен бері шешімі іздестіріліп келе жатқан, жетілдіріп отыруды талап етіп отыратын, күрделі мәселелердің бірі десе болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Білім және ғылым. Энциклопедиялық сөздік / бас редактор Ж.Қ. Тұймебаев. – Алматы, 2009. – 132 б.
- 2 Поддьяков А.Н. Методологические основы изучения и развития исследовательской деятельности // Школ. технол. - М., 2006. - №3. - С. 85-91.
- 3 Коменский Я.А. Избранные педагогические сочинения. Великая дидактика. - М., 1939. - 207 с.
- 4 Заир-Бек Е.С., Соляников Ю.В. Технологии обучения научно-исследовательской деятельности как фактор качественной подготовки научных кадров в педагогическом университете. - СПб.: Изд-во РГПУ им. А.И. Герцена, 2000. - с. 96-114.
- 5 Утешова М.А. Негізгі мектеп алгебрасын оқыту барысында деңгейлік тапсырмалар арқылы оқушылардың зерттеушілік қызметін дамыту әдістемесі: пед. ғыл. канд. ... дис.: 13.00.02. - Алматы, 2010. - 170 б.
- 6 Жүнісова К. Биология курсы қандай болуы тиіс // Қазақстан мектебі. Биология және химия. - Алматы, 1996. - №1. - Б. 7-14.
- 7 Торманов Н., Абылайханова Н.Т. Биологияны оқытудың инновациялық әдістемелері. - Алматы: Қазақ университеті, 2013. - 259 б.
- 8 Герд А.Я. Вопросы и нужды учительства. Естествознание как отдельный предмет в курсе начальной школы / Избранные педагогические труды. - М.: АПН РСФСР, 1953. – 206 с.

UDC 595. 754: 574.57

A FAUNISTIC STUDY ON HETEROPTERANS (HEMIPTERA: HETEROPTER) IN THE «ALTYN-EMEL» STATE NATIONAL NATURAL PARK

Amanbayeva M., Amanova A., Khafizova J.

Abai Kazakh National Pedagogical University,

School-gymnasium №6

Annotation

The Altyn-Emel State National Natural Park (Kazakhstan) was surveyed for Heteroptera during the spring-summer period (April-August). A total of 172 species belonging to 22 families of Heteroptera were identified.

Key words: Heteroptera, Altyn-Emel SNNP, species, fauna

«АЛТЫН-ЕМЕЛ» МЕМЛЕКЕТТІК ҰЛТТЫҚ ТАБИҒИ ПАРКІНІҢ ЖАРТЫЛАЙ ҚАТТЫҚАНАТТЫЛАРЫ (HEMIPTERA: HETEROPTER) ФАУНАСЫ

Аңдатпа

Далалық зерттеулер нәтижесінде «Алтын-Емел» Мемлекеттік ұлттық табиғи паркінде жартылай қаттықанаттылардың 22 тұқымдасына жататын 172 түрі жиналып, талдау жасалды.

Кілт сөздер: Heteroptera, ГНПП Алтын-Эмель, виды, фауна

ФАУНА ПОЛУЖЕСТКОКРЫЛЫХ (HEMIPTERA: HETEROPTER) ГОСУДАРСТВЕННОГО НАЦИОНАЛЬНОГО ПРИРОДНОГО ПАРКА «АЛТЫН-ЭМЕЛЬ»

Аннотация

В результате полевых исследований на территории государственного национального природного парка «Алтын-Эмель» было собрано и проанализировано из 22 семейств 172 вида полужесткокрылых насекомых.

Ключевые слова: Heteroptera, Алтын-Эмель МҰТП, түрлер, фауна

"Altyn-Emel" State National Natural Park was established by Order No 460, dated April 10, 1996, Republic of Kazakhstan. It is located in two administrative districts, Kerbulak and Panfilov, Almaty region (44°20'0"N, 78°26'0"E) [1].

Heteroptera represent the largest order of insects with incomplete metamorphosis with 40,000 species and 50 families that occupy a variety of habitats and play an important role in biological processes in biogeocenosis (Aukema and Rieger 1999, Dolling 1991). Heteroptera in Altyn-Emel National Park is poorly studied and preliminary surveys, such as this, provide a baseline assessment for biodiversity. An annotated list of Heteroptera fauna and biological zones and plant assessment of Altyn-Emel National Park is provided [2].

All Heteropteran groups are represented in the fauna of Kazakhstan (with the exception of tropical Enicocephalomorpha), where 1,250 species from 35 families and 411 genera are recorded (Yesenbekova, 2013). Among Heteroptera, species that feed on plants dominate, with some causing significant damage to grain, forage, vegetables, fruit crops, pastures, and forests and vector transient plant pathogens. Some Heteroptera are beneficial and prey on crop, forest, and aquatic pests, while some serve as vectors of medical and veterinary important pathogens [3].

Family Alydidae - Phytophagous, feeding on leaves, stems, young branches, and seeds and overwinter in the adult phase, 2 species.

Family Anthocoridae - Predators that feed on aphids, mites, scale insects, thrips, beetle larvae, etc., often beneficial by destroying agricultural pests (Asanova, 1966). They are found on flowers, litter, bark of trees, and other vegetation, 7 species.

Family Berytidae - Worldwide distribution, inhabiting forests, steppes, deserts, forest glades, mesophytic lowland mountains and floodplains, 1 species.

Family Coreidae - Phytophagous, feeding on leaves, stems, young branches, and seeds, and overwintering as adults (Moulet, 1995), 2 species.

Family Corixidae - Zoophytophages with world, wide distribution. Found in various water bodies, invading large river basins, floodplain sand, standing and shallow well-warmed water bodies with rich vegetation, 6 species.

Family Cydnidae - Phytophagous, found usually on the ground and under plants or in the soil, overwinter as adults, 1 species.

Family Gerridae - Found on the water surface of ponds, rice fields, and river banks, among vegetation and in shady areas among stems of aquatic plants. Zoophages and feed on insects at the surface of water, 5 species.

Family Lygaeidae - Most species live in the soil under plants. Some are phytophagous, while others are predators that rarely have extensive food specialization. Overwinter as adults and nymphs, 30 species.

Family Miridae - Phytophagous species are the most common, but quite a few are predatory species or species with mixed nutrition (predator and phytophagous). One or more generations per year (Kerzhner I.M. and Yachevskiy T.L. 1964), 63 species.

Family Nabidae - Predators, that are distributed world-wide, feed on a variety of insects, and are found on the surface of the soil and herbaceous plants (Kerzhner, 1990), 4 species.

Family Naucoridae - They are active predators, living in ponds and other still waters, and overwintering on land (Saulich and Musolin, 2007). Feed on dragonfly nymphs, leeches, amphipods, and mosquito larvae, 1 species.

Family Nepidae - Predators that feed on fish fry and various insects, and inhabit standing and slow flowing large and small ponds, and distributed throughout the world in all damp habitats, 2 species.

Family Notonectidae - They inhabit still pools of rivers and feed on small larvae of water beetles and mosquitoes and other insects that fall into the water, 1 species.

Family Pentatomidae - The representatives of the subfamily Asopinae are predators; other species are herbivorous. Adults overwinter as nymphs (e.g., *Pentatoma* spp.) or eggs (e.g., *Picromerus* spp.) (Kerzhner, 2005, Pericart, 2002). Found in all landscapes and mountain zones in different habitats in Kazakhstan, 17 species.

Family Piesmatidae - Small family that are phytophagous. Adults overwinter, 1 species.

Family Pleidae - They are predators, living and overwintering in ponds. Found among aquatic plants and adults and nymphs feed on larvae of various *Hydrobionts* spp, 1 species.

Family Pyrrhocoridae - They feed on seeds, dead insects, insect eggs, etc. Adults overwinter, 1 species.

Family Reduviidae - They are large- or medium-sized. They have short, stout, strongly curved proboscis and are predators feeding on a variety of insects and aquatic organisms. Bites of large species are painful. Found in trees and grass, on the soil surface, 4 species.

Family Rhopalidae - Phytophagous, living mainly on herbaceous vegetation, overwinter as adults or eggs, 7 species.

Family Saldidae - Found on the banks of ponds overgrown with grasses, and various wet places and wet soil. They are predators, leaping or taking flight, 9 species.

Family Scutelleridae - All species are polyphytophagous, feeding on herbaceous plants. Some, like *Eurygaster integriceps*, are important pests of crops. They overwinter as adults or nymphs, e.g. *Odontoscelis* and *Irochrotus* spp., 1 species.

Family Tingidae - They are herbivorous, living on the leaves of trees, shrubs and herbs, as well as on mosses, sometimes forming large clumps causing significant damage to its hostplants. Most species have a narrow food specialization, 6 species.




Fig. 1 - Distribution of families of Hemiptera

Species diversity is represented by families Miridae (63 species), Lygaeidae (30), Pentatomidae (17), Saldidae (9), Rhopalidae and Anthracoridae (7), Tingidae (6), Corixidae (6), Gerridae (5), Nabidae and Reduviidae (4), Coreidae (2), Alydidae (2), Nepidae (2). The other 8 families are represented by 1 species each (Fig. 1).

Heteroptera fauna of Altyn-Emel National Park is rich and diverse. The vast majority of species are typical representatives of desert fauna. A total of 172 species belonging to 22 families of Heteroptera (6 families of aquatic Heteroptera and 16 families of terrestrial Heteroptera) were collected.

References:

- 1 Yesenbekova P.A. The fauna of terrestrial Hemiptera (Heteroptera) State National Natural Park "Altyn-Emel": Research and results. – Almaty, 2008. – P. 180-182.
- 2 Yesenbekova P.A. The Heteroptera in Kazakhstan, «Nour-Print». – Almaty, 2013. – pp. 262.
- 3 Amanbayeva M.B., Yesenbekova P.A., Childebayev Zh.B. A Faunistic study on Hemiptera: Heteroptera – Natural Regulators of the Mosquitos (the Culicidae) in the «Altyn-Emel» State National Natural Park, Kazakstan // Journal of Animal and Veterinary advances. - Pakistan, 2015. - P. 167-174.

ПЕДАГОГИКА МЕН ӘДІСТЕМЕ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ ВОПРОСЫ ПЕДАГОГИКИ И МЕТОДИКИ PROBLEMS OF PEDAGOGY AND METHODOLOGY

ӘОЖ: 1082

Г.Қамысбаева

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 2-курс магистранты

БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа

Қазақстан Республикасында білім беру жүйесіндегі модернизациялау үдерісі - білім мазмұны мен сапасын арттыру, білім берудің ұлттық моделін жетілдіру, ақпараттық технологиялар жөнінде жаңаша педагогикалық көзқарас қалыптастыру секілді кешенді шараларға тікелей қатысты.

Кілт сөздер: болашақ маман, кәсіби құзыреттілік, құзырет

Резюме

Процесс модернизации в системе образования Республики Казахстан напрямую связан с комплексными мерами, такими как улучшение содержания и качества образования, совершенствование национальной модели образования, формирование нового педагогического подхода к информационным технологиям.

Ключевые слова: будущий специалист, профессиональная компетентность, компетентность

Annotation

The process of modernization of the education system of the Republic of Kazakhstan is based on the complex relationships, such as the inclusion of teaching and learning in education, the development of the national model of education, the formation of the new pedagogical approach to information technology.

Key Words: Future specialist, professional competence, competence

Әлем тәжірибесі көрсеткендей, кез-келген мемлекеттің экономикалық жетістігі сол елдің білім жүйесі мен азаматтарының білім дәрежесіне байланысты. Өйткені, білім арқылы ғана қоғамның интеллектуалдық капиталы мен инновациялық әлеуеті қалыптасады.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында «Білім және кәсіби машық – заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары. Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет», - деп атап көрсетті [1].

Қазіргі замандағы білім берудің негізгі мақсаты: еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, құзыретті, өз жұмысын жақсы білетін, жан-жағына бағыт-бағдармен қарайтын, әлемдік стандарт деңгейінде нәтижелі жұмысқа, кәсіби өсуге, әлеуметтік-саяси оңтайлы тез әрекет жасауға, болып жатқан өзгерістерге тез бейімделуге қабілетті білікті маман, индустриалды-инновациялық жағдайды шешуге лайық, өз қалауы мен қоғам талабына сай өзін көрсете білуге бейім, өз ойын еркін айта алатын, жоғары білімді, ұлттық тілді, тарихты жетік меңгерген, отандық және әлемдік мәдениетті бойына қалыптастырған, шығармашыл, оңтайлы кәсіби маман дайындау.

Бұл мақсатты жүзеге асыруда еліміздегі білім беру саласының бағыт-бағдарын айқындайтын Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қабылданғаны бәрімізге белгілі. Бағдарлама бірнеше мақсаттар мен міндеттерден туындап отыр, соның ішінде техникалық және

кәсіптік білім берудің мақсаты: қоғамның және экономиканың индустриялық-инновациялық даму сұраныстарына сәйкес техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін жаңғырту, әлемдік білім беру кеңістігіне кірігу, педагог мамандығының беделін көтеру, білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру [2].

Жоғары оқу орнында дайындықтан өткен мамандардың білімі жоғары дәрежеде болуы керек. Өйткені, бұл талап әрбір мамандық бойынша білім беру мазмұнын салыстырмалы түрде біртұтас білім саласы ретінде анықтауы керек. Білім берудің күрделі мазмұнын меңгеруде, оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудың қазіргі кездегі ұстанымдарын жүзеге асыруда, педагогикалық үрдіс, яғни, оқытушылар мен студенттердің өзара байланысқан және өзара келісілген іс-әрекеті басты міндет атқарады. Сондықтан, қазіргі кездегі жоғары білім беру алдында студенттер мен оқытушылардың жұмыстарының түрлері мен әдістерін жүзеге асыру мәселесі тұр.

Бүгінгі таңда еліміздің білім беру саласында бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу үшін маңызды міндеттерді шешуге бағытталған күрделі бетбұрыс жасалуда. Мұғалімнің кәсіби мүмкіндігі оның бойындағы өзін-өзі дамытып отыру дайындығына тікелей байланысты. Бұл мәселеге әлеуметтік-педагогикалық тұрғыдан келу үшін мұғалімнің субъект ретіндегі алдына қойған міндеттерін орындауға деген әзірлік деңгейіне көз жеткізу қажет. Әрине, оның кәсіби өсуі жеке тұлға ретіндегі ерекшелігіне әбден қатысты. Сондықтан бұл жерде даралық-тұлғалық қалыптасу, іскерлік-әдістемелік жетілдіру, кәсіптік-пәндік білімін толықтыру компоненттерінен өз қажеттілігін тани алу мүмкіндігі туады. Бұл жердегі «өз қажеттіліктерін сезіну» - кәсіби қызметтің негізі. Өйткені, ол өзінің әлеуметтік бар мүмкіндігін дамытудың жолдарын білу деген. Болашақ кәсіби құзіретті маман осы ақпараттық қоғамнан қалыспай, жедел ойлаушы, жедел шешім қабылдаушы, ерекше ұйымдастырушылық қабілетті, нақты бағыт-бағдар беруші болып шығуы - бұл қазіргі заманның талабы. Құзыреттілік қалыптастыру дегеніміздің өзі болашақ кәсіби маманның – қазіргі студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып ойлаудың, интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейіне шығу, жаңаны түсіне білуге, білімнің жетіспеушілігін сезінуге үйрету арқылы ізденуге бағыттауды қалыптастырудағы күтілетін нәтижелер болып табылмақ. Студенттердің кәсіби құзыреттілік мәселелері туралы пікірлер кәсіби маман даярлау мәселелерімен айналысып жүрген отандық және шетелдік ғалымдар, педагогтар, психологтар еңбектерінде көрініс табуда. «Құзыреттілік» түсінігі білім беру саласында 1960-1970 жылдардағы шетел әдебиеттерінде, ал 1980 жылдардың соңында отандық әдебиеттерде кездесті. «Кәсіби құзыреттілік, жете білушілік» ұғымын енгізудің қажеттілігі оның мазмұнының кеңдігімен, интегративтік сипатымен, «кәсіптілік», «біліктілік», «кәсіби мүмкіндіктер» және т.б. түсініктерді біріктіреді [3]. «Құзірет» және «құзыреттілік» ұғымдарын педагогикалық үрдіске енгізу бағытында ғалымдар зерттеу жұмыстарын арнап, әдіснамалық мәнін ашып, өздерінің әртүрлі түсініктемелерімен сипаттауда. Аталған ұғымдардың табиғи мәніне жетуге байланысты Д.И. Ушаковтың редакциясымен жарық көрген түсіндірме сөздіктің авторлары «құзыреттілік» және «құзырет» сөздерінің арасындағы айырмашылықтарды дәлелдеуге тырысқан. «Құзыреттілік» - хабардар болушылық, абыройлық; «құзырет» - жеке тұлғаның кәсіби қасиеті және қызметтік сипаттардың нақты жиынтығы деген, К.В. Шапошников: «Кәсіби құзіреттілік категориясын: қоршаған ортамен өзара әрекет етуінде адамның кәсіби іс-әрекетін жобалау және жүзеге асыруға мүмкіндік беретін тұлғалық қасиеттері, білімі, іскерлігі және тәжірибесінің біріккен жиынтығы», - десе, И.Н. Алмазова құзірет – адамның іс-әрекеті саласындағы білімі мен іскерлігі, ал құзіреттілік – маман құзырлық қасиеттерін сапалы қолдана алуы тұрғысында пайымдайды [4]. Қазақстанда кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудың теориялық және практикалық қырларын Ш.Х. Құрманалина (колледж жағдайында бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау), Б.Т. Кенжебеков (жоғары оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігі), Г.Ж. Меңлібекова (болашақ мұғалімнің әлеуметтік құзыреттілігі), Б.Қасқатаева (болашақ математика мұғалімінің әдістемелік құзырлығы), С.И. Ферхо (мұғалімдердің оқу үдерісінде электронды оқу құралдарын пайдалана білу құзыреттілігі) және т.б. ғалымдар зерттеген. Маманның кәсіби құзіреттілік мәселесі күрделі де көп қырлы. Бұл ғылыми педагогикада, психологияда, әлеуметтануда, кәсіби білім берудің теориясы мен әдістерінде, гуманитарлық ғылымда әр қырынан қарастырылып жүр. Құзіреттілік - жеке тұлғаның теориялық білімі мен практикалық тәжірибесін белгілі бір міндеттерді орындауға даярлығы мен қабілеті. Ол жансыз жаттанды білім түрінде емес, жеке тұлғаның танымға, ойлауға қатысын және әрекетке, белгілі бір мәселелерді ұсынып, шешім жасауға, оның барысы мен нәтижелерін талдауға, ұдайы түрде ұтымды түзетулер енгізіп отыруға деген белсенді іс-әрекеттен көрінеді. Осы ретте еліміздің кәсіби білім беру жүйесі алдында, оның ішінде болашақ педагог даярлауда ең алдымен педагогтың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру міндеті тұр. Кәсіби құзыреттілік ұғымын түсіндіруде екі бағыт бар: адамның стандартқа сәйкес әрекет ету қабілеті; жеке тұлғаның жұмыста нәтижеге жетуіне мүмкіндік беретін сапалары. Б.Т. Кенжебеков құзыреттілік жөнінде: «Құзыреттіліктің бар-жоғын адам

еңбегінің нәтижесіне қарап пайымдау қажет. Кез-келген қызметкер, өз әрекетімен кәсіби іс-әрекеттің түпкі нәтижесіне сай талаптарға жауап беретін жұмыстарды орындаса ғана, кәсіби құзыретті болып саналады» -, деп анықтама береді [5].

Еліміздің саяси, экономикалық, мәдени, қоғамдық өміріндегі өзгерістерге сай жоғары оқу орындарының үлкен жауапкершілікті сезініп, білікті, өз ісінің шебері, бәсекеге қабілетті, кең ауқымды, жан-жақты дамыған маман дайындауға ұмтылуы, өзінің әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуының мазмұны мен сипаттарының өзгеруіне және еңбек сапасына талаптың жоғарылуына байланысты өз ісін жетік білетін, кәсіби білігі мол мамандарды қажет етеді. Сондықтан, кәсіби білімді маманның құзіреттілігі сол маманның жеке тұлға ретіндегі қасиеттерінің және ішкі психикалық жағдайларының күрделі жүйесі, оның кәсіби қызметі мен қабілетін іске асырум болып табылады. Құзіреттілік – қызмет атқарушының жеке мүмкіншілігі оның квалификациясы (білімі мен тәжірибесі), шешім қабылдай алуы немесе белгілі бір білім мен дағдыларына сәйкес шешім қабылдауы. Құзіреттілік - жеке тұлғаның теориялық білімі мен практикалық тәжірибесін белгілі бір міндеттерді орындауға даярлығы мен қабілеті. Ол жансыз жаттанды білім түрінде емес жеке тұлғаның танымға, ойлауға қатысын және әрекетке, белгілі мәселелерді ұсынып, шешім жасауға, оның барысы мен нәтижелерін талдауға, ұдайы түрде ұтымды түзетулер енгізіп отыруға деген икемділігінің белсенділігінен көрінеді. Құзіреттілік бірінші орынға білімгердің ақпаратты сауаттылығын емес, оның мәселені дұрыс шеше білу қасиетін қояды. Егер, болашақ педагогтың құзыреттілігінің қалыптасуын орта кәсіби білім беру жүйесінің аумағында қарастырсақ, онда білім, білік, дағды мүмкіншілігі, яғни, бір сөзбен педагогикалық қызметке маманның қаншалықты дайын екендігі туралы айтуға болады. Кәсіби құзіреттілік деп педагогтың жеке бас сапалары мен оның психологиялық-педагогикалық және теориялық білімінің, кәсіби біліктілігі мен дағдысының, тәжірибесінің бір арнада тоғысуы деуге болады. Болашақ маман өз ісінің шебері, жақсы мұғалім болу үшін мамандығына қажетті қабілеттерді және жалпы әлемдік мәдениетті, өз елінің мәдениетін, қарым-қатынас мәдениетін, тіл мәдениетін игеріп, интеграциялық үрдістерді меңгеріп, әлемдік білім кеңістігінің өресінен шыға алуға талпынуы керек. Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру жеке шығармашылық қабілетті дамытуды, педагогикалық инновацияларды дұрыс қабылдауы, күнделікті өзгеріп жататын педагогикалық ортаға тез бейімделуді қажет етеді.

Болашақ маман дайындау мәселесі оның тұлғалық сапалары мен қасиеттерін қалыптастырудың мазысын көрсетеді. Тұлғалық-бағдарлық бағытта білім беру нәтижесі білім, біліктілік және дағды жүйесінде, шығармашылық іс-әрекет тәжірибесіне және эмоционалды көңіл-күйді көрсете білуге, ерікті қарым-қатынасқа педагогикалық бейімделген тұлғаны қалыптастыру ретінде түсіндіріледі [5].

Ғалымдардың пікірлерін басшылыққа ала отырып, біз «құзыреттілік» ұғымына – студенттердің жеке тұлғалық психологиялық ерекшеліктеріне байланысты меңгерген білімдерін, дағдылары мен біліктерін, танымдық және тәжірибелік іскерлігін өмірде дұрыс қолдануы деген түсінік бере аламыз.

Сонымен педагог-психолог, ғалымдардың пікірі бойынша еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, кәсіби оңтайлы маманның бойында белгілі бір құзіреттіліктер қалыптасуы қажет. Біріншіден, бағдарлық құзіреттілік (азаматтық белсенділік, саяси жүйені түсіну, баға бере білу, елжандылық т.б.); Екіншіден, мәдениеттанымдылық құзіреттілік (ұлттық ерекшеліктерді тани білу, өз халқының мәдениеті мен өзге ұлттар, әлем мәдениетін салыстыру, саралай білу қабілеті); Үшіншіден; оқу-танымдық құзіреттілік (өзінің білімділік қабілетін ұйымдастыра білу, жоспарлай білу, ізденушілік-зерттеушілік әрекет дағдыларын игеру, талдау, қорытынды жасай білу); Төртіншіден; коммуникативтік құзіреттілік (адамдармен өзара қарым-қатынас тәсілдерін білу, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінде, халықаралық қатынаста шетел тілінде қатынас дағдылары болуы); Бесіншіден, ақпараттық технологиялық құзіреттілік (ақпараттық технологиялармен, техникалық объектілер көмегімен бағдарлай білу, өз бетінше іздей білу, таңдай, талдай білу, өзгерте білуді жүзеге асыра білу қабілеті); Алтыншыдан, әлеуметтік - еңбек құзіреттілігі (әлеуметтік-қоғамдық жағдайларға талдау жасай білу, шешім қабылдай білу, түрлі өмірлік жағдайларда жеке басына және қоғам мүддесіне сәйкес ықпал ете білу қабілеті); Жетіншіден, тұлғалық өзін-өзі дамыту құзіреттілігі (отбасылық еңбек, экономикалық және саяси қоғамдық қатынастар саласындағы белсенді білімі мен тәжірибесінің болу қабілеті) [6].

Қорыта келе, кәсіби құзыреттілік ең алдымен студенттің функционалдық сауаттылығы мен кез-келген мәселені дұрыс шеше білу қасиетінен көрініс табады. Студент қоғам талабына сай өзін-өзі үздіксіз жетілдіріп отыратын, кәсіби білімді, жаңа технологияларды меңгерген, ортамен қарым-қатынасқа тез бейімделе алатын, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, тәжірибесі мол т.б. қасиеттерді жинақтағанда ғана кәсіби құзыретті маман бола алады. Студенттің кәсіби құзыреттілігі кәсіби және жеке сапалардан құралады. Кәсіби құзыретті маман деп өзінің педагогикалық әрекетін жоғары дәрежеде жүргізе алатын,

қарым-қатынасқа әрдайым дайын, педагогикалық үдерісте үнемі оң нәтижелерге қол жеткізіп отыратын маманды атауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 14-желтоқсан, 2012.
- 2 Қазақстан Республикасында 2020 жылға дейінгі білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы. - Астана, 2010.
- 3 Сенкибаева А.Т. Мұғалімнің кәсіби құзырлығын дамыту. // Білім берудегі менеджмент, - №4. 2009.
- 4 Равен Дж. Компетентность в современном обществе: выявление, развитие и реализация. - Москва, 2002.
- 5 Құрманалина Ш.Х., Мұқанова Б.Ж. Педагогика. - Алматы, 2007.
- 6 Омарова Л.Т. Кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастырудың педагогикалық шарттары - Алматы, 2007.

ӘОЖ: 372.891

Г.Кенжалиева

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ҚОРШАҒАН ОРТА МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫ ЗЕРТТЕУШІЛІК ӘРЕКЕТКЕ БАУЛУ

Аңдатпа

Мақалада қоршаған орта және зерттеушілік әрекет ұғымдарына түсінік берілген. Қоршаған орта материалдары негізінде оқушыларды зерттеушілік әрекетке баулу мүмкіндіктері баяндалып, оларды өздіктерінен зерттеу жұмысын жүргізуге үйрету жолдары көрсетілген.

Кілт сөздер: қоршаған орта, зияткерлік, зерттеу әрекеті, зерттеушілік тәсілдеме, оқу әрекеті, ғылыми зерттеу

Annotation

In article the concept of exploratory activities and environment are considered. Materials possible inclusion to the action of the environment on the basis of research activity of students, to teach them how to conduct their own research.

Key words: Environment, gifted, exploratory activities, research, teaching activity, science

«Қоршаған орта» дегеніміз – табиғи объектілердің, оның ішінде өзара қарым-қатынастары атмосфералық ауаны, суды, топырақты жер қойнауын, жануарлар мен өсімдіктер дүниесін, сондай-ақ климатты қоса алғанда табиғи ресурстардың жанды әрі жансыз жиынтығы[1].

Қоршаған орта туралы алғашқы қарапайым ғылыми түсініктің негізі мектепке дейінгі тәрбиеден бастап қалыптасады. Мысалы, баланың өсімдік топтары жайындағы түсінігі тәрбиеші басшылығымен және баланың топсаяхат, серуен кезінде көзімен көруі, бақылауы, сезінуі арқылы сондай-ақ оны басқа заттармен салыстырып ой түйі нәтижесінде меңгеріледі. Бала тек тәрбиешінің айтуынан ұққан түсінігіне ғана емес, өмірден күнделікті көріп, біліп жүрген мәліметтеріне де сүйенеді. Ал бастауыш сыныпта осы түсініктері кеңейтіліп, қоршаған ортамен таныстыру кезінде балалардың өз беттерімен атқаратын іс-әрекеттеріне баса назар аударылады, олардың дербестігін арттыруға мүмкіндік беріледі. Бұл үшін мұғалім әртүрлі проблемалық жағдаяттар туғызып, оны шешудің жолдарын балалардың өздерін қатыстыра бірге іздестіру жолдарын қарастырады. Яғни осы кезден бастап балаларды зерттеушілік әрекетке баулу мақсатын қояды. Себебі зерттеушілік әрекет – шығармашылық актінің маңызды алғышарты.

Қазіргі жаңартылған бағдарлама зияткерлік тұрғыдан дамыған тұлғаны қалыптастыру принципі

ұсынылған. Бұл туралы бандарламада былай деп атап көрсетілген: «Оқушылардың бойында бұл қасиеттерді қалыптастыруда мұғалімдер түрлі педагогикалық тәсілдемелер мен технологияларды қолдана алады. Атап айтқанда, олар:

1) оқытудың коммуникативтік (қарым-қатынастық) тәсілдемесі (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым);

2) зерттеушілік тәсілдеме (оқушылар «не білемін?, нені білгім келеді?, нені үйрендім?» тұрғысынан өз әрекетін талдауға үйренеді);

3) жүйелі-әрекеттік тәсілдеме;

4) дамыта оқыту технологиясы (оқушылар оқу әрекетінің тәсілдерін игеріп, өзінің іс-әрекетін жоспарлау және басқару жолын үйренеді)» [2]. Демек, баланы ізденушілікке баулу, оған ғылыми зерттеу дағдысы мен білігін игерту бүгінгі білім беру саласының маңызды мәселесі болып отыр. Осылайша оқушыларды бастауыш сыныптан бастап зерттеушілік әрекетке баулу – заман талабы. Соған орай зерттеу жолымен оқыту – қоршаған әлемді тануға мүмкіндік беретін ең тиімді әдістердің бірі ретінде танылуда.

Жалпы алғанда, білуге деген құштарлық, қандай да бір нәрсені бақылау, олардың қалай өзгеретінін тәжірибеден өткізіп көруге дайын тұру, өзіне беймәлім нәрсе туралы жаңа дерек жинауға ұмтылу балаға тән қасиет болып саналады. Демек, зерттеушілік – бала табиғатына тән құбылыс.

Мәселен, «Адам өміріне не қажет?» тақырыбын өткен кездесуға қатысты мынадай топтық жұмыстар жүргізуге болады: 1 тапсырма

1-топқа: 2-топқа:

Суға қантты салып Суға тұз салып
қорытынды шығарыңыз. қорытынды шығарыңыз.

2 тапсырма

Суға ас содасын салып қорытынды шығарыңыз

3 тапсырма

Суға шай салып қорытынды жасаңыз Суға кофе салып қорытынды жасаңыз

Оқушылар қорытындыларын дәптерге жазады:

• Суға салған нәрселер не істеді?

Оқушылар қорытындыларын дәптерге жазады:

• Суға салған нәрселер не істеді?

• Судың түсі өзгерді ме?

• Дәмі өзгерді ме?

Қорытынды: Су – еріткіш.

4 тапсырма

Сазды суға салу Құмды суға салу

Нәтижесін дәптерге жазады: Су лайланды. Ыдыстың қабырғасынан екінші жағындағы нәрсені көре алмаймыз, себебі саз, құм суға араласқанымен суда еріген жоқ. Суда ауа еріп оған араласады.

Қорытынды шығару:

Ерімейтін заттар: саз, құм.

Еритін заттар: қант, тұз, сода, шай, кофе.

Мұғаліммен бірге тәжірибе жасау:

Таза суды шыны бетіне тамызып, астына май шаммен қыздырамыз. Су бұға айналып, ұшып кетеді, ал шыны бетінде ақшыл дақ қалады. Бұл не?

Қорытынды: Таза мөлдір судың өзінде еріген заттар бар. Әсіресе, еріген заттар ащы суларда көп болады.

Жоғарыдағыдай тапсырмаларды оқушылардың өздері зерттеп жасап көруі олардың қызығушылықтарын оятады, әрі білімді саналы меңгеруіне жол ашады.

Деректер мен дәйектер:

Су бар жерде тіршілік бар, өмір бар, жайқалып өскен бау бақша, сынсыған орман, тоғай, бітік шыққан егін, мыңғыраған мал, алып су электр станциясы бар, сондықтан қазақ «*Сулы жер – нулы жер*» дейді. Ну дегеніміз – қалын орман.

Су – тіршіліктің ғана емес, тазалықтың, пәктіктің белгісі.

Көптеген педагог ғалымдар оқыту үдерісінде өз бетінше ғылыми-зерттеушілік жұмысты кеңінен қолданбайынша оқушыларда терең, берік игерілген білімдер мен дағдыларды қалыптастыру мүмкін емес екендігін растап отыр.

Ғылыми зерттеудегеніміз – ғылыми әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, белгілі бір объект жөнінде жаңа

білім қалыптастырумен аяқталатын жүйелі және арнайы мақсатқа көзделген нысандармен танысу. Балаларды оқытуда зерттеу әдісін қолдану қажеттілігі олардың табиғи қызығушылығы мен қоршаған ортаға деген құштарлығының басымдылығымен түсіндіріледі. Оқушының өзіндік зерттеу әрекеті оның жеке өз талабын қанағаттандыруға ықпал етеді. Оқушылар қоршаған ортамен таныса отырып, өзіндік зерттеу әрекетінің көмегімен жаңа білімді дайын күйде емес, өзі іздену арқылы алады.

Кез келген зерттеу әрекетінің көпмотивациялығы туралы танымал қағида басым мотивтерді анықтауға негіз болады. В.А. Сластенин және Л.С. Подымова мұғалімнің инновациялық әрекет мотивін анықтай отырып, басым мотивтердің диагностикасын мынадай топтарға бағыттай отырып жүзеге асырды:

- сыртқы ынталандырушылар;
- мұғалімнің сырттай өзін-өзі тұжырымдаудың мотивтері;
- кәсіби;
- тұлғалық өзін-өзі жүзеге асыру мотивтері [3].

Бастауыш сынып оқушыларының зерттеу әрекетін дамытуға қажетті компоненттің бірі креативтілік болып табылады. Педагог ғалымдардың біреулері креативтілікті шығармашылық жетістікпен байланыстырады, екіншілері – әлеуметтік маңызды шығармашылық белсенділікті көрсету қабілетімен шартталған қасиет ретінде «шығармашылық» терминімен байланыстырады. Сондықтан біз төменде шығармашылық ұғымына тоқталып өтпекшіміз.

Шығармашылық – ойлау қабілетінің ең жорғарғы қасиеті. Шығармашылық – бұл нақты іс-әрекет барысында жүзеге асырылатын өз бастауы, өту барысы және нәтижесі болатын үрдіс. Бұл үрдіс 3 кезеңнен өтеді: дайындық, ізденіс, орындау. Осы деңгейлерге сәйкес шығармашылық қабілеттерінің құрылымын анықтайды, өз бойынан оларды талдайды, бағыттай отырып дамытады және жетілдіреді.

Егер әр оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуын қамтамасыз ету қажет болса, онда баланың қабілетін түрлі әрекетке көрсету үшін зерттеуге дайындау қажет. Балаларды оқытуға зерттеу әдісін қолдану қажеттілігі олардың табиғи қызығушылығының басымдылығымен түсіндіріледі. Оқушының өзіндік зерттеу әрекеті оның өзіндік талабын қанағаттандыруда ықпал етеді. Оқушылар қоршаған ортамен таныса отырып, өзіндік зерттеу әрекетінің көмегімен жаңа білімді дайын күйінде емес, өзі ашады.

Бастауыш сыныптарда қоршаған орта материалдары негізінде оқушылардың зерттеушілік және шығармашылық әрекеттерін ұйымдастыру үшін төмендегідей жағдайлар болуы тиіс:

- оқушылардың зерттеу әрекетіне жетекшілік етуге мұғалімнің дайындығы;
- оқушылардың өз бетінше зерттеу жүргізуге икемділігі;
- зерттеушілік және шығармашылық тапсырмалардың айқын жүйесі.

Тек сонда ғана білім алушылардың зерттеу әрекетін дұрыс ұйымдастыруға болады. Мәселен, қоршаған орта материалдары негізінде оқушыларды зерттеу әрекетіне баулу мақсатында мынадай тақырыптарды ұсынуға болады:

1. Жеміс-жидектерді тездетіп көбейту әдістері
2. Жусан
3. Мен және қоршаған орта
4. Жыл құстары
5. Табиғат сырлары
6. Су – тіршілік көзі
7. Жыл мезгілінің ерекшеліктері

Осындай зерттеу жұмыстары негізінде оқушылардың бойында мынадай танымдық біліктер қалыптасады:

- ұсынылған ғылыми әдебиеттермен жұмыс істей отырып, өздігінен білім алу;
- зерттеу жұмысының мақсат-міндеттерін анықтау және жұмысты жоспарлау;
- бақылау жүргізу және соның негізінде қорытынды шығару;
- зерттеу жүргізу барысында бақылаған фактілердің себебін түсіндіру және тұжырым жасау.

Зерттеушілік мақсаттағы жұмыс барысында оқушылар ұсынылған тақырыптар жөнінде көптеген ақпараттар жинақтайды. Сол жинаған ақпараттарынның ішінен ғылыми тұрғыдан дұрыс мәліметтерді таңдай алуы тиіс. Өйткені кез келген деректердің жиынтығы да ғылыми жағынан дұрыс бола бермейді. Сондықтан шәкірттер зерттеу жұмыстарының нәтижесінде алынған деректері, болжамдары мен топтастырулары – ғылыми материалдар екендігін жете түсінуі керек. Бастауыш сыныптан бастап зерттеумен айналысқан бала жаңа ақпараттар, деректер жинақтау арқылы өзінің ғылымға деген алғашқы қадамын жасайды.

1 Аймағамбетова Қ. Дүниетануды оқыту теориясы мен технологиясы. - Алматы, 2006.

2 Қазақ тілі мен әдебиеті. Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында бастауыш мектепке (2-4 сыныптар) арналған оқу бағдарламасы – Астана, 2017.

3 Баймукашева Ф.К. Студенттердің ғылыми-зерттеу әрекетін қалыптастырудың педагогикалық шарттары // п.ғ.к. ғыл. дәр. алу үшін дайынд. дисс. - А., 2010.

ӘОЖ: 1174

М.С. Нурамбаева

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖ БІЛІМГЕРЛЕРІН «МЕКТЕП-КОЛЛЕДЖ» ЖҮЙЕСІНДЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТКЕ ДАЯРЛАУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада «мектеп-колледж» білімгерлерінің педагогикалық іс-әрекетке даярлаудың мүмкіндіктерін қарастырыады. Білімгерлерді кәсіби дамыту педагогикалық іс-әрекетті іске асыруға мүмкіндік береді. Кәсіби-педагогикалық іс-әрекетке дайындау жүйесінің жасалуының негізгі идеялары қағидалары көрсетілген. Мақалада педагогикалық іс-әрекетке даярлаудың тиімді мүмкіндіктері ұсынылған.

Түйін сөздер: іс-әрекет, педагогикалық іс-әрекет, кәсіби іс-әрекет, педагог, мұғалім, білімгер, «мектеп-колледж» жүйесі

Нурамбаева М.С.

Казахский национальный педагогический университет им. Абая

ВОЗМОЖНОСТИ ПОДГОТОВКИ К ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ СТУДЕНТОВ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО КОЛЛЕДЖА В СИСТЕМЕ «ШКОЛА-КОЛЛЕДЖ»

Аннотация

Статья рассматривает возможности обучения педагогической деятельности студентов «школы-колледжа». Профессиональное развитие студентов, дает возможность реализовать педагогическое действие. Показана система создания основных идей и принципов подготовки к профессионально-педагогической деятельности. В статье представлены возможности для эффективной подготовки к педагогической деятельности.

Ключевые слова: деятельность, педагогическая деятельность, профессиональная деятельность, педагог, учитель, студент, система «школа-колледж»

M.S. Nurambayeva

Kazakh National Pedagogical University named after Abay

THE OPPORTUNITIES OF PEDAGOGICAL ACTIVITIES OF THE STUDENTS OF «SHOOL-COLLEGE» ARE CONSIDERED IN THIS ARTICLE

Annotation

Professional development of students gives an opportunity of realizing pedagogical working. The system of creating main ideas and principles of preparation for professional pedagogical activity is shown here. The opportunities for effective preparation to pedagogical activity are presented in this article.

Keywords: activity, pedagogical activity, professional activity, pedagogical student, system «school- college»

Қоғамымыздың қазіргі даму қарқыны елімізде барлық салада түбегейлі өзгеріс енгізуді қажет етеді, ал бұл өзгерістерді енгізу педагог мамандардың педагогикалық іс-әрекет сапасының жоғары болуын талап етеді.

Іс-әрекет біздің түсінігімізше, бір жағынан ғылыми білімнің категориясы, адамдардың қоғамдық тарихи болмысының спецификациялық формасы, басқа жағынан олардың бар болуымен дамуының әдісі, табиғатты және әлеуметтік мақсатты бағытталған түрлендіруі арқылы түсіндіріледі. Іс-әрекетке адам қажеттіліктерін қанағаттандыратын санасында сәйкес объекттер мен әрекеттер түрінде келетін әртүрлі қажеттіліктер мен жетеленеді.

Ал, **педагогикалық іс-әрекет** дегеніміз оқушының тұлғалық интеллектуалдық, іс-әрекеттік дамуына бағытталған және сонымен бірге оның өзін-өзі дамытуы мен өзін-өзі жетілдірудің негізі болып табылатын мұғалімнің тәрбиелеуші және оқытушы ықпалы болып табылады [1].

Кәсіби іс-әрекеттің кез-келген саласы сияқты педагогикалық іс-әрекетте еңбек субъектісі мұғалім. Мұғалімнің құралдары оның білімі іскерлігі тұлғалық сапасы. **Н.Д. Хмель** былай деп жазады: мектептің педагогикалық оқу-тәрбие үрдісінде іс-әрекет субъектісі - мұғалім мен оқушылар мұғалім іс-әрекетінің нысаны-оқушы емес, педагогикалық үрдіс [2].

Кәсіби іс-әрекет мақсаты – қазіргі кезде адамға лайық өмір құра алатын тұлға мақсат жолындағы саты бағытталған іс-әрекеттің аралық нәтижесі ретінде келтірілген тәрбие мақсаты болып табылады. Мақсаттың жалпы сипаттамасы педагогқа оны жағдайлардың әрқелкі келулерінде жүзеге асырып, одан аса жоғары кәсіпқойлылық пен асқан педагогикалық шеберлікті талап етеді. Мақсатқа жету біз бен мақсаттың бір бөлігі ретінде түсінетін пайда болған есептерді шешуге бағытталған іс-әрекетті жүзеге асыру болып табылады [3].

Кәсіби-педагогикалық іс-әрекетке дайындау жүйесінің жасалуының негізгі идеялары қағидалары:

- дүниетанымдық, білімдік және кәсіби бағытты анықтайтын педагогикалық мәдениетті қалыптастыру;
- тұлғалық білімді жүзеге асыруда ойлау компоненттерін дамыту;
- білім жүйесін, бүтін әрекетті, шығармашылық тұлғаның табиғи бағытын басынан қалыптастыруға танымның жалпыдан дараға бағытталған дедукция ұстанымы мүмкіндік береді;
- біртұтастық, даму, сәйкестік және сақтау ұстанымы ойдың бір-бірімен байланысты, жалпыдан дараға және керісінше, екі үрдістің қозғалысын қамтамасыз етеді;
- кәсіби-педагогикалық іс-әрекетті игеру механизмі танымның бастапқыда жабық құрылымын кейініректе оны маңыздырақ элементтер арқылы құрылымдар мен жаңа пайымдауларды құруды болжайды;
- педагогтің қалыптасу барысының тұтастығы дифференциалды білім беру барысында пәнаралық байланыстар және теория мен тәжірибенің бірлігі арқылы ойды жүзеге асыруда болады.

Кәсіби-педагогикалық іс-әрекеттің қалыптасу барысы төменде көрсетілген ұстанымдардың ара байланысы арқылы тиімді жүзеге асады.

Кәсіби-педагогикалық іс-әрекеттің қалыптасу теориясын тұжырымдауға сәйкестік принципі мүмкіндік береді. Осы жерде іс-әрекеттік тәсіл іске асырылады, онсыз болмайды, өйткені кәсіби қызмет қалыптасады. Жүйелі-құрылымдық сараптау мен саптамалы-синтетикалық тәсіл зерттеудің құралы болып табылады [4].

Болашақ мұғалімдердің қалыптасу барысында іс-әрекеттік тәсіл кәсіби-педагогикалық қызметті бізге келесі мүмкіндіктерді береді: кәсіби-педагогикалық іс-әрекетті, оның негізгі қызметін, мазмұнын және құрылымын белгілеу тұрғысынан қарастыру.

Қызмет психологиялық категория ретінде оның мотивін құрайды. Олай болса, әр қызмет белгілі мақсаттарға сәйкес келеді, ал операция белгілі орындау тәсілі арқылы жүзеге асады.

Педагогикалық іс әрекет - оқушының, интеллектуалдық, іс-әрекеттік дамуына бағытталған және сонымен бірге оны өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі жетілдіруінің негізі болатын мұғалімнің тәрбиелеуші және оқытушы ықпалы болып табылады. Бұл іс-әрекет өркениет тарихында мәдениеттің пайда болуымен бірге өндірістік іскерліктер үлгілері мен әлеуметтік мінез-құлық теорияларын жасау, сақтау және өсіп келетін жатқан ұрпаққа беру. Дж. Брунер оны «контексте оқыту» деп атайды. Дж.Брунер бойынша адамзат жас ұрпақты оқытудың тек 3 негізгі тәсілін ғана біледі. Жоғары приматтарды ойын процесінде дағдының құраушы компоненттерін өндіру, түземді халықтарда контексті оқыту және тікелей практикадан оқшау мектептегі абстрактілі оқыту.

Педагогикалық іс-әрекет кәсіби педагогикалық іс-әрекет болуы үшін қажетті белгіні **Н.В. Кузмина** былай сипаттайды: «Педагогтың кәсібилігі негізінен мынадан байқалады: ол қалай оқыту және қалай тәрбиелеу, оқушыны бір күйден екінші күйге қалай көшіру керектігін педагогикалық мәселелерді қалай шешуге және мейлінше тез, үнемі жолдармен тәрбие мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыруға болатындығын біледі педагог білімдерінің жүйесі оқушылар білімдерінің жүйесін» анықтайды [5].

Н.В. Кузмина мұғалім білімдернің педагогикалық құрылымынан үш компоментті ажыратады:

1. Ғылыми және кәсіби білімнің жүйесі. Бұл жүйенің маңызды компоменттерінің бірі мұғалім оқытатын пәнін терең білуі.

2. Оқушылардың психикалық үдерістерін және олардың білімін қабылдау, игеру ерекшеліктерін қамтитын психологиялық білімдері.

3. Оқушылар білімдерінің сапасын анықтау, білімдердегі кемшіліктерді байқау іскерліктерін қамтитын педагогикалық білімдер мен іскерліктер, сондай-ақ оқушы оқу жұмысында игеруі тиіс оның білімдері мен іскерліктерін және бұл білімдер мен іскерліктердің іс-әрекеттің қандай түрлеріне қалыптасуы мүмкін екендігін анықтауды қамтитын педагогикалық білімдер мен іскерліктер [6].

Барлық педагогикалық мәселерге мынау ортақ: мұғалімнің оларды өз бетімен тұжырымдауы; оқушыны бір күйден екінші күйге қалай көшіру керек яғни білімдердің, іскерліктердің, дағдылардың қарым-қатынастардың мінез-құлқының бір жүйесін екінші жүйесіне қалай қайта көшіру керек екендігі. Педагогикалық мәселелерді шешудің күрделілігі мынада: оларды шешудің мүмкін тәсілдері әр түрлі және оларды табу оңай емес, олардың кейбіреуін мұғалімнің өзі жасауына тура келеді.

Бірінші мәселе – ұстаз қызметінде тәрбие беру мәселесі.

Екінші мәселе – дидактикалық даярлығын арттыру.

Еліміздің жоғары оқу орындарында мұғалім – тәрбиеші даярлауды жетілдіру бағыттарын талдай келе, мынадай қорытынды жасауға болады: тәрбиеші – мұғалім даярлауды жетілдіру барысында бірнеше бағыт анық байқалады. Дәстүрлі педагогика үшін олардың ең негізгісі - әлеуметтік сұраныстың өсуіне сәйкес мұғалімнің жеке тұлғалық мінез-құлықтарын, қоғамдық тәрбие саласындағы мақсатты талаптардың өзгеруімен қатар мұғалімнің тәрбиелік жұмысына қажетті дағдылар, мүмкіндіктер, білім ауқымын анықтау мұғалім даярлаудың мінсіз нәтижесін ұсынудың көптеген нұсқалары жинақталған. Маман моделі, кәсіптану, кәсіби паспорты, біліктілік сипаттамалары. Мұндай өлшемдік бейне мұғалім даярлау мақсатына қызмет етіп, оның бағдарламасын айқындайды [7].

Педагогикалық қызметті, оның құрылымдарын, міндеттік бөлшектерін, жүйелік ұйымдастыру қағидаларын зерттеу мәселелерін қамтитын басқаша бағыт саласында маңызды теориялық және тәжірибелік мәліметтер де баршылық. Демек, бұл жерде ғылыми білімдерді теңестіру кезеңін көрсететін мәліметтердің жеткілікті көлемде жинақталғанын айтуға болады. Мұғалімнің еңбекке деген ықыласы, өмірлік көзқарасы, кәсіби бағыты сияқты жеке жинақылық сапалық мінезін зерттеу және іздестіруді сипаттайтын қарсы үрдістегі пікірлер де жоқ емес. Педагог даярлауды бір қалыпқа түсіру идеясы жинақы түп негіз білімдері мен дағдыларын іздестіруге ынталандырады.

Педагогикалық колледж оқушыларын педагогикалық іс-әрекетке даярлауда «мектеп- колледж» жүйесі бітіруші түлектің кәсіби мәдениетінің жоғары деңгейі мен үздіксіз кәсіби білім беруге даярлығын қамтамасыз ете отырып, олардың педагогикалық іс-әрекетін жетілдіруге мүмкіндік береді.

«Мектеп-колледж» жүйесінің элементтері үздіксіз білім беру жүйесі мен дуальді білім жүйесінің элементтеріне сәйкес келетіндіктен Үздіксіз педагогикалық білім берудің кәсіби-педагогикалық аспектісі мұғалімнің үздіксіз жалпы және кәсіби дамуына, орта кәсіби педагогикалық білім беру маамын үздіксіз кәсіби даярлауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар кәсіби мамандарды «мектеп-колледж» жағдайына интеграциялап, дуальдық жүйе бойынша оқыту, білім алушылардың кәсіби біліктіліктер мен дағдыларды, педагогикалық іскерліктерді тікелей жұмыс орнында меңгеріп, жан-жақты кәсіби дамуына мүмкіндік береді.

Олай болса, болашақ мамандарды даярлауда мектеп, кәсіптік колледждер мен жоғары оқу орындары бір-бірімен тығыз байланыста жұмыс істей отырып, мектеп оқушыларының мамандық таңдауын жақсы жолға қояды. Оқушыларды бейіміне қарай даралап, өзінің бейімі бар өндіріс саласына бағыт-бағдар береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 *Неперерывное образование: социально-философская концепция.* - Ростов н/Д.

2 *Концепция непрерывного образования.* // *Бюлетень Госкомобразования СССР.* 1989. Н. 7.

3 *Концепция развития основной базовой школы в едином образовательном пространстве «школа-колледж-педагогических университетов»* - Константиновск, 1998.

4 *Кузьмин А.С. развитие педагогической культуры преподавателя колледжа.* - Оренбург, 2000. - 180 с.

5 *Левчук Л.В. Концепция непрерывного образования в системе педколледж-вуз. Образовательной научный комплекс Ростовского педагогического университета Ч.1 Ростов и/Д.* 1996

6 Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты // Егемен Қазақстан, 14 желтоқсан, 2012.

7 Алияров Е. Жастар – болашақтың басты тұлғасы // Алматы ақшам, 9 сәуір, 2016 жыл №42.

ӘОЖ: 37.015.3

Ә.А. Базарбаева

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

МҰҒАЛІМНІҢ РЕФЛЕКСИЯЛЫҚ DAҒДЫЛАРЫН ДАМУ ТӘСІЛДЕРІ

Аңдатпа

Мақалада мұғалімнің рефлексиялық дағдыларын дамыту тәсілдері қарастырылады. Рефлексияның мұғалімнің дамуына ықпалы негізделді. Рефлексиялық дағдыны дамыту педагогқа рефлексиялық іс-әрекетті іске асыруға мүмкіндік береді. Мұғалімнің білім беру үдерісіндегі рефлексиялық дағдысының маңызы көрсетілген. Мақала рефлексиялық дағдының негізгі сұрақтарын педагогты дамыту факторы ретінде өзектендіреді, негізгі аспектілер көрсетілген және рефлексиялық дағдының тиімділігін арттыру жолдары ұсынылған.

Түйін сөздер: рефлексия, рефлексиялық дағды, рефлексиялық іс-әрекет, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі бақылау

Базарбаева А.А.

Казахский национальный педагогический университет им. Абая

ПУТИ РАЗВИТИЯ РЕФЛЕКСИВНЫХ НАВЫКОВ УЧИТЕЛЕЙ

Аннотация

В статье рассматриваются навыки повышения рефлексии учителей. Обосновывается влияние рефлексии на развитие личности. Раскрыты функции педагогической рефлексии в работе педагога, включенного в условия непрерывного профессионального образования. Статья актуализирует ключевые вопросы рефлексии как фактора развития личности, выделены основные аспекты и предложены пути повышения эффективности рефлексии.

Ключевые слова: рефлексия, рефлексивная деятельность, самосовершенствование, самоконтроль

A.A. Bazarbayeva

Kazakh National Pedagogical University named after Abay

WAYS OF DEVELOPMENT OF REFLECTIVE SKILLS OF TEACHERS

Annotation

The article deals with the skills of increasing the reflection of teachers. The influence of reflection on personality development is substantiated. The functions of pedagogical reflection in the work of a teacher included in the conditions of continuous professional education are revealed. The article actualizes the key questions of reflection as a factor in the development of the personality, basic aspects are outlined and ways of increasing the effectiveness of reflection are suggested.

Keywords: reflection, reflexive activity, self-improvement, self-control

Білім – бұл мұғалім мен оқушының субъектив-объектив әрекет жолдарымен мақсатқа жетуді көздеген педагогикалық процесс жүрісі. Адамның тұлғалық дәрежеге жетуі оның қоғам мұраттарына сай қалыптасуы педагогикалық процестен тыс іске асуы мүмкін емес.

Осы орайда педагог кадрлардың біліктілігін арттыруда рефлексиялық дағдыларды жетілдіру өте маңызды болып табылады. Мұғалімнің кәсіби білікті маман ретінде қалыптасуы – үздіксіз және күрделі үдеріс. Ол жоғарғы оқу орнындағы теориялық білім алудың белгілі сатысымен шектелмейді. Керісінше, алынған теориялық білімді тәжірибемен ұштастыру арқылы жинақталатын жаңа біліммен тікелей байланысты.

Қазіргі таңдағы біліктілік арттыру курстарының негізгі міндеті – мұғалімдерді түрлі заманауи әдіс-тәсілдермен қаруландырумен қатар, олардың рефлексиялық дағдыларын жетілдіру, яғни, өз тәжірибесіне сыни көзбен қарай отырып, өз тәжірибесін ұдайы талдап, терең ойластыру арқылы өзін-өзі реттеуге дағдыландыру, дербестік, өзін-өзі басқару және жетілдіру секілді қасиеттерін дамыту. Рефлексиялық дағдылар жалпы мұғалімнің дамуы мен оның қарым-қатынастарына ықпал ете отырып, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі таныту үшін жағдайларды қамтамасыз ете отырып, қалыптасады.

Рефлексия дегеніміз – ойлауға бағытталған ой, яғни, бұл тек ой емес, адамның өз тәжірибесін ой елегінен өткізіп, артықшылығы мен кемшілігін саралау, болған жағдаяттан өзіндік жаңа білім қалыптастыру үдерісі. Бұл жерде рефлексия тәжірибеден туындайды. Рефлексиялық дағдыға ие болу мұғалімдерге өз мамандығының құзыретті деңгейіне жетуге, өз ісінің шебері атануына көмектеседі [1,358 б.].

Мұғалім рефлексиясының тағы бір өзектілігі - өз тәжірибесіне өзгеріс енгізуді жаңа инновацияны енгізу ғана емес, өзінің мұғалімдік рөліне қайта қарауға, дайын білімді беруден, оқушының жаңа білімді меңгеруіне ықпал етуші рөліне ауысуы. Кәсіби дамудың заманауи бағыты ретінде рефлексиялық тәжірибе мұғалімдерге өзіндік білім жетілдіру үшін таптырмас шешім.

Рефлексиялық дағдыны арттырудың маңыздылығына тоқталсақ, білім саласына қаншалықты инновация енгізілгенімен оның түпкі мәні мен қажеттілігін терең түйсіну қажет. Осыған орай, Дж.Дьюидің «рефлексиялық емес мұғалім – көп жағдайда өзінің әдеттегі жұмыс стилінен ауытқымайды, нақты талаптарды ескерместен, оқыту жұмысының сол бір ғана әдістері мен тәсілдерін қолданады, дәстүр ықпалында не болмаса беделге бағынышты болғандықтан жұмысы мен өміріндегі өзгерістерді жақтырмайды» деген пікірін ерекше айтып өткіміз келеді [2, 396].

А.Бизяева мақаласында «Мұғалім рефлексиясы бұл – кез келген бір кәсіби проблеманы белсенді талдау және ойластыру үдерісі, соның нәтижесінде оның мәнін және оны шешудің жаңа перспективаларын ұғыну пайда болады. Бұл өзін-өзі ақылоймен зерделеу: яғни, өз құндылықтары мен пайымдауларын іс-әрекет пен қарымқатынасты, артықшылықтар мен кемшіліктерді зерттеу» деп пікір айтқан [3, 106].

Мұғалім рефлексиясына түсініктеме бермес бұрын, «рефлексия» ұғымына сипаттама берейік. О.С. Анисимов, Г.П. Щедровицкий «Рефлексия - басқа субъектінің іс-әрекетіне қатысты бір субъект іс-әрекетінің сыртқы бағыты» деген анықтама ұсынды.

Б.З. Вульфов пен В.И. Харькин «Рефлексияны ешкім және еш нәрсе алмастыра алмайды» деген пікір білдіреді [4, 64-66 б.].

Рефлексия адамдар арасындағы қарым-қатынасты орнатудың маңызды құралы болып табылады, рефлексияның нәтижесінде өзінді ғана танып қоймай, басқа адамдардың да жан-дүниесін тануға мүмкіндік беретін механизмді көруге болады. Рефлексиялық әрекеттестікте адамдар арасындағы қарым-қатынас тиімділігінің көрсеткіші ретінде басқа адам үшін рефлексияның орынды болуы, позицияларды келісіп алу, бір-біріне деген қызығушылықтың болуы, өзара жауапкершілікті сезіну, қолдау т.б. атауға болады. Рефлексия мұғалімнің әлеуметтік перцептивтік және коммуникативті қабілеттерінің негізінде жатыр және оның кәсіби танымының деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Ал, рефлексиялық танымдық дағдылар субъектілердің өзіндік басқару қабілеттерін дамытуға, өз әрекеттерінің (танымдық, білімдік, қарым-қатынастық) нәтижелі болуына, олардың өз жауапкершілігін арттыруға бағытталады. Оның мазмұны өз іс-әрекеттерінің субъектісі ретіндегі өз көзқарасын қалыптастыру: өзіндік тұжырым жасай алу, өзін-өзі бағалау, өзіне сенім қалыптастыру арқылы өзіндік таным, өзіндік қажеттіліктерді айқындау, өз мүмкіндіктерін пайдалану әрекеттерінде жүзеге асырылады.

Мұғалімнің рефлексиялық дағдыларының мақсаты: педагогикалық әрекеттің негізгі компоненттерін есіне түсіріп, олардың мәнін, алынған нәтиженің «дұрыс» не «бұрыс» болғанын дәлелдей алу, қолданылған әдіс пен құралдардың тиімді не тиімсіз болғанына байланысты өзіндік көзқарасын білдіру, орындалып өткен әрекеттің нәтижесін зерттеу. Тек сонда ғана алдағы жұмыстарда дұрыс мақсат қойып, алға қарай шығармашылықпен жылжудың жобасын жасау мүмкін болады.

Рефлексиялық дағдысы дамыған ұстаз өз оқушыларында осы сапаны дамытуды, дарытуды әсте есінен шығармайды. Қазіргі білімдік мақсаттарға сай білім алушыны рефлексия жасауға дағдыландыру

мұғалімнің басты міндеттерінің бірі болғандықтан, ол-сабақтың да негізгі компоненттерінің бірі болуы тиіс.

Рефлексиялық дағдыға ие болу мұғалімдерге өз мамандығының құзыретті деңгейіне жетуге, өз ісінің шебері атануына көмектеседі. Осы тұрғыда «Мұғалімнің рефлексиялық дағдысын қалай арттырамыз?» деген сұрақ туындайды.

Рефлексиялық дағдыны дамытудың бірінші педагогикалық талабы – педагогтың арнайы ұйымдастырылған рефлексиялық іс-әрекетінің болуы. Олар педагогикалық үдерісте жеке тұлғаны қалыптастыру үшін рефлексиялық іс-әрекеттер мүмкіндігін ажыратып алуға көмектеседі. Педагогикалық үдерістің басты ерекшелігі дегеніміз - оқушылардың оқу әрекетін ұйымдастыру, сонда ғана оның құрылымы арқылы рефлексиялық іс-әрекеттерге талдау жасауға болады. Бұдан шығатын түйін, рефлексиялық іс-әрекет сипаттамасына іс-әрекеттер құрылымы, тәсіліне қарай тұтастығы, өту барысы мен түпкі нәтижелер кіретіні анықталды.

Педагогикалық рефлексиялық дағдыны дамытудың екінші педагогикалық талабы – рефлексиялық ортаның болуы. Рефлексиялық орта дегеніміз – тұлғаны дамыту талаптарының жүйесі деуге болады. Ол жеке тұлғаның алдында әлеуметтік психологиялық ресурстардың өзін-өзі зерттеуі мен өзін-өзі түзету мүмкіндіктерін ұсынады. Мұндай ортаның қызметі адамның рефлексияға деген қажеттілігінің туындауына ықпал етеді [5, 46 б.].

Ең бірінші, практик мамандарға рефлексиялық күнделік жүргізу өте пайдалы. Күнделік жүргізе отырып, болашақ педагог рефлексиялық дағдыларды меңгереді.

Мұғалімнің рефлексиялық күнделігі белгілі бір оқиға жайлы өзіндік жеке ой толғаулар, сезімдер мен әсерлер жазылатын жеке адамның күнделігі іспеттес жүргізіледі. Ерекшелігі мұнда мұғалімге тән кәсіби мәселелер жазылады. Сыныпта орын алған оқиғалар жайлы рефлексия жасап, олардың туындау себебін анықтауға тиімділігі көп. Күнделік жүргізуді туындаған қиындықты шешуге бағытталған идеялар қоржыны деп атасақ та болады. Себебі, мұғалім болған оқиғаға талдау арқылы болашаққа нақты қадамдар жасай алады, сонымен қатар әріптестерімен ұқсас мәселелерді шешуге кеңестер ұсынуға құзыретті болады.

Сабақтың құрылымында рефлексия – ең маңызды кезеңі болып саналады. Сабақ соңында қолданылатын іс-әрекеттер рефлексиясына аса мән берілуі керек. Бұл жерде мұғалім басты ұйымдастырушы болып, негізгі кейіпкерлер оқушылар болады. Рефлексия – сабақтың соңғы кезеңінде ғана емес, өн бойында кез-келген кезеңде жүзеге асуы тиіс. Өткенге көз жүгіртіп, әрбір оқушының түсініп, меңгергенін ортақ қоржынға жинақтау өте маңызды рөл атқарады. Сабақтың кезеңі ретінде рефлексия бірнеше түрге жіктеледі. Оларды дұрыс жіктей білу арқылы мұғалім рефлексияны сабақ жоспарына енгізіп, стратегияларды дұрыс тандап, тиімді сұрыптай алады.

Іс-әрекет рефлексиясы: үй тапсырмасын тексеру кезінде, материалды бекіту кезеңінде, жоба қорғау кезінде қолдануға болады. Бұл оқушыларға жұмыс түрлері мен тәсілдерін түсінуге, өзінің белсенділігін талдауға және олқы тұстарды анықтауға көмектеседі.

№1. Табыс баспалдағы. Әрбір баспалдақ – жұмыс түрлерінің бірі. Негұрлым көп тапсырма орындалса, суретте салынған адам соғұрлым жоғары көтеріледі.

№2. Табыс ағашы. Әрбір жапырақтың өзіне тән түсі болады: жасыл түс – барлығын дұрыс орындадым, сары түс – қиындықтар кездесті, қызыл түс – қате көп. Әрбір оқушы өзінің ағашын түрлі-түсті жапырақтармен өзі безендіреді. Дәл осындай реттілікпен шырша ағашын немесе егіс алқабын гүлдермен безендіруге болады.

№3. Вагондар. Әрбір вагонның өзіне тән тапсырмасы бар. Мысалға, сіз сабақтың бекіту кезеңін шағын үш ойынмен және бір шығармашылық жұмыспен өткізуді жоспарладыңыз. Демек, Сізде 4 вагон бар. Мұғалім ретінде оқушылардан қолдарындағы адамның бейнесін (жануар жетондарды) өздері үшін ең оңай, жылдам, әрі дұрыс орындалған тапсырмасы бар вагонға отырғызуын сұраңыз.

№4. «Автопортрет». Жаттығудың мақсаты: бейтаныс емес тұлғаны әртүрлі белгілеріне қарай отырып, сипаттауға, танып-білу дағдысын қалыптастыру. Сіз таныс емес бір адаммен кездесуіңіз керек және ол сізді көрген кезде бірден тану керектігін көзіңізге елестетіңіз. Өзіңізді сипаттаңыз. Сізді көпшіліктен ерекше етіп көрсететін қасиеттер мен белгілерді табуға тырысыңыз. Сыртқы бейнеңізді, сөйлеу және киіну мәнеріңізді, өзіңізге ғана тән қимыл-әрекеттерді сипаттаңыз. Бұл жұмыс жұпта жүргізіледі. «Автопортрет» толық жасалуы үшін жұптағы тыңдаушы рөліндегі адам сипаттаушыға сұрақтарды қоя алады. Жұпта талқылауға 15-20 минут беріледі. Жаттығу соңында шеңберде қатысушылар бір-бірімен әсерлерімен бөліседі.

№5. «Айнымалы бекет». Жаттығудың мақсаты: адамдармен жылдам байланысқа түсу; оқу үдерісінде эмпатия және рефлексия дағдысын арттыру. Жаттығу барысында бірнеше рет адамдармен кездесу іске

асады. Тапсырма: байланысқа жылдам түсу, әңгімелесу және қоштасу. Топ мүшелері айналымды ішкі және сыртқы шеңберде бетпе-бет орналасады. Әр айналымда жаңа әріптесімен жүздеседі. Тренердің тапсырмасын орындайды. Жағдаяттар үлгісі:

- Алдыңызда сіз танытын бірақ ұзақ уақыт көрмеген адам. Сіз оны көргеніңізге риза екеніңізді білдіріңіз.

- Алдыңызда бейтаныс адам. Онымен танысыңыз.

- Алдыңызда кішкентай бала, ол бірнәрседен қорқып тұр. Оған жақындап, жұбатыңыз.

- Ұзақ көрмеген сүйікті адамыңызды кездестіріп тұрсыз. Әріптеспен кездесіп, байланысқа түсу үшін 3-4 минут беріледі. Тренердің белгісі бойынша келесі кездесу орын алады.

Осындай үлгідегі жаттығулар рефлексиялық дағдыларды қалыптастыруға көмектеседі.

Мұғалімнің тіпті кез-келген басқа мамандық иесінің кәсіби дамуы рефлексиямен тікелей байланысты екені бәрімізге мәлім. Мұндағы кәсіби даму технологиялық немесе теориялық бағытта ғана емес, зияткерлік, эмоциялық және тұлғалық бағыттағы дамуды меңзейді. Рефлексиямен таныс емес маман, қалыптасқан ағысымен жылжитын өзенге ұқсайды. Ал, рефлексиялаушы маман, қажетті мезетте қандай әрекет ету керектігін жылдам шеше алатын, кез-келген жағдаятта жол таба алатын, яғни тізгінді өз қолында ұстап, алға ілгерілеуді көздейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Шаров А.С. Шектеулі адам: орны, белсенділігі, рефлексия. *Ограниченный человек: значимость, активность, рефлексия.* – Омск: Изд-во ОмГПУ, 2000. – 358 б.

2 Бизяева А.А. Психология думающего учителя: Педагогическая рефлексия. Псков: ПГПИ им. С.М. Кирова, 2004. – 39 с.

3 Бизяева А.А. Мұғалім неліктен рефлексиялық болу керек? // Педагогикалық диалог. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2014. – №4(10).

4 Семёнов И.Н. Взаимодействие отечественной и зарубежной психологии рефлексии: история и современность // Психология. Жур. Высш. шк. психологии. 2008. Т. 5. №1. – С. 64-66.

5 Мұғалімдердің рефлексиялық дағдыларын дамыту жолдары: әдістемелік нұсқаулық. / Қ.С. Абдраманова, Ж.Д. Джансугирова, Б.Қ. Дильманов, Е.Т. Оспанов. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016. – 46 б.

ӘОЖ: 1082

Э.Ахманова

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 2-курс магистранты

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ҚАЗАҚ ТІЛІ СИНТАКСИСІН ДАМЫТА ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ

Аңдатпа

Танымдық белсенділік – оқушының оқуға, білуге деген ынта-ықыласының, құштарлығының ерекше көрінісі. Мысалы, мұғалімнің баяндап тұрған жаңа материалын түсіну үшін оқушының оны зейін қойып тыңдауы, алған білімін кеңейту үшін өздігінен кітап оқып, бақылау тәжірибе жасау сияқты жұмыстар жасауы қажет. Өйткені, өтілген материалдарды саналы қайталауда, жаңадан білім алуда, оның жолдары мен дағдыларына үйренуде белсенділіксіз мүмкін емес. Яғни оқушының белсенділігі оқу үдерісінің барлық кезеңінде орын алуы қажет.

Кілт сөздер: бастауыш мектеп, дамыта оқыту, синтаксис, танымдық белсенділік

Ахманова Э.

магистрант 2-курса КазНПУ имени Абая

Аннотация

Внутренняя деятельность - это особое выражение желания ученика учиться, учиться и быть в восторге. Например, чтобы понять новую историю учителя, студент должен внимательно слушать и работать над

книгами самообучения и методами экспериментов, чтобы расширить свои знания. В конце концов, невозможно сознательно пересказывать материал, изучать новые пути, изучать способы и навыки. Это должно происходить на всех этапах активного процесса обучения студентов.

Ключевые слова: начальная школа, обучение развитию, синтаксис, познавательная деятельность

Akhmanova E.

a magistrant 2 courses of KazNPU named after Abay

Annotation

Internal activity is a special expression of the student's desire to learn, learn and be enthusiastic. For example, in order to understand the new history of the teacher, the student must listen carefully and work on self-study books and experiment methods to expand his knowledge. In the end, it is impossible to consciously retell material, learn new ways, learn ways and skills. This should happen at all stages of the active process of teaching students.

Key words: elementary school, development training, syntax, cognitive activity

Бастауыш мектепте қазақ тілі синтаксисін дамыта оқытуда оқушы белсенділігі оқушының ой дербестігіне сүйенеді. Оқыту үдерісінде оқушылардың белсенділігін арттыруды мақсат еткен мұғалім сабақтың барлық кезеңдерінде олардың ой дербестігін дамытуға тырысады. Оқушының белсенділігі әр түрлі болады.

Оқудағы белсенділік оқып-үйренетін тақырыпқа, пайда болған мәселеге, міндетке тұрақты ынтаның пайда болуымен, назар мен ой-сана операциясының бағыттылығымен (талдау мен синтез, салыстыру мен салмақтау т.б.) оқып жатқан материалды түсінуімен бейімделінеді.

Бастауыш мектепте қазақ тілі синтаксисін дамыта оқытуда оқушының танымдық белсенділігі өз кезегінде қабылдау, есте сақтау, ойлау, қиялдау үдерістері мен зейіннің тұрақты күйін қажет етеді. Оқу барысында оқушының таным белсенділігін арттыруда олардың өз бетінше танымдық ықылас-ынтасын, шығармашылық әрекетін дамытатындай етіп ұйымдастырады.

Шәкірттің қабылдауы, негізінен, мұғалімнің сабақты жүйелі түрде жүргізуіне байланысты. Оқушылардың жаңа материалдарды қабылдауына негіз болатындай даярлық жұмыстары жүргізіледі. Оқушылардың оқу-танымдық қызметін арттыру дұрыс әрі нақты әрекеттер негізінде іске асады. Баланың өзіндік сезімдік танымы (қалауы, ынтасы, құштарлығы, әсерленуі) негізінде қабылданған білім, дағды, ептілік әлдеқайда нәтижелі әрі жемісті болады [1].

Танымдық белсенділіктің үш дәрежесі бар:

1-дәреже – жаңғыртушы белсенділік – шәкірттің материалды жадылап, қайта жаңғыртуға, оны үлгі бойынша қолдануға, меңгеруге ұмтылысымен сипатталады. Белсенділіктің 1-дәрежесіне тән көрсеткіш – оқушының бойында білімін тереңдетуге деген ұмтылыстың болмауы.

2-дәреже – түсіндіруші белсенділік – оқушының оқығанын зерделеуге, оны өзіне белгілі ұғымдармен байланыстыруға, білімін жаңа жағдайларда пайдалану жолдарын меңгеруге ұмтылысынан көрінеді. 2-дәрежеге тән көрсеткіш оқушының бастаған істі аяғына дейін жеткізуге ұмтылуынан, қиындыққа тап болғанда оны жеңудің жолдарын қарастыруынан байқалатын үлкен дербестігі.

3-дәреже – белсенділіктің шығармашылық дәрежесі – оқушының тапсырманы (мәселені) шешудің тың жолдарын іздестіруге деген ұмтылысымен сипатталады. Бұл дәреженің ерекшелігі – мақсатқа жетудегі табандылық, танымдық ынтаның негіздері мен әр алуандылығы [2].

Сөйтіп, оқудағы белсенділік оқушының іс-қимыл жағдайы ғана емес, осы іс-қимылдың сапасы, онда оқушының қызмет мазмұны мен сипатына қатынасымен, өзінің рухани-ерік, күш-жігерін оқу-танымдық мақсаттарға жетуге жұмылдыруға деген ұмтылысымен айқындалатын тұлғасы көрінеді.

Дербестік әрекетке өздігінен икемделудің сапалық көрінісімен; мотивті және белсенді қылықтың оқушыға тәне арнаулы нысандары мен тәсілдерін синтездеумен; өмір шындығының белгілі бір жақтарына оқушының білім алу ретінде қарастырылады.

Танымдық белсенділікке үш белгі тән:

- 1) оқу-танымдық әрекеттің қоғамдағы маңыздылық бағыты;
- 2) оқу-танымдық әрекеттің интеллектуалдық сипаты;
- 3) оқу-танымдық әрекеттің реттеушілік сипаты.

Т.И. Шамова танымдық іс-әрекетті мотивтік, мазмұнды-операциялық және еріктік компоненттеріне бөледі. Бұл компоненттер бір-бірімен байланысты және тұтас бірлікте, оны күнделікті оқыту үдерісінде жіктеуге болмайды, тек қана тереңдетіп оқыту кезінде ғана ажыратуға болады» [3], –деп түсіндіреді педагог-ғалымдар А.Е. Әбілқасымова, Р.С. Омаровалар. Осындай зерттеулерге сүйене отырып, танымдық белсенділік компоненттерінің құрамын төртке бөліп қарастырдық: *мотивтік, мазмұнды-операциялық, еріктік және бағалау-нәтижелік*.

Баланың оқуына ерекше әсер ететін себептердің бірі – *мотивтер*. Оқушының мотивтері оның қажеттілігі мен қызығуларына байланысты. Бала жақсы оқу үшін білімнің өмірде керек екенін түсінуі және сол білімге қызығуы қажет.

Мотивтің оқу-танымдық іс-әрекеттегі рөлін төмендегіше көрсетуге болады:

- 1) жеке тұлғаның қалыптасу негізі, ол оқушының әрі қарай дамуының факторы ретінде көрінеді;
- 2) ойлау жүйесін реттеуге әсер етіп, интеллектуалды белсенділігінің көзі болады;
- 3) танымдық тапсырмаларды шешуге, ізденуге шығармашылық күш беріп, білім сапасына, оның тереңдеуіне әсер етеді;
- 4) өздігінен білім алуға ұмтылушылық бала дамуының ішкі шарттары болып табылады;
- 5) диагноздық мағынасы бар, ол жеке тұлғаның көптеген қасиеттерінің даму көрсеткіші болып табылады, яғни мақсаткерлік, саналық, еңбекқорлық, танымдық қызығушылық ауқымы мен тұрақтылық [4].

Танымдық белсенділік компоненттерінің ішінде *мазмұнды операциялық компонент* маңызды роль атқарады. Бұнда жетекші білімнің, іргелі теориялы білім және оқу-танымдық қызмет тәсілдерінің жүйесі қамтылады. Бұл тәсілдер жаңа білімдер мен әрекет тәсілдерін өзбетінше игеру біліктерін айқындайды. Оқушылардың жетекші білім жүйесіне ғылыми білімдердің негізі – дәлелдемелер, ұсынымдар, заңдар, теориялар мен әдістер кіреді.

Бастауыш мектепте қазақ тілі синтаксисін дамыта оқытуда оқушылардың іргелі теориялы білім жүйесі негізінде танымдық белсенділіктің операциялық жақтары қалыптасады, оқыту тәсілдері жетіледі. Іргелі теориялы білім жүйесінен оқушының пәндік білімі, одан олардың өзіндік жұмыс тәсілдері жетіледі. Өзіндік жұмысты ұйымдастыру үшін мұғалім мынадай үш жағдайды ескергені жөн:

- 1) оқушылардың өзіндік жұмысының мазмұнын анықтау;
- 2) өзіндік жұмысты ойдағыдай аяқтауға дұрыс бағыт беріп, тиісті түзетулер жасап отыру [5].

Оқу танымдық іс-әрекет тәсілдері білікке байланысты жүзеге асады. Білікті әрекеттегі білім деп атайды, бұл біліктің білімдер жүйесіне қатысын білдіреді. Білікті үш топқа бөліп қарастырады: ақыл-ой, жалпы оқу білігі, арнаулы пәндік біліктер. Осы біліктерді меңгерудің белгілі бір деңгейі танымдық белсенділіктің ілгері басуын қамтамасыз етуі тиіс. Сөз жоқ, ақпарат алып, оны зерделеуді қамтамасыз ететін ақыл-ой білігі жетекші білік болып табылады. Жалпы оқу білігінің даму деңгейі танымдық белсенділікті қалыптастыру үшін зор маңызы бар.

Психологтар мен педагогтардың еңбектерін негізге ала отырып, біліктің бір тармағы жалпы оқу білігінің жалпы дағдыларына: негізгіні бөліп көрсету, мақсат қоя білу, жұмысты, танымдық іс-әрекетті жоспарлау, өзіндік бақылау, белгілі бір қарқында жұмыс істей білуді жатқызуға болады.

Оқыту тәсілдерін талдағанда Ю.К. Бабанский жалпы оқу білігіне өзінің әрекетін мотивтеу, ақпаратты зейін сала қабылдау, тиімді есте сақтау, оқу материалын ой елегінен өткізу, ондағы басты нәрсені бөліп ала білу, проблемалық, танымдық міндеттерді шешу, жаттығуларды өз бетінше орындау, өзін-өзі бақылай білу біліктерін жатқызады. Сөйтіп бұл біліктің шеңбері тым ауқымды болып шығады, бірақ онда ең басты негізгі нәрсені ажырата білу білігіне жетекші орын беріледі.

Негізгіні бөліп көрсету білігі оқу-танымдық қызметтің осы тәсілдеріне жетекші рөл атқарады, бұл білікті танымдық белсенділіктің операциялық жағы үшін жүйе құрайтын фактор деп есептеуге болады. Ол хабардың ең басты идеясын қабылдап жаңғыртуда, алдағы оқу-танымдық қызметтегі ең басты нәрсені айқындауда және осы негізде, осы қызметтің мақсатын қоя білуде көрініс табады.

Бастауыш мектепте қазақ тілі синтаксисін дамыта оқытуда оқу-танымдық қызметтің алға қойылған мақсатына сәйкес жұмысты жоспарлай білу және жұмыстың мақсатымен оқылатын материалдың ерекшелігін ескере отырып, өзін-өзі бақылау біліктілігі операциялық сипаттағы танымдық белсенділіктің қалыптасуының қосымша көрсеткіштері болып табылады. Оқушылардың өзін-өзі бақылай білу білігі басқа сапамен сипатталады. Оқушы тарапынан бақылаудың үлесі сыныптан сыныпқа көшкен сайын өзгере береді (төмендейді, кейбір жағдайда жоғарылайды) соның нәтижесінде оқушы-лардың өзін-өзі бақылауы оның іс-әрекетінің барған сайын кең саласын қамтуы тиіс. Өзінің оқу-педагогикалық қызметінің өздігінен меңгеру функцияларын барған сайын өскелең ауқымда орындау тиісті біліктердің тұрақтылығын қалыптастырады.

Біліктіліктің үшінші тобына жекеленген пәндер бойынша сабақтарда қалыптасатын арнаулы біліктер жатады. Олардың жиынтығы білімдер мен қызмет тәсілдерінің айрықша саласын өз бетінше игеруді қамтамасыз етеді. Олар білімдердің сабақтас салаларында белгілі бір дәрежеде қолданылғанымен, жалпы оқу білігіне қарағанда ауысуы азырақ бейім.

Танымдық белсенділіктің *еріктік компоненті* алдыңғы мотивтік және мазмұнды-операциялық, кейінгі бағалау-нәтижелік компоненттерімен тығыз байланысты, өйткені олардың негізінде адам белсенділігінің басты қайнар көзі – қажетсіну жатыр. Ерік дағдылары адамды әрекетке итермелеуші бастапқы себептер ретінде көрінеді. Мұнда осы жалпы негіз – қажетсіну мотивтік және еріктік компоненттерінің сезіммен байланысын айқындайтынын көруге болады, өйткені сезімде қажетсінудің белсенді жағы бейнеленеді.

Еріктік компонент алға қойылған мақсатқа жету үшін танымдық кедергілерді жеңуге ұмтылушылық пен сол жолдағы іс-әрекетті орындаудағы тұрғаның ішкі қабілетінен айқындалады. Еріктік тәртіп себептердің өзара күресімен жалғасып жататын шешім қабылдауға негізделеді.

Сезім қажетсінудің қанағаттандырылуы немесе қанағаттандырылмауы нәтижесінде пайда болады және сонымен бірге адамның әрекетін, соның ішінде танымдық әрекетін реттеушілердің бірі ретінде көрініс табады. Таным әрекет түрлерінің бірі болғандықтан, таным барысындағы қиындықтарды жеңу жөніндегі ерік күші танымдық әрекет мақсатына елеулі дәрежеде байланысты болады. Таным барысындағы қиындықтарды жеңу, ол қажетті ерік күшін жұмсау, жеке тұлғаның өзінің танымдық әрекетін нысаналы түрде және саналылықпен реттеуін талап етеді. Еріктің болуы жеке тұлға үшін елеулі, маңызды мақсаттар мен міндеттердің болуымен байланысты. Алғашында оқушыдан арнайы ерікті талап ететін әрекет бірте-бірте оның қажеттілігіне айналады.

Демек оқу-танымдық әрекеттің мақсатын белгілеудің төмендегідей нұсқаларын бөліп көрсетуге болады:

- 1) оқу-танымдық әрекет мақсатын мұғалім белгілейді. Оқушының ерік күші төмен;
- 2) мұғалім тапсырманы немесе тақырыпты хабарлайды, осыған сәйкес оқу-танымдық әрекет жүзеге асырылады. Оқушы тақырыптың мақсатын өзі немесе мұғаліммен бірге анықтайды. Мақсатты қояда ізденімпаздықтың басым болуы ерік күшінің неғұрлым жоғары деңгейде болуын айқындайды;
- 3) оқушы өзінің оқу-танымдық әрекетінің мақсатын өз бетінше айқындайды, бұл – өз бастамасымен өз бетінше жұмыс істеу. Мұндай жағдайда ерік күшінің деңгейі неғұрлым жоғары.

Еріктік компонентінің өміршең белсенді ұстаным, қоғамдық бағдарланушылық пен идеяға сенімділік сияқты қосымша көрсеткіштері бар.

Оқушылардың танымдық іс-әрекет компонентінің төртіншісіне *бағалау-нәтижелік компонент* жатады. Оқушылардың өзіндік бағалауы, өзінің іс-әрекетіне жауап беруі, өзінің мүмкіндіктерін білуі, істеген жұмысын түзету, орындалған жұмысты жүйелеу, іс-әрекет бағытын анытау, өзіне талап қойғыштық сияқты бағалау-нәтижелік компоненттің белгілері бар. Бағалау-нәтижелік компонент өзіндік бағалау мен саналылық, жеке тұлғаның өзіндік қасиеттерін қамтиды.

Бастауыш мектепте қазақ тілі синтаксисін дамыта оқытуда оқушының өз бетімен жаңа білім алуға мүмкіндік беретін ақыл-ой еңбегінде білімді саналы меңгеруі жүзеге асады. Саналылықтың нәтижесінде оқушылар алған білімдерін өмірде, тәжірибеде нәтижелі пайдалана алады.

Жеке тұлғаның өзіндік қасиеттерін білуде өз мүмкіндіктерін дұрыс пайдалана отырып, іс-әрекет бағытын анықтау арқылы және орындалған жұмысты жүйелеу, қорытындылау, өз тұжырымын жасау арқылы нәтижеге жетеді.

Бастауыш сынып оқушылары өздерінің орындаған жұмыстарына талдау жасап, оқу әрекетінде өзіндік бағалауға үйренеді. Оқу жұмысының үдерісі мен нәтижесін жүйелі талдаулары оқушыларға мұғалім мен достарының бағалауын күтпей-ақ, өз қабілеттеріне сай жұмысты аяғына дейін жеткізуге мүмкіндік туғызады. Оқушының өзіндік бағалау әрекетін қалыптастыруға мұғалім көмекке келеді. Бағалау-нәтижелік компоненті нәтижелерді өздігінен бағалау өлшемдері мен тәсілдерінің жүйесін қамтиды. Олардың өзін-өзі бағалауы, өзі-өзі бақылауы мен өзін-өзі басқаруы, өзін-өзі түзетуі – бір-бірімен тығыз байланысты үрдістер. Мұндай өзіндік әрекеттерге үйрету қарапайымнан күрделіге қарай даму ұстанымын басшылыққа алады. Оқушының белсенді таным әрекетіне байланысты өздігінен жұмыс істеуі оның қажетіне айналады (өздігінен білім алу, өзін-өзі басқару, бағалау сияқты әрекет дәрежесіне көтеріледі).

Оқушылар өзіндік бағалауы кезінде оның дербестігі, өздігінен істейтін әрекеті арта түседі:

- а) іс-әрекет бағытын, нақты мақсат-міндеттерін аңғару;
- ә) өз мүмкіндіктерін біліп, өзін-өзі бақылау;
- б) жұмысты орындауда жоспарын жасап, өз жұмысының қателерін тауып, оны түзету;
- в) өзін-өзі тексеру, нәтижесін талдау.

Жоғарыда келтірілген компоненттер бір-бірімен тығыз байланысты болып, бір-бірін толықтырып тұрады. Оқу үдерісінде осындай жүйені басшылыққа алу бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін арттырады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 14 желтоқсан, 2012.
- 2 Қазақстан Республикасында 2020 жылға дейінгі білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы. - Астана, 2010.
- 3 Сенкибаева А.Т. Мұғалімнің кәсіби құзырлылығын дамыту. // Білім берудегі менеджмент, - №4. 2009.
- 4 Равен Дж. Компетентность в современном обществе: выявление, развитие и реализация. - Москва, 2002.
- 5 Құрманалина Ш.Х., Мұқанова Б.Ж. Педагогика. - Алматы, 2007.

ӘОЖ: 740

Г.Баялиева

*Абай атындағы ҚазҰПУ-нің 1-курс докторанты
E-mail: aydok11@mail.ru*

**ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ АУЫТҚУШЫЛЫҒЫН
АЛДЫН АЛУ ПРОЦЕСІНДЕГІ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЫҢ ЖӘНЕ
ОТБАСЫНЫҢ ӨЗАРА ІС-ӘРЕКЕТІ**

Аңдатпа

Бұл мақалада жасөспірімдердің мінез-құлық ауытқушылығын алдын алу процесіндегі педагог-психологтың және отбасының өзара іс-әрекеті талданады. Мінез-құлықтарында ауытқушылығы бар жасөспірімдердің психикалық даму заңдылықтарымен салыстыра отырып, ата-аналармен жұмыс үлгілері ұсынылады. Осыған байланысты, олардың мінез-құлық ауытқушылығының алдын алу шаралары көрсетілген.

Кілт сөздер: жасөспірімдер, мінез-құлық, ауытқушылық, отбасы

Аннотация

В этой статье анализируется проблема подростков в ходе профилактики отклонения поведения и взаимодействия семьи с педагогической деградацией психолога. Согласно умственному развитию о флуктуационном характере характера образцов подростков, представлены родители по сравнению с работой. В этом отношении указываются их предупредительные меры характера, колебания.

Ключевые слова: подростки, поведение, девиант, семья

Annotation

This article analyzes the problem of teenagers in the course of prevention a deviation of behavior and family interaction pedagogical the psychologist degradation. According to mental development about fluctuation character on characters of teenagers samples, by parents in comparison with work are represented. In this regard, their character character precautionary measures, fluctuations are specified.

Key words: teenagers, behavior, deviant, family

Бүгінде Қазақстанның әлемнің озық отыз елінің құрамына кіру стратегиясының жүзеге асырылуы және соған сәйкес әлемдік білім беру кеңістігіне ену қажеттілігі ЖОО нарық талаптарына сай мамандарды дайындау мәселесін алға шығаруда. Осы негізде мінез-құлықтарында ауытқушылығы бар жасөспірімдердің психикалық даму ерекшеліктерін іздестіріп, оларды әрі қарай өрістету үшін қалыпты

дамыған балалардың психикалық даму заңдылықтарымен салыстыра отырып, зерттеу қажеттілігіне аударады.

Жасөспірімдердің мінез-құлық ауытқуларын сипаттауда қазіргі заманғы педагогикалық-психологиялық әдебиетте «девианттық мінез-құлық» термині қолданылады (*латын тілінен аударғанда «deviatio» -ауытқушылық*). Девианттық мінез-құлық – қалыптан ауытқушылық және ол адамның қоғам мен әлеуметтік топта қабылданған өзін-өзі ұстау нормалары мен ережелеріне сай келмейтін іс-әрекеттері мен қылықтары.

Жасөспірімнің жоғары дәрежедегі психологиялық қызмет деңгейінің де түрліше болатындығын ескерту керек. Жасөспірімнің дамуы мен ойлау қасиеттері оның бүкілөмір, өткен өмір кезеңдерде қалыптасқан заңдылық сияқты. Алайда бұл қасиеттер оның бойынан бірден даяр күйінде аңғарылмайды. Егер жасөспірімнің бойындағы кемістігін аңғарып қалғандай болсақ, ондай олқылықтары қалайша толтыруға болады және ол кемістіктерді бұдан былайғы даму кезеңдерін де жоюды жандандырудың әдіс-тәсілдерін іздестіру қажет. Осы орайда оның кемістігін қарапайым жаттығулар арқылы түзетуге болады.

Мінез-құлықтарында ауытқушылығы бар балалардың психологиялық ерекшеліктерінде өзіндік бағалау әлі де болса үстемді түрінде көрінбейді. Бұл балалар өз іс-әрекеттеріне иек артпайды, жасаған кемшіліктерін көре бермейді. Оларды жөндеудің, түзетудің жолдарын іздестірмейді, өзін басқалармен салыстырмайды. Мінез-құлықтарында ауытқушылығы бар жасөспірімнің психологиялық ерекшеліктері үшін жоғары деңгейдегі эмоционалды қозғалыстық тән екенін байқауға болады. Мінез-құлықтарында ауытқушылығы бар жасөспірімнің өз қажеттілігін қанағаттандыруы алдыңғы орында болғандықтан өз-өзін тежеулері әлсіз, өзінің талаптану, тілек, ықылас сезіміне деген төзімділігі нашар дамыған. Сол себепті көп жағдайларды олар ата-аналарының, мұғалімдердің, үлкендердің қоятын талаптарына қарсы шығып, дау-жанжал тудырып жатады. Олар қабылданған нормаларды бұзуға бейім келеді. Заң тұрғысынан алып қарағанда, норма ережелерін бұзушылық – бұл мемлекеттік немесе қоғамдық тәртіпті бұзу, азаматтардың құқығы мен жеке меншігіне қол сұғушылық болып есептеледі.

Сондықтан педагог-психологтар мен отбасы өзара бірлесе отырып, бұл жастағы балалардың жеке бас дамуының ерекшеліктерін ескеріп, қоғамдық нормаларды сақтауына көңіл бөлуі қажет.

Себебі нормалар қоғамның тұрақтылығы мен тәртібін қамтамасыз ететін, девиацияға қарсы күрестің бірден-бір әлеуетті құралы болып табылады.

«Жасөспірім» - сөзінің мағынасы ішкі дүниенің негізгі тенденциясының дамуын көрсетеді. Жасөспірім шаққа аяқ басқан баланың қалыптасуындағы түбегейлі өзгерістер сана-сезімнің дамуындағы сапалық өзгеріспен анықталады, осының арқасында бала мен ортаның арасындағы қатынас бұзылады. Жасөспірімнің жеке басындағы басты жаңа құрылымын оның өзі туралы «Енді бала емеспін» дейтін түсініктің пайда болуынан орын алады. Ол өзін ересекпін деп сезіне бастайды, ересек болуға және өзіне жұрттың осылай деп қарауына ұмтылады.

Психологияда «қылық» - адамның рухани-адамгершілік тұрғыдан қалыптасуы және сол тұрғыда оның өзге адамдарға, өзіне, қоғамға және қоршаған табиғатқа деген қарым-қатынасын айқындауы деп қарастырылады. Отбасы тәрбиесіне қатысты тәлім-тәрбиелік идеялар қазақтың халық педагогикасында Қорқыт ата кітабында, Әбу насыр әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашғари, Ахмет Иассауи еңбектерінде, қазақ ақын-жыраулары Абай Құнанбаев, Шәкәрім Құдайбердіұлы т.б. мұраларынан да елеулі орын алған.

В.Г. Асеева бойынша мектеп жасындағы жетілу немесе басқа сөзбен айтқанда ерте жетілу - адамның туғаннан бастап физиологиялық, психологиялық және азаматтық ересектік жетілу кезеңі. Осының арқасында физиологиялық қызметі реттеледі және қан айналымы жақсарады т.с.с.

Ал, А.С. Макаренконың бұл мәселеге арналған еңбектері педагогика ғылымының алтын қорына енді.

Баланың отбасынан қашықтап, оның ықпалынан сырт қалуының психикалық әсерін Т.В. Лодкина, А.В. Захаров, В.С. Мухина, З. Матвейчик, Е.О. Смирновалар атап көрсеткен.

Белгілі психолог ғалым Б.Г. Ананьев тұлғаның мінез-құлқының деңгейіне және күрделілігіне қарамастан, оларда:

- адамдар туралы ақпарат пен тұлғаралық қарым-қатынас арасында;
- адамның қарым-қатынас процесіндегі қылықтарын өздігінен реттеуі мен коммуникация арасындағы;
- тұлғаның өзіндік ішкі әлемін өзгертуі сияқты қарым-қатынастар түрлері болатындығын дәлелдейді.

Мінез-құлықтағы қиындық және қиын балалар ұғымы 1920-1930 жылдары пайда бола бастады. Ұғым бастапқыда ғылымда емес, күнделікті өмірде қолданып жүрді. Біраз уақытқа ұмытылып, XX ғасырдың 50-60 жылдарында қайтадан қолданысқа енді. Бұл салада зерттеу жүргізген алғашқы ғалымдардың бірі -

П.П. Бельский. Ал бұл мәселені алғаш болып көтерген белгілі ресей педагогы - П.П. Блонский. Ғалым қиын балалардың жеке бас ерекшеліктерінің өмір жағдайларымен, тәрбиемен өзара әрекеттестігін есепке алып, кешенді түрде зерттеулер жүргізіп, оны тәжірибеде қолдану жолдарын анықтады.

Ғалымдардың зерттеулеріне қарағанда отбасының мынадай төрт түрлі мәртебесі бар: экономикалық, психологиялық, мәдени, және ситуативтік міндеттер.

Мұғалім отбасы мен жұмыс нысаны барысында – балалар мен жасөспірімдер отбасыларымен байланыста болады.

Отбасымен жұмыс жасай отырып, оларға: білім алуға, оқуға, психологиялық көмек алуға жәрдем береді.

Сондықтан педагог-психолог ата-анамен (отбасы мүшелерімен) мынадай іс – шаралар жүргізеді:

- тәрбиелеуде балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеруді қаперінде ұстау;
- ата-аналардың тәрбиеде (жасөспірімнің тәрбиесінде) жіберген қателерінің себеп, салдарымен мәлімет беру және айғақтар мен дәлелдер келтіру арқылы дұрыс тәрбиенің мәнін ашып көрсету және нандыру;
- оқу, еңбек, ойын, демалыс және бос уақытын дұрыс пайдалану бойынша кеңестер беру;
- жастайынан, әуелі санасыз, еліктеу арқылы пайда болатын жаман әдеттер: масайту ішімдігіне әуестену, шылым шегу, нашакорлыққа еліктеудің алдын алу шараларын үйрету.

Мұғалімнің ата-аналарға беретін көмегі, ақыл кеңесі жасөспірімдерді тәрбиелеудегі мақсат пен міндетті түсіну, оның мүддесін қорғап қажеттенуін қанағаттандыру, отбасы мүшелерінің ой санасына, ақыл-кеңесіне ықпал ететін әңгімелер өткізу, басқа да іс-шаралар ұйымдастыру осы қызметтің пәрменділігін көрсетеді. Салауатты отбасымен жүргізілетін педагогикалық көмектің тағы бір аса маңызды құрамды бөлігі – психологиялық көмек. Психологиялық болсын, педагогикалық болсын тәрбиенің дұрыс қалыптасуы ұстаз, бала, ата-ана еңбегімен байланысты.

Педагог-психолог жасөспірімдердің мінез ауытқушылығына байланысты ата-аналарымен төмендегідей сұхбат жүргізуге болады:

- жеке сұхбат (сұхбат жасөспірімдер мен ата-аналарына ақпарат пен кеңес беру мақсатында жүргізіледі);
- жасөспірімнің үй жағдайын бақылау (мінез-құлығында ауытқушылығы, девиантты қылығы бар жасөспірімдердің үйлерін аралау жүргізіледі);
- кіші педагогикалық кеңес (кіші педагогикалық кеңес мәселелердің алын алу мен ата-аналарды ақпараттандыру мақсатында жүргізіледі);
- ата-аналар жиналысы (тақырыптық ата-аналар жиналысы жасөспірімдер арасында қылмыс пен құқық бұзушылықтың алын алу мақсатында жүргізіледі);
- жалпыға міндетті ата-аналар жиналысы (ата-аналарды балаларының үлгерімі мен үйлгерімге арналған кеңестерді жүргізіп, ақпараттандыруға бағытталады).

Зерттеулерге сүйенсек, қызуқанды мінез-құлық отбасы қатынастарында қалыптасады. Осы жағдайлармен қатар қызуқандылықтың дамуына алып келетін мына жағдайларды көрсетуге болады:

- жиі болатын ата-аналар арасындағы ұрыс-жан-жалдар;
- ата-аналардың бірін-бірі және балаларын сыйламауы;
- балаларға қарау мен бақылаудың болмауы;
- жасөспірімдердің пікірін елемей;
- ата-аналардың тиісті жылаулықты бере алмауы;
- балалардың ар-намысына тию;
- тәрбие жүйесінің сапасыздығы.

Баланың жас ерекшелігінің әрбір кезеңіне байланысты жеке дамуына кешенді ықпал ету. Өзара қарым-қатынаста, оқу барысында қиындыққа ұшыраған оқушыларға әлеуметтік-педагогикалық көмек беруді қамтамасыз ету. Оқушы отбасының тәрбие жағдайын зерттеу. Жасөспірімдердің жеке дамуындағы ауытқушылықтың алдын-алу және болдырмау. Мектеп пен тұрғылықты мекен жайында тұлғаны қорғау, тәрбиелеу және оқу-ағартудың кешенді жүргізеді. Оқушылардың жеке психо-медициналық және педагогикалық ерекшеліктерін зерттейді. Оқушының қызығушылығын, сұранысын, мінез ауытқушылығын, шиеленісті жағдайларын анықтап, мезгілінде көмек көрсетеді. Тәрбиеленушілердің өмірін қорғауды, қауіпсіздендіруді қамтамасыз етеді, оқушының қиындығы мен проблемаларына, тәртібіндегі ауытқулары кезеңінде тез арада әлеуметтік көмек және қолдау көрсетеді. Тұлғаның дамуы мен тәрбие проблемаларын шешуде отбасылармен серіктестік, әріптестік қарым-қатынастар орнатып, ынтымақтастықпен жұмыс жүргізеді.

Қорыта келгенде, болашағынды болжау үшін ұрпағыңның денсаулығы мен тәрбиесіне көңіл бөлу керек екендігін естен шырмай, әрбір отбасы бала дүниеге келгеннен кейін емес, баланы дүниеге әкелер алдында тәрбиеге мән берсе дұрыс болар еді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Айтбаева А. Әлеуметтік педагогика негіздері. - Алматы, 2011.
- 2 Құдиярова М. «Жасөспірімдердің мінез-құлық ауытқышылық себептері». - Алматы, 2006.
- 3 http://www.rusnauka.com/8_NMIW_2012/Psihologia/7_104290.doc.htm
- 4 Ақажанова А.Т., Садырова А. Девиантты мінез-құлықтың кейбір теориялық сипаттамалары. Ізденіс. –Алматы, 2007.
- 5 Қалыбаева Р. Мектеп психологының «қиын» балалармен жұмыс әдісі. // Мектептегі психология, 2007.

ӘОЖ: 1174

А.Ақжолова, М.Бекжан

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

«ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ» ПӘНІ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ БОЙЫНДА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа

Мақалада бастауыш сынып оқушыларының бойында қазақстандық патриотизм қалыптастыруда 2-сынып оқушыларына арналған әдебиеттік оқу пәніндегі көркем шығармаларды тиімді пайдалану жолдары қарастырылған. Әдебиеттік оқу оқулығындағы көркем шығармалар мен оқушылардың білімін тексеруге арналған сұрақтар мен тапсырмалар талдана отырып, сабақта инновациялық технологияларды қолдану жолдары айтылады.

Кілт сөздер: патриотизм, қазақстандық патриотизм, әдебиеттік оқу, әдеби көркем шығармалар

Ақжолова А., Бекжан М.

*Казахский национальный педагогический университет им. Абая,
г. Алматы*

ФОРМИРОВАНИЕ ПАТРИОТИЗМА КАЗАХСТАНА У СТУДЕНТОВ ПРИ ПЕРВИЧНОЙ СЕССИИ «ЛИТЕРАТУРНОГО ОБРАЗОВАНИЯ»

Аннотация

Статья посвящена эффективному использованию художественных литературных произведений для учащихся 2 класса в казахстанском патриотизме. В литературном учебнике студентам будут заданы вопросы об использовании инновационных технологий в классе.

Ключевые слова: патриотизм, казахский патриотизм, литературное чтение, литературное искусство

Akzholova A., Bekzhan M.

*Kazakh National Pedagogical University by Abay,
Almaty*

FORMIC PATRIOTISM OF KAZAKHSTAN STUDENTS AT THE PARVIKON SESSION «LITERARY TRAINING»

Annotation

The article is devoted to the effective use of good literary works for two classes in the Kazakh patriotism. In the literary book, the student will ask questions about innovative technologies in the classroom.

Key words: patriotism, Kazakh patriotism, literary criticism, literary art

Елбасымыз Н.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Күллі жер жүзі біздің көз алдымызда өзгеруде. Әлемде бағыты әлі бұлыңғыр, жаңа тарихи кезең басталды. Күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүниеде сана-сезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңіп қалған таптаурын қағидалардан арылмасақ, көш басындағы елдермен тереземізді теңеп, иық түйістіру мүмкін емес. Өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып, заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керек, - дейді [1]. Сондықтан бастауыш мектеп кезеңінен оқушыларға көркем шығармалар арқылы туған жерін сүйді, еліне, туған Қазақстанына деген сүйіспеншілікті қалыптастыра алсақ, бұл Қазақстанға деген патриоттық сезімге ұласады. Кез келген мемлекеттің өміршеңдігі мен тәуелсіздігінің тұғырлылығы ел құраушы ұлттың Отанға адалдығы мен сүйіспеншілік сезіміне тікелей байланысты. Елдің ел болып іргетасы қаланған күннен бастап саяси, мәдени, экономикалық, әлеуметтік жағынан қуатты мемлекетке айналып, әлем елдерімен терезесі теңесуі ел қамын ойлаған арда азаматтарға міндет. Ал олардың ізін қуып, ісін жалғастырушы өскелең ұрпақ десек, бүгінгі білім беру саласында бастауыш сынып оқушыларының патриоттық сезімін қалыптастыру өзекті мәселе болып табылады. Д.Исабеков: «Патриотизм өзінен өзі келетін қасиет емес. «Отанды сүйю» деп жалаң айғалау жастарды патриотизмге тәрбиелеу боп табыла бермейді, міне, мынадай Отаныңды сүй деп тәрбиелесек, сірә, сол ұғымды болар. Ол үшін ауқымды мемлекеттік бағдарлама, мәдениет жөніндегі жетілген заң керек» [2], - дейді. Бұл – патриотизм, отанға деген сүйіспеншілік, әсіресе жастар бойында патриоттық сезімді қалыптастырудың мемлекет үшін маңызы мәселе екендігінің айғағы.

Білім беру саласында оқушыларды патриотизмге тәрбиелеу бала мектеп табалдырығын аттаған сәттен басталады. А.И. Герцен: «бүкіл ақыл – ой болмысының негіздері балаң жаста қаланады» [3], - дейді. Демек, патриоттық сезімді тәрбиелеу балалардың жас кезінен бастап, мектеп табалдырығын аттаған жылдары қарқынды, тереңдетіліп қолға алынуы тиіс.

Патриотизм, Отанды сүйю, елжандылық, азаматтық жауапкершілік сезімдері адам баласына туа бітпейді. Әрине, бұл Отансүйгіштің адамзат бойына ана сүтімен даритындығы туралы пікірмен қарама-қарсы келмеуі тиіс. Бұл сәби бойына ана сүтімен дарыған ұлттық рух, отансүйгіштік қасиеттердің жүре келе дамитындығын, оның патриотизм, ерлік, елжандылық сынды ұғымдарға ұласатынын білдіреді [4]. Алайда, ол үшін тәрбие үрдісінде балаларды отанды сүйюге баулу керек. Өйткені, айнала, қоршаған ортадан беймәлім бүлдіршін қоғаммен, адамдармен бетпе-бет келген, қарым-қатынасқа түсе бастаған тұста батылдылықты, жауапкершілікті, мейірімділік пен қатігездікті, адалдық пен әділетсіздікті көріп, сезіне бастайды. Осы сәтте балаға оң бағыт бере отырып, патриотизмге, адамгершілікке тәрбиелеу керек.

Жалпы білім беретін 11 жылдық мектептің бастауыш сыныптарына арналған әдебиеттік оқу пәні бастауыш сынып оқушыларының бойында патриотизм, отансүйгіштік сезімдерін қалыптастыруда үлкен роль атқарады. Пәннің мазмұны оқушы бойында қалыптасуға тиісті ізгі қасиеттерге: туған жерге, ана тіліне сүйіспеншілікке, Отанын сүйю, ұлттық салт-дәстүрлерін қастерлеу, ұлт мәдениетінің өркендеуіне, ел экономикасының гүлденуіне үлес қосу, отбасына сүйіспеншілік, ата-анасын, ағайын-туыстарын сыйлап, құрметтеуге, қамқорлық жасауға, өз елін сүйюге және Қазақстанда мекен ететін өзге де ұлттарды, олардың дәстүрлерін, тілі мен мәдениетін сыйлауға, толеранттылықпен қарауға мүмкіндік береді. Осы орайда, Әдебиеттік оқу пәнінің 2-сынып оқушыларына арналған оқулығына қысқаша талдау жасасақ.

2-сыныпқа арналған «Әдебиеттік оқу» [5] оқулығында оқушылардың бойларында патриотизм мен азаматтық жауапкершілікке құндылықтарын қалыптастыру мәселесіне байланысты 3, 7, 8 тараудағы шығармаларды қарастыруға болады.

3-тарау «Неткен сұлу, неткен көркем, осы менің туған өлкем» деп аталады. Бұл тараудағы «Отан» (Е. Өтетілеуұлы), «Туған жер» (Ж.Аймауытов), «Атамекен аяулы», «Ей, Астана», «Алатау» (Е. Өтемісұлы) сынды шығармалар мен тапсырмалар оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелей отырып, азаматтық жауапкершілік сезімдерін қалыптастыруға бағытталған. Мысалы, 3-тарауды қайталауға арналған сұрақтар мен тапсырмаларда мынандай сұрақ бар: Тараудағы оқиғаларды есіңе түсіріп, сұраққа жауап бер. Ауылын, әжесін, орманын, өз елін

Қартқожа ...

Сыншы бала ...

Құс ...


Бұл шығармадағы кейіпкерлердің өз туған жерін сағынғандығын, сол үшін жолдың ұзақтығы мен қиындығына қарамастан жанкештілікпен өлкелеріне жеткендігін көрсетеді.

Ермек Өтетілеуұлының «Отан» деген шығармасын оқығаннан кейін оқушы мынандай сұрақтарға жауап береді:

1. Отанды біз неліктен атамекен дейміз?
2. Отанды біз неліктен сүйеміз?
3. Отанды біз неліктен қастерлейміз?

Оқушы бұл сұрақтарға жауап бере отырып, «Отан», «Атамекен» ұғымдарының мән-мағынасына үңіледі. Сонымен қатар, сүю, қастерлеу сынды сөздерді Отан-анамен байланыстырып ой толғайды.

Тарауда ерекше көзге түсетін шығармалардың бірі Сырбай Мәуленовтың «Балалардың бақыты» өлеңі. Егемен елде, әке-шешесінің қамқорлығында алаңсыз өсіп, мектеп құшағында білім алып жатқан әрбір оқушының санасына адамгершілік, отансүйгіштік, азаматтық сезімдерге байланысты ұғымдарды сіңіріп өсіру керек. Ол ұғымдар адамға не үшін керек, оларды неге қастерлейміз, болашақты қандай кәдемізге жарата аламыз деген сұрақ әрбір оқушының көкейінде болуы тиіс. Осы ретте «Балалардың бақыты» өлеңі оқушыларға «бақыт» ұғымын түсіндіре отырып, оның мағынасын ашып көрсетеді. Мысалы, Аспанның күлімдеп тұрғаны, айдың биік орнап, бұлақтың гүрілеп аққаны – балалардың бақыты. Отаны аман болып, басы бұлтқа байланып, Алатау асқақтап тұрса, балаларға сол бақыт. Отбасы аман болып, байтақ даласында мөлдір өзен сарқырап ағып жатса, бұл да баланың бақыты. «Отбасы», «Алатау», «байтақ дала», «мөлдір көл», «ашық аспан», «Отан» ұғымдарды жинақталып келіп «баланың бақытын» құраса, бұл бақытты бала – Тәуелсіз елдің ұрпағы екендігінің белгісі. Оқулықта өлеңнен кейін «бақыт сөзіне топтастыру жаз» деген тапсырма берілген. Ал біз бақыт сөзіне ассоциация құрастыра отырып, әр ұғымға жеке талдау жасау керек деп ойлаймыз.



Мәтіннен гөрі графикалық сызбалар, суреттер, көрнекіліктер оқушылардың қызығушылығын оятып, белсенділіктерін арттыратыны белгілі. Сонымен қатар, әр ұғымның мағынасын анықтау – сөздікпен жұмыс жасау керек. Оқулықта әр шығармадан кейін оқушыларға сөздік берілген.

Бұл оқушыларға шет тілін үйрету әдістемесін еске түсіреді. Қазіргі білім беру саласында өзге тілді аудиторияларда ғана емес, ана тілін қатысымдық әдіспен үйрету технологиясы қолданылады. Қатысымдық әдістің айтылым, жазылым, оқылым, тыңдалым, естілім түрлерін ана тілін оқытуды, әдебиеттік оқу сабақтарында кеңінен пайдалануға болады. Сондықтан оқушы шет тілдеріндегі сөздерді арнайы сөздік дәптерге аудармасымен жазып жаттағанындай, әдебиеттік оқу сабақтарынан да түсіндірме сөздіктермен жұмыс істей алады деген ойдамыз.

«Әдебиеттік оқу» оқулығының 7-тарауы «Бабалар өмірі – ұрпаққа өнеге» деп аталады. Осы тараудың «Алтын адам туралы аңыз» деген шығармасында ержүрек сақ жауынгерінің батырлығы, оған зергер тіккен киім туралы айтылады. Оның зергер алтыннан жасап берген киіміндегі әр өрнектің өз мағынасы бар. Сақ жауынгері киімді көрген кезде: «Зергер досым, мына бөріктегі жебелер, арғымақтар, тау шыңдары, ағаштар, қанаттар неліктен төрт-төрттен?» деп сұрайды. Сонда зергер: «мәртебелім, олар төрт

құбылаңыздың түгелдігін білдіреді. Барыс – Алатаудың иесі, құстар – еркіндіктің, аспан мен күннің белгісі. Бұл алтын мүсіндердің әрқайсысының өз мән-мағынасы бар» деп жауап береді. «Төрт құбыла», «барыс» қазақ халқы үшін қасиетті ұғымдар. Еліміздің елтаңбасы, жеке қалалардың белгісі, мөрлерінде де осындай таңбалар қолданылған. Сондықтан оқушы мәтінді оқи отырып, Алтын адам туралы ақпарат алып қана қоймай, оның ел тарихындағы орны, құны, киімдеріндегі өрнектің мәні туралы да ақпаратпен қанығады. Осы тұста Оқушыларды тарихи мұражайларға апаруды, яғни экскурсия жасау оқу-тәрбие жұмысының нәтижесін жақсартып түсері хақ. Белгілі бір тұлға не оқиға туралы шығарманы оқығаннан кейін оған қатысты мұражайда сақталған тарихи дүниелерді көру оқушының қызығушылығын тудырып қана қоймай, ақпараттың мида жақсы сақталуына және сезінуіне әсер етеді.

«Жас спортшы» журналынан алынған Қайырбек Шағырдың «Ақбоз ат мінген қолбасшы» тақырыбындағы шығарма Ұлт қаһарманы Бауыржан Момышұлына арналған. Бауыржан Момышұлының балалық шағы, отбасы тәрбиесі, ақбоз аты туралы әңгімені оқи отырып, оқушы батыр тұлғалы әскер адам болғысы келетіні белгілі. Шығармада аталған қазақтың ұлттық ойындарын инновациялық технологиялардың көмегімен түрлендіре отырып ойын өткізуге болады. Мысалы, Бауыржан Момышұлы балалық шағында көкпар, бәйге, күрес, асық, ақсүйек, садақ ату сияқты ұлттық ойындарды ойнап өскен. Ал осы ойындарды сабақ барысында пайдалана аламыз ба?

Ұлттық ойындарды сабақ барысында немесе үй тапсырмасын сұрауда қолдануға болады. «Бәйге» ойыны. Қазақ спортында кеңінен танылған. Ол қысқа және ұзақ қашықтыққа атпен шабу не болмаса мәреден басталатын ұзақ қашықтықты қамтитын ойын түрі. Ал сабақ барысында өтілген тақырып бойынша, мысалы «Ақбоз ат мінген қолбасшы» тақырыбында Бауыржан Момышұлының батыр тұлғасын ашып көрсету үшін пайдалануға болады. Сыныптан оқушылар санына лайықтап, 4-5 немесе 6-7 оқушыны ортаға шығару керек. Оқылған мәтін бойынша оқушылар өздері сұрақ құрастырып бере алады. Кім дұрыс және жылдам жауап береді, сол бас бәйгені алады. Ойын кезінде оқушыларға мынандай сұрақтар қоюға болады.

1. Бауыржан Момышұлы кім?
2. Бауыржан Момышұлы балалық шағында қандай ойындармен ойнаған?
3. Қандай батырларды білесің?
4. Қабанбай батыр мен Бауыржан Момышұлының ұқсастықтары бар ма?
5. «Күнше дөңгелеу» әдісі туралы не айтасың?
6. Бауыржан Момышұлы қандай спорт түрлерімен шұғылданған?
7. Бауыржан Момышұлы мен ақбоз аты қандай марапатқа ие болды?

«Аударыспақ» ойыны. Аударыспақ – ат үстінде күресу. Оның мақсаты ат үстіндегі қарсыласын күресіп құлату. Оған дене күші ғана емес, айлакерлік, шыдамдылық, ептілік қажет. Ал сабақ барысында бұл ойынды жұптық жұмыс кезінде қолдануға болады. Мысалы, екі жұп тақтаға шығады немесе сыныптағы оқушылар жұпқа бөлініп, бірін-бірі бағалайды. Бір-біріне өткен не жаңа тақырыптар бойынша сұрақ қояды. Қарсыласы сұрақ қойғанда екіншісі дәл, нақты жауап беру керек. Егер жауап бере алмаған жағдайда, сұрақ қойған оқушы өзі жауап беруі шарт. Себебі, жаңа талаптағы оқудың мақсаты оқушыны қалыптастырушы бағалау арқылы жетілдіру болып табылады.

Көкпар – ешкіні ептілікпен қармау және қарсыластың «қазанына» дәл түсіру мақсатында ойналатын ойын. Бұл ойын қазіргі кезде де көпшілікке кеңінен танымал. Сабақ барысында көкпар ойынын оқушыларды топқа бөліп пайдалануға болады. Мысалы, тақырып бойынша берілген мәтінді джигсо әдісі арқылы меңгертіп, түсіну дәрежесін бағалау үшін бір топ екінші топқа сұрақтар қою немесе тапсырмалар беруі керек.

Бұл ойындарды кез келген сабақта пайдалануға болады. Бастысы, ұлттық ойындарды сабақта қолданған кезде сабақта пайдаланылып жүрген ойын технологияларын ескеріп немесе түрлендіре отырып оқу процесіне кіріктіру. Ал 2-сыныптағы әдебиеттік оқу кітабындағы Бауыржан Момышұлы туралы «Ақбоз ат мінген қолбасшы» атты шығармадағы ұлттық ойын атаулары сабақты ойын технологиясын қолдана отырып өткізуге мүмкіндік береді. Оқытушының ұйымдастырушылығы мен оқушылардың қызығушылығы және белсенділігі сабақтың сәтті шығуына түрткі болады.

Сабақта және сабақтан тыс уақытта қолданылатын ойындарды жоспарлы және ұйымдастырылған түрде жүзеге асыру керек. Оған мынандай талаптар қойылады:

- Ойынның мақсаты нақты айқындалып, керекті көрнекіліктердің күн ілгері дайындалуы тиіс;
- Ойын тәртібімен оқушыларды таныстыру;
- Сыныптағы оқушылардың түгелімен қатысуын қадағалау;
- Оқушыларды ойын үстінде жылдам ойлануға, шешім қабылдауға жетелеу;
- Ойын түрлерін бағдарламаға сай іріктеп алу;

- Ойын түрлерін оқушының жас ерекшелігіне қарай іріктеп алу;
- Қарапайым ойыннан қиынға көшу;
- Ойынның қорытындысын жариялау, жеңімпазды марапаттау.

«Туған өлке табиғатын қастерлейік» деп аталатын 8-тарауда оқушылардың бойында қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік құндылықтарын қалыптастыра алатын тақырыптар ретінде Т.Бердияровтың «Шекарашы» өлеңі мен Ж.Жақыпбаевтың «Бейбітшілік болса» өлеңін қарастыра аламыз.

«Шекарашы» өлеңінде кең дала, тау, көл, теңіздің еліміздің баға жетпес байлығы ретінде көрініс тапса, шекарашы ел қорғаны ретінде суреттеледі. Ата-бабамыздан жер ең қасиетті, құнды байлығымыз есептеледі. Ғұн империясының қағаны Мөде: «жер мемлекеттің негізі, оны қалай береміз?» деп қытайларға соғыс жариялағанын тарихтан білеміз. Ал мәтіннен кейін «мына сезімдерді әр шумақтың қайсысынан аңғардың: күдіктену, сағыныш, мақтаныш, сенім» деген сұрақ берілген. Сонымен қатар «қолғабыс сөзіне мағыналас сөз жаз» деген тапсырма берілген. Егер солдат ел қорғаны, өз Отанының патриоты деп қарасақ, тапсырмада айтылған сезімдерді оқушының бойында қалыптастыруымыз тиіс қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік құндылықтары ретінде қарастыра аламыз. Ал «қолғабыс» сөзі өлеңде «ержеткен соң жасаймыз, ағаларға қолғабыс» деп берілген. Бұл шекарада ел бақытын қорғап тұрған солдаттың көмекшілері, болашақ ел қорғандары бүгінгі бүлдіршіндер деген сөз. Бұл мағынаны болашақ «эстафета иелеріне» жақсылап түсіндіру керек.

Ал «Бейбітшілік болса» өлеңінде бейбіт өмірдің қымбаттылығы айтылған. Өлең соңында «Бейбітшілік» сөзіне топтастыру жазу» және «Бейбіт өмір бейнесі менің көзіммен» атты тақырыпта сурет салу тапсырмасы берілген. Қорыта айтқанда, бастауыш сынып оқушыларының жас және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, әдебиеттік оқу оқулығындағы көркем шығармаларды балалардың бойында патриотизм мен азаматтық жауапкершілік құндылықтарын қалыптастыруға пайдалана аламыз. Көркем шығармалардағы кейіпкерлер балаларға батылдығы, ерлігі, сенімі және адалдығымен үлгі бола алады. Оқушылар оларға еліктей отырып, болашақта өз елінің қорғаны болар патриот азаматтар ретінде қалыптасары хақ. Сондықтан білім беру саласында патриоттық тәрбиеге басымдылық беріп, оны оқу-тәрбие тиімді пайдаланғанымыз абзал.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы. <http://www.akorda.kz>
- 2 Исабеков Д. Қазақ ұлт боламын десе, ұлттық намысты басты қағида етуі керек // Айқын. 17 ақпан, 2015. – 8 б.
- 3 Сайдахметова Л.Т. Қазақстан мектептерінде оқушыларды патриотизмге тәрбиелеудің дамуы (1970-2000 жж.): пед. ғыл. канд. ...дисс.: 13.00.01. – Алматы, 2001. – 67 б.
- 4 Бахтиярова Г.Р. Халық тағлымы – тәрбие қайнары. – Алматы: Ғылым, 2002. – 25 б.
- 5 Тұрғынбаева Б.А., Муфтибекова З. Әдебиеттік оқу: жалпы білім беретін 11 жылдық мектептің 2-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Алматыкітап, 2015. – 213 б.

ӘОЖ: 81:372.881

А.С. Дәулетова

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы*

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС СТИЛІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада білім беру жүйесіндегі педагогикалық қарым-қатынастың ерекшеліктеріне стиліне назар аударылады және тұлға дамуындағы қарым-қатынас және педагогикалық қарым-қатынас сипатталады. Сонымен қатар қарым-қатынастың негізгі мәселесі қарастырылып, оқыту жүйесіндегі педагогикалық қарым-қатынас рөлі және коммуникациялық ерекшеліктері талданады. Қарым-қатынас адамның тіршілік бейнесі және әлеуметтік құбылыс. Бұл байланыс тұлға әлеуметтенуінің қайнар көзінің бірі ретінде анықталады. Қарым - қатынас адам өмірінің рухани және материалдық формаларының сан алуандығын сипаттайды және тұлға өміріндегі ең маңызды қажеттілік болып табылады.

Кілт сөздер: қарым-қатынас, педагогикалық қарым-қатынас, қарым-қатынастың құрылымы, атқаратын функциясы

Дәулетова А.¹, Сангилбаев О.С.²

¹магистрантка 2-курса по специальности 6М010300 – «педагогика и психология»,

Научный руководитель, д.п.н., КазНПУ им. Абая

ОСОБЕННОСТИ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ОТНОШЕНИИ

Аннотация

В этой статье обращён основное внимание особенности педагогических отношении, стили и отношения в развитии личности. Таким образом были рассмотрены основные проблемы отношения, в котором будут рассмотрены роль педагогических отношение в система образования и особенности коммуникативных отношении.

Ключевые слова: коммуникация, педагогическая коммуникация, структура связи, функция

Dauletova A.¹, Sangilbaev O.S.²

¹second course master specialty of pedagogical and psychology,

²Scientist supervisor, d.p.s., KazNPU named after Abai

FEATURES PEDAGOGICAL RELATIONSHIP

Annotation

This article focuses on the features of pedagogical relationship, styles and relationship in the development of the individual. Thus, the main problems of the relationship were considered, in which the role of the pedagogical relationship in the education system and the features of the communicative relationship will be examined.

Key words: communication, pedagogical communication, communication structure, function

Педагогикалық қарым-қатынас - белгілі бір педагогикалық қызмет атқаратын, психологиялық климат құруға және оқу іс-әрекетін, педагог пен оқушы арасындағы, оқушылар ұжымы ішіндегі қатынастарды психологиялық тиімді етуге бағытталған оқытушы мен оқушының сабақтағы және сабақтан тыс уақыттағы кәсіптік қарым-қатынасы.

Қарым-қатынас – адамдар арасында бірлескен іс-әрекет қажеттілігін туғызып, байланыс орнататын күрделі процесс болып табылады. Қарым-қатынас адам мәнінің болу мен көріну формасы болып табылады. Бұл біздің бойымыздағы нағыз шынайы адамилық қарым-қатынас процесінде және соның арқасында танылады. Льеонтьевтің пікірінше «Тек адам мен адам өзара әрекеттескенде және қарым-қатынасқа түскенде ғана «адам адамға», өзгелерге, сондай-ақ, өзіне ашылады. Дәл осы қарым-қатынас негізінде адамзат пайда болады. Адамның ойлауының өзі қарым-қатынастың ішкі формасы болып табылады. Қарым-қатынастың тағы бір қызметі адамдар арасында ұжымдық іс-әрекеттің коммуникативтік байланыстырушы рөлі. Қарым-қатынастың негізі бірлескен практикалық іс-әрекеттен тұрады [1, 15 б.].

Педагогикалық қарым-қатынас, бұл – белгілі бір педагогикалық қызмет атқаратын, психологиялық климат құруға және оқу іс-әрекетін жүргізу барысында педагог пен оқушылардың өзара әрекеттесу тәсілдерінің жүйесі. Қарым-қатынастың мазмұнын ең алдымен, хабар алмасу, мұғалімнің әртүрлі коммуникативті құралдарының көмегімен оқушылармен өзара түсіністік пен өзара қатынастарды ұйымдастыруы құрайды. Оқытушылар мен оқушылар ұжымының қарым-қатынас процесін ұйымдастырмайынша, педагог қызметінің дидактикалық және тәрбиелік міндеттерін жемісті түрде іске асыру мүмкін емес. Сонымен, педагог қызметіндегі қарым-қатынас дегеніміз: біріншіден, жеке оқу

міндеттерін шешу құралы ретінде; екіншіден, тәрбие процесін әлеуметтік психологиялық қамтамасыз ету жүйесі ретінде; үшіншіден, оқытушылар мен оқушылардың оқу мен тәрбиенің табысты болуына негіз болатын өзара қатынастарының белгілі-бір жүйесін ұйымдастыру тәсілі ретінде, төртіншіден, оқушы тұлғасын онсыз тәрбиелеу мүмкін емес процесс ретінде көрсетеді. Педагогикалық қарым-қатынас дегеніміз – мазмұнды хабар алмасу, оқу-тәрбиелік ықпал ету және өзара түсінікті ұйымдастыру болып табылатын, педагог пен оқушылар ұжымы арасындағы өзара әрекеттестік жүйесі, тәсілдері мен дағдылары.

Педагогикалық қарым-қатынасты талдауда қарым-қатынастың педагогикалық және нақты-қатысымдық бірліктері ұғымдарының шекарасын айырып көрсету қажет. Бұл екеуі бір құбылыс деп түсінеміз, алайда, біріншісі екіншісі арқылы жүзеге асатыны белгілі. Қатысымдық міндеттің педагогикалық міндетке теңестірілуі – тілдесім процесінің және бүкіл педагогикалық ықпал жүйесі тиімділігінің міндетті шарты [2, 232 б].

Педагогикалық қарым-қатынас процесінде өте маңызды рөлге оқытушы ие болады. Мұғалімнің рөліне С.Т. Шацкий, В.А. Сухомлинский, К.Д. Ушинский және т.б. кеңес педагогикасының классиктері үлкен көңіл бөлді.

Оқытушы мамандығын әр түрлі мінезді, әр түрлі темпераментті адамдар менгеретіндіктен, қарым-қатынас стилі де әр түрлі болып келеді. Қарым-қатынас стилі ұғымына В.А. Кан-Калик: «Қарым-қатынас стилі деп біз педагог пен оқушының әлеуметтік-психологиялық арақатынасының жеке-типологиялық ерекшеліктерін айтамыз: а) мұғалімнің қатысымдық мүмкіндіктері; ә) педагог пен оқушының өзара қарым-қатынасының қалыптасуы; б) педагогтің шығармашылық тұлғасы; в) оқушы ұжымының ерекшеліктері» деген анықтама береді [3, 190 б].

Н.Ф. Маслов, Е.М. Крутов сияқты психологтар еңбектерінде қарым-қатынастың – «демократиялық» және «авторитарлық» екі түрлі стилі көрсетіледі. Қарым-қатынастың кәсіби түрінде стилдің үшінші – «либералдық» түрі анықталады. Оның негізін салған А.А. Бодалев.

Көп ретте қарым-қатынас жайлы қарастырғанда «қарым-қатынас стилі» деген ұғым да анықталынады, Х.Т. Шерязданова, Т.Н. Суркова «қарым-қатынас стилі» деп адамдардың байланыс жасау тактикасын, не болмаса позициясын айтады. В.С. Мухина қарым-қатынас стилін «әлеуметтік» психологиялық әсер етудің дара типологиялық ерекшеліктері деп түсіндіреді. 1930 жылдары Р.Липпит, К.Уйтд қарым-қатынас стилінің авторитарлық, демократикалық және либералды деген классификациясын жасаған еді. Бұл зерттеулерді кейіннен Г. Андерсон, А.А. Бодалев, Р.С. Буре, И.М. Юсупова т.б. ғалымдар жалғастырды. Әрбір қарым-қатынас стилі педагогтің балаларға әсер етуін байқатады. Қарым-қатынастағы стиль педагогтің позициясымен сипатталады, яғни мұғалімнің балалардан бағынуды талап етуі, іс-әрекетті күшпен орындатуы, жазалау тәсілдерін қолдануы, балалардың бастамашылдығын табан асты етуі, адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруы, өз міндеттерін түсінбеуі, мінез-құлқын, жүріс-тұрысын реттей алмауы, топтық жағдайға бейімделе алмауы және т.б. арқылы көрінеді. Әдебиеттерге талдау жасағанда педагогтік қарым-қатынас стилінде коммуникациялық тәсіл, қатынас сипаты, даралық, әлеуметтік адамгершілік құндылықтар, әлеуметтік рөлі мен статусы көрінеді. А.В. Мудрик, В.С. Мухина бойынша педагогтің қарым-қатынас сферасында барлық стильдер қолданылғанымен бірі басымдау болады. Педагогтің қарым-қатынас стилі мен балалардың эмоциялық қалпында өзара байланыс болғанын А.А. Бодалев көрсеткен. В.И. Карикаш экспериментті түрде педагогтер қарым-қатынасының кең тараған бес түрін көрсетті. Олар: тұлғалық іскерлік; таңдаулы іскерлік; формальді іскерлік; басқа түрлердің қосындысынан тұратын іскерлік; оқушылармен аралас қатынастығымен көрінетін іскерлік. Автордың ойынша бірінші түрдің тиімділігі жоғары, 3-4 түрдің тиімділігі төмен, ал 2-5 түр тұрақсыздығымен ерекшеленеді. А.А. Бодалев кейбір адамдардың жағдайға сай қарым-қатынас стилін дұрыс таңдай алмауы, оның оқытушылық қызметке әсерін тиігізбей қоймайтынын айтып өткен.

Н.В. Ключева әрбір адам қарым-қатынасты игере алады дейді. Ол үшін ұзақ, бір мақсатты көздеу, өзімен-өзі жүйелендірілген жұмыс жасау керек. Қарым-қатынастың игерудің басты жолы – өзін-өзі оқыту, үйрету. Бірақ өз-өзінді дамыту барысында ең бастысы оқышымен, қоршаған адамдармен қатынасты жақсартуды ойлау керек.

В.С. Мухина қарым-қатынас стилін «әлеуметтік» психологиялық әсер етудің дара - типологиялық ерекшелігі деп түсіндіреді [4, 456 б.]. 1930-шы жылдары Н.Левин қарым-қатынастың үш стилін ұсынған. Осыдан соң Р. Липпит, К. Уйтд қарым-қатынас стилінің авторитарлық, демократиялық және либералды-босаң деген классификациясын жасаған еді. Қазірде Г.Андерсон, А.А. Бодалев, Р.С. Буре, И.М. Юсупова, т.б. ғалымдар қарым-қатынас стилінің жіктелуін көрсеткен. Педагогтің қарым-қатынас стилі мен балалардың эмоциялық қалпында өзара байланыс болатынын А.А. Бодалев [жариялаған. Ал

педагогиканың атасы атанған А.С. Макаренко балалармен қарым-қатынас жасауға педагог студенттік кезінде үйретілуі қажеттігін жетілдіру үшін арнайы дәрістерді жоғарғы оқу орындарында оқыту керек дегенді. Бұл тұжырымдамаға да біз зерттеу жұмысымызда арқаланамыз. Оқу-тәрбие жұмысының нәтижелі болуын қамтамасыз ететін педагогикалық техниканың құрамдас компонентіне Н.К. Крупская қарым-қатынасты жатқызған. Психологиялық, педагогикалық зерттеулерде педагог пен балалар арасындағы қарым-қатынас мәселесі басты орын алады. Бұл қарымқатынасты анықтауда арнайы «педагогикалық қарым-қатынас» деген ұғым қолданылады. Педагогикалық қарым-қатынас А.А. Бодалев, В.А. КанКалик, Я.Л. Коломинский, Е.А. Панько, В.А. Петровский, А.А. Леонтьев т.б еңбектерінде мазмұны, формалары, тәсілдері бойынша сипатталады. Педагогикалық қарым-қатынас педагог пен балалар арасындағы нақты психологиялық контакт деп түсіндіріледі. Педагогикалық қарым-қатынас негізінде балалардың мінез-құлқы, таным дүниесі, адамгершілік позициясы қалыптасып, жетіледі. (Х.Т. Шерьязданова, В.Ф. Моргун т.б.). Педагогикалық қарым-қатынастың формасы - балалар мен педагогтің «субъект-субъект» жүйесіндегі бірлескен әрекеттестіктері болып табылады. Педагогикалық қарым-қатынас педагогтің жеке басы, балалар психикасына әсер етудегі ролі, яғни қарым-қатынас стилі арқылы әр деңгейде көрінеді.

Ал М.И. Бобнева қарым-қатынас барысында жеке адамның ішкі жан– дүниесі қалыптасатындығын қарым-қатынас формаларын зерттеу арқылы кез жеткізген. Х.Т. Шерьязданова, Т.Н. Суркова «қарым-қатынас стилі» деп адамдардың байланыс жасау тактикасын, не болмаса позициясын айтады. Әдебиеттерге талдау жасай отырып қарым-қатынас механизмдерін қарым-қатынастың тиімділігін анықтайтын, өзара түсінікті сипаттайтын күрделі психологиялық құрылым деп түсінеміз.

Педагогикалық кәсіби әрекеттің тиімділігі көбінесе қарым-қатынастың қалыптасқан стиліне байланысты жүзеге асады. Біздің ойымызша коммуникация апарат алмасу, өз ойын білдіру, идеясын, білімін танытумен қатар жаңа түсініктер, білім, таным мен адамдардың қалыптасуының негізгі себебі. Педагогтың коммуникативтік біліктілігі педагогтың өз қоғамдық статусы мен қабілеттіліктердің шеңберінде кәсіби қызметті іске асыруда аса қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Шерьязданова Х.Т. *Қарым-қатынас психологиясы.* – Алматы, 2012 - 15 б.
- 2 Смелкова З.С. *Педагогическое общение.* - М., 1999. – 232 с.
- 3 Кан-Калик В.А. *Учителю о педагогическом общении.* - М.: Просвещение, 1987. – 190 с.
- 4 Мухина В.С. *Возрастная психология: Феноменология, развития детство, отрочество. Учебник для студентов вузов.* – 6-ое изд стереотип. - М.: Академия, 2000. - 456 с.

ӘОЖ: 1082

А.Д. Жумагелдиева¹, Ұ.М. Әбдігаппарова²

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қаласы

²Ғылыми жетекші, п.ғ.д., профессор

**БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢА САПАСЫ БОЙЫНША
БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДІ ДАЯРЛАУ НЕГІЗІ**

Аңдатпа

Мақалада Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына 2018жылғы 10 қаңтар күнгі Жолдауындағы педагогика саласына байланысты жаңалықтар талданды. Болашақ мұғалімдерді даярлау мәселесі өзекті мәселе екендігі ескеріліп, оған қойылатын талаптары қарастырылған. Жолдау бойынша болашақта цифрлық білім беру ресурстарын дамыту, кең жолақты Интернетке қосу және мектептерімізді видеоқұрылғылармен жабдықтау жұмыстарын жүргізілетіндігі көрсетілген. Осыған орай болашақ мұғалімдердің жұмыстарында өзгерістерге толығындығы анық, сол себепті болашақ мұғалімді даярлауда осы жаңалықтарды ескеру қажет.

Кілт сөздер: болашақ мұғалімді даярлау, білім берудің жаңа сапасы, халыққа жолдау

Жумагелдиева А.Д.¹, Абдиганпарова У.М.²

¹магистрантка 2-курса по специальности 6М010300-«Педагогика и психология»,

Научный руководитель, доктор педагогических наук, профессор

ОСНОВА ПОДГОТОВКИ БУДУЩЕГО УЧИТЕЛЯ К НОВОМУ КАЧЕСТВУ ОБРАЗОВАНИЯ

Аннотация

В статье анализируются новости, связанные с педагогикой в Послании Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана от 10 января 2018 года. Принимая во внимание, что проблема будущей подготовки учителей является актуальной проблемой, учитываются ее требования. В Послании говорится, что будущие разработки цифровых образовательных ресурсов, широкополосный доступ в Интернет и видеоборудование для наших школ будут предоставлены. В этой связи ясно, что будущие учителя будут преобразованы в свою работу, поэтому необходимо учитывать эти нововведения в будущей подготовке учителей.

Zhumageldieva A.D.¹, Abdigapparova U.M.²

¹2th course master specialty of Pedagogy and psychology,

²Scientific supervisor, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor

BASIS FOR PREPARING THE FUTURE TEACHER FOR NEW QUALITY OF EDUCATION

Annotation

The article analyzes the news related to pedagogy in the Address of the President of the Republic of Kazakhstan N. Nazarbayev to the people of Kazakhstan on January 10, 2018. Taking into account that the problem of future teacher training is an actual problem, its requirements are taken into account. The message says that future developments of digital educational resources, broadband Internet access and video equipment for our schools will be provided. In this regard, it is clear that future teachers will be transformed into their work, so it is necessary to take into account these innovations in the future training of teachers.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына 2018 жылғы 10 қаңтар Жолдауы бойынша мұғалімдердің сапасын арттыру, олардың жұмыстарына бірқатар өзгерістер енгізу туралы айтқан. Атап айтсақ, «**Білім берудің жаңа сапасы**» барлық жастағы азаматтарды қамтитын білім беру ісінде өзіміздің озық жүйеміздікұруды жеделдету қажет. Білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болужәнежаңа білімді меңгеру қабілетін дамыту болуға тиіс. 2019 жылдың 1 қыркүйегіне қарай мектепке дейінгі білім беру ісінде балалардың ерте дамуы үшін өз бетінше оқу машығы мен әлеуметтік дағдысын дамытатын бағдарламалардың бірыңғай стандарттарын енгізу қажет. Орта білім беру саласындажаңартылған мазмұнға көшубасталды, ол2021 жылы аяқталатын болады. Бұл – мүлде жаңа бағдарламалар, оқулықтар, стандарттар және кадрлар. Педагогтарды оқыту және олардың біліктілігін арттыру жолдарын қайта қарау керек болады. Еліміздің университеттеріндегі педагогикалық кафедралар мен факультеттерді дамыту қажет. Білім берудің барлық деңгейінде математика және жаратылыстану ғылымдарын оқыту сапасын күшейту керек. Бұл – жастарды жаңа технологиялық қалыпқа дайындаудың маңызды шарты. Білім беру мекемелерінің арасындағы бәсекелестікті арттырып, жеке капиталды тарту үшін қала мектептерінде жан басына қатысты

қаржыландыру енгізілетін болатынын» - айтып көрсеткен. [1]

Осы орайда болашақ мұғалімдерді даярлау жұмыстарына да өзгерістердің әсері болуға тиісті. ЖОО студенттерінің шығармашылық, ғылыми, адамгершілік, толеранттылық және т.б. қасиеттеріне баса көңіл аударылуы қажет деп ойлаймын. Болашақ әрбір маман өз кәсібіне толық, әрі жан-жақты даярлануы тиіс. Елбасы өз Жолдауында прагматикалық стратегия құра отырып, қазақстандықтарға жаһандық технологиялық төңкерістің бөлшегіне айналу мақсатын қояды. Ол үшін инновациялық зерттеулер мен әзірлемелер дайындап, ауқымды халықаралық ғылыми-зерттеу жобаларына қатысу мүмкіндіктерінің бар екендігін баса айтады. Оқыту әдістемелерін жаңғырту, отандық білім беру жүйесіне инновациялық әдістерді, шешімдерді және құралдарды қарқынды енгізуге тиістігі заман талабы. Жаңа заман талабына сай пәндерді өзгерту, ескірген немесе сұраныс жоқ ғылыми және білім пәндерінен арылу, сонымен бірге сұраныс көп және болашағы бар бағыттарды күшейту мәселесін шешу деп Жолдауда айрықша атап өтілген. Педагогикалық инновация жеке тұлғаның тұрақты сапалық белгісі ретінде болашақ маманның жан- жақты дамуына жағымды ықпал етеді, ақыл-ойын, ерік-жігерін, ойлау, елестету қабілетін, эмоциясын білдіретін интеллектуалдық іс-әрекетінде көрініс береді. Сонымен қатар педагогикалық инновация жеке тұлғаның танымдық мүмкіндіктерін және қоғамдық бағытын, болмысқа деген көзқарасын қалыптастыратынын ескерсек, қарастырылып отырған проблеманың көкейкестілігі нақтылана түседі. Бүгінгі таңда кәсіби педагогикалық білімнің заңдылықтарын және кәсіби маманның тұлғасын қалыптастыруды сипаттайтын белгілі бір ғылыми қор жинақталды.

Жолдауда «Оқытудың мазмұндылығы заманауи техникалық тұрғыдан қолдау көрсету арқылы үйлесімді түрде толықтырылуға тиіс. Цифрлық білім беру ресурстарын дамыту, кең жолақты Интернетке қосу және мектептерімізді видеокұрылғылармен жабдықтау жұмыстарын жалғастыру қажет. Жұмыс берушілерді тарту арқылы және халықаралық талаптар мен цифрлық дағдыларды ескере отырып, техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын жаңарту керек» екендігін айтты. Осыған орай болашақ мамандардың жаппай технологияларды жетік меңгеру бастау алады. Мұғалімдер цифрлық білім беру ресурстарымен, интернет желісі арқылы жұмыстарын жүргізу жеңілдетуге бет бұрыс деп ойлаймын.

Білім саясатының өзекті мәселелері – кәсіптік даярлаудың сапасын жақсарту, біліммен қамтамасыз етудің ғылыми-әдістемелік жүйесін түбегейлі жаңарту, оқытудың формалары мен әдістерінің түрлерін өзгерту, ондағы алдыңғы қатарлы оқу-тәрбие тәжірибелері мен қазіргі қоғамның сұраныстарының алшақтығын жою, білімдегі жаңашылдықты саралау, білімді жетілдіру үдерісіндегі үздіксіздікті қамтамасыз етуде оның ролін арттыру және қазіргі заман техникасы мен технологиясын жоғары деңгейде қолдана білу.

Қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады.

Бәсекелік қабілет дегеніміз – ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін. Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында.[2]

Мұғалім - өскелең ұрпақтың интеллектуалдық негізін және рухани дүниесін қалыптастырушы, сонымен қатар ол халқымыздың болашағы болып саналатын балалар тәрбиесіне жауапты қоғамның сенімді өкілі. Осындай аса ізгі де аса қиын кәсіп мұғалімдерден тұрақты шығармашылықты, ойдың тынымсыз жұмысын, орасан зор жан жомарттығын, балаларға деген сүйіспеншілікті, іске шексіз адалдықты талап етеді.

Белгілі қазақ педагогы Б.Р. Айтмамбетованың: «Қазіргі заман мұғалімі қоғамдық даму деңгейінен көрінетін, оның әлеуметтік парызына жауап беруді көздейтін, жаңалыққа сергек, өз ісіне гуманистік сезіммен қарайтын, педагогикалық күрделі құбылыстардың барысын идеялық адамгершілік тұрғыдан шеше алатын, жаңаша ойлау дағдысын меңгерген, балалардың талапкерлігі мен қабілетін, өздігінен еркін дамуын ұйымдастыра алатын және ата-аналармен, коллективпен педагогикалық ынтымақтастық орнатуға бейімділігі бар, шығармашылық еңбек ететін маман болуы керек» - деген пікірі педагогикалық іс-әрекетте табысты нәтижеге қол жеткізген озық тәжірибелі педагогтардың жұмысының жоғары бағасы деуге болады. [3]

Б.Р. Айтмамбетова шығармашылық жолда еңбек ететін барлық мұғалімдерге ортақ педагогикалық идеяларды былайша жіктейді:

- ынтымақтастық педагогикасын жүзеге асыру идеясы;
- әрбір жеке оқушының ішкі жан дүниесін білу арқылы тығыз қарым-қатынаста болу идеясы;
- тұтас педагогикалық процесті гуманитарландыру, демократияландыру идеясы;
- қиын әрі күрделі мақсаттарды алдын-ала білу идеясы;
- тірек сигналдары арқылы оқушыларды шығармашылық ізденіске үйрету идеясы;
- оқушылардың білім алуында және оны бағдарлауда еріктілік принциптерін жүзеге асыру идеясы;
- оқу материалын өту барысында бағдарламадан озып отыру идеясы;
- ірі блоктар идеясы;
- оқушыларды өздерінің білімдеріне, жұмыстарына талдау жасауға және бағалай білуге үйрету идеясы;
- сынып оқушыларының интеллектуалдық дәрежесін жетілдіру идеясы;
- коллективтік шығармашылық іс-әрекетті ұйымдастыру идеясы;
- шығармашылық өнімді еңбекті ұйымдастыру идеясы;
- мұғалімдер ұжымымен, ата-аналар және жұртшылықпен ынтымақта болу;
- қазіргі уақыттың әлеуметтік парызын орындауда мектеп пен қоғамның тығыз байланысын жүзеге асыру идеясы.

Бұл идеялардың барлығы Ш.А. Амонашвили, В.Ф. Шаталов, И.П. Волков, Е.Н. Ильин, С.Н. Лысенкова, Қ.Н. Нұрғалиев, А.М. Ысқақов, Қ.Айтқалиев, Қ.Бітібаева, Е.А. Очкур сынды жаңашыл педагогтардың тәжірибелерінде практика жүзінде қолданылып жоғары сапалы нәтиже бергені белгілі. Сондықтан осындай құнды идеяларды кәсіби іс-әрекетте қолдана алу үшін болашақ мұғалімдердің аталған жаңашыл-педагогтардың еңбектерімен тереңірек танысулары олардың шығармашылық әлеуеттерін жетілдіруге негіз болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – 2018 жылғы 10 қаңтар – 8 б.

2 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы – 2017 ж. 12 сәуір – 3 б.

3 Айтмамбетова Б.Р. Жаңашыл-педагогтар идеялары мен тәжірибелері. – Алматы, - 1991.

ӘОЖ: 1174

Ж.Е. Измуханова,

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің I-курс магистранты

E-mail: ms.jaziko@mail.ru

ӨЛКЕТАНУ МАТЕРИАЛЫ НЕГІЗІНДЕ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ

Аңдатпа

Бұл мақалада өлкетану материалдары, ұлттық құндылық және оны қалыптастыру ұғымдары қарастырылады. Өлкетану материалы негізінде бастауыш сынып оқушыларына ұлттық құндылықты қалыптастырудың жолдары көрсетіледі.

Кілт сөздер: құндылық, ұлттық құндылық, ұлттық құндылықты қалыптастыру

Аннотация

В этой статье рассматриваются материалы краеведение, национальные ценности и их концепции. А также рассматриваются пути формирования национальных ценности у учащихся начальных классов на основе материалов по краеведению.

Ключевые слова: ценность, национальные ценности, формирование национальные ценности

Annotation

These articles are regarded as material of ethnography, national values and their concepts. It also looks at the formation the national values at primary school pupils on the base of ethnography materials.

Key Words: values, national values, formation of national values

Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практиканың негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға, кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдай жасау», - деп көрсетілген [1]. Бұл білім беру жүйесінің бағытының жас ұрпақ бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда өлкетану материалын пайдалануды қажет етеді.

Қазақстан Республикасы ұлттық саясатының тұжырымдамасында: «...еліміздің тәуелсіздігі мен егемендігін, саяси және экономикалық дамуының тірегі болатын ұлттық құндылықтар мен ұлттық мұраттарды бойына сіңірген патриоттық рухтағы білімді жаңа ұрпақ тәрбиелеу, ғылымды жан-жақты дамыту. Ол үшін білім жүйесі жас азаматтардың қазақ тарихы мен мәдениетіне, мемлекеттік тіліне деген құрметін арттыруға Қазақстан Республикасына, оның мемлекеттік рәміздеріне, құндылықтарына деген сүйіспеншілік сезімдер мен отансүйгіштік қасиеттерді өсіруге бағыттау керек, - деп көрсетілген [2]. Бұл өз кезегінде ұлтымыздың болашағы бүгінгі жас ұрпақтың бойында ұлттық құндылықты қалыптастыру қажеттігін көрсетеді, ал оны бастауыш сыныптан өлкетану материалы негізінде бастау керектігі білім берудің бастауыш деңгейінің басты міндеттерінің бірі болып табылады.

Бастауыш сынып оқушыларының өлкетану материалдары негізінде ұлттық құндылығын қалыптастыруға арналған материалдарының маңызын көптеген ғалымдар ерекше атап өткен. Қазақстанда өлкетану білімінің алғаш негізін салған – Ш.Уәлиханов болды. Соңғы кезде елімізде оқушылар дүниетанымын қалыптастыруда өлкетану материалын пайдалану мәселелері С.Қалиев, Қ.Жарықбаев, Қ.Аймағамбетова, Ә.Бірмағамбетов және т.б. еңбектерінде ғылыми-педагогикалық тұрғыда талданды. Соның ішінде Қ.Аймағамбетова, Ә.Бірмағамбетов, К.Жүнісова бастауыш сынып оқушыларының дүниетанымын қалыптастыру және қоршаған ортаны таныту мәселесін ғылыми-теориялық тұрғыда негіздеді.

Қ.А. Аймағамбетова табиғат туралы білім негізінде бастауыш сынып оқушыларының дүниетанымын қалыптастыру және қоршаған ортаны таныту мәселесін ғылыми-теориялық тұрғыда негіздейді [3]. Бүгінгі мектеп алдындағы басты міндет – оқыту үдерісінде ұлттық игіліктер мен адамзаттың мәдени мұраларының сабақтастығын сақтай отырып, оқушылардың дүниетанымын қалыптастыруда жағдай туғызу тұрғысынан қарастырсақ, автор дүниетану пәні аясында ұлттық құндылықтар мен қоршаған орта туралы түсініктерді меңгертуді көздеген.

А.Байтұрсынов адам кішкене кезінен өзін қоршаған ортаны танып біліп, оқып үйренуі шарт. Ол өлкетану материалы негізінде ұлттық құндылықтарды қалыптастыруды былай тұжырымдайды: «Орман, теңіз, тау, өзен, бұлақ - бұлар табиғат ісінен жаратылатын мәселелер», - дей келе «...жасалынды нәрселерді жасауға адамның ақыл-ойы, білімі керек», - деп ой түйеді [4]. Бұдан шығатын қорытынды автор өлкетану материалы негізінде ұлттық құндылықта қалыптастыру үшін туған жердің, табиғаттың жаратылысын меңгертуді бастауыш сыныптан бастау керектігін ескертеді.

Ал, М.Жұмабаев болса, оқушыларға туған өлкесі туралы, өлкетану негізінде білім беруді ерекше атайды: «...Бала бұлақтың сылдырын, жапырақтың сыбдырын, орманның күңіренгенін, теңіздің күрлідегенін естісін; жымындағар жұлдыздар себілген көк шатыр көркі, түрлі түсті кемпіркөсағын, буыны жоқ бұрандаған қайыңды көрсін», - деген ғылыми тұжырым жасаған болатын. «Бала тұрмыспен көзбе-көз таныссын, оның есінде, жанында көп білім болсын, жан-жануардың тұрмысын бақыласын, жаратылыстың тұрмысымен таныс болсын. Міне, сонда баланың қиялы өткір, һәм болмақ», - деді [5]. Автордың сөзін тұжырымдайтын болсақ, баланың қоршаған орта туралы түсінігін өмірмен байланыстыра отырып, көзімен көріп, қолымен ұстап, танып білуге жағдай туғызу арқылы дүниетанымын рудағы қалыптастыруға болатынын айтып кеткенін көреміз.

Бастауыш сынып оқушыларының дүниетанымын қалыптастырып, дамытуда өзіндік өрнегі бар қаламгеріміздің бірі – С.Мұқанов. Ол балалардың ой-өрісін, тілін дамытатын, туған өлкесінің табиғатын сүйсіне суреттеген, артына мол мұра қалдырған ірі жазушы ғана емес, мектепке дейінгі және бастауыш сынып оқушыларына арналған көркем шығармаларының деңгейіне алғаш тоқталып, жанашырлық танытқан тұлға.

Бастауыш сынып оқушыларында ұлттық құндылық бағдар қалыптастырудың теориясын қарастыра отырып, оны тәжірибелік тұрғыдан нақты және дәйекті талдау мазмұн мен мәнді сақтап, ықшамдауды қажет етеді.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында «...білім беру жүйесі міндеттерінің бірі ретінде белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси,

экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру», - деп атап көрсетілген [1,45]. Осы тұрғыдан келгенде, бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылығын қалыптастыру, туған жерінің табиғатына сүйіспеншілікпен қарайтын, оны терең зерттеуге қажетті білімді меңгерген, өлкетану материалының ерекшеліктерін ажырататын және қорғайтын мәдениетті тұлға етіп қалыптастырудағы болады, - деп есептейміз.

Өлкетану – белгілі бір өңірдің табиғатын, халқын, шаруашылығын, тарихын, мәдениетін зерттеумен шұғылданытын ғылым мен мәдениет саласы. Өлкетану терминін педагогикада алғаш рет 1965 жылы П.В. Иванов қолданады. П.В. Ивановтың пікірінше, мектептегі өлкетану – бұл оқушылардың оқу үрдісінде сабақтан тыс және мектептен тыс жұмыстарында туған өлкелерін жүйелі және жан-жақты танып білуді жатады. Өлкетану материалдары өз алдына туған өлкені толық және жан-жақты тану, оқушыларды зерттеу әрекетіне жұмылдырып, жиналған материалдарды оқыту үдерісінде пайдалану міндетін қояды [6].

Өлкетану материалдары туған өлке табиғатын, оның байлықтарын, даму заңдылықтарын, жергілікті жердің халқы мен шаруашылығын және олардың өзара байланысын зерттейді. Өлкетану жұмыстары оқушылардың дүниеге дұрыс көзқарасын қалыптастыруға, тікелей бақылау жасауға, сенімін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Өз өлкесінің табиғатын сүюі, туған жерін қорғауы – Отанға деген сүйіспеншілікті қалыптастырудың, патриоттық сезімге тәрбиелеудің негізі. Өйткені, оқушыларды табиғатқа жақындастырмайынша, өлкетану материалдары мен жұмыстарын оқу-тәрбие үдерісіне енгізбейінше, бастауыш сынып оқушыларының патриоттық сезімге тәрбиелеу мүмкін емес. Патриоттық сезім өзі туып өскен, өмірдің әліппесін таныған жеріне деген сезіммен байланысты болады.

Философиялық сөздікте: «Құндылық» ұғымының ғылыми негізделген бірнеше анықтамаларына талдау жасалған. Адам құндылығының өзегін құрайтын және оны зерттейтін саланы аксиология деп атайды [3,87]. Аксиология ғылымының ең басты ерекшелігі, оның философиялық сипаты басым келеді, өйткені философия ақиқат, шындықты іздейді [7].

Ұлттық құндылықтар – қауіпсіздігі сақталған және үдерісті дамыған қоғам мен мемлекеттің, тұлғаның сұраныстарын қанағаттандырушы нәрсе немесе құбылыс және оның қасиеттері болып табылады. Әрине бұл ұлттық құндылықтың көзі болып табылатын этностық-мәдени сәйкестілікті қалыптастыру мәселесін педагогикалық тұрғыда зерттеуді қажет етеді. Бүгінде бастауыш сыныптарда оқу-тәрбие үдерісінде балаларды өз елінің патриоты етіп тәрбиелеуді жүзеге асырып, халықтың рухани мәдениетін зерде мен ой елегінен өткізіп, оны қазіргі заман құндылықтарымен байланыстыра пайдалану қажеттігі туындайды.

Ұлттық құндылыққа тәрбиелеу өз Отаныңды терең танудан басталады. Бұл жайлы С.Т. Иманбаеваның алғаш рет XVIII ғасырдағы қазақтың ерлік дәстүрі арқылы тұлғаның патриоттық құндылықтарын қалыптастыруға арналған еңбегінің маңызы зор. Сондай-ақ, автор жас ұрпақты ерлікке тәрбиелеудегі ақын-жыраулар шығармасының тәлімдік маңызын: «Қазақ халқының сан ғасыр бойы жасалған асыл мұралары-шешендік өнері, мәдениеті, имандылық тұжырымдары халықтық педагогика негізінде жастарды тәрбиелеуде қайталанбас қазына болып табылады» - деп көрсетеді. Елінің нағыз азааты болуы үшін ең алдымен өз өлкесін, оның табиғатын, тарихы мен мәдениетін, өнерін біліп, зерттеу керек. Тек халықтың еңбек әрекетін, ауыл немесе қала экономикалық өмірін ғана емес, өлкенің орманды, таулы жерлерінде не болып жатқанын білу қажет. Ал туған өлкенің қоршаған табиғатында оқушылардың психологиялық, логикалы ойлау қабілетінің дамуына, нақты ұғымдар мен түсініктердің қалыптасуына өлкетану материалдары ықпал етеді.

Өз қаласы, не ауылына деген сүйіспеншілікті тәрбиеледе жергілікті дердің ерекшелігін ескеру қажет. Оқушылар қаласының, ауылының, орманының, көлінің, даласының – Отанның бір бөлшегі екенін түсінуі керек. Оқушылардың қалада қандай заводтар, фабрикалар бар екенін, қаланың немесе еліміздің ерен еңбектерімен шығарған құрметті қандай азаматтар бар екендерін білгендері жөн. Оқушыларды туған қаласымен, ауылымен таныстыру кезінде олардың назарын қаланың қонақжай жерлеріне, ескерткіштеріне, музейге аудару керек, осы кезде бұл музейлерде болуға, тарихи ескерткіштерді көруге, құрбан болған ерлерге тағзым етуге адамдардың басқа қалалар мен ауылдардан келетіндерін айта кету керек. Туған қаласының, ауылының бәріне қызықты және қымбатты екенін сезіну, өз өлкесі үшін мақтаныш сезімін тудырады.

Өлкетану жұмыстары оқушылардың қоршаған табиғи құбылыстары мен заттары туралы олардың өзара байланыс заңдылықтары туралы түсініктерін қалыптастыруға көмектесіп, өмірге деген қызығушылықтарына ықпал етеді. Өлкетану материалдары қоршаған ортаға тікелей бақылау жасауға мүмкіндік береді. Ол туған өлке табиғат, оның байлықтарын, даму заңдылықтарын, жергілікті жердің халқы мен шаруашылық түрлерін және олардың байланыстарын ұғынуға көмектеседі. Оқыту үдерісінде

өлкетану материалы негізінде оқушылар тек нақты білім мен ұғымды меңгеріп қана қоймай, дүниенің біртұтастығы мен әртүрлілігі, дамудың үздіксіздігі, өзара байланыс пен әрекеттестік, дүниенің нақты заттар мен құбылыстардан тұратындығын танып, олардың дүниетанымдық көзқарасын кеңейтеді.

Өлкетанудың білім берудің сапасын көтеруде маңызы зор. Өлкетану негізінде оқушылар экологиялық тәрбие беру олардың дүниетанымын кеңейтеді, табиғи ортаға бақылау жасауды үйретеді, табиғат заңдылықтарын қатаң сақтауды ескертеді және туған өлке табиғатын сүюді, оны қорғауды – Отанға деген патриоттық сүйіспеншілікті қалыптастырады. Экологиялық білімге оқушылардың ақыл-ойы мен көзқарасына, мәдениетіне терең бойлауды қажет ететін адамгершілік құндылықтардың проблемасы жатады. Бұл құндылықтарға табиғатқа және тіршіліктегі барлық көріністерге деген аялы сезім, табиғатты қорғау қажеттілігіне деген ішкі сенім жатады.

Өлкетану материалдары негізінде ұлттық құндылықтарды қалыптастыру пәннің мазмұнына сай орындалады. Бұған фенологиялық, метеорологиялық бақылаулар, туған өлкенің, ауылдың, қаланың тарихын білу, этнографиялық, фольклорлық және архив материалдарын жинастыру, өсімдіктер, жануарлар дүниесі мен пайдалы қазбаларды оқып үйрену, зерттеу, өлкетану мұражайларын ұйымастыру тағы басқа көптеген жұмыстар жатады. Өлкетану өткендегісі мен бүгінгісінің даму трайхын салыстыра келе оқушылар өлкенің бейнесін жан-жақты сипаттай отырып, халқымыздың еңбегіне сүйенеді.

Қорыта келе, өлкетану материалы негізінде бастауыш сынып оқушыларын ұлттық құндылыққа тәрбиелеу мәселесі бүгінгі күні қоғамдық сұранысты өтеу мақсатында іске асырылатын үдеріс, - деген тұжырым жасаймыз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы. – Астана, 2007.
- 2 Қазақстан Республикасының ұлттық саясатының тұжырымдамасы.
- 3 Аймағамбетова Қ.А. Бастауыш сыныптарда дүниетануды оқытудың теориялық негізі. – Алматы, 2013, - 143 б.
- 4 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 442 б.
- 5 Жұмабаев М. Педагогика – Алматы, 1992. – 162 б.
- 6 Философиялық сөздік. – Алматы, 1992.
- 7 Иманбаева С.Т. Ұлттық патриотизм негіздері. - Алматы, 2008.

ӘОЖ: 740

Қ.М. Керимбаева, З.К. Орманова

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан*

ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада девианттық мінез-құлық психологиялық мәселелері, жасөспірімдерді оқытуда ауытқудың алдын-алу мәселелері қарастырылады, сонымен қатар жасөспірімдер ұрпағының «девианттық мінез құлығы» және жасөспірімдердің девиантты мінез-құлығының туындауының негізгі себептері мен шарттары ұсынылған. Сондай-ақ әр түрлі авторлардың ауытқу тұжырымдамаларының психологиялық, биологиялық көзқарастары ұсынылған. «Жасөспірімдердің девиантты мінез-құлығы» тұжырымдамасының мәнін заманауи талдау жүргізіледі, девианттық мінез-құлықтың белгілері мен ерекшеліктері бөлініп, оны басқа құбылыстардан ажырата білуге, дамудың дәрежесін және дәрежесін анықтауға көмектеседі. Байланысты тұжырымдамалар мен терминдерді түсіндіру қарастырылады.

Кілт сөздер: девиантты мінез-құлық, есту кемістігі, дене кемістігі, қылық, жасөспірімдер, нормалар, ауытқулар, жағымды және жағымсыз девиация, деликвенттік

Керимбаева К.¹, Орманова З.К.²

¹магистрантка 2-курса по специальности 6М010300-«Педагогика и психология»

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ ДЕВИАНТНОГО ПОВЕДЕНИЯ

Аннотация

В статье рассматриваются психологические проблемы девиантного поведения, профилактика и предотвращение девиации в воспитании подростков, а также дано определение понятия «девиантное поведение» и основные причины и условия возникновения девиантного поведения подростков. А также представлены психологические, биологические подходы девиационных концепции различных авторов. В работе проводится современный анализ сущности понятия «девиантное поведение подростков», выделяются признаки и специфические особенности отклоняющегося поведения, помогающие отличить его от других явлений, установить наличие и степень развития. Рассматривается трактовка смежных понятий и терминов.

Ключевые слова: девиантное поведение, поведение, с нарушением слуха, физического недостатка, подростки, нормы, отклонения, положительное и отрицательное отклонение, делинквентность

Kerimbaeva K.M.¹, Ormanova Z.K.²

¹*2 the master of degree of 2nd course pedagogy and psychology specialty,*

²*Scientific adviser, candidate of ppsychological sciences, assistant professor,
Kazakh National Pedagogical University named after Abay*

PSYCHOLOGICAL PROBLEMS OF DEVIANT BEHAVIOR

Annotation

This paper discusses the problem of deviant behavior, prevention, and prevention of deviation in the education of adolescents, also the definition is given the term "deviant behavior" and the main reasons and conditions of occurrence of deviant behavior of teenagers. Also represented the social, psychological and biological approaches compass deviation concepts of different authors. In the work the modern analysis of essence of concept deviate behavior of teenagers is carried out, specific features of the deviating behavior are allocated, helping to distinguish it from other phenomena, to define presence and development degree, the treatment of adjacent concepts and terms is considered.

Key words: deviant behavior, adverb, subconscious, with hearing impairment, physical disability, norms, admissibility, positive and negative response, delilence

Бүгінгі күнде девиантты мінез-құлық анықтамасына және оның қаншалықты ауытқымалы болатындығы туралы ортақ көзқарастың жоқтығы анық. Ол жеке адамның өзгеру құбылысын жинақтаушы неғұрлым кең ұғым. Осы категориядағы балалардың жалпы адамдық және де ерекше қайталанбайтын қасиеттері, әлеуметтік және биологиялық факторлардың ықпалымен қамтамасыз етіледі. Л.М. Зюбин т.б. «девиантты мінез-құлықты балалардың» көпшілігі, мектеп бағдарламасын дұрыс меңгере алмайтындар, сондықтан да оқушылар ұжымынан тысқары шығып қалатын балалар, - деп көрсетеді [1]. Олардың ұжымдағы жағымды позициядан тыс қалулар, теріс мінез-құлық қалыптасуына, айналасындағы адамдармен, әсіресе бірге оқитын құрбы-құрдастарымен дұрыс қарым-қатынас жасауына кедергі келтіреді.

Девиантты мінез-құлықты анықтаудың бірнеше тәсілдері бар, оның бәрі норма түсініктерінің әртүрлі болуына байланысты туындайды.

Биологиялық тәсіл баланың бойында әлеуметтік бейімделуіне қиындық тудыратын анатомиялық немесе физиологиялық жағымсыз ерекшеліктің барын көрсетеді. Олар:

- генетикалық, яғни тұқымқуалау арқылы беріледі. Бұл ақыл-ой дамуындағы бұзылулар, көру және есту кемістіктері, дене кемістігі, жүйке жүйесінің бұзылулары болуы да мүмкін;

- психофизиологиялық, бұл – адам ағзасына түсетін психофизиологиялық ауыртпашылық, конфликттік жағдай, қоршаған ортаның химиялық құрамы, соматикалық, аллергиялық, токсикалық ауруларға әкелетін энергияның жаңа түрлеріне байланысты;

- физиологиялық оған көп жағдайда сыртқы ортаның жағымсыз қарым-қатынасын тудыратын сөз

кемістігі, сыртқы келбетінің көріксіздігі, адамның конституциялық-соматикалық құрылымындағы кемшіліктері кіреді, нәтижесінде баланың немесе тұлғаның топпен, құрбыларымен тұлғааралық қатынасының түйықталуы орын алады.

Психологиялық тәсілде девианттылықты тұлға ішілік конфликтін, тұлғаның құрылымсыздығы және өзін-өзі бұзуымен, тұлғалық өсуді шектеумен, сондай-ақ ақыл-ойының кемістік жағдайымен, ақымақтық және психопатиямен байланыстырады. Баланың дамуындағы және мінез-құлқындағы девиацияның пайда болу себебі жоғары психикалық функцияның дамуын қамтамасыз ететін мидың нақты құрылымдық жүйесінің толық қалыптаспағандығынан болуы мүмкін. Мұндай түрдегі ауытқулар неврология мен нейропсихология аумағында қарастырылады. Дегенмен көп жағдайда мінез-құлықтың әдеттегіден тыс түрін, қандайда бір нақты норма туралы түсініктен ерекшеленетін тұлғалық немесе мінез-құлық ерекшеліктерімен байланыстырады.

Сонымен, ауытқымалы мінез-құлық бұл - қоғамда жалпы қабылданған құқықтық және рухани нормаларға қайшы келетін әрекеттер жүйесі. Демек, девиантты мінез-құлық психикалық денсаулық, құқық, мәдениет, руханилық болса да қоғамда қабылданған нормалар мен стандарттардан ауытқу (В.В. Ковалев, И.С. Кон, В.Г. Степанов, Д.И. Фельдштейн және т.б.) [2], сондай-ақ осы қоғамда белгілі бір уақыт кезеңінде әлеуметтік сұраныстарын қанағаттандыра алмайтын әрекет (Н.Смелзер, Т.Шибутани) [3].

Жасөспірімдердің девиантты мінез-құлқының туындауының негізгі себептері мен шарттары:

Девиантты мінез-құлықтың қалыптасуына әсер ететін жеке дара-психологиялық ерекшеліктер, ол эмоционалды-еріктік аумақтағы бұзылулар. Мұндай ерекшеліктер көп жағдайда патологиялық болмаса, отбасындағы тәрбиенің қанағатсыздығы мен қателігінің нәтижесінде, ата-ана мен бала арасындағы қатынастың түрлі бұзылулары нәтижесінен қалыптасады.

Жасөспірімдік кезеңдегі дағдарыстың қарқындылығы, ересектікке ұмтылу. Көп жағдайда жасөспірімдік кезеңдегі балаларда туындайтын адекватты емес мінез-құлық ата-аналардың, оқытушылардың және басқа да ересектердің олардың әрекеттеріне сауатсыз, дұрыс жауап қайтармауының нәтижесінде бекітіліп және негізделе түседі. Айта кететіні, ересектер жасөспірімдердің мұндай мінез-құлықтарына өздерінде де бар кемшіліктерінің негізінде оларға дұрыс жауап беру мүмкіндігі бола бермейді. Балалардағы жасөспірімдік кезең біріншіден олардың ата-аналарының психологиялық мәселелерін көрсетеді.

Психологиялық себептері, оның ішінде отбасы мен мектеп бөліп көрсетіледі. Отбасы ішіндегі қарама-қайшылық қарым-қатынас пен жасөспірімдік кезеңдегі қатынас қызметтері толық қалыптаспаған, өзінің басты толыққанды адам тәрбиелеу қызметін орындамайтын немесе ресми түрде ғана орындайтын отбасыларда ерекше көрінеді. Бұларға қылмысқа жақын, конфликтілі, педагогикалық қалыптаспаған, антипедагогикалық отбасылар жатады. Десек те қызметі қалыптасқан отбасыларында да жасөспірімдік кезең көптеген мәселелер тудырады, оның дұрыс шешімін таппау девиантты мінез-құлықты тудырады. Мектеп отбасындағы ата-анамен бала арасындағы өзара қатынастағы қателіктерді қамти отырып, оны шиеленістіріп, жасөспірімдігі девианттылықты негіздей түсуі мүмкін.

Ауытқымалы мінез-құлыққа аддиктивті, агрессивті, антиәлеуметтік мінез-құлықтағы жасөспірімдердің әртүрлі әрекеттері, сондай-ақ жасөспірімдік әсерлер, оппозициялық реакциялар, үйден қашу, құрбыларымен топтасу жатады. Соңғы түрлері патологиялық сипатқа ие болмайды және есейе келе жоғалып та кетеді [4].

4. Басқа мемлекеттердің идеологиялық және моральдық теріс әрекеттері. Қазіргі заманда жастарға қатты әсер ететін фактор - бұқаралық ақпарат құралдарының кең таралуы (әсіресе теледидар арқылы батыстық, яғни Батыстың «әдемі» өмірі жайлы мифтер т.б.) таратуы. М.Цилуйко ақпарат құралдарының жастардың жыныстық тәртіпсізденуінің артуына кері әсері бар деп көрсеткен [5]. Яғни девиантты мінез-құлықтың күн санап өсуінде қазіргі кезеңде бұқаралық ақпарат құралдары ең басты назарға ілініп отыр десек артық айтпаймыз.

Сонымен девиантты мінез-құлық адамның руханилық және құндылық бағыттары түзелмейінше өмір сүреді. Әрбір адамның құндылығы қаншалықты бар екендігіне емес, сол адамның барлық құндылықтарды қаншалықты игергендігіне байланысты. Қазіргі ұрпақ бойындағы сенімсіздікті діни сенімнің әлсіреуіне және патриоттық тәрбиенің дұрыс ұймдастырылмауымен байланыстыруға болады. Осы тығырықты жағдайға байланысты барлық рухани емес және девианттылық бейімділіктер еркін дамуда.

Неге кейбір мемлекетте девиантты мінез-құлықтың деңгейі жоғары дәрежеде, ал кейбір мемлекеттерде оның деңгейі айтарлықтай төменгі дәрежеде деген сұрақ туындайды. Біріншіге Қазақстан, Россия т.б. мемлекеттер жатады. Ал екіншіге – мысалы, Швейцария, Жапония т.б. мемлекеттер жатады. Мұның

түпкі себептері екінші мемлекеттер қалыптасу жолында басқаларына қарағанда әлеуметтік теңсіздікті жеңе білуінде. Олар бұл мәселені қалай шешті?

Біріншіден, Жапондықтардың тәжірибелерін қарастырып көрейік, себебі бұл мемлекеттерде девиантты мінез-құлықты жасөспірімдерге әсер ету жүйесі өте қызықты. Олардың девиантты мінез-құлыққа әсер ету жұмысының бір элементі, прокурорлар егер де девиантты мінез-құлықты жасөспірімдерге қылмыстық іс қозғамай-ақ әсер етуге болатындай күйді сезетін болса, онда оларға басқадай шаралар қолдануға мүмкіндік берілген.

Девиантты мінез-құлықты іс-әрекетке жапондық жүйеде әсер етудің түпкілікті факторлары арқылы келесідей анықтаған:

- дәстүрді ұстанушылық, нақты қалыптасқан мінез-құлық ережелерін қатал ұстануға деген дайындықтары;

- некедегі адамдардың ажырасу деңгейінің төмендігі;

- мемлекетте жұмыссыздық деңгейі аз, халықтың жұмыс алуға деген құқықтары және әлеуметтік дәрежелері қамтамасыз етілген.

Ал Швейцарияға келетін болсақ, онда ғалымдардың зерттеулеріне сәйкес, жастар арасындағы девиантты мінез-құлықтың төмен болуының себептеріне төмендегілер жатады:

- көмек көрсетудің орталықтануы және оның адамдардың қызығушылығына бағытталуы;

- Швейцарияда тұрмыс құрған әйелдер кәсіптік еңбекпен көп айналыспайды, осыдан мемлекетте жастар арасындағы қылмыстың деңгейі төмендейді;

- мектептік тәрбие жан-жақты қамтамасыз етілген, оқушыларға көптеген тыйымдар салынған, сонымен қатар мұғалім онда үлкен әлеуметтік дәрежеге ие [5].

Егер осы жоғарыда аталғандармен девиантты мінез-құлықтың төмендеуінің сапалы факторларын Қазақстандағы құқық бұзушылыққа әкелетін себептермен салыстыратын болсақ, онда Қазақстандықтардың көңілсіз жағдайда екенін көруге болады. Жұмыссыздардың жартысынан көбін әйелдер мен жастар құрайды, сонымен қатар республикамызда жұмыссыздық күннен-күнге жасарып келе жатыр. Осының барлығы және жоғарыда аталған басқа да көптеген факторлар жасөспірімдер арасындағы девиантты мінез-құлықтың өсуіне жанама әсерлерін тигізеді. Демек жат қылықтардан арылудың бірден-бір жолы жұмыссыздық пен әлеуметтік теңсіздіктің алдын алу, отбасындағы тәрбие мен білім беру үрдісін, бұқаралық ақпарат құралдарынан көрсетілетін хабарларды ұлттық ерекшелігімізге сәйкестендіре отырып ұйымдастыру өз тиімділігін көрсетеді деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Зюбин Л.М. *Индивидуальный подход в трудных случаях учебно-воспитательной работы* - М.: Высшая школа, 1974 - 87 с.

2 Кон И.С. *Психология ранней юности: Кн. для учителя.* - М.: Просвещение, 1989. - 255 с.

3 Смелзер Н. *Социология.* - М.: Феникс, 1998. - 688 с.

4 Клейберг Ю.А. *Психология девиантного поведения.* - М.: ТЦ Сфера, 2003. - 160 с.

5 Теледидар және жасөспірімдер. // *Қазақстан мектебі.* - 2004. №9. - 13 б.

6 Миязова С. *Загадочная Япония – испытательный полигон для сравнительных криминологических исследований. Криминологические исследования в мире.* - М., 95-185 с.

ӘОЖ: 1174

М.Н. Мухтарұлы¹, Г.Т. Сәдуақас²

¹*Абай атындағы ҚазҰПУ-нің 1-курс магистранты,*

²*п.ғ.к., қауымд. профессор*

E-mail: nurbol1994mm@mail.ru

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН КӨРКЕМ ШЫҒАРМА АРҚЫЛЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚҚА БАУЛУ

Аңдатпа

Бұл мақалада құндылық, ұлттық құндылық, ұлттық құндылықты қалыптастыру ұғымдары

карастырылады. Бастауыш сынып оқушыларына көркем шығарма арқылы ұлттық құндылықтарын қалыптастырудың жолдары көрсетіледі.

Түйін сөздер: көркем шығарма, ұлттық құндылық, ұлттық тәрбие

Аннотация

В этой статье рассматривается значение и понятие национального интереса, концепции формирования национальных ценностей. Выделены пути формирования национальных ценностей у младших школьников посредством художественных произведений.

Ключевые слова: художественное произведение, национальные ценности, национальное воспитание

Annotation

In this article the meaning and concept of national interest and concept of formation and national values are considered. The ways of formulating primary school pupils to national values are attached through artistic works.

Key words: piece of art, national values, national education

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау», – деп атап көрсетілген [1]. Қазіргі кезде жаһандану және қазақ халқының рухани қайта өркендеуі жағдайында жас ұрпақты өз халқының рухани қазынасымен, оның ұлттық құндылықтары арқылы тәрбиелейтін ғылыми теориялық негіздерді жетік меңгеру, практикалық жағынан жетілдіре түсу қажеттілігі айқындалып отыр. Егемен елдің болашақ азаматтары – бүгінгі оқушылардың қандай құндылықтарға бағытталғандығы, нені қадірлеп, қастерлейтіні, қоғамда қандай әлеуметтік қызметті атқаруға даяр екендігі мемлекеттің өсіп-өркендеуіне әсер етуші факторлардың бірі ретінде маңызды рөл атқарады. Мұның өзі бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде еліміздің өткені мен бүгінін ескере отырып, оның жарқын болашағын құратын ұрпақтың ұлттық сана-сезімін, туған елі мен жерін сүйе білуге, Отаншылдыққа тәрбиелеу мәселесін, яғни патриоттық тәрбие берудің және ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың қажеттілігін көрсетеді.

Философиялық сөздікте: «құндылық – бұл танымның, белгілі бір объектінің адам үшін, топ үшін, қоғам үшін қасиетті деп танылуы. Құндылыққа ешқандай күмән келтіруге болмайды, ол барлық адамдар үшін идеал, эталон қызметін атқарады» -деген анықтама беріледі [2]. Құндылықтар мәселесі қай кезеңде де өзінің өзектілігін жоймай, философия, әлеуметтану, педагогика, психология ғылымдарының зерттеу нысаны болып келеді.

Философтар мен мәдениеттанушылар Т.Парсонс, Р.Б. Перри, А.Г. Здравомыслов, В.П. Тугаринов, Б.И. Додоновтың, Т.Ғабитов, Б.Ерасов, Ғ.Есім, Д.Кішібеков, Қ.Әбішев, С.Нұрмұратов т.б. құндылықтардың әлеуметтік-философиялық мәнін айқындаған.

Ұлттық құндылықтар – нақты бір ұлт өкілдерінің құнды деп есептейтін дүниелері мен ең маңызды, бағалы қасиеттерінің жиынтығы. Ұлттық құндылықтар – әрбір халықтың, этностың мәдениетінің өзегі, жеке тұлғаның ішкі мәдениетінің іргетасы [3].

Оқушылардың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда орта ғасыр ойшылдары Қорқыт, Әл-Фараби, және т.б. мұраларының тәрбиелік мәні зор. Қазақ ағартушылары Ш.Уәлиханов, А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин бұл мәселені жан-жақты қарастырып, ауқымды ой тұжырымдаған. Белгілі қазақ ойшылдары А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Ш.Құдайбердиев т.б. өз еңбектерінде ұлтымыздың салт-дәстүріне, оның ішінде отансүйгіштік және ерлік дәстүріне ерекше мән беріп, көркем шығармалары негізінде ұлттық құндылықтар туралы құнды пікірлерін айтқан.

Көркем шығарма дегеніміз – ақиқат өмірдің сырлы суреті, халықтың өмір тарихы, шығарма арқауы көркем тіл арқылы сөз өнерінің күшімен суреттелетін шындық. Ал, көркем шығарма арқылы патриоттық тәрбие беру – ата-бабаларымыздың жауынгерлік дәстүрі мен ерлік, батырлық істерін дәріптейтін әдебиет үлгілері арқылы оқушылардың ұлттық мақтаныш сезімін, намыс-жігерін оятып, елін, тілін, ұлттық рәміздерін құрметтеуге, Отанына, жеріне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Ұлттық құндылықтарды көркем шығармалар арқылы эстетикалық қабілетін, адами қасиеттерін тәрбиелеуге, тілдік білім мен сөйлеу білігінің бірлігінен туатын интеллектіні қалыптастыруға ықпалын тигізеді.

«Туғанда дүние есігін ашады өлең» - деп, ұлы Абай айтқандай өмірдегі бар асылын ұрпағына арнаған, оның келешегін әріден ойлап, толғанған қапысыз ұстаз халық нәрестенің дүниеге келген сәтінен-ақ шілдеhana, бесік той, тұсау кесу рәсімдерін жасауды әдейі ойлап тапқан өлең-жырмен кестелеп, баланың құлағына әуен үнін жеткізе білген. Балаға арналған өлең, өсиеттер, бата-тілектер баланың өсу, есею кезеңдеріне қарай күрделеніп отыратынына фольклорлық мұралардың өзі куәгер.

Кезінде ғұлама ағартушымыз М.Дулатов өз еңбектерінде ұлттық рух, салт, дәстүр, әдет-ғұрыппен жас ұрпақты сусындату қажеттігі жөнінде құнды пікірлер айтқан. Ол былай деп жазады: «Бастауыш мектепте алған тәрбиенің әсерлі, күшті, сенімді болуы, қай халықтың мектебінде болса да, оқу кітаптарының ана тілімен, өз ұлтының тұрмысынан, һәм табиғаттан жазылып, баяндап оқытудың асыл мақсұтына муафих үйретуден, осылай біліп, баяндап оқытқанда, балқыған жас баланың ойына, қанына, сүйегіне ұлт рухы сіңісіп, анық үйреніп шығады» [4].

Балаға жастайынан тәлім-тәрбие ана сүтімен, халықтың салт-дәстүрімен, әдет-ғұрыптарымен, тұрмыс-тіршілігімен бала бойына сіңе бастаған. Бала-ларды кішкене кезінен ой-өрісін, дүние танымын кеңейтіп, тіл байлығын жетілдіруде көркем әдебиеттің алар орны ерекше. Қазақ халқының тәлімдік мәні зор ой - толғаныстары бесік жырымен батырлық эпостарда, ертегілер мен аңыздарда, шешендік сөздер мен айтыс-термелерде, көптеп кездеседі. Мұндағы ұрпақ тәрбиесінің негізгі түйіні – адамгершілік, имандылық, ақыл-ой, еңбек, эстетика, дене, патриоттық тәрбиесіне байланысты мәселелерге келіп тіреледі. Балаларға ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан батырлар жырын, мақал-мәтел, жаңылтпаш, жұмбақтарды бала бойына сіңірту арқылы ұлттық құндылықты қалыптастырамыз.

Бастауыш сыныптарда патриоттық тәрбиенің негізі қаланатын болғандықтан, оны жүзеге асырудың жолы жан-жақты сараланып іздестірілуге тиіс екендігі белгілі. Балаға патриоттық тәрбие беруді бастауыш сыныптан бастау керектігінің себебі, бастауыш саты – бала дамуының ұйытқысы, іргетасы бола отырып, оның бойына ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға өте қолайлы кезең. Бастауыш сынып оқушыларының дүниетанымын кеңейтіп, ойын өрістетіп, тіл байлығын жетілдіру ісінде көркем әдебиеттің алар орны ерекше. Көркем сөз еңбегін балаға тыңдатып, санасына сәуле түсіру, халық қазынасының музыкалық үнінен нәр алдыру оның ең сәби шағынан, ана әлдіінен басталады. Бала есейген сайын ана сүтімен даритын сөйлеу тілін дамытып, тазалыққа, имандылыққа баулып, ізеттілікке, әсемдікке, сезімталдыққа, әдептілікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу отбасының арманы болған.

Бастауыш сынып оқушыларына оқылатын шығармалар олардың ой-өрісіне, дүние танымына әсер етерліктей болу үшін мынадай мәселелер ескерілуі керек:

1. Бастауыш сыныптарда оқылатын көркем шығармалардың көрнекі суреттермен бейнеленуі, шығарма кейіпкерлерінің мінез әрекетінің көркем образда бейнеленуі;
2. Әдеби шығармалардың әдетте балаға түсінікті тілмен көркем жазылуы;
3. Бастауыш сынып оқушыларына арналған әңгіме-ертегілердің, мақал-мәтелдердің баланың өмірден алған білім дағдыларын, түрлі әдет-дағдыларын айқындай түсуі. Көркем шығармалардың баланы Отансүйгіштікке, достық, жолдастыққа, ата-анаға, айналасындағы үлкен-кішіге, ата-әжесіне сүйіспеншілікке, бауырмалдылыққа, адамгершілікке тәрбиелейтін дәрежеде болғаны дұрыс.

Көркем шығармаларды «Әдебиеттік оқу» пәні арқылы оқытуда бастауыш сыныптарда «Туған жер» тақырыбына арналған оқу материалдары мынадай тақырыптарда қарастырылған: «Туған елім – Қазақстан», «Ыстық қой, шіркін, туған жер!» Ж.Аймауытов, «Туған жер» Ә.Нұрпейісов, «Отан туралы» М.Мақатаев, «Туған өлкем» Ө.Тұрманжанов, «Астана» Т.Молдағалиев, «Кімнің мекені жақсы?» С.Жүнісов, «Ұланымыз ұлы елдің», «Ұлытау», «Алтай», «Көкшетау». Сонымен қатар «Ананың арқасы» (42-43-б.) атты мәтіндер оқушылардың ұлттық құндылығын қалыптастыруға ықпалын тигізеді [5].

«Ананың арқасы» тақырыбындағы мәтін Төле бидің ана туралы шешендік сөзімен таныстырады. Осы мәтінге қатысты тапсырмалар балаға ананың қаншалықты сүйкімді екенін түсінуге ой тастауды көздейді. Шын мәнінде баға жетпес құнды бейне ана екендігі ешбір талас тудырмайды. Бастауыш сынып оқушысына оның құндылығын: өмір сыйлаушы ерекше тұлға, мейірімділік пен қамқорлықтың, шексіз махаббаттың символы, отбасының сақтаушысы, береке-бірлігін келтіруші ретіндегі қызметі, ибалы мінез-құлқы арқылы балаларына беретін үлгісі деп қарастырамыз. Ал, «Бұл кім?», «Жылу», «Әже» өлеңдерімен таныстырып, олардың мазмұнын меңгертуде ана рөлін ерекшелей түсуге көмектесетін әдіс-тәсілдерді қарастыру, сөйтіп, белгілі бір тұтастықта идеал образ (санаға, сезімге, мінез-құлыққа әсер етудің бірлігі арқылы) туғызу қажет деп ойлаймыз.

Қорытындылай келе, бастауыш сынып оқушыларына көркем шығармалардың ұлттық құндылықтарды, салт-дәстүрлерді, патриоттық сезімді қалыптастырудағы маңызы зор деп тұжырымдаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 *Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы – Астана, 2007.*
- 2 *Нұрғалиев Р.Н. Философиялық сөздік. – Алматы, 1996. - 526 б.*
- 3 *Мырзалы С. Философия: оқулық – Алматы, 2008. – 644 б.*
- 4 *М.Дулатұлы шығармалары. – Алматы: «Жазушы»1991. - 80-81 бб.*
- 5 *Әдебиеттік оқу. Жалпы білім беретін мектептің 2 сыныбына арналған оқулық. 4-басылымы өңделген. – Алматы: Атамұра, 2013. - 272 б.*

ӘОЖ: 1174

А.Төлеген

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы*

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТІЛДІК ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада бастауыш сынып оқушыларының тілдік дағдысын қалыптастыруда интербелсенді әдістерді қолданудың ерекшелігі сөз болады.

Бастауыш сынып оқушыларының тілдік дағдысын қалыптастыруда интербелсенді әдістердің ерекшеліктері туралы әртүрлі бағыттағы ғалымдар еңбектері талданып, оның ерекшеліктері айқындалады.

Тірек сөздер: бастауыш сынып, оқушы, тілдік дағды, қарым-қатынас, интербелсенді әдіс

Толеген А.

магистрантка 2 курса по специальности 6М010200 – «педагогика и методика начального обучения»

Аннотация

В статье раскрываются особенности использования интерактивных методов формирования языковых навыков учащихся начальной школы.

Особенности интерактивных методов изучения языковых навыков учащихся начальной школы анализируются учеными разных направлений и определяются их особенности.

Ключевые слова: начальная школа, ученик, языковые навыки, коммуникация, интерактивный метод

Tolegen A.

2-course master's degree in specialty 6M010200 - "pedagogy and methodology of primary education"

Annotation

The article highlights the peculiarities of the use of interactive methods of forming the language skills of primary school pupils.

The peculiarities of interactive methods of studying the language skills of primary school pupils are analyzed by scientists from different directions and their peculiarities are determined.

Key words: elementary school, pupil, language skills, communication, interactive method

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтармен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға

және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау... оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді акпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу», - делінген [1]. Бұл өз кезегінде бүгінде оқыту үдерісінде интербелсенді әдістерді оқушылардың коммуникативтік дағдысын қалыптастыруға пайдалану қажеттігін туындатады.

Бүгінгі бастауыш мектеп деңгейінде білім беру жағдайында оқытудың интербелсенді әдістерін игерген, психологиялық, педагогикалық жұмыста қалыптасқан, нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жолын салуға икемді, шығармашылықпен ізденетін педагогикалық зерттеуші мұғалімді талап етеді. Сол себепті интербелсенді әдістер арқылы оқыту бастауыш мектептің оқыту тәжірибесіне енгізілуде. Қазіргі заман ағымына байланысты оқушылардың білімге қызығуын арттыру үшін жаңа талаптар қойылууда.

Оқыту үдерісінде интербелсенді әдістер құралдарын қолданудың педагогикалық мүмкіндіктері және оқушылардың танымын дамытуда, Л.И. Уманский [3], Б.Ф. Ломов [5], В.С. Агеев Г.М. Андреев [7], А.Х. Әлімов [9] және т.б. ғалымдардың зерттеулерінде орта және бастауыш мектепте интербелсенді технологияны қолдану әдістемесі зерттеліп, оқушылардың қызығушылығын қалыптастыру мүмкіндігі ішінара қамтылған.

Интербелсенді сөзі – ағылшын тілінен аударғанда, inter – аралық, бірнеше, action - әрекет дегенді білдіреді. Өзара әрекеттестік әдетте, белгілі бір мәселені шешу, ол шешімнің тиімділігі туралы әңгімелесу, талқылау түрінде өтеді. Ең бастысы, мұнда мәселені шешу үдерісі жауапқа қарағанда маңызды екендігін түсіну қажет.

Бұл интербелсенді әдістің мақсаты – тек ақпаратты беру ғана емес, балаларға жауаптарды өздігінен табу дағдысын меңгерту екендігімен байланысты, қазіргі педагогикалық үдерісті ұйымдастырудың субъектілік қарым-қатынасқа құрылуы, тұлғалық-бағдарлы оқыту үдерісі жағдайында интербелсенді әдісті тиімді пайдалану қажеттігі туындайды.

Интербелсенді әдістер білім беру жүйесінде шынайы келешекке жол ашады, нақтылы: интербелсенді әдістерді кеңінен енгізу оқу іс-әрекетін көрнекті, динамикалық ұсыну бейнесуреттерді, дыбыс пен ақпараттық ресурстарға қол жеткізу; білім берудің барлық деңгейлерінде – мектепке дейінгі деңгейден жоғары оқудан кейінгі деңгейлерде компьютерлік оқудың үздіксіздігі мен сабақтастығы – оқыту үдерісіндегі барлық пәндерді компьютерлік қолдау есебінен; оқушылардың коммуникативтік дағдысын қалыптастыруда жеке дара қабілеттіліктерін ашу мен дамыту үшін оқыту әдістемесін, стилі мен құралдарын таңдау еркіндігін қамтамасыз ету; интербелсенді әдістер негізінде ғылыми және әдістемелік негізделген базалық білім беру жүйесін құруды іске асырады.

Қатынастың коммуникативтік жағы өзара қатынастағы индивидтердің ақпаратпен алмасуынан тұрады. Интербелсенді жағы қатынастағы индивидтердің өзара әрекеттесуін ұйымдастыруды қамтиды. Қатынастың перцептивтік жағы өзара түсінушілікті құрайтын серіктестіктердің бір-бірін қабылдау үдерісін білдіреді. Кейде басқа да терминдер қолданады. Б.Ф. Ломов қатынаста үш қызметті бөледі: ақпараттық-коммуникативтік; реттеушілік-коммуникативтік; тиімділік-коммуникативтік. Әрине, бұлардың барлығы тұтас, бірліктер болады. Оларды тек талдау немесе бір-біріне ықпал ету механизмдері мен құралдары туралы сауалдарды анықтау кезінде бөліп қарастыруға болады. Ықпал етудің мұндай механизмдеріне дәстүрлі психологиялық сенім білдіру, психологиялық еліктеу үдерістері жатады.

Қарым-қатынастың интербелсенділігі – адамдардың бірлескен әрекетін тікелей ұйымдастырумен, өзара әрекетімен байланысты сөйлеу компоненттерінің сипаттамасын белгілейтін шартты термин. Қарым- қатынастың интербелсенділігі өзара әрекеттің бір бөлігі болып табылатын адамдар әрекетінің сипаттамасында ашылады.

Қатынастың қалыптасуы үшін аса қажет, әрі маңызды әрекет мұғалім оқушылардың оқу әрекетін ұйымдастыруда олардың жеке тұлғалық даму қажеттіліктері мен талпынысын ынталандыратындай, санасының (білімін, көзқарасын және сенімін) қалыптасуына ықпал ететін мінез-құлқы мен өзіндік жеке тұлғалық қасиеттерін дамытатындай әдіс-тәсілдерді орнымен дұрыс қолдана білуі болып табылады [2]. Біз бұл жерден мұғалімнің оқу әрекетін ұйымдастыруда оқушының жеке даралық ерекшелігін ескерудің маңыздылығын көреміз.

Батыс психологиясында «әрекеттер теориясы» немесе «әлеуметтік әрекеттің теориясы» кең көрініс тапты. Л.И. Уманский бірлескен әрекетті ұйымдастыру мүмкіндігінің үш түрін ұсынады: бірлескен жеке – қатысушы өзінің жеке жұмысын бір-бірінен орындағанда; бірлескен бірізділік әрекеті – қатысушы өз әрекетін жүйелі, бірізді орындағанда; бірлескен өзара әрекет – бір мезгілде әрбір қатысушы барлығымен өзара әрекетке түсуі [3]. Бұл пікірден бірлескен оқу әрекетінде қарым-қатынасқа түсудің маңызын айқын байқаймыз.

Педагогикалық энциклопедияда: «Интербелсенді» жеке индивидтердің, жұптың, топтың өзара біріккен әрекетте бір біріне алма кезек әсер ету. Ол екі жақты әрекет, яғни А кейіпкер іс-әрекеті, Б кейіпкерге әсер етсе, ал ол өз кезегінде іс-әрекетімен А кейіпкеріне әсер етеді [4]. Бұдан шығатын қортынды, жеке, топтық ұжымдық жұмыстарда интербелсенді әрекетке түскен бастауыш сынып оқушысы келесі оқушымен алма кезек қарым қатынасқа еркін түсе алады деген сөз.

Интербелсенді әдістер балалардың өзара қарым-қатынасы мен өзара әрекеттестіктеріне құрылады. Мұндай қарым-қатынасқағамдық қалыптасқан мінез-құлық пен әлеуметтік нормаларға негізделеді. Өзара қарым-қатынастық әрекеттер мен балалардың әлеуметтік өзара әрекеттестігімен реттеледі. Сонымен интербелсенді әдістер арқылы белсенділік танытатын бала ақпарат алмасу үшін ғана емес серіктесімен бірлескен әрекетті іске асырудың ортақ шешімі.

Б.Ф. Ломовтың пікірінше, бір индивидтің ойында пісіп, жетіліп тұрған пікір, келесінің айтылымында, оның орындауында көрінеді және бұл әрекеттің жемісін бір адам ғана емес, жұп, топ бірлесіп көрсетеді. Интербелсенді әдістер балалар арасындағы әрекеттің диалогқа құрылуын, субъектілердің белсенділігін, олардың бірігіп әрекет етуін қамтамасыз етеді [5]. Біз автордың пікіріне қосыла отырып, топтық, жұптық жұмыстарда бірлесе әрекет жасаған оқушылар қарым-қатынасына еркін түсіп, диалог құра алады, демек тілдік дағдысының қалыптасуына әсер етеді деген пікір білдіреміз.

Ғалымның пікірін түйіндейтін болсақ, тіл дамытудан ұйымдастырылатын оқу сабақтарында интербелсенді әдістерді пайдалануда оқушылардың топтық тапсырмаларды орындауына баса назар аудару жөн, - деп есептейміз.

Ағылшын ғалымы Р.Л. Орлайттың пайымдауынша, оқыту үдерісінің нәтижелі болуы, мұғалім мен оқушының аталған үдеріске бірігіп жауапты болуына байланысты. Бұл жауапкершілікті төмендегіше түсіндіреді. Мұғалім деген ұғым екі мағынада қолданылады:

- біріншіден, ол әлеуметтік рөлді көрсетеді;
- екіншіден, ол белгілі бір әрекетке бағытталады. Осыған орай оқушыға деген ұғым да екі түрлі мағына береді;
- біріншіден, оқушы ретінде әлеуметтік рөл болса;
- екіншіден, әрекеттің жүзеге асуына тікелей себепкер болып табылады, - деген қорытынды жасаған [6]. Бұл пікірге біз келісе отырып, мұғалім мен оқушының әрекетіне жауапкершілікпен қараудың маңызын ашып көрсетеміз.

В.С. Агеевтың пайымдауынша, интербелсенді әдістер біріккен әрекетті ұйымдастыру формасы ретінде тілдік қарым-қатынаста негізгі компонент ретінде қарастырылады, өйткені ол көп жағдайда коммуникация сипаттамасына сай келеді. Интербелсенділікті сөз әрекетінің тұрғысынан қарастыра болсақ, онда төмендегідей элементтерді ажыратуға болады: бір бірімен өзара әрекетке түсуші балалар, бірлескен әрекет мақсаты, нысаны, құралы, тілдік белгілерін жатқызады [7]. Автордың пікірін қорытатын болсақ, интербелсенді әдістер арқылы бастауыш сыныптарда тіл дамытудан ұйымдастырылған сабақтарда оқушылардың өзара бірлесіп әрекеттенуі барысында оның элементтерін толықтай пайдалану, - қажет деп санаймыз.

Г.М. Андреевтың ойынша, қарым-қатынастық үдеріс біріккен үдерісте дамиды, осы әрекет негізінде оқушылар білімімен, оймен алмасу, бірін-бірі түсінуге қол жеткізеді. Бұл әрекетке әрқайсысының бір уақытта қатысуы, ондағы әрбір адамның аталған іс-әрекетке үлес қосуы, біріккен әрекеттің ұйымдастырылуын көрсетеді. Автор сонымен бірге ұжымдық, топтық, жұптық іс-әрекетте оқушылардың бір-бірімен тең құқылы әрекет етуі, оқу әрекетінде орындалатын тапсырманың мақсатын айқындау, жоспарын құру, әрқайсысының ортақ мақсатқа қол жеткізудегі жауапкершілігі, бір-біріне қолдау көрсетуі, сонымен қатар бір-біріне талап қоя білуі, жалпы жұмыстың нәтижесі тұрғысынан өзіне және серіктестеріне баға бере білуі керек, - деп түйін жасаған [7]. Біз автордың пікіріне қосыла отырып, бастауыш сыныптарда интербелсенді әдістер арқылы оқушылардың коммуникативтік дағдысын қалыптастыруда серіктестік әрекетте олардың бірдей қатысуын, әрқайсысының өзіндік үлесін қосуға жете мән керек, - деп ойлаймыз.

Т.Левандовский интербелсенділікті коммуникация үдерісінің синонимі ретінде сипаттаған. Интербелсенді әрекет барысында әсіресе диалог сөзге үйретуде субъектілердің өзара белсенділігі мен әрекет мазмұны негізінде нәтижеге жетуді қамтиды, - деген [8]. Біз автордың ұсынған идеясын зерделей отырып, өзара белсенділікте диалог құру арқылы өз пікірін еркін білдіру тілдік дағдыны қалыптастырудың негізі деген ой тұжырымдадық.

Оқушылардың коммуникативтік дағдысын қалыптастыру мәселесінде интербелсенді әдістердің тиімділігі жоғары болып табылады. Автордың пікірі де жоғарыда талданған ғалымдардың пікірлеріне

ұқсас, сондықтан да бастауыш сыныптарда оқушылардың коммуникативтік дағдысын қалыптастыру үшін ұйымдастырылатын сабақтарда осы теориялық, ғылыми-әдістемелік еңбектердегі түйінді ой-тұжырымдарды басшылыққа алу қажет, - деп санаймыз.

Қазақстандық ғалымдардан интербелсенді әдістерді қолдануды ғылыми-педагогикалық және әдістемелік тұрғыда әр қырынан зерттегендер: А.Х. Әлімов, М.Мукашева, Г.Ж. Нұрбекова, К.Қ. Қанафиева және т.б.

Қазақстандық ғалымдардың ішінен А.Х. Әлімов «Неліктен бүгінгі күні оқытуда интербелсенді әдістемені қолдану керек?» деген мәселенің бірнеше себебін анықтаған:

1. Динамика – қазіргі әлем дамуының негізгі сипаты, яғни индустриалдық кезеңнен постиндустриалдық кезеңге өтуі. Бұл заманның бұрынғы тұрақтылық жағдайының тұрақсыздық пен болжаусыздыққа, динамика мен өзгерістерге ауысуымен түсіндіріледі.

2. Ақпараттың мейлінше өсуі. Бүгінгі күні ақпарат әрбір төрт жылда 25 пайызға ескіріп отырады. Ақпарат әр салада әрбір төрт жылда екі есеге ұлғайып отырады. Ақпарат дамуының мұндай қарқыны сақталатын болса, онда болашақта ақпарат әрбір 76 күнде екі еселенетін болады. Олай болса, білім игерудің мазмұны да өзгеру үстінде.

Қазіргі заманғы ақпараттың орасан зор мөлшері (кітаптар, Интернет т.б.) адамнан бұрынғыдай мағлұматты іздестіріп қана қоймай, қажетті мәліметті таңдауды, игеруді, оны қажетіне жаратып, пайдалануды талап етеді.

3. Ақпараттық коммуникациялардың жаңа формалары. Жыл сайын коммуникациялық жаңа құралдардың, технологиялардың көбеюі (ұялы байланыс, планшет, i-fon i-pad т.б) оқытуда қазіргі белсенді түрде қолданып жүрген әдіс-тәсілдеріміз, құралдарымыз бірер жылдан соң, тіпті айлардан соң бүгінгі күн талабына сәйкес келмей қалуы ықтимал.

4. Адам қоғамынан қызмет көрсету қоғамына айналуы. Қазіргі қоғамда тауар өндіру саласында жұмыс жасаушылар тек 15 пайыз ғана, қалған 85 пайызы қызмет көрсету саласында жұмыс жасайды. Мұның ішіне әрине білім беру саласының мамандары да кіреді. Ал бұл мамандарға қандай білім, білік, дағды қажет? Кез-келген адаммен тіл табыса алатын қарым-қатынас құзыреттілігі қажет. Ал бұл құзыреттілікті бала жастан қалыптастыруға, өмірде өз орнын табуға оқытудағы интербелсенді әдістердің ықпалы зор.

5. Қоғамдағы тұлға рөлінің өсуі.

Бүгінгі мектептің мақсаты – өзінің үздіксіз білім алуына және өз бетімен дамуына бағытталған азаматты тәрбиелеу. Дәстүрлі білімділікке бағытталған оқыту жаңа қоғамдық сұраныстарды қанағаттандыра алмайды. Сондықтан, өмірде өз орнын анықтай алатын, білімі арқылы мүмкіндіктерін жүзеге асыра алатын, дербес, белсенді, үнемі даму үстінде болатын шығармашыл тұлғаны тәрбиелеу үшін интербелсенді әдістер қажет.

6. Зияткерлік өзгерістер. Адам миының орташа есеппен тек 3 пайызы ғана жұмыс істейтін көрінеді. Олай болса мидың мүмкіншіліктерін бұрынғыдан тиімді пайдалану адамзаттың негізгі міндеттерінің бірі болып отыр. Ал оған бізге оқытуда интербелсенді әдістер көмектеседі.

7. Білім жүйесіндегі өзгерістер. Қайталау мен жаттауға негізделген репродуктивтік білімнен түсіну, қолдану, талдау, жаңа мазмұн құрастыру немесе бағалау сияқты белсенді әрекетті жүзеге асыратын конструктивті білімге ауысу қажет.

8. Мақсаттың өзгеруі: зияткерлі (парасатты, интеллектуальды) тұлғадан рефлексиялық тұлғаға көшу. Тұлғаның тек білімді болуы жеткіліксіз, қазіргі кезде өзін-өзі бағалай алатын, өзіне-өзі есеп бере алатын, ізінің қабілеті мен мүмкіншіліктерін қолдана алатын жауапкершілігі жоғары тұлға қалыптасуға жағдайлар жасалуы тиіс [9]. Автордың ұсынған дәлелді себептері оқытудың интербелсенді әдістерін тек жоғары оқу орындарында ғана емес, білім берудің барлық деңгейінде қолдануға болатынын көрсетеді.

Қарым-қатынастың интербелсенділігі – адамдардың бірлескен әрекетін тікелей ұйымдастырумен, өзара әрекетімен байланысты сөйлеу компоненттерінің сипаттамасын белгілейтін шартты термин. Қарым-қатынастың интербелсенділігі өзара әрекеттің бір бөлігі болып табылатын адамдар әрекетінің сипаттамасында ашылады.

Интербелсенді оқыту әдістері тұлғааралық қарым-қатынасқа негізделі отырып, «жеке тұлғаны дамытуға бағытталатын» қазіргі білім беру парадигмасын қанағаттандырады. Сонымен бірге, сапалы білім алудың алғышарттары болып табылатын таным белсенділігі мен ізденіс дербестігін қалыптастырып қана қоймай, ары қарай дамытады.

Сонымен, интербелсенді оқытудың артықшылықтары:

- баланың жеке өздігінен ізденуіне мүмкіндік беріледі;

- топтасып оқып үйренуге жағдай жасалады;
- өздерін-өздеріне бағалауға үйренеді;
- белсенді оқу іс-әрекеті барысында білім алады.

Оқушының коммуникативтік дағдысын қалыптастыру білім беру жүйесінің бір бағыты ретінде интербелсенді әдістерді тиімді пайдалану болып табылады. Бастауыш сынып оқушыларының білімді мәдениеттің бір бөлшегі ретінде игеруі, сол арқылы тыңдау, сөйлеу, пікірлесу, оқу, жазу сауаттылығының мәнін саналы түрде түсінуі оның қатысымдық дағдыларын қалыптастырудың алғышарты болып саналады.

Қортындылай келе, бастауыш сынып оқушыларының тілдік дағдысын қалыптастыруда интербелсенді әдістерді қолдану бүгінгі күннің басты нысанына айналып отырғанын көрсетеді. Бастауыш сыныпта интербелсенді әдістерді қолданудың жүйелі әдістемесін қажет етеді.

Сонымен, қорыта келе, бастауыш сынып оқушыларының тілдік дағдысын қалыптастыруда интербелсенді әдістерді қолданудың ерекшеліктері айқындалуда. Бастауыш сынып тілдік дағдысының қалыптасуындағы рөлі зерделенді.

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1 ҚР «Білім туралы» Заңы. Мемлекеттік жалпыға міндетті жалпы орта білім беру стандарты «Негізгі ережелер» ҚР МЖБС 2.003. – Астана, 2008.
- 2 Тоқсанбаева Н.Қ. Психологиядағы қарым-қатынас мәселесі // Білім беру жүйесінде адам ресурстарын басқарудың қазіргі тенденциялары: Халықаралық ғылыми-практикалық конф. материалдары. – Алматы, 2005. – Б. 345-347.
- 3 Уманский Л.И. Типы совместной деятельности - М., 2005.
- 4 Білім және ғылым. Энциклопедиялық сөздік / бас редактор Ж.Қ. Тұймебаев – Алматы, 2009. – б. 90-91.
- 5 Ломов Б.Ф. Формирование производственных навыков у школьников. - Ленинград: Изд-во Ленингр. ун-та, 1959. - 128 с.
- 6 Орлайт Р.Л. Очерки по психологии обучения иностранным языкам. - М., 1995.
- 7 Андреев Г.М. Социальная психология. Издатель: «Аспект Пресс», 2007.
- 8 Левандовский Т. Индивидуальные различия первоклассников при овладении правописанием. - М., 1995.
- 9 Алимов А.Х. Интербелсенді әдістемелік ЖОО-да қолдану мәселелері. Оқу құралы. - Алматы, 2013.

ӘОЖ: 1174

А.Амирова, К.Түлегенова

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы*

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА САТЫЛАЙ КЕШЕНДІ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

Аңдатпа

Бұл мақалада қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі сатылай кешенді талдау технологиясы туралы сөз болады. Бастауыш сыныптарда сатылай кешенді талдау технологиясын пайдалану оқушылардың функционалдық сауаттылығын қамтамасыз етеді. Елімізде қабылданған ұлттық жоспардың мақсаты мен міндеттерін жүзеге асыру үшін бастауыш сыныптарда сатылай кешенді талдау технологиясын пайдалану қажеттігі айтылады. Сонымен қатар зерттеуші ғалымдардың сатылай кешенді талдау технологиясы туралы ой тұжырымдарына сүйене отырып, оны қолданудың жолдары қарастырылады. Сатылай кешенді талдау технологиясын пайдалану арқылы мұғалім барлық оқушыны табысты оқытуға, білім-білік дағдысын қалыптастыруға, білім алуға деген ынтасы мен іскерлігін арттырып, оқу-танымдылық белсенділігімен оқытуды жеделдетуге, шығармашылық қабілеттерін дамытып және ғылыми ізденіске жетелеуге қол жеткізеді. Сатылай кешенді талдау технологиясы қолданың негізінде оқушының жеке тұлғасының әлеуметтенуінде сауатты қарым-қатынас жасауына игі ықпал ететін көруге болады. Бүгінгі таңда оқыту ісінде болып жатқан өзгерістерге орай алдыңғы қатарлы жаңашыл идеялар, сауатты дайындалған әдістемелік құралдар мен оқулықтар бастауыш сыныптарда сатылай кешенді оқыту

технологиясын пайдалануды жетік меңгеріп, оны өз іс-әрекетінде тиімді пайдалануына мүмкіндік жасайды.

Тірек сөздер: сатылай кешенді талдау технологиясы, функционалдық сауаттылық, қазақ тілі пәні, оқушы, бастауыш сынып, қалыптастыру

Аннотация

Статья посвящена одной из актуальных проблем современности технологии ступенчатого комплексного анализа. Применение технологии ступенчатого комплексного анализа в начальной школе обеспечивает функциональную грамотность обучающихся. В принятом нашей страной национальном плане основной целью является повысить функциональную грамотность подрастающего поколения, основываясь на авторитетные мнения ученых-исследователей указаны пути применения технологии ступенчатого комплексного анализа.

Используя технологию ступенчатого комплексного анализа учитель добьется успешных результатов в обучении, в формировании знаний, умений и навыков, будет стимулировать мотивацию и интерес к обучению, скорости в чтении, развитии творческих способностей. Применение технологии ступенчатого комплексного анализа можно добиться успехов в социализации личности ученика. Изменения происходящие в современном образовательном пространстве и новые идеи, а также качественные учебники и учебные пособия способствуют успешному освоению названной технологии, а так же примению ее в своей деятельности.

Ключевые слова: Технология ступенчатого комплексного анализа, функциональная грамотность, предмет казахского языка, ученик, начальная школа, формирования

Annotation

The article is devoted to one of actual problems of the present technology step of a comprehensive analysis. Technology application step of a comprehensive analysis in the elementary school provides functional literacy of students. In adopted the national plan of our country the main objective is increasing functional literacy of the younger generation, based on the authoritative opinions of research scientists identifies ways to use technology step of a comprehensive analysis.

Using the step comprehensive analysis, the teacher will achieve successful results in training, in the formation of knowledge, abilities and skills that will stimulate motivation and interest in learning, speed reading, creativity. The use of technology step comprehensive analysis to achieve success in the socialization of student's personality. Changes occurring in the modern educational space and new ideas, as well as the quality ucebnci and tutorials contribute to the successful development of these technologies, as well as to application in its activities.

Keywords: The technology of stepwise complex analysis, functional literacy, Kazakh language subject, pupil, elementary school, forming

Бастауыш сыныптарда сатылай кешенді оқыту технологиясын пайдаланудың жолдарын айқындау үшін алдымен елімізде қабылданған оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимылдар жоспары белгілеген нақты мақсат – алған білімді іс жүзінде қолдануды айқындап қана қоймайды, сонымен қатар орта білім парадигмасын түбірімен ауыстырудың да негізі болады, - деп көрсеткен [1.4 б.]. Өйткені, сатылай кешенді талдаудың негізі сауаттылықты меңгертуді көздейді. Бұл дәстүрлі мектептен тиімді мектепке, одан әрі ең заманауи – баланың жеке адам ретіндегі рөліне негізделген және бүгінде алдыңғы қатарлы әлемдік тренд болып табылатын феноменалды мектеп моделіне көшу қажеттігін белгілеп беріп отыр.

Функционалдық сауаттылықты дамыту үшін ұлттық жоспарда оның төрт негізгі тетігі бөліп көрсетілген:

Бірінші тетік – оқыту методологиясы мен мазмұнын түбегейлі жаңарту.

Екінші тетік – оқу нәтижелерін бағалау жүйесін жаңарту.

Функционалдық сауаттылықты дамыту білім – түсіну – қолдану – жүйелеу және жинақтау сияқты критерийлер бойынша оқу жетістіктерін бағалаудың жаңа тәсілдерін талап етеді.

Функционалдық сауаттылықты дамытудың үшінші тетігі – балаларды оқыту мен тәрбиелеуге аталардың белсенді қатысуы.

Төртінші тетік – қосымша білім беру жүйесін дамыту [1].

Бүгінгі таңда орта білім беру жүйесінде сапалы білім алудың қажеттілігі үдемелі артуда. Уақыт талабына сай өмір сүру үшін бәсекелестік күшейген кезде басқаша болуы мүмкін де емес. Оқушылардың

функционалдық сауаттылығын көтеру – күн тәртібінен түспейтін мәселеге айналды.

Ал, функционалдық сауаттылық дегеніміз – адамның өзін қоршаған ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға мүмкіндігінше жылдам бейімделе білуі мен әрекеттесе алу деңгейінің көрсеткіші [3].

Қазіргі әлемдік білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына сай оқыту үдерісінің орталық тұлғасы білім алушы субъект, ал ол субъектінің алған білімінің түпкі нәтижесі құзыреттіліктер болып белгіленуі білім беру жүйесінде «функционалдық сауаттылықты» қалыптастыру мәселесін негізге алудың өзектілігін арттырып отыр.

Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші болса, онда функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады.

Сауаттылық тұлғаның тұрақты қасиеті болып табылатындықтан, функционалдық сауаттылық сол тұлға меңгерген белгілі бір білім-біліктерден көрініс табады. Өйткені функционалдық сауаттылыққа адам нақты білім алу кезеңдерінен өткеннен кейін қол жеткізеді. Бұл орайда білім белгілі бір сауаттылық деңгейін қамтамасыз ететін құрал және нақты іс-әрекеттердің нәтижесі ретінде қарастырылады. Ендеше, мемлекеттік тілді оқытуда білімнің түпкі нәтижесі деп саналатын құзіреттіліктердің біртұтас бірлігі ретіндегі функционалдық сауаттылықтың мәнін, рөлін айқындаудың, оны мектеп тәжірибесіне ендірудің уақыт талабымен толық сай келуі де зерттеу тақырыбының өзектілігін дәлелдей түседі.

Функционалдық сауаттылыққа оқушылардың сыртқы ортамен қарым-қатынас жасау қабілеті, оқушылардың өзгермелі өмірге бейімделу шарты, оқушылардың жеке бас қабілеттерін дамытудың тетігі, оқушылардың әлеуметтік дағдыларын дамытудың негізі, әлеуметтік-мәдени дамуының өлшемі, білім, білік, дағдыларының құзіреттілікке ұласу жолын жатқызуға болады. Бұл оқушылардың қатысымдық, ақпараттық проблемалардың шешімін табу құзіреттіліктерінің бірлігінен құралады.

Функционалдық сауаттылықтың мақсаты – оқушылардың білімдерін өмірде тиімді қолдануға үйрету. Сонымен қатар, ол білім беру жүйесінің парадигмасын түбегейлі өзгертудің негізі болып табылады.

Н.А. Оразыхынова сатылай кешенді талдау технологиясы дегеніміз – оқыту мақсаты, міндеттері, әдіс-тәсілдері, өзіндік ерекшелігі бар және оқушыларға білімді ғылыми негізде сатылай, жүйелі, кешенді меңгертіп, оларға ұлттық құндылықтарды бағалай, қолдана білуге машықтандыратын оқыту, - деген анықтама берген [4]. Сатылай кешенді талдау оқушыларға қазақ тілі ғылымының мазмұны мен жүйесін, оның сөздік құрамы мен грамматикалық құрылысын, сөйлеу тілінің байлығын және әдеби тіл нормасын үйретіп, дұрыс сөйлеу, сауатты жазу дағдысын қалыптастырады. Сатылай кешенді талдау технологиясының басты қағидаларының бірі – жоғары қиындықта оқыту.

Сатылай кешенді талдау технологиясының мақсаты:

- пәндік материалдарды оқушының жас ерекшелігін ескере отырып, ғылыми негізде меңгерту;
- сатылай кешенді талдау арқылы теориялық материалды тілдік қатынасым теориясы (жазылым, айтылым, тыңдалым, сөйлесім) арқылы практикалық тұрғыдан талдап, тұжырым жасап, оны өмірде қолдана білуге машықтандыру;
- әр пәннің табиғатын танытуда оқушының жеке мүмкіндігін ашуға ықпал ету;
- пәндердің мазмұнын, ішкі мағынасы мен қолданыстағы ерекшелігін және тақырып мазмұнын ашу арқылы танымдық дүниесін қалыптастыру;
- кез келген шаршы топта өз көзқарасын дәлелдей отырып, шешен де шебер жеткізе білуге машықтандыру. Сол арқылы әр оқушының өз ана тілін, ұлттық құндылықтарын басқаларға таныта, бағалай білуге баулу;
- берілген тапсырманы сауатты, жоғары деңгейде, шығармашылықпен орындай білуге төселдіру;
- оқушылардың логикалық ойлау жүйесін дамыту мақсатында әртүрлі пәндердің мазмұнына сай түрлі сөзжұмбақтар, танымдық ойындар, ұлттық ойындар үлгілерін кеңінен қолдану және ондай ойындарды олардың өзіне құрастырып, жасауына бағыт-бағдар беру.

Сатылай кешенді талдау технологиясының міндеті:

- барлық оқушыны табысты оқыту және оқу-танымдық белсенділігін арттыру;
- білім-білік дағдысын қалыптастыру;
- білім алуға деген ынтасы мен іскерлік қабілетіне ықпал ету;
- оқуды жеделдету, шығармашылық қабілетін дамыту;
- ғылыми ізденіске жетелеу.

Сатылай кешенді талдау технологиясы арқылы оқушы ғылыми тілде сөйлеуге үйренеді, қарапайымнан күрделіге, уақиғаны сатылап түсіндіре алып, тұжырым жасауға үйренеді.

Сатылай кешенді талдауда баланың ізденушілік, зерттеушілік әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады. Ол үшін бала өзінің бұған дейінгі білетін амалдарының, тәсілдерінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезетіндей жағдайға түсуі керек. Содан барып, оның оқуға деген ынта-ықыласы артады, білім алуға әрекеттенеді.

Сатылай кешенді талдау оқыту технологиясында мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас жаңа қағидаларға негізделеді. Атап айтар болсақ: ынтымақтастық, өзара сыйластық, түсіністік, әріптестік сияқты қасиеттер. Бұл технологияның маңызды тағы бір ерекшелігі – оқушыларды жақсы, жаман, орташа деп бөлмей, тек материалды өте жылдам, жылдам, баяу қабылдауына байланысты тапсырманы он деңгейге икемдеп, барлық баланың дамуы үшін қолайлы жағдай туғызуды мақсат тұтады.

Сабақ барысында мына қағидаларды еске ұстау қажет: а) баланың бойындағы құштарлығын, қызығушылығын, ынтасын жойып алмай, оның алға жылжуға деген табиғи талап-тілектерін, сұраныс пен мұқтаждарын ескеру, шығармашылығын жетілдіру; ә) білімді өз бетінше іздену арқылы қолайлы жағдай жасау; б) өзін-өзі дамытатын тұлға қалыптасыру [4].


А.Байтұрсынов айтқандай, дыбыспен жаттықтыра оқытуға болатындығын тәжірибе көрсетуде. Сатылай кешенді талдау технологиясы арқылы оқытқанда дыбыспен жаттықтыруды екі жолмен жүргізіледі: бірінші, сөзсазындық (фонологиялық) талдау, екіншісі, дыбыстарға математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме беру. Осылай талдау жасай отырып оқушы өзі өткен барлық ережелерді үнемі еске сақтап отырады [5].

Сатылай кешенді талдаудың өзегі – тірек сызбалар. Тіл білімінің барлық салаларынан өтілетін материалдардың негізгілері, ең басты теориялық мағлұматтар сызбаға жүйелеп орналастырылған. Әр саты бір-бірімен үндесіп, бір-біріне сілтеме жасап, бірін-бірі толықтырып, тұтас кешенді береді.

«Сатылай кешенді талдау» технологиясының бастау көзі фонетикалық бірліктерді сатылап, кешенді талдай отырып, әр дыбыстың өзіндік ерекшелігін, олардың бір-бірінен айырмашылығын зерделеп меңгерумен қатар, олардың өзіндік табиғатын зерттеп, ұғынады.

Мысалы: **Фонологиялық талдау**

ТЕҢІЗДЕ:



Ол үшін фонетикалық бірліктерді дәстүрлі оқыту жүйесімен емес сатылап, жүйелеп, бірізділікпен оқыту қажет.

Қорыта келгенде, қазақ тілін сатылай кешенді талдау технологиясымен оқыту – уақыт талабынан туындап отырған қазақ тілінің әдістемелік жүйесі болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда жоғарыда айтылған талаптарға қазақ тілі әдістемесінің технологиясы – сатылай кешенді талдау толығымен жауап бере алады.

Сатылай кешенді талдау технологиясын қолдануда оқушының қол жеткізген нәтижесі дегеніміз - білім алу барысында өмірдің қалыптасу жағдайларында кездесетін түрлі жағдаяттардың шешімдерін таба алатын қабілетке ие болған, негізінен, қолданбалы білімін жүзеге асыра алатын деңгейдегі білім иесі болып табылады. Қорыта келе, сатылай кешенді талдау технологиясы арқылы оқушы ғылыми тілде сөйлеуге үйренеді, қарапайымнан күрделіге, уақиғаны сатылап түсіндіре алып, тұжырым жасауға үйренеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимылдар жоспары. - Астана, 2012.

2 Рауандина А.К. Қазақ тілін оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру

әдістемесі (орыс тілді мектептердің 5-6 сыныптары) – Алматы, 2010.

3 Оразахынова Н.А. Н.Оразақынова Жалпы білім беретін орта мектепте қазақ тілін сатылай кешенді талдау технологиясымен оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. – Алматы, 2007. – 320 б.

4 Байтұрсынов А. Бес томдық шығармалары. – Алматы: 2003. – 448 б.

БІЗДІҢ АВТОРЛАР // НАШИ АВТОРЫ // OUR AUTHORS

Ахметжанова А. - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті 6M012100 – «Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 2-курс магистранты (Қазақстан, Алматы)

Аскарова А.Ю. - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті 6M051100 – «Маркетинг» мамандығының 2-курс магистранты (Қазақстан, Алматы)

Айдаров А.А. - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті 6M011000 - «Физика» мамандығының 2-курс магистранты (Қазақстан, Алматы)

Ахметова А.А. - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті 6M011000 - «Физика» мамандығының 2-курс магистранты (Қазақстан, Алматы)

Асанова Г.Н. - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті 6M012100 – «Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 2-курс магистранты (Қазақстан, Алматы)

Амантай Ә.Ә. - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті 6M012100 - «Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 1-курс магистранты (Қазақстан, Алматы)

Абдеш А. - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 2-курс магистранты (Қазақстан, Алматы)

Авакрияева М.Т. - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 2-курс магистранты (Қазақстан, Алматы)

Әшіров Ж.С. - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының магистр, аға оқытушысы (Алматы, Қазақстан)

Базылбеков М.Қ. – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 2-курс магистранты (Қазақстан, Алматы)

Бозекенов Т.Ж. - әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті және «Ғылым ордасы» кешенінің базасындағы ғылыми-зерттеу институттарының бірлескен білім беру бағдарламалары Филология және әлем тілдері факультетінің 2-курс магистранты (Қазақстан, Алматы)

Бидайбаева Б. - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 2-курс магистранты (Қазақстан, Алматы)

Гіміңнұр Г. - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 2-курс магистранты (Қазақстан, Алматы)

Ғалымбай А.Ғ. - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті 6M011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 2-курс магистранты (Қазақстан, Алматы)

Ешимбетова У.Б. – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті 6M070300 – «Ақпараттық жүйе» мамандығының 2-курс магистранты (Қазақстан, Алматы)

Жолдасбекова Қ.Е. - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті 6M011400 – «Тарих» мамандығының 2-курс магистранты (Қазақстан, Алматы)

Куттыхожаева Ж.К. – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті 6M060100 – «Математика» мамандығының 2-курс магистранты (Қазақстан, Алматы)

Курдаш М.Т. - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 2-курс магистранты (Қазақстан, Алматы)

Куламанова А.Б. – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті 6M011000 - «Физика» мамандығының 2-курс магистранты (Қазақстан, Алматы)

Қуанышбаева Ш.С. – С.Асфендияров атындағы Қазақ Медициналық Ұлттық Университетінің оқытушысы (Қазақстан, Алматы)

Қанленова Б.Н. – С.Асфендияров атындағы Қазақ Медициналық Ұлттық Университетінің оқытушысы (Қазақстан, Алматы)

Серікқалиева А.Қ. – С.Асфендияров атындағы Қазақ Медициналық Ұлттық Университетінің оқытушысы (Қазақстан, Алматы)

Рыстыгулова В.Б. – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің доценті, физика-математика ғылымдарының кандидаты (Қазақстан, Алматы)

Төлеухан У. – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университет 6М010900 – «Математика» мамандығының 2-курс магистранты (Қазақстан, Алматы)

Ұзақбай Г. - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті 6М011400 – «Тарих» мамандығының 2-курс магистранты (Қазақстан, Алматы)

Халил-заде Фуад Афган - Баку Мемлекеттік Университетінің аспиранты (Баку, Әзербайжан)

**Абай атындағы Қазақ ұлттық университетінің Хабаршысы
«Жас ғалымдар» сериясының ғылыми мақалаларды қабылдау
ЕРЕЖЕСІ**

Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы «Жас ғалымдар» сериясындағы мақалалар қоғамдық және жаратылыстану, педагогика мен әдістеме ғылымы бағыттарындағы ғылыми зерттеулердегі жаңалықтар мен өзекті мәселелерді қамтиды. Хабаршы «Жас ғалымдар» сериясына 40 жасқа дейінгі жас зерттеушілер мен ғылымға бейімі бар студенттердің ғылыми мақалаларын жариялайды.

Мақала көлемі кестелерді, суреттерді, пайдаланылған әдебиеттер тізімін және негізгі мәтін алдында жазылатын түйінді қосқанда 15 беттен аспауы керек. Мәтін Microsoft Word редакторында Times New Roman 11 пт әрпімен, аралық 1 интервалмен, үстіңгі және астыңғы жақтарынан – 2 см; сол жағынан – 2 см және оң жағынан – 2 см қалдырылып теріледі. Бірінші беттің ортасына қалыпты әріптермен автордың аты-жөні, оның астына мақаланың аты, төменіректе жай жақшаның ішінде жұмыс орындалған ұйымның аты мен қаласы жазылады.

Суреттер саны 5-тен аспауы керек (биология, физика-математика, химия салалары бойынша 10-нан аспауы керек) және иллюстрациялар (графиктер, схемалар, диаграммалар) компьютерде салынуы керек.

Барлық формулалар мен символдар (математикалық, физикалық, химиялық) Microsoft Equation және Microsoft Word редакторында теріліп, нөмірленіп, сілтемелер жасалады.

Әдебиеттерге жасалған сілтемелер тік жақшамен [1, 15 б.] көрсетіледі. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі төмендегіше жазылады:

1 Қалиев Ф. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. - Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. - 440 б.

2 Хасанов Ф.Қ. Қазақ тілінің лексикалық синтагматикасы: Ғылыми монография. - Алматы: Ұшқиян, 2009. - 488 б.

3 Қоянбекова С.Б. Қазақ тілі экспрессивтік стилистикасының негіздері. Фил. ғыл. докт. дис.: 10.02.02. Қолжазба. - Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2008. - 346 б.

4 Шойбекова Ғ.Б. Ұлттық танымның сөз тудырудағы рөлі // Академик Ә.Т. Қайдар және тіл білімінің мәселелері. - Алматы, 2004. - 204-207 бб.

Мақала төмендегі құжаттармен қоса екі данада және CD дискімен қабылданады:

1. Түйін (1/3 кем емес) екі тілде (қазақша-ағылшынша немесе орысша-ағылшынша);
2. Жеке парақта автор жөнінде толық мәлімет көрсетіледі (аты-жөні, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, жұмыс орыны, мекен-жайы, телефоны, факсы, e-mail-ы);
3. Студенттер мақаласын жіберген жағдайда (студенттің аты-жөні, оқу орыны мен факультеті, мамандығы, ғылыми жетекшісінің сараптама пікірі, мекен-жайы, телефоны, факсы, e-mail-ы; ғылыми жетекшісінің аты-жөні мен ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, жұмыс орыны, мекен-жайы, телефоны, факсы, e-mail-ы).

- Редакцияға түскен ғылыми мақалалар рецензияланбайды. Қолжазба қайтарылмайды. Көшіріп басқан жағдайда «Хабаршыға» сілтеме жасау міндетті;
- Жарияланған материалдардың нақтылығына авторлар жауап береді;
- Ғылыми пікірлер мен толғамдар редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді;
- Хабаршы «Жас ғалымдар» сериясына 40 жасқа дейінгі жас зерттеушілер мен ғылымға бейімі бар студенттердің жұмыстары қабылданады.

ПРАВИЛА

приема научных статей в журнал «Вестник КазНПУ им. Абая» серия «Молодые ученые»

Статьи их серии «Молодые ученые» журнала «Вестник КазНПУ имени Абая» охватывает актуальные вопросы научных исследований в области общественных и естественных наук, а также в области методики преподавания. В серии Вестника «Молодые ученые» публикуются работы молодых исследователей в возрасте до 40 лет и студентов, склонных к исследовательской работе.

Статья представляется в двойном экземпляре. Размер статьи не должен превышать 15 страниц (от 6-ти страниц), включая таблицы, рисунки, аннотацию в начале статьи перед основным текстом (аннотация до 1/3 стр. через 1 интервал, 12 пт), список литературы, напечатанных в редакторе Word, шрифтом Times New Roman 11 пт, с пробелом между строк 1 интервал, поля - верхнее и нижнее – 2 см, левое – 2 см, правое – 2 см. Количество рисунков не более пяти (для серий биологическая, физико-математическая, химическая - не более 10). К статье прилагается:

- к статье необходимо приложить аннотацию (не менее 1/3 стр.) на двух языках (на казахском и английском или на русском и английском)

- на отдельной странице и сведения об авторах (Ф.И.О., ученая степень, ученое звание, адрес, место работы, телефон, факс, e-mail). Далее посередине страницы прописными буквами (курсивом) инициалы и фамилии авторов, ниже также посередине заглавными буквами - название статьи; затем посередине строчными буквами; в круглых скобках - название организации (ий), в котором выполнена работа, и город. Прилагается электронный вариант на CD-диске.

- в случае подачи статьи к публикации студентами необходимо указать: ФИО студента, название вуза, факультет, специальность, аналитический отзыв научного руководителя, адрес, телефон, факс, e-mail; ФИО и ученую степень, ученое звание, место работы, адрес, телефон, факс, e-mail научного руководителя.

- иллюстрации (графики, схемы, диаграммы) должны быть выполнены на компьютере или в виде четких чертежей, выполненных тушью на белом листе формата А4

- математические формулы в тексте должны быть набраны как объект Microsoft Equation.

Химические формулы и символы должны быть набраны при помощи инструментов Microsoft Word. Следует нумеровать лишь те формулы, на которые имеются ссылки.

- ссылки на литературные источники даются цифрами в прямых скобках по мере упоминания [1,15 с.]. Список литературы оформляется следующим образом:

1 Виноградов В.В. *Стилистика. Теория поэтической речи. Поэтика*. – М.: Просвещение, 1963. - 255 с.

2 Аверьянов А.Н. *Динамика противоречий // Вопросы философии*. 1976. - №5.

3 Гумбольдт В. Фон. *Язык и философия культуры*. - М.: Прогресс, 19857 – 451 с.

В случае переработки статьи по просьбе редакционной коллегии журнала датой поступления считается дата получения редакцией окончательного варианта. Если статья отклонена, редакция сохраняет за собой право не вести дискуссию по мотивам отклонения.

- Научные статьи, поступившие в редакцию, не рецензируются. Рукописи не возвращаются. При копировании материалов обязательная ссылка на журнал «Вестник»;

- За достоверность материалов ответственность несут авторы;

- Научные отзывы и рецензии могут не соответствовать мнению редакции;

- К публикации в серии Вестника «Молодые ученые» принимаются работы молодых исследователей в возрасте до 40 лет и студентов, склонных к исследовательской работе.

**ҰСЫНЫСТАР ҮШІН
ДЛЯ ЗАМЕТОК**